

Л 2004
З 7 20к

ҚАЗАҚСТАН
АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ
40 ЖЫЛДА

2.

ҚАЗАҚСТАН

АУЫЛ

ШАРУАШЫЛЫҒЫ

40 ЖЫЛДА



ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ

Алматы — 1957

М А З М Ұ Н Ы

Ә. Тұрсынбаев. Ұлы өзгерістер	3
А. Боровской, И. Фатеев. МТС колхоз өндірісінің шешуші күші	39
Р. Губанов, Д. Кригер. Совхоздар және республиканың социалистік ауыл шаруашылығын өркендетудегі олардың маңызы	59
К. Андрианова. Қазақстан — еліміздің екінші астық қазынасы	81
Е. Майлыбаев. Мақта шаруашылығы	97
С. Горшенко. Қант қызылшасы	106
Н. Солодникова. Овощ пен картоп	116
Ш. Хабибулин. Бау шаруашылығы мен жүзім шаруашылығы	123
М. Ермеков. Қой шаруашылығы — Қазақстан мал шаруашылығының жетекші саласы	137
Н. Галиәкпаров, Д. Пак. Сүтті және етті сиыр шаруашылығы	161
Д. Зыков, В. Матвеев. Қазақстанның жемшөп қоры	173
М. Зозуля. Қазақ ССР-нің су шаруашылығы	191
Л. Грибанов. Қазақстанның орман байлығы	200
Н. Нечипоренко. Ауыл шаруашылық ғылымы халыққа қызмет етуде .	206
А. Филатов. Онан әрі көркею жолында	227

СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО КАЗАХСТАНА
ЗА 40 ЛЕТ
(на казахском языке)

Редакторы Ш. Елебеков, Т. Аблаев. Техн. редактор М. В. Злобин.
Худож. оформление Ю. Сапожникова. Корректор А. Урбисин.

Сдано в набор 3/VIII 1957 г. Подписано к печати 4/X 1957 г.
Формат 60 × 92¹/₁₆—15,5 п. л. (16,4 уч.-изд. л.).
Тираж 10000.
Казгосиздат, г. Алма-Ата, ул. Панфилова, 141.
Цена 5 руб. 80 коп.

Заказ № 604. Типография ~~М. 2. Г. 1957 г.~~ Министерства культуры КазССР.

ҰЛЫ ӨЗГЕРІСТЕР



Казақстанның еңбекшілері — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 40 жылдығын саяси, шаруашылық және мәдени құрылыстың барлық салаларында зор табыстармен қарсы алғалы отыр.

Өткен қырық жылдың ішінде республикамыздың ауыл шаруашылығында зор өзгерістер жасалды. Ауыл мен деревняда жаңа социалистік құрылыс жеңді, мұның арқасында еңбекші шаруалар қанаудан біржолата құтылып, шаруашылық және мәдени өрлеудің даңғыл жолына түсті.

Революциядан бұрын Қазақстан патшалық Россияның ең артта қалған отарларының бірі еді. Ондағы халықтың 90 проценттен көбі ауыл шаруашылығымен шұғылданды. Қазақ халқының негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды. Қазақ шаруалары қой, ешкі, жылқы, түйе, онан қала берді сиыр малын өсірді.

Малдың едәуір бөлегі шаруашылықтың өз қажетін өтеуге, мал басын өсіруге пайдаланылды. Көптеген мал жұтқа ұшырап қырылатын.

Соңғы жүз жылдың ішінде Қазақстанда 20 дүркін үлкенді-кішілі жұт болды. Жұт болған сайын жүздеген мың мал қырылды. Мәселен, 1912—1913 жылдарда Жетісудың өзінде 100 мыңнан астам сиыр, 1 миллиондай қой шығынға ұшырады.

Бұрынғы Сырдария облысында 1917—1918 жылдарда барлық малдың жартысына жуығы қырылды.

Жұт кездейсоқ оқиға емес еді. Оның өзі көшпелі шаруашылықтың бүкіл құрылысынан, оның өзіне тән әлеуметтік-экономикалық қалпынан туатын.

Революцияға дейінгі ауылда халықтың көбі көшпелі еді. 1916 жылы бүкіл қазақ халқы ішінде көшпелілер: Ақмола облысында 40 процент, Семей облысында 78 процент, Торғай облысында 63 процент, Орал облысында 64 процент, Жетісу облысында 72 процент, Сырдария облысында 61 процент болды.

Россиямен экономикалық байланыс күшейіп, қазақ даласында капиталистік қатынас дами келе, қазақ халқы бірте-бірте оты-

рықшылыққа, егіншілікке көше бастады. Мәселен, 1911 жылдың мәліметтері бойынша, Жетісу облысының төрт уезінде барлық қазақ шаруаларының 25,2 проценті отырықшы болып, егіншілікпен шұғылданды. Егінші қазақ шаруалары көбінесе дәнді дақылдар екті, шөп егу жоқтың қасы дерлік болды, қант қызылшасы, кендір сияқты дақылдар егілмеді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркендетуде орыс және украин халықтарының тигізген әсері зор болды. Қазақстандағы орыстар мен украиндардың негізгі кәсібі егіншілік болды. Олар көбінесе бидай, сұлы, тары, қара бидай, арпа екті, бұл дақылдардың ішінде бидай бүкіл егіс көлемінің 70 процентіне жетті.

1913 жылы Қазақстанда жалпы егіс көлемі 4 194,1 мың гектарға жетті, мұның ішінде дәнді дақылдар 3 912,7 мың гектар немесе 93,2 процент, ал дәнді дақылдар қатарында бидай 2 531,4 мың гектар болды.

XIX ғасырдың 90-жылдарында, әсіресе XX ғасырдың алғашқы он жылында Қазақстан деревнясында астық шаруашылығын баса өркендеткен товарлы егін шаруашылығы шапшаң дами бастады. Алайда, Қазақстанның ауыл шаруашылығы тұтасынан алғанда өте артта қалып келді. Шаруалардың көпшілігі, әсіресе қазақ шаруалары, жерді баяғы ағаш соқамен жыртып, қарапайым тырмамен тырмалады. Плугтер мен темір тырмалар орыс және украин шаруалары арасында көбірек болды. Тұқым қолмен себілді. Сеялкалар ол кезде аз болды. Егін қол орақпен немесе шалғымен жиналды. Егін шабатын машиналар болмады, молотилкалар сирек кездесетін. Астық ұшыратын машиналар (веялка) қолданыла тұрса да, әлі жаппай таралмаған еді. Жасанды тыңайтқыштар қолданылмады деуге болады. Жер небәрі бес-алты елі тереңдікте жыртылатын.

Ауыл шаруашылығының дәрежесі төмен болғандықтан ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығы да нашар болды. XIX ғасырдың 90 жылдарының орта шенінде дәнді дақылдардың орташа шығымдылығы гектарына 8 центнерден келсе, 1908—1912 жылдарда онан да кеміп, 5,8 центнерге түсті.

Ол кезде ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қатынаста патриархалдық-рушылдық қатынас қалдықтары феодалдық мүлік-таптық қатынастармен ұштасып отырды. Қазақ халқының қоғамдық қатынасы патриархалдық-феодалдық қатынастар болды. Бай таптардың еңбекшілер бұқарасын қанауы осындай қатынасқа негізделді.

Патриархалдық-феодалдық және рушылдық қатынас қалдықтарымен бүркелген феодал-байлардың қанауы, оның үстіне отаршылдық езгі қазақ еңбекшілерін күйзелтті. Қазақтың қалың бұқарасы барған сайын кедейлене берді. Ауылдағы қанаушылардың қауымдық жерлерді басып алуы, жақсы жайылымдар мен егістік жерлерді, малды өз қолдарына алуы, патша үкіметінің қазақ еңбекшілері пайдаланған көп жерді тартып алуы, олардың екі жақтан бірдей езілуі, көп алым-салық, сәудегер-өсім-

қорлардың ауыл еңбекшілерін қанауы — мұның бәрі ауылдағы халықтың тапқа жіктеліп-бөлінуін күшейтті.

Патша өкіметі қазақ халқының мешеулігін әдейі күшейтіп, оны қайыршылыққа, күйзеліске, бірте-бірте құрыйтын халге ұшыратты. Еңбекші бұқара үнемі жұт, қуаңшылық, аштық қаупіне ұшырауда болды. Езушілер, байлар, билер, моллалар, болыстар, старшиндар, жандармдар және басқалары еңбекші халықтың еңбегімен байыды.

Қазақстан жерін мекендеген орыс, украин еңбекші шаруаларының да көрген күні ауыр болды. Патша өкіметінің қоныс аудару саясаты көшіп келген әлсіз шаруаларды чиновниктің, кулактың, казак офицерлерінің кіріптарлығына түсірді. Көшіп келген көп шаруалар жаңа орындар, жер ала алмай, амалсыздан қайта көшетін немесе кіріптарлық шартпен кулактардың жерін жалға алатын.

Көшіп келген шаруалардың деревняларында таптық жікке бөлінуі барған сайын күшейе берді. Жалдамалы ауылшаруашылық жұмысшылары көбейе берді. Қайыршылыққа ұшыраған кедей орыс шаруалары кулактардың кіріптарлығына түсті, олар бұл шаруаларды рақымсыз қанады. Ол кезде Қазақстанда қалыптасқан аграрлық қатынастар мен патша өкіметінің реакциялық аграрлық саясаты негізінде, қазақ аулында да, орыс деревнясында да қанаушылар мен қанаудағылар арасында бітіспейтін қайшылықтар туды.

Мұның негізінде еңбекші бұқараның қанаушыларға қарсы күресі күшейді. Бұл күрестің күшеюінде ХІХ ғасырдың аяғында ХХ ғасырдың басында дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығының Россияға ауысуының ерекше маңызы болды. Мұның өзі Россияның шеткері аймақтарында азаттық қозғалыстың ұлғаюына аса күшті әсер етті. Коммунистік партия бастаған, дүние жүзіндегі ең революцияшыл орыс жұмысшы табы езілген халықтарға өздерінің әлеуметтік және ұлттық азаттығы үшін күрестің нақтылы жолдары мен әдістерін көрсетті.

Орыс жұмысшы табының басшылығымен қазақ аулының және көшіп келген орыс шаруалары деревнясының еңбекшілері күш біріктіріп, өздерінің ортақ жауы — патша өкіметіне қарсы, буржуазиялық-помещиктік тәртіпке қарсы күреске шықты. Қазақ еңбекшілері мен орыс шаруалары арасында достық қатынас нығайды.

Коммунистік партия барлық ұлттар еңбекшілерінің өздерінің бостандығы жолындағы күресінің ұйымдастырушы және бағыттаушы күші болды. Партия жүргізген лениндік ұлт саясаты халықтар арасындағы достықты дамытып, нығайта берді. Патша өкіметі мен буржуазияның халықтарды араздастырып, ұлт өшпенділігін ушықтыруға тырысқан әрекетіне қарамастан, Коммунистік партия еңбекшілердің ұлттық және интернационалдық мүдделерінің бір екенін көрсетіп отырды, әртүрлі халықтардың еңбекшілерін интернационалдық ынтымақ жасауға шақырды.

Орыс жұмысшы табымен одақтасып, оның көмегіне сүйенгенде ғана толық әлеуметтік және ұлттық азаттыққа жететінін қазақ халқы өз тәжірибесінде көріп, барған сайын бұған көзі жете берді.

1917 жылғы октябрьде Россияда Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңді. Еліміздің тарихында жана дәуір басталды. Пролетарлық революцияның жеңуі нәтижесінде, еліміздің басқа халықтары сияқты, қазақ халқы да бостандыққа және тәуелсіздікке жетіп, өзінің сәулетті, бақытты өмірін құруға мүмкіндік алды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуі ауыл шаруашылығын социалистік негізге қайта құруға толық жағдай туғызды.

Ауыл шаруашылығын социалистік негізге қайта құру үшін жерді национализациялаудың ерекше маңызы болды. Мұның нәтижесінде жер пролетарлық мемлекеттің меншігіне, еңбекшілерді қанау құралынан шаруалар шаруашылығын социалистік негізге қайта құру құралына айналды.

Басқа ұлттық республикалар сияқты, Қазақстан үшін де жерді халық пайдасына алудың ерекше маңызы болды. Қазақ еңбекшілерін жаппай жерсіздендіруді көздеген патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарама-қарсы Совет өкіметінің аграрлық саясаты ең алдымен отаршыл-кулактарға қарсы бағытталды. Бұл мақсатпен жер-жердегі қоныстандыру мекемелері жойылып, советтік жер органдары құрылды. Жерді халық пайдасына алу туралы декретті жүзеге асыру үшін жерге байланысты қарым-қатынасты тәртіптейтін комиссиялардың қызметінің зор маңызы болды. Еңбекші халықты жермен, сумен қамтамасыз ету бұл комиссиялардың басты міндеті болды.

Қазақстанда жерді национализациялау аса зор қиыншылықтарға кездесті, сондықтан Қазақстанда бұл міндетті Россияның орталық аудандарындағыдай тез арада жүзеге асыруға мүмкіндік болмады. Қазақ шаруалары Орталық Россияның шаруаларына қарағанда, едәуір артта қалған еді, сол себепті Қазақстанда аграрлық революция 1916 жылғы шаруалар көтерілісі кезінде және февральдағы буржуазиялық-демократиялық революция тұсында ерекше шиеленіскен қиын саяси және шаруашылық жағдайда өткізілді.

Жер туралы декрет бойынша, бұрынғы үкіметтік жерлер, помещиктердің жериеліктері, казак офицерлерінің жерлері, отарлау қорына алынған жерлер Қазақстанның еңбекші шаруаларының пайдалануына берілді. Кулактардың қазналық жерлерді жалға алған договорлары бұзылды.

1921 жылғы 2 февральда В. И. Лениннің нұсқауымен Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті патша үкіметінің бұйрығы бойынша ірі помещиктер мен капиталистерге берілген барлық жерлерді, сол сияқты барлық монастырьлық жерлер мен отарлау қорындағы жерлерді қазақ еңбекшілерінің пайдалануына беру

туралы арнаулы декрет қабылдады. 1921 жылғы 19 апрельде «Патша үкіметі қырғыз жерінен: а) Сибирь казак әскерлері, б) Орал казак әскерлері меншігіне берген жерлерді қырғыз еңбекші халқына қайтару туралы» декрет қабылдады.

Коммунистік партия ұлттық шеткері аймақтардың бұрын езілген халықтарына зор қамқорлық жасады. РКП(б) X съезінің «Партияның ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттері туралы» қарары осыны дәлелдейді. Бұл қарарда: «...олардың (артта қалған халықтардың Ә. Т.) бар күші мен бар құралдарын жұмсап, иығында отырған отаршы-кулактарды лақтырып тастауына көмектесу, сөйтіп оларды жарамды жерлермен қамтамасыз ету»¹ керек екені көрсетілді.

Ауыл мен деревняның еңбекшілері партия ұйымдарының басшылығымен, тап жауларының қарсылығын жеңе отырып, Совет өкіметінің саясатын жүргізуде жергілікті органдарға белсенді көмек көрсете бастады. Жерді национализациялау, жерге жеке меншікті және патша өкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясатының қалдықтарын жоюға байланысты Совет өкіметінің аграрлық шаралары еңбекші шаруаларға жаңа социалистік өмір орнату жолына түсуге мүмкіндік берді.

Бірақ ауыл мен деревня өмірін социалистік негізге қайта құру үшін жерді национализациялаудың бір өзі жеткіліксіз болды. Капитализмді туғызып, өршітіп отыратын ұсақ, жеке шаруа шаруашылықтары қала берді. Товарлы өнімі аз шаруалар өндірісін социалистік негізге қайта құрмайынша социализм орнату мүмкін емес еді. Деревняны социалистік негізге қайта құру мәселесі пролетарлық революцияның ең күрделі және қиын мәселелерінің бірі.

В. И. Ленин ұсақ шаруа шаруашылықтарының бұл қалпында мұқтаждықтан құтыла алмайтынын талай айтып, ұсақ шаруа шаруашылықтарын ірі коллективтік шаруашылықтарға айналдыру керек екенін дәлелдеді. Ол шаруаларды колхоз құруға шақырды, мұнымен бірге бұл мәселені шешкенде асығудан, қандай да болсын зорлық жасаудан сақтандырды.

Ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құру мәселелерінде В. И. Лениннің нұсқауына сүйене отырып, Коммунистік партия мен Совет үкіметі, Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап ауыл шаруашылығындағы социалистік формаларға материалдық көмек көрсетіп отырды. 1920 жылдың алғашқы жартысында-ақ губерниялық және облыстық жер бөлімдері жанында, уездік және болыстың соғыс-революциялық комитеттер жанында, Советтердің атқару комитеттерінің жер және жер-су бөлімдері жанында ауыл шаруашылығын қоғамдастыру бөлімшелерінің құрылуы осыны дәлелдейді.

Қоғамдастыру бөлімшелері: коллективтік шаруашылықтар ұйымдастыру және бұл қозғалысты жоспарлы тәртіппен жүргізу

¹ КПСС қарарлары.. I бөлім, 598-бет.

3
11
максатын алға қойды. Бөлімшелер артельдер мен коммуналар өкілдерінің съездерін шақырды, бұл съездерде колхоздардың одақтары құрылды, ол одақтардың уставтары қабылданды, олардың іс атқарушы органдары — одақтардың Советтері сайланды. Осы кезеңде бүкіл Қазақстанда колхоздардың болыстық және уездік одақтары, онан кейінірек облыстық және губерниялық одақтары ұйымдастырылды. Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы құрылғаннан кейін республиканың Жер халық комиссариатында арнаулы ведомстволық орган — «Қазглавколхозсовхоз» құрылды, оған шаруа шаруашылықтарын колхозға тарту міндеті жүктелді. Бұл орган колхоздар мен совхоздардың өндірістік қызметіне, колхоздарға мал мен мүлік бөліп беруге, қарыз беруге және басқа сондай жұмыстарға басшылық етті. Ауыл шаруашылығын қоғамдастырудың губерниялық бөлімшелері жанында арнаулы кредит органдары — «Миллиардтық комитеттер» құрылды. Олар жаңадан ұйымдастырылған коллективтік шаруашылықтарға едәуір қаржы беріп отырды.

Қазақстандағы алғашқы коллективтік шаруашылықтар 1918 жылы құрылды. Олардың қатарында, 1918 жылы В. И. Лениннің бастауымен Шығыс Қазақстан облысының кәзіргі Бұқтарма ауданында құрылған Обухов коммунасы болды.

1917 жылғы декабрьде Балтық заводы жұмысшыларының жиналысында сөйлеген сөзінде В. И. Ленин: Егер Питер жұмысшылары алғашқы ауылшаруашылық коммунасын құрып, шаруаларға өздерінің тұрмысын жаңаша қалай қайта құрудың үлгісін көрсетсе, мұның өзі жақсы болар еді деген пікірді айтты. Лениннің бұл пікіріне жұмысшылар қызу үн қосты. 1918 жылғы январьда Обухов және Семенников заводтары жұмысшыларының делегациясы Смольныйдағы Ленинге келіп жолықты. Олар Ильичтен еліміздің алшақ жатқан аймақтарында коммунаны қалай ұйымдастыру жайында кеңес беруді өтінді. В. И. Ленин жұмысшылардың бұл бастамасын қостады.

1918 жылғы апрельде Петроградтың жұмысшы коммуналары Семейге келді. Советтердің Семей облыстық атқару комитетінің нұсқауы бойынша оларға жер берілді. Мұнда Петроград жұмысшылары ол кезде Қазақстан даласында құрылған алғашқы коммуналардың біреуінің негізін қалады. 1919 жылы Семей облысында жиырмадан астам ауылшаруашылық коммуналары болды. Қазақстанның басқа аудандарында да колхоз құрыла бастады.

Ол дәуірде колхоз қозғалысы жалпы қозғалыс бола алмады, өйткені бұған керекті жағдай жасалмады. Коммунистік партия бұл дәуірде шағын міндетті: кейіннен колхоз қозғалысына тіректі пункт, төңіректегі шаруаларға үлгі болатын, коллективтік егіншіліктің алғашқы ұйтқысын жасау міндетін алға қойды.

Ауыл шаруашылығын социалистік негізге қайта құру ісінде

өндірістік кооперацияның ең қарапайым формалары зор қызмет атқарды.

Бұл жаңа беталыста лениндік кооператив жоспарының ерекше маңызы болды. Лениндік жоспардың мәнісі: пролетариат диктатурасы жағдайында шаруалар қалың бұқарасы социалистік құрылысқа кооперация арқылы, коллективизм бастамаларын ауыл шаруашылығына бірте-бірте, әуелі өнім өткізу саласында, онан кейін ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісі саласында енгізу жолымен тартылуға тиіс.

Пролетариат диктатурасы тұсында, жұмысшы табы негізгі шаруалар бұқарасымен одақ жасаған жағдайда, өндірістің барлық күрделі құрал-жабдықтары пролетарлық мемлекеттің қолында болып отырғанда, деп көрсетті В. И. Ленин, кооперацияның көмегімен социалистік қоғам орнатуға не керек болса, соның бәрі бізде бар.

Коммунистік партия мен Совет өкіметі ұлттық аудандардағы шаруа шаруашылықтарын кооперативтендіруге ерекше маңыз берді. Бұл аудандарда кооперация бұрын артта қалған халықтардың капитализмге соқпайынша, тура социализмге өтуінің негізгі шарттарының бірі болды. РКП(б) XIII съезі өзінің кооперация туралы қарарында: «Мемлекет тарапынан, оның (кооперативтің Ә. Т.) мемлекеттік органдары, сонымен қатар кооперативтік орталықтар тарапынан ұйымдық және материалдық көмек көрсету және жергілікті халықты кооператив құрылысына тарту арқылы ССРСР-дің ұлт республикалары мен облыстарында кооперацияны дамытуға ерекше көңіл бөлінуге тиіс»¹ деп көрсетті.

Революцияға дейінгі ауылда кооператив болмады. Ол орыс деревнясында да өте аз болатын. 1917 жылы Қазақстанның барлық селоларында небәрі 200-ден аз ғана артық кооператив болды. Қазақстанда жалпы кооператив құрылысы Совет өкіметінің жеңуінен кейін басталды.

Көшпелі және жартылай көшпелі ауылдың жағдайында кооператив құрылысының бірсыпыра ерекшеліктері болды. Бұл ерекшеліктер ауылдың шаруашылық, мәдени және саяси дамуының дәрежесіне, сол сияқты ұлттық және тұрмыстағы өзгешеліктерге байланысты болды. Мал өсіретін шаруашылықтарды ойдағыдай кооперативтендіру үшін, шаруалар арасында зор әзірлік жұмыс жүргізу керек болды. Бұл мақсатпен көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда әуелі мемлекеттік сауда пункттері — факториялар құрылды.

Факториялар сауда жүргізіп қана қоймай, сонымен бірге халыққа кооперацияның мәнісі мен маңызын түсіндірді, оның халыққа тиімділігін дәлдеп көрсетті. Факториялар көшпелі ауылдардың неғұрлым көп бас қосатын жерлерінде құрылды. Олар халықты көпшілік тұтынатын заттармен, мал шаруашылығына керекті товарлармен жабдықтады, мал шаруашылығының өнім-

¹ КПСС қарарлары. II бөлім, 47-бет.

дерін сатып алды, мұнын екеуінде де саудагерлерді онан ығыстырып шығаруға тырысты.

Бірте-бірте факториялар орнына тұтынушылар қоғамдары құрылды, факториялардың барлық товарлары белгілі шартпен соларға берілді.

Тұтынушылар кооперациясымен қатар ауылшаруашылық кооперация дами бастады. Қалпына келтіру дәуірінің аяқ шенінде Қазақстанда ауылшаруашылық кооперациясының 1319 төменгі бастауыш қоғамы, бұл қоғамдарда 175 мың мүше болды.

Бұл дәуірде отырықшы және жартылай көшпелі қазақ аудандарында ауылшаруашылық кооперациясының негізгі формасы ауылшаруашылық қарыз серіктігі болды. Осы серіктіктер арқылы мемлекет шаруаларға, ең алдымен жалшы-кедейлерге жер өңдеу жұмыстарын жүргізуге, бірігіп ауылшаруашылық құрал-саймандарын, мал және басқа сондайларды сатып алуға ақшалай қаржы, товар беріп көмектесіп отырды.

Қарыз кооперациясы ауылшаруашылық өнімдерін өндейтін кәсіпорындар (май заводтары, жүн жуатын орындар және басқалары) салды, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруға көмектесетін агротехникалық жұмыстар жүргізді.

Совет үкіметі отырықшылыққа көшкен қазақ халқына молынан материалдық және ақшалай көмек көрсетті. Мәселен, 1924 жылғы апрельде Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советі Қазақстанның отырықшылыққа көшетін көшпелі және жартылай көшпелі халқын жерге орналастыру туралы декрет шығарды. Бұл декрет бойынша, жерге орналастыру шығындарының бәрі мемлекет есебінен өтелетін болды. Отырықшылыққа көшетін халыққа құрал-саймандар сатып алуға 10 жыл мерзімге қарыз берілді. Отырықшы болатын шаруалар бес жылға мемлекеттік және жергілікті салықтардан босатылды. Жерге орналасатын шаруашылықтарға үйлер және қора-қопсы салуға керекті ағаш тегін берілді, оның үстіне қарызға тұқым берілді, тегін агрономиялық көмек көрсетілді.

Кедейлер Совет өкіметінен зор жеңілдіктер алды. Кедей шаруашылықтары ауылшаруашылық салығынан толық босатылды, оларға жақсы жерлер берілді. Үш жылдың ішінде (1922—1924) мемлекет Қазақстанға 6 миллион пұттан астам астық тұқымын берді. 1923—1924 жылдардың өзінде жеңіл шартпен және ішінара несиеге 5 миллион сомдық ауылшаруашылық машина-саймандары сатылды.

Совет үкіметінің орасан зор көмегі арқасында республиканың ауыл шаруашылығын қалпына келтіру 1925 жылдың аяғында ақ едәуір алға басты. Соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда 1925 жылы егіс көлемі 67,7 процентке, малдың саны 75 процентке жетті. Шаруаларды жерге орналастыру жолында зор жұмыс істелді. 1925 жылы Қазақстандағы егіс көлемінің бестен бір бөлегін қазақ шаруалары екті.

Қоғамдық өмірден бірте-бірте ығыстырылып, құруға бет ал-

ған қанаушылар — байлар мен кулактар ауыл мен деревняның социализмге беттеп дамуына жанталаса қарсылық көрсетті. Капитализмнің ауыл шаруашылығында әлі де терең тамырлары болды. Патриархалдық-феодалдық және рушылдық қатынас қалдықтары әлі де күшті еді. Олар ауылдың өндіргіш күштерінің өркендеуіне бөгет жасады. Товарлы өнімі аз шаруа шаруашылықтары капиталистік элементтерді туғызып отырды. Мұның өзі шаруалар буржуазиясының онан әрі өсіп, күшеюінен айқын көрінді.

Коммунистік партия мен Совет өкіметінің саясаты халық шаруашылығындағы социалистік бастамаларды нығайтып, деревня мен ауылда болып жатқан шаруашылық процестерді мемлекеттің бақылауына алуды көздеді. Қалпына келтіру дәуірінің аяғында құрылысымыздың келешегі туралы, СССР-де социализм орнату жолдары туралы мәселе қатаң алға қойылды.

Ұлы Ленин империализм заманында капитализмнің дамуының әркелкілігі туралы заңға сүйене отырып, социализмнің жеке бір елде жеңуінің мүмкіндігін көрсетті.

Социализмнің жаулары елімізде социализмнің жеңу мүмкіндігіне сенбеді. Олар СССР-де социализм орнату мүмкіндігі туралы лениндік теорияға қарсы шықты. Коммунистік партияға қарсы күрес жүргізіп, оны лениндік жолдан тайдыруға тырысты. Троцкишілдер, бухариншілдер, буржуазиялық ұлтшылдар және социализмнің басқа да жаулары жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нашарлатуға, сөйтіп пролетариат диктатурасының негізін бұзуға әрекеттенді.

XIV партия конференциясы өзінің шешімдерінде СССР-де социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы лениндік бағытты — партияның барлық мүшелеріне міндетті партия заңы деп танып, қабылдады.

ВКП(б) XIV съезі елді социалистік индустрияландыру программасын, оны аграрлық елден индустриялы елге айналдыру программасын белгіледі.

Елді индустрияландыру социализм орнату күресінде партия мен совет мемлекетінің алдында тұрған басқа міндеттердің бәрін орындаудың бас құралы болды. Елімізді индустрияландыруда Коммунистік партия ұлы Лениннің: «Социализмнің бірден-бір материалдық негізі егіншілікті де қайта құра алатын машиналы ірі өнеркәсіп бола алады»¹ дейтін нұсқауын басшылыққа алып келді және басшылыққа алуда.

Социалистік индустрияландыру жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар одағын онан әрі нығайтуды қамтамасыз етті. Жұмысшы табының өсуі, оның ауыл шаруашылығына көмегі, өнеркәсіп өндірісінің өсуі, бұған байланысты шаруалар бұқарасын өнеркәсіп товарларымен жабдықтаудың өсуі қала мен деревня арасындағы байланысты нығайтты, шаруалармен одақта жұмысшы табының жетекшілік ролін арттырды, мұның өзі орыс жұмыс-

¹ В. И. Ленин, Шығармалар, 32-том, 489-бет.

шы табы мен ұлттық советтік республикалардың еңбекші шаруалары арасындағы достықты онан сайын нығайтты.

Ұлы орыс халқының көмегімен, Коммунистік партияның басшылығымен қазақ халқы социализмге жету жолындағы көп қыйыншылықтар мен кедергілерді жеңді. Қазақ халқы ауылдың экономикасы мен әлеуметтік қатынасындағы феодалдық қалдықтарды жою үшін қатты күрес жүргізді. Бірақ байлардың қолында орасан көп мал мен жер болып отырғанда, жеке меншікті еңбекші қазақ шаруаларының жаппай колхоздану жолына түсуін қамтамасыз ету мүмкін емес еді. Сондықтан Коммунистік партия мен Совет үкіметі ауыл шаруашылығын социалистік негізге қайта құру жолындағы қыйыншылықтарды жеңуді көздейтін бірсыпыра шараларды жүзеге асырды. Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу осындай шаралардың бірі болды.

1926 жылғы 20 майда Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі, суармалы егіншілік аудандарынан басқа қазақ болыстарының бәрінде шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу туралы декрет шығарды. Байлардан 1 360 мың гектар шабындық, 1 250 мың гектардай егістік жерлер алынып, ауыл еңбекшілеріне берілді.

Қазақстанда шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу байлардың жерін едәуір азайтып, жерді пайдаланудағы рушылдық қатынасты жоюдың бастамасын жасады, байлардың жерді пайдаланудағы зорлық зомбылығын жойып, жерді үй басына еңбекпен пайдалану тәртібін орнатты.

Мұның бәрі ауыл еңбекшілерін дамудың социалистік жолына, коллективтік шаруашылық жолына түсіруге негіз әзірледі.

1927 жылға қарай Совет Одағы өнеркәсіпті өркендетуде едәуір табыстарға жетті. Бірсыпыра ірі фабрикалар мен заводтар салынып жатты. Өнеркәсіптің көптеген маңызды салалары кеңейтілді. Бүкіл ірі өнеркәсіптің жалпы өнімі 1913 жылғыдан 17 процент артты. СССР-де жеке меншікті өнеркәсіп бұл кезде енді болмашы қызмет атқаратын болды. Оның өнімі бүкіл өнеркәсіптің жалпы өнімі ішінде небәрі 10,5 процент орын алды.

Ауыл шаруашылығында жағдай басқаша болды. Оның негізгі саласы — астық шаруашылығы — артта қалды, жалпы өнімі соғысқа дейінгі өнімнің небәрі 91 процентіндей болды. Ал товарлы астық өнімі 1913 жылғымен салыстырғанда 37 процентке азар жетті.

Бүкіл халық шаруашылығына қатер туғызған бұл халден құтылу жолын табу керек болды. Бұл халден тек шаруалардың ұсақ жеке меншікті шаруашылықтарын жоғары дәрежелі жаңа техника негізінде қоғамдасып егін салатын ірі коллективтік шаруашылықтарға айналдырғанда ғана құтылуға болатын еді.

1927 жылғы декабрьде ВКП(б) XV съезі өткізілді. Бұл съезд Совет Одағының Коммунистік партиясының тарихынан — коллективтендіру съезі облып орын алды.

ВКП(б) XV съезінен кейін, оның шешімдері негізінде, бүкіл

еліміздегідей, Қазақстанда да ауыл шаруашылығын жалпы коллективтендіруге әзірлік кең өрістетілді.

Кулактар мен байларға онан әрі шабуыл жасау, деревня мен ауылдың қанаушыларына қарсы күресте кедей-орта шаруаларды берік топтастыру бұл міндетті жүзеге асырудың маңызды шарты болды.

Қазақстанда ауыл шаруашылығын жалпы коллективтендіруге әзірлік жасауда ірі байлар мен жартылай феодалдардың мал-мүлкін конфескелеудің зор маңызы болды.

1928 жылғы 27 августа Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі «Байлардың шаруашылықтарын конфескелеу туралы» қаулы алды. Бұл қаулыда мәдениеті артта қалған ұлттары бар Қазақ Республикасында бұған дейін жүргізілген шаралардың ескі, революцияға дейінгі қатынастарды әлі де өзгертпегені көрсетілді. Бай таптардың, бұрынғы үстем топтардың өкілдері ауылда Совет өкіметінің негізгі шараларын жүргізуге бөгет жасады, колхозға қарсы өшпенділік үгіт жүргізді, ұлт араздығын қоздырды. Бұл феодалдық элементтердің болуы ауылды революциялық жолмен қайта құруға елеулі бөгет жасады. Байлар мен жартылай феодалдардың мал-мүлкін конфескелеп, өздерін жер аудару 1928 жылы жүзеге асырылды. 700 бай жер аударылды, олардан 150 мың мал (ірі қара малмен есептегенде) алынды, ауылшаруашылық саймандары, қора-қопсылары, транспорт құралдары және басқа мүліктері кедейлердің пайдасына алынды.

Мұның нәтижесінде 25 мыңдай кедей және жалшы шаруашылықтары мал-мүлік алды. Кедейлер мен жалшылардан 300-дей колхоз құрылды.

Ірі байлар-феодалдардың мал-мүлкін конфескелеп, өздерін жер аудару қазақ еңбекшілерінің саяси белсенділігін едәуір күшейтті. Мұнымен бірге бұл шара, шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу кезіндегідей, жұмысшы табы мен қазақ еңбекші шаруаларының одағын онан сайын нығайтты.

Ауыл шаруашылығын социалистік негізге қайта құру жағдайында жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағы онан әрі нығайып, жаңа мазмұн алды. Ауыл шаруашылығын социалистік негізге қайта құруға жұмысшы табының басшылығының ерекше маңызы болды. Социалистік индустрияландырудың өрістеуі қала мен деревня арасындағы байланыстың жаңа түрінің — өндірістік байланыстың — пайда болып, дамуына жағдай туғызды.

Өндірістік байланыстың негізі: деревняны ауылшаруашылық машина-саймандарымен және тракторлармен жабдықтау, МТС-тер, прокат пункттерін ашу, өнім сатып алуға шарт жасау, совхоздар құру, өндірістік кооперация ұйымдастыру және басқалары болды.

Совет мемлекеті Қазақстанға, оның ауыл шаруашылығын өркендетуге барған сайын мол қаражат және материалдық жәрдем

көрсетіп отырды. 1928 жылы Совет мемлекеті Қазақстанға 80 миллион сомнан астам қаржы бөлді. Егер 1924 жылы Қазақстанда 928,4 мың сомдық ауылшаруашылық машиналары сатылып, 1 452 мың сом қарыз берілсе, 1928 жылы 13 353 мың сомдық машиналар сатылып, 14 630 мың сом қарыз берілді. 1926—27 жылдарда Қазақстан 36 578 плуг пен тырма алса, 1928—29 жылдарда 80 мыңнан астам плуг пен тырма алды.

Ұлан-байтақ жері бар Қазақстан мұның арқасында СССР-дегі совхоз құрылысының ең зор базаларының бірі бола бастады. 1927—1928 жылдарда Қазақстанда 18 совхоз, 1928—1929 жылдарда 30, 1929—1930 жылдарда 98 совхоз болды.

Совхоздар тек өздері ғана емес, өздерінің шаруашылықтағы артықшылықтарымен де төңіректегі шаруаларға күшті әсер етті. Олар ұсақ шаруа өндірісін қайта құрудың белсенді ұйымдастырушылары болды, колхоздар құрған кезде озат агротехника мен зоотехниканы меңгеруде еңбекші шаруаларға зор көмек көрсетті, мұның үшін оларға неғұрлым тәжірибелі қызметкерлерден ұйымдастырушылар берді.

Жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар одағын онан әрі нығайтып, ауыл шаруашылығын жалпы коллективтендіруге әзірлік жасауда ауылшаруашылық кооперациясын дамытудың ерекше маңызы болды. 1929 жылы ауылшаруашылық кооперациясы ауыл мен деревняны ауылшаруашылық машиналарымен, запас бөлшектермен, минералды тыңайтқыштармен және басқа керекті заттармен тек бір өзі дерлік жабдықтап отырды.

Өнімге шарт жасаудың да зор маңызы болды. Мұның арқасында жаңа өндірістік бірлестіктер құрылып көбейді, бұрын құрылған колхоздар мен қарапайым өндірістік бірлестіктер айтарлықтай нығайды.

1928 жылға дейін қарапайым өндірістік бірлестіктердің негізгі формасы машина және жер өңдеу серіктіктері болса, 1928 жылдан бастап өнімге шарт жасауға байланысты жалпы өндірістік бірлестіктің мүлде жаңа түрі — егін (астық), серіктіктері құрылып дамыды.

Қарапайым өндірістік бірлестіктердің бұл түрі кооперацияның өнім өткізу, жабдықтау, қарыз беру қызметінің тікелей жалғасы, мұнымен бірге өндірісті коллективтендірудің бірінші сатысы — бірлесіп егін салатын серіктікке таяу және бірте-бірте өндірістік бірлестіктердің неғұрлым жоғары формаларына ұласатын саты болды.

Сөйтіп, бұл кезде ауыл шаруашылығына керекті тракторлар мен машиналарды көптеп шығара бастаған социалистік индустрияның өсуі, кулактар мен байларға қарсы қатты күрес жүргізілуі, шаруаларды бірте-бірте коллективтік шаруашылық жүргізуге үйреткен ауылшаруашылық кооперациясының өсуі, алғашқы колхоздар мен совхоздардың қонымды тәжірибесі — мұның бәрі шаруалардың негізгі қалың бұқарасының коллективтенуге беталуына қолайлы жағдай жасады.

1929 жылы бүкіл Совет Одағы сияқты Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуында түбірлі өзгеріс жасалды. Шаруалар бұрынғыдай жекелеп, топтап емес, енді бүкіл село, аудан, тіпті округ болып колхоздарға кіре бастады. Республиканың колхозға кірген шаруа шаруашылықтары 1928 жылы июньде 1,8 процент, 1929 жылғы октябрьде 6,9 процент болса, 1930 жылғы 1 январьға барлық шаруа шаруашылықтарының 22,5 проценті колхозға кірді.

1929 жылдың аяғында колхоздар мен совхоздардың өсуіне байланысты Совет өкіметі кулактарды тежеу саясатынан оларды тап ретінде жою саясатына көшті.

Қазақстанның ауыл шаруашылығын коллективтендіру СССР-дің ауыл шаруашылығын коллективтендірудің бір саласы болды, алайда Қазақстанда мұның өзіне тән бірсыпыра ерекшелік сыйпаты көрінді. Ауылды социалистік негізге қайта құру аса зор қиыншылықтарға кездесті. Қазақ аулында Коммунистік партия, халық бұқарасы, ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезінде орыс деревнясында болмаған бірсыпыра міндеттерді жүзеге асыруға тиісті болды. Патриархалдық-феодалдық қатынас, рушылдық идеология, өктемдік бедел қалдықтарын жою, мындаған көшпелілерді отырықшылыққа көшіру, қазақ шаруаларын орналастырудың жаңа формаларын беліглеу — Қазақстанға тән ерекшелік міндеттер осындай болды.

1930 жылғы 5 январьда ВКП(б) Орталық Комитеті «Коллективтендіру қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына көмектесу шаралары туралы» қаулы алды. Бұл қаулыда ауылшаруашылық артелі — сол кезеңдегі колхоз қозғалысының негізгі формасы деп танылды, СССР-дің түрлі аудандарындағы жағдайлардың әртүрлілігі, СССР-дің әртүрлі аудандарында коллективтендіруге әзірліктің әртүрлі дәрежеде болуы толық есепке алынды.

Қазақстанның дәнді және техникалық дақылдар өсіретін аудандары ауыл шаруашылығын коллективтендіру қарқыны жағынан аудандардың бірінші тобына қосылды. Бұл аудандарда ауыл шаруашылығын коллективтендіру 1932 жылдың көктемінде негізінде аяқталуға тиісті болды.

Қазақстанның мал шаруашылығы аудандарында коллективтендіруді 1933 жылы негізінде аяқтауға ұйғарылды. Дәнді және техникалық дақылдар өсіретін аудандардан өзгеше көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда ауылшаруашылық кооператив және колхоз бірлестіктерінің ең қарапайым түрлерін құру керек болды. Сонда көшпелі аудандарда ауылшаруашылық өндірістік-кооперативтік бірлестіктер (жер өндейтін, жылқы, қой өсіретін, бірлесіп машинамен шөп шабатын және т. б. серіктіктер) құруға ұйғарылды. Жартылай көшпелі аудандарда бірлесіп егін салатын, шөп шабатын серіктіктер құру көзделді. Бұл серіктіктер, әдетте, бастауыш кооператив ұйымынан өсіп, ауылшаруашылық артеліне өту сатысы болуға тиісті еді.

Сөйтіп, Қазақстанда ауыл шаруашылығын коллективтендіру бұған зор әзірлік жасауды, тарихи дамудың барысында коллективтендіруге неғұрлым көбірек әзірленген СССР-дің Солтүстік Кавказ, Орта Волга бойы, Төменгі Волга бойы сияқты, аса маңызды астықты аудандарына қарағанда, колхоз құрылысының неғұрлым қарапайым формаларын құруды және бұл жұмысты бәсеңірек қарқынмен жүргізуді талап етті.

Қазақ шаруаларын коллективтендіру жолындағы негізгі бөгет көшпелі тұрмыс қалпы болды. Бұл шаруашылықтарды отырықшылыққа көшірмейінше ауыл шаруашылығын ойдағыдай коллективтендіру мүмкін емес еді. Революцияға дейін қазақ халқының бір бөлегі өз бетімен, көшпелі шаруашылықтың нашарлап, кедейленуі нәтижесінде отырықшылыққа көшті. Пролетариат диктатурасы жағдайында отырықшылыққа көшу ұлт аудандарының ауыл шаруашылығын социалистік негізге қайта құрудың қажетті шарты болды.

Көшпелі халықты жоспар бойынша жалпы отырықшыландыру ісі 1930 жылдың алғашқы айларынан басталды. 1929 жылдың аяғында Қазақстанда болған 567 мың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтан бірінші бесжылдықта 544 мың кедей және орташа шаруашылықтарын отырықшыландыру көзделді. Қалған 23 мың шаруашылық байлардікі болды.

Көшпелі және жартылай көшпелі шаруаларды отырықшыландырудағы табыстармен қатар, отырықшы-егінші аудандарда да, мал шаруашылығы аудандарында да, ауыл шаруашылығын коллективтендіргенде бірсыпыра қателерге және партия жолын бұрмалаушылыққа жол берілді: колхозды ұйымдастырудағы еріктіліктің лениндік принципі бұзылды, Қазақстанның әртүрлі аудандарының ерекше жағдайлары есепке алынбады, мал шаруашылығы аудандарында бірлесіп егін салатын, шөп шабатын серіктіктерді аттап өтіп, артельдер құрылды, отырықшы-егінші аудандарда артельді аттап өтіп, коммуналар құрылды, кей жерлерде орташаға теріс көзқарас болды. Бұл бұрмалаушылықтар социалистік құрылысқа зор хауіп туғызды, өйткені жұмысшы табының орта шаруалармен одағын бұзатын болды.

Партияның Орталық Комитетінің бұл іске араласып, колхоз құрылысындағы партия жолын бұрмалаушылыққа қарсы бірсыпыра шаралар қолдануы, бұқараның қатені түзетуге белсеніп қатысуы арқасында, істің жайы жақсарды. Деревня мен ауылдың қалың бұқарасы Коммунистік партия мен Совет үкіметі жолының жер-жердегі басбұзарлық бұрмалаушылыққа ешқандай қатысы жоқ екенін айқын көріп, бұған көздері жетті.

Колхоз қозғалысы барлық қиыншылықтарды жеңді, өйткені бұл қозғалыс деревня мен ауыл еңбекшілерінің қалың бұқарасының шын мәнісіндегі жалпы қозғалысы болды. 1930 жылғы 1 июньге республиканың шаруа шаруашылықтарының 32,5 проценті коллективтендірілді.

Партияның XVI съезі ВКП(б) XV съезінен кейінгі дәуірдегі колхоз құрылысының қорытындысын шығарып, орта шаруалардың едәуір бөлегі кедейлердің ізімен коллективтік шаруашылықтың артықшылығын түсініп, өздерінің еркімен колхозға кіргенін, сөйтіп социалистік құрылыс жолына түскенін көрсетті. Еліміздің ауыл шаруашылығын өркендетудегі ұлы өзгерістің бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы да осында болды.

Колхоз қозғалысын кең өрістетудің шешуші шарты — жұмысшылар мен шаруалардың одағы. Шаруа шаруашылықтарын коллективтендірудің табысты болуы осы одақты онан әрі дамытып, нығайтуға байланысты болды.

Коммунистік партияның Қазақстанға, ауылдар мен деревняларға жыйырмабесмыңшы — жұмысшылар жіберуі жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайтуда зор роль атқарды. Олар колхоз қозғалысына басшылық етіп, кедей — орташалар бұқарасын кулак-байларға қарсы күреске бастады. Олардың жетекшілігімен Қазақстанның колхоздарында еңбектің социалистік әдістері енгізілді.

Совхоз жұмысшылары төңіректегі колхоздарға ұйымдастыру және шаруашылық жағынан зор көмек көрсетіп отырды. Совхоз жұмысшылары колхоздардың ауылшаруашылық саймандарын жөндеті, оларды жақсы тұқыммен жабдықтады, жаңа колхоздар ұйымдастырды, колхоздардың өндіріс жоспарларын жасады, кадрлар даярлады, колхоздарға агротехникалық қызмет көрсетті және т. б. Қазақстан совхоздарының колхоздарға көмектесуі ауыл шаруашылығын коллективтендіру күресінде жұмысшы табының шаруаларға басшылығының маңызды формаларының бірі болды. Мұның өзі жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы одақты нығайтуға көмектесті.

Совет мемлекетінің колхоздарға барған сайын зор көмек көрсетуі де жұмысшы табы мен шаруалар қалың бұқарасының одағын онан сайын нығайта түсті. Машина-трактор станцияларының қызметі бұл көмектің айқын белгісі болды.

1930 жылы Қазақстанда 19 МТС болды. Бұлар 29 500 шаруашылықты біріктірген 307 колхозға қызмет етті.

Мал шаруашылығы аудандарында 1931 жылдан бастап машина-пішен станциялары құрылды. Бұл станциялар мал шаруашылығы аудандарының ерекшелік жағдайларына сай келді. Олар колхоздарға мал шаруашылығына арнап жемшөп қорын жасауға көмектесті, ауылдың кедей және орташа шаруашылықтарын коллективтендірудің ұйтқысы болды.

Елімізді индустрияландырудың шапшаң алға басуы ауыл мен деревняны өндіріс құрал-жабдықтарымен жабдықтауды күшейтуге мүмкіндік туғызды. 1930 жылы машина-трактор станциялары мен машина-пішен станцияларына әкелінген ауылшаруашылық машина саймандары 1926—1927 жылдардағыдан үш еседен аса көбейді.

Ауыл шаруашылығын онан әрі коллективтендіруге социалистік

қала зор көмек көрсетті. Ол ауыл шаруашылығына өндірістік-техникалық жәрдем беріп отырды, қаладағы кәсіпорындар мен мекемелер жеке колхоздарды қамқорлығына алды.

Ауыл шаруашылығын жалпы коллективтендірудің табыстылығы оған деревня мен ауыл еңбекшілерінің белсеніп қатысуына байланысты болды. Коммунистік партия, ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру саясатының табысты болып, мұның негізінде кулактар мен байларды тап ретінде жоюды қамтамасыз ету үшін, жалшы, кедей және орташалар бұқарасының творчестволық белсенділігін бұл іске жұмылдырудың әртүрлі формаларын толық пайдаланды.

1930 жылдың жазында колхоз қозғалысы жаңадан мықтап өрледі. 1930 жылғы 1 декабрьге республикада коллективтендірілген кедей және орташа шаруашылықтары: астықты аудандарда 46,1 процент, техникалық дақылдар өсіретін аудандарда 54,7 процент, мал шаруашылығы аудандарында 27,1 процент болды.

Колхоз қозғалысының жаңадан өрлеуі деревня мен ауылда тап күресін онан әрі шиеленістірді. Нақтылы жағдайлардың, тап күштері салмағының, еңбекшілердің таптық мүдделерді түсіну дәрежесінің өзгеруіне, жер-жердегі партия және совет ұйымдарының жұмыс дәрежесінің артуына байланысты бұл дәуірде тап жауының күресте қолданатын әдістері де өзгерді. Көп жерлерде кулактар мен байлар өздерінің шаруашылығын орташалар шаруашылығы дәрежесіне түсіріп, совет адамдары болып көрінуге, сөйтіп колхозға кіргеннен кейін оны ішінен бүлдіруге тырысты.

Еліміздің барлық аудандарындағыдай, Қазақстанда да колхоз қозғалысының онан әрі өрістеуінде ВКП(б) Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының 1930 жылғы декабрьде өткізілген біріккен пленумы шешімінің аса зор маңызы болды.

Пленум СССР-дің әртүрлі аудандарында коллективтендірудің әртүрлі қарқынын белгіледі. Қазақстан (дәнді және техникалық дақылдар аудандары) 1931 жылы шаруа шаруашылықтарының 50 процентін коллективтендіруді көздеген аудандардың санына қосылды. 1931 жылдың жазында Қазақстандағы шаруа шаруашылықтарының жартысынан көбі колхозда болды. 1931 жылғы 1 июньге кедей және орташа шаруашылықтары отырықшы — егінші аудандарда 55,9 процент, мал шаруашылығы аудандарында 44,1 процент коллективтендірілді.

Қазақстанда колхоз қозғалысының онан әрі өсуінде өнеркәсіппен ауыл шаруашылығы арасындағы өндірістік байланысты нығайтудың, жұмысшы табының шаруаларға басшылығын күшейтудің шешуші маңызы болды.

Республикада машина-трактор станцияларының көбейтілуі — жұмысшы табының ауыл шаруашылығын социалистік негізге қайта құруға басшылығының күшеюінің айқын белгісі. 1932 жылы Қазақстанда 77 МТС болды. Олар 1193 колхозға, яғни Қазақстандағы барлық колхоздардың 23 процентіне қызмет етті. МТС-тердің қамтуындағы колхоздар 1930 жылы 173,4 мың гектар

егін ексе, 1932 жылы 1428,9 мың гектар егін екті. МТС-тердің қамтуындағы колхоздар әрбір колхоз үйінен 15,5 центнерден, ал МТС-тердің қамтуында жоқ колхоздар 7,7 центнерден товарлы астық берді.

МТС-тердің және олардың қамтуындағы колхоздардың әсерімен жеке меншікті кедей-орташа шаруашылықтары жаппай колхозға кіре бастады немесе жаңа коллективтерге бірікті.

Бұл дәуірде колхоздарды қамқорлыққа алу онан әрі кең өрістеді. Қаладағы кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің, оқу орындарының және кәсіподақ ұйымдарының жұмысшылары мен қызметшілерінің коллективтері өздерінің қамқорлығындағы колхоздарда ұйымдастыру-бұқаралық жұмысты кеңінен жүргізді. Ауыл шаруашылығын коллективтендіруге, кедей-орташалар одағын нығайтуға көмектесу үшін, колхоз құрылысына жанталаса қарсылық көрсеткен кулактар мен байларға қарсы күрес жүргізу үшін деревнялар мен ауылдарға ондаған, жүздеген жұмысшы бригадалары жіберілді.

Алайда, еңбекші шаруалардың өздері белсеніп қатыспаған жерде, жұмысшы табының ұйымдастыру және саяси көмегінің тек өзі ауыл шаруашылығын коллективтендіруді қамтамасыз ете алмаған болар еді.

Колхозшылардың өз еңбегінің жемістілігіне мүдделілігін арттыру шаруалар бұқарасының колхоздарды ұйымдастыруға белсеніп қатысуының ең маңызды шарттарының бірі болды. Колхоздарда егіннің шығымдылығы жеке меншікті шаруашылықтардан жоғары болды, колхоз өнімінің товарлылығы жеке меншікті шаруашылықтардан едәуір асып түсті, колхоздарда топырақты баптаудың прогрестік әдістері қолданылды. Мұны көргеннен кейін орташалар шаруашылықтарының көпшілігі колхозға кіре бастады.

1932 жылғы 10 апрельге шаруа шаруашылықтары техникалық дақылдар өсіретін аудандарда 74,7 процент, астық өндіретін аудандарда 84,3 процент коллективтендірілді.

Сөйтіп, отырықшы-егінші аудандарда ауыл шаруашылығын коллективтендіру 1932 жылдың көктеміне қарай негізінде аяқталды. Жаппай коллективтендіру негізінде бұл аудандарда кулактар мен байлар тап ретінде жойылды.

Мал шаруашылығы аудандарында да шаруа шаруашылықтарын коллективтендіру, біраз бәсеңірек болса да, дегенмен тоқтаусыз алға баса берді.

Ауылда жаңа өндіргіш күштерді туғызып, дамыту арқасында қазақ халқының бұрынғы әлеуметтік-экономикалық құрылысы мен тұрмысында негізінен өзгеріс жасалды. Мұның өзі, ең алдымен, көшпелі және жартылай көшпелі халықтың онан әрі отырықшылануынан айқын көрінді. Жалпы коллективтендірудің бас кезіндегі 544 мың көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылықтарынан бірінші бесжылдықтың аяғында 274 мың шаруашылық отырықшылыққа көшті.

Көшпелі халықты отырықшыландырып, мал өсіруші шаруашылықтарды өндірістік кооперативке біріктірудегі елеулі табыстар мал шаруашылығы аудандарында, бірігіп егін салатын серіктіктер негізінде ауыл шаруашылығын онан әрі жалпы коллективтендіруді қамтамасыз етті.

Серіктіктер дәрежесінен жоғары өскен аудандарда колхоз қозғалысының негізгі формасы ретінде бірлесіп егін салатын серіктіктер құру артта қалғандық, ал әлі де тиісті әзірлігі жоқ аудандарда коллективтік шаруашылықтың негізгі формасы ретінде ауылшаруашылық артелін құру шамадан тыс асыққандық болатын еді, өйткені мұның өзі кейде қалың бұқарадан қол үзуге, одан бөлектенуге әкеліп соқтыратын еді.

Қазақстанның өлкелік партия комитеті басшылығының республикадағы мал шаруашылығы аудандары үшін белгілеген қатаң бағыты осындай тым асығудың, қалың бұқарадан қол үзудің, оның еркімен есептеспенділігінің мысалы болды. 1931 жылғы августта өлкелік партия комитеті бұл аудандар алдына: «коллективтендірудің неғұрлым күшті қарқынына көшу» міндетін қойып, «өте артта қалған, алыстап көшетін бірыңғай көшпелі шаруашылықты әлі сақтаған аудандардан басқа қазақ аулындағы колхоз қозғалысының негізгі формасы — мал өсіретін ауылшаруашылық артелі деп есептелсін» деген бағыт берді.

Сол жылғы сентябрьде артта қалған аудандар жөніндегі ескерту қайтып алынды. Мал шаруашылығы аудандарындағы серіктіктер тездетіліп ауылшаруашылық артелінің уставына көшіріле бастады. 60 мал шаруашылығы ауданында болған 2 771 серіктіктен 1931 жылғы 1 августқа 2 459 серіктік ауылшаруашылық артелінің уставына көшірілді. Ол түгіл, тіпті 27 коммуна құрылды. Бұл аудандарда небәрі 285 серіктік қалды.

Отырықшылыққа әлі көшпеген, артта қалған көптеген көшпелі және жартылай көшпелі ауылдарда, алдын-ала бұқаралық-түсінік жұмысын жүргізбейінше, тиісті материалдық база жасамайынша серіктіктерді ауылшаруашылық артелі уставына көшіре бастады.

Сөйтіп, 1931 жылы Қазақстанның мал шаруашылығы аудандарындағы колхоз құрылысы жөніндегі партияның ұстаған жолы тағы да бұрмаланды. Мұны пайдаланған тап жауы халық арасында малды жаппай союға үгіт жүргізді. Мұндай зиянды үгіт бірсыпыра жағдайда ауыл шаруашылығына көп зиян келтірді.

Малды жаппай сою, айдап әкету, бірсыпыра ауылдардан халықтың көшіп кетуі салдарынан республикада мал басы едәуір азайды, көптеген мал шаруашылығы аудандарында азық-түлік тапшыланды.

Қазақстанның ауыл шаруашылығын коллективтендірудегі қателерді батыл түзетіп, партия жолын бұрмалаудың қалдықтарын тез жою керек болды.

1932 жылғы 17 сентябрьде ВКП(б) Орталық Комитеті «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы

туралы» арнаулы қаулы алды. Сол жылғы 5 октябрьде СССР Халық Комиссарлары Советі де осындай қаулы қабылдады.

Бұл қаулыларда отырықшы егінші және мал шаруашылығы аудандарындағы социалистік қайта құрылыстың міндеттері белгіленді. Отырықшы аудандарда қазақ халқын европалық типтес поселкелерге орналастыруды ұйымдастыру ұсынылды. Мұнымен бірге ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советі поселкелер мен колхоздардың көлемін халықтың ризалығынан тыс әкімшілікпен белгілеуден, әртүрлі руларды беталды біріктіруден сақтандырды. Отырықшыландыру және коллективтендіру — ауылды социалистік негізге қайта құрудың біртұтас, бөлінбейтін процессі деп танылды.

Ол кезеңде ауылдың тұрмыс жағдайларына неғұрлым сай келетін колхоз формасы бірлесіп егін салатын және пішен шабатын серіктік болды. Сондықтан ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советі Өлкелік партия комитеті мен Қазақ АССР Халық Комиссарлары Советіне көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда әкімшілік жолмен құрылған, өмір сүре алмайтын артельдердің бәрін серіктік уставына көшіруді, мал фермаларын таратып, ондағы ортақтастырылған малды серіктік мүшелерінің жеке пайдалануына беруді, малсыз шаруашылықтардың малдануына көмектесуді, колхозшылардың жеке пайдалануына совхоздардан мал беруді ұсынды.

ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советі Қазақстанға орасан зор көмек көрсетті. Мал шаруашылығы аудандарындағы шаруашылықтардың бәрі 2 жылға мемлекеттік салықтар мен міндетті төлемдерден босатылды. Бұл шаруашылықтардың өткен жылдардағы мемлекетке берешек борышының бәрі кешірілді. Қазақстан үкіметтен аса көп азық-түлік және қарызға тұқым алды. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарға 2 миллион пұт астық бірілді.

Партияның Орталық Комитеті, Одақтық үкімет, РСФСР-дің үкіметі Қазақстандағы, оның ішінде көшпелі және жартылай көшпелі ауылдардағы социалистік құрылыстың барысын үнемі қадағалап отырды, оған барған сайын көп материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық көмек көрсетті.

Совет мемлекеті отырықшылыққа көшетін халықты шаруашылық жағынан орналастыруға көптеген қаржы беріп отырды.

1930—1932 жылдарда бұл қажетке 31591,5 мың сом қаржы жұмсалды. Совет мемлекетінің үнемі көрсетіп отырған көмегі, еңбекшілердің өздерінің күш-жігері арқасында 1934 жылы көшпелі және жартылай көшпелі халықтың басым көпшілігі отырықшылыққа көшті. 1930—1934 жылдарда 325,7 мың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық отырықшы болды.

Ауыл шаруашылығын жалпы коллективтендіру 1933 жылдың аяғында мал шаруашылығы аудандарында да аяқталды.

Халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын ойдағыдай орындаудың арқасында Қазақстан ұсақ шаруа-

лар шаруашылығы республикасынан ірі социалистік ауыл шаруашылығы бар республикаға айналды. 1933 жылы республиканың барлық шаруаларының 80,9 проценті колхозда болды. Бұл кезде республиканың шаруалар секторындағы барлық егістің 96,2 процентін колхоздар екті. Сөйтіп, бүкіл еліміздегідей, Қазақстанда да колхоз құрылысы түпкілікті жеңді.

Қазақстан совхоздар мен МТС-тер құрылысында да едәуір табыстарға жетті. 1933 жылы республикада 232 совхоз, 149 машина-трактор станциясы болды.

Жаппай коллективтендіру аяқталғаннан кейін колхоздардың онан әрі даму ісінде жаңа қиыншылықтар туды. Бұл қиыншылықтарды жеңуге аса көп күш жұмсау керек болды.

Колхоз қозғалысы көбінесе колхоздар мен олардың кадрларының жұмыс сапасының жақсаруы есебінен емес, колхоздардың көбейіп, барған сайын жаңа аудандарды қамтуы есебінен өсті. Буыны қатпаған колхоз қозғалысы өндіріс құрал-жабдықтарын пайдаланып, еңбекті ұйымдастыруда және басқа жұмыстарда бірсыпыра елеулі қиыншылықтарға кездесті.

Жеке меншікшілдік қалдықтар әлі де күшті болып отырған кешегі ұсақ шаруалардың коллективтік бірлестіктері алғашқы кезде көлемі және құрамы жағынан әралуан түрлі болды. Колхоздарда өндірістік жұмысты осыған бейімдеу керек болды. Колхоз құрылысындағы табыстарға мастанған жергілікті қызметкерлердің колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайту ісімен жеткілікті шұғылданбай, өздерінің жұмысында көп қателерге жол беруі бұл қиыншылықты күшейте түсті. Деревня мен ауылда тап күресінің шиеленісуі де колхоз құрылысының қиыншылықтары мен кемшіліктерін күшейтті.

Ашық күресте жеңілген кулактар мен байлар колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде және басқа ұйымдарда «жұмысшы», «шаруа» пердесін бетке ұстап жасырынып жүрді. Олар мұнда өздерінің Совет өкіметіне дұшпандығын іште сақтады.

Кулактар мен байлар енді халық өкіметіне ашық қарсы шыға алмады: олар астық қоймаларын өртеп, машиналарды сындырды, бүлдірушілік әрекетін жүргізді, зиянкестік жасады.

Ауыл шаруашылығын қайта құру дәуірінде туған колхоз құрылысының қиыншылықтары колхоздарды нығайту күресінде жойылды.

Ауыл шаруашылығын жалпы коллективтендіру, негізінде аяқталғаннан кейін колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайту колхоз құрылысындағы басты міндет болды. Колхоздарды онан әрі өркендету, колхозшылардың тұрмыс және мәдениет дәрежесін арттыру осы міндетті орындауға байланысты болды.

1933 жылы ВКП(б) Орталық Комитетінің январь пленумының қаулысы бойынша құрылған МТС-тердің саяси бөлімдері колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайтуда ерекше маңызды міндет атқарды.

МТС-тердің саяси бөлімдері күштің дұрыс орналастырылуын, еңбек және материал ресурстарының дұрыс пайдаланылуын бақылап отырды, колхоздарға колхозшылардың еңбегін ұйымдастыруға, өздерінің мемлекет алдындағы міндеттемелерін мезгілінде орындауға көмектесті.

Саяси бөлімдер революциялық заңдардың орындалуын бақылап отырды, социалистік меншікті ұрлаушыларға, бүлдірушілерге әкімшілік және жазалау шараларының мезгілінде дұрыс қолданылуын қамтамасыз етті.

МТС саяси бөлімдерінің көмегімен партия колхоздарды кулактар мен байлардан тазартты, колхоздарда партияда жоқ активтің берік ұйтқысын жасады, кадрларды іріктеп, колхоздардағы басшылық жұмысқа жоғарылатты, колхозшыларды социализм рухында тәрбиеледі.

Колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайту нәтижесінде қоғамдық шаруашылық өсті, мұның негізінде колхозшылардың тұрмысы мен мәдениет дәрежесі артты.

Егіс көлемінің ұлғаюы қоғамдық шаруашылықтың нығайып келе жатқанын көрсетеді. Қазақстанның кедей-орташа шаруашылықтарын жалпы коллективтендірудің қарсаңында колхоздардың егіс көлемі бүкіл шаруалар секторындағы егістің небәрі 2,6 проценті болды. 1934 жылы, барлық шаруа шаруашылықтарының 85,9 проценті колхозға біріктірілгеннен кейін, олардың егіс көлемі 96,3 процентке жетті.

Егіс көлемінің ұлғаюымен бірге ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы артты. Мысалы, дәнді дақылдардың орташа шығымдылығы 1913 жылы гектарына 4,2 центнер болса, 1934 жылы 9,7 центнерге жетті.

Егіс көлемінің ұлғайып, шығымдылығының артуы арқасында колхоз өндірісінің жалпы өнімі көбейді. Республика колхоздарының жалпы өнімі 1930 жылғы 138777,3 мың сомнан 1934 жылы 253 875 мың сомға жетті.

Бөлінбейтін қорлардың өсуі өндіріс құрал-жабдықтары саласында колхоз меншігінің нығайғандығын көрсетеді. Жалпы коллективтендіру жылдарында бөлінбейтін қорлар көбінесе, колхозға кірген шаруалардың мүлкінен құралса, жалпы коллективтендіру аяқталғаннан кейін бұл қорлар колхоздардың қоғамдық шаруашылығының табысы есебінен толықтырылды. Мысалы, 1930 жылы Қазақстандағы ауылшаруашылық артельдерінің небәрі 52,3 проценті бөлінбейтін қорларға үлес берсе, 1934 жылы республикада мұндай колхоздар 90 процент болды.

Бөлінбейтін қорлардың едәуір өсуі колхоздарда ұдайды өндірісті ұлғайта жүргізудің нәтижесі болды. Еңбек өнімділігін үнемі арттыра беру — ұлғаймалы ұдайы өндіріске керекті қаржы жинауды күшейтудің шешуші шарты.

«Еңбек өнімділігі, — деп көрсетті В. И. Ленин, — сайып келгенде, жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең басты нәрсе. Капитализм крепостниктік тәртіптің тұсында болып

лар шаруашылығы республикасынан ірі социалистік ауыл шаруашылығы бар республикаға айналды. 1933 жылы республиканың барлық шаруаларының 80,9 проценті колхозда болды. Бұл кезде республиканың шаруалар секторындағы барлық егістің 96,2 процентін колхоздар екті. Сөйтіп, бүкіл еліміздегідей, Қазақстанда да колхоз құрылысы түпкілікті жеңді.

Қазақстан совхоздар мен МТС-тер құрылысында да едәуір табыстарға жетті. 1933 жылы республикада 232 совхоз, 149 машина-трактор станциясы болды.

Жаппай коллективтендіру аяқталғаннан кейін колхоздардың онан әрі даму ісінде жаңа қиыншылықтар туды. Бұл қиыншылықтарды жеңуге аса көп күш жұмсау керек болды.

Колхоз қозғалысы көбінесе колхоздар мен олардың кадрларының жұмыс сапасының жақсаруы есебінен емес, колхоздардың көбейіп, барған сайын жаңа аудандарды қамтуы есебінен өсті. Буыны қатпаған колхоз қозғалысы өндіріс құрал-жабдықтарын пайдаланып, еңбекті ұйымдастыруда және басқа жұмыстарда бірсыпыра елеулі қиыншылықтарға кездесті.

Жеке меншікшілдік қалдықтар әлі де күшті болып отырған кешегі ұсақ шаруалардың коллективтік бірлестіктері алғашқы кезде көлемі және құрамы жағынан әралуан түрлі болды. Колхоздарда өндірістік жұмысты осыған бейімдеу керек болды. Колхоз құрылысындағы табыстарға мастанған жергілікті қызметкерлердің колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайту ісімен жеткілікті шұғылданбай, өздерінің жұмысында көп қателерге жол беруі бұл қиыншылықты күшейте түсті. Деревня мен ауылда тап күресінің шиеленісуі де колхоз құрылысының қиыншылықтары мен кемшіліктерін күшейтті.

Ашық күресте жеңілген кулактар мен байлар колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде және басқа ұйымдарда «жұмысшы», «шаруа» пердесін бетке ұстап жасырынып жүрді. Олар мұнда өздерінің Совет өкіметіне дұшпандығын іште сақтады.

Кулактар мен байлар енді халық өкіметіне ашық қарсы шыға алмады: олар астық қоймаларын өртеп, машиналарды сындырды, бүлдірушілік әрекетін жүргізді, зиянкестік жасады.

Ауыл шаруашылығын қайта құру дәуірінде туған колхоз құрылысының қиыншылықтары колхоздарды нығайту күресінде жойылды.

Ауыл шаруашылығын жалпы коллективтендіру, негізінде аяқталғаннан кейін колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайту колхоз құрылысындағы басты міндет болды. Колхоздарды онан әрі өркендету, колхозшылардың тұрмыс және мәдениет дәрежесін арттыру осы міндетті орындауға байланысты болды.

1933 жылы ВКП(б) Орталық Комитетінің январь пленумының қаулысы бойынша құрылған МТС-тердің саяси бөлімдері колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайтуда ерекше маңызды міндет атқарды.

МТС-тердің саяси бөлімдері күштің дұрыс орналастырылуын, еңбек және материал ресурстарының дұрыс пайдаланылуын бақылап отырды, колхоздарға колхозшылардың еңбегін ұйымдастыруға, өздерінің мемлекет алдындағы міндеттемелерін мезгілінде орындауға көмектесті.

Саяси бөлімдер революциялық заңдардың орындалуын бақылап отырды, социалистік меншікті ұрлаушыларға, бүлдірушілерге әкімшілік және жазалау шараларының мезгілінде дұрыс қолданылуын қамтамасыз етті.

МТС саяси бөлімдерінің көмегімен партия колхоздарды кулактар мен байлардан тазартты, колхоздарда партияда жоқ активтің берік ұйтқысын жасады, кадрларды іріктеп, колхоздардағы басшылық жұмысқа жоғарылатты, колхозшыларды социализм рухында тәрбиеледі.

Колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайту нәтижесінде қоғамдық шаруашылық өсті, мұның негізінде колхозшылардың тұрмысы мен мәдениет дәрежесі артты.

Егіс көлемінің ұлғаюы қоғамдық шаруашылықтың нығайып келе жатқанын көрсетеді. Қазақстанның кедей-орташа шаруашылықтарын жалпы коллективтендірудің қарсаңында колхоздардың егіс көлемі бүкіл шаруалар секторындағы егістің небәрі 2,6 проценті болды. 1934 жылы, барлық шаруа шаруашылықтарының 85,9 проценті колхозға біріктірілгеннен кейін, олардың егіс көлемі 96,3 процентке жетті.

Егіс көлемінің ұлғаюымен бірге ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы артты. Мысалы, дәнді дақылдардың орташа шығымдылығы 1913 жылы гектарына 4,2 центнер болса, 1934 жылы 9,7 центнерге жетті.

Егіс көлемінің ұлғайып, шығымдылығының артуы арқасында колхоз өндірісінің жалпы өнімі көбейді. Республика колхоздарының жалпы өнімі 1930 жылғы 138777,3 мың сомнан 1934 жылы 253 875 мың сомға жетті.

Бөлінбейтін қорлардың өсуі өндіріс құрал-жабдықтары саласында колхоз меншігінің нығайғандығын көрсетеді. Жалпы коллективтендіру жылдарында бөлінбейтін қорлар көбінесе, колхозға кірген шаруалардың мүлкінен құралса, жалпы коллективтендіру аяқталғаннан кейін бұл қорлар колхоздардың қоғамдық шаруашылығының табысы есебінен толықтырылды. Мысалы, 1930 жылы Қазақстандағы ауылшаруашылық артельдерінің небәрі 52,3 проценті бөлінбейтін қорларға үлес берсе, 1934 жылы республикада мұндай колхоздар 90 процент болды.

Бөлінбейтін қорлардың едәуір өсуі колхоздарда ұдайды өндірісті ұлғайта жүргізудің нәтижесі болды. Еңбек өнімділігін үнемі арттыра беру — ұлғаймалы ұдайы өндіріске керекті қаржы жинауды күшейтудің шешуші шарты.

«Еңбек өнімділігі, — деп көрсетті В. И. Ленин, — сайып келгенде, жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең басты нәрсе. Капитализм крепостниктік тәртіптің тұсында болып

көрмеген еңбек өнімділігін тұғызды. Социализм жана, анағұрлым жоғары еңбек өнімділігін тұғызады, осының арқасында капитализм түткілікті жеңілуі мүмкін, түткілікті жеңіледі де»¹.

Қоғамдық шаруашылықтың өсуі, еңбек өнімділігінің үнемі артуы арқасында колхозшы шаруалардың тұрмыс және мәдениет дәрежесі жылдан-жылға өсе берді.

Колхоз құрылысы жеңгеннен кейін деревня мен ауылда мәдениет революциясы жасалды. 1934 жылғы 1 ноябрьге республиканың деревнялары мен ауылдарында 497 542 оқушысы бар 6 780 бастауыш, орталау және орта мектеп болды. Бұл мектептерде 13 438 мұғалім жұмыс істеді.

Сауатсыздықты жою, шала сауаттыларды толық сауаттандыру ауыл мен деревнядағы мәдени революцияның тамаша табысы болды. Қазақстан халқының сауаттылығы: 1897 жылы 7,8 процент, 1920 жылы 14,4 процент, 1926 жылы 22,6 процент, 1935 жылы 61,0 процент болды.

1920/21 оқу жылынан 1928/29 оқу жылына дейін республикада 381,5 мың, 1929/30 оқу жылынан 1934/35 оқу жылына дейін 1401,2 мың сауатсыздар мен шала сауаттылар оқытылды.

1934 жылғы 1 октябрьге республиканың селолары мен ауылдарында 547 кітапхана болды, бұларда 500 980 кітап болды, орта есеппен әрбір колхоз кітапханасына 916 кітаптан келді.

1934 жылдың аяғында Қазақстанда 149 газет, оның ішінде аудандарда 112 газет шығарылып тұрды. Бұл кезде республиканың селолары мен ауылдарында 575 кино болды.

Бұл мәліметтер, ауыл шаруашылығында жана, социалистік өндірістік қатынастардың орнатылуы арқасында ауыл мен деревняда зор мәдени революция жасалғанын айқын дәлелдейді.

Сөйтіп, ауыл шаруашылығында социалистік өндірістік қатынастардың орнығуы еңбекші шаруалардың тұрмыс және мәдениет дәрежесін арттыруға негіз болды.

Осы табыстардың арқасында колхозшылардың творчестволық белсенділігі мықтап өсті, колхозшы шаруалардың көпшілігі жалпы-колхоздық және жалпымемлекеттік мүдделерді түсіну дәрежесіне жетті.

Колхоз құрылысының жеңуі, колхоздардың ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайтылуы нәтижесінде жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың одағы онан сайын нығайды.

СССР-де социализмнің жеңуі нәтижесінде қазақ халқы капитализмге соқпайынша, тікелей социализмге өтіп, жана социалистік ұлтқа айналды.

Екпінді колхозшылардың II Бүкілодақтық съезінде қабылданған, 1935 жылғы февральда СССР Халық Комиссарлары Советі мен ВКП(б) Орталық Комитеті бекіткен ауылшаруашылық артелінің жана уставын енгізу колхоз құрылысының тарихындағы аса маңызды оқиға болды.

¹ В. И. Ленин, Шығармалар, 29-том, 423-бет.



Алматы облысы, Алматы ауданының «Луч Востока» колхозының
Мәдениет үйі.

Ауылшаруашылық артелінің жаңа уставы — колхоз өмірінің жоғары заңы. Бұл уставта колхоз құрылысының жеңуі, деревняда, ауылда ескі буржуазиялық және жартылай феодалдық қатынастың қыйратылып, мұның орнына жаңа, социалистік өндірістік қатынастың орнығуы айқын бейнеленді.

Ауылшаруашылық артелінің уставында шаруашылықты жүргізудің маңызды социалистік принциптерінің бірі — колхозшылардың өз еңбегінің нәтижесіне материалдық мүдделілігі айқын көрсетілді. Бұл принцип өнімді еңбекке қарай бөлудің экономикалық заңы арқылы жүзеге асырылады. Өнімді еңбекке қарай бөлу адамдарды еңбек өнімділігін арттыруға ұмтылдырады, колхозшылардың тұрмыс және мәдениет дәрежесін арттыруға көмектеседі. Сондықтан мұның өзі колхоз өндірісін өркендетудің күшті құралы болып отырады.

Ауылшаруашылық артелінің уставында жердің колхоздарға мәңгі және тегін пайдалануға берілетіні көрсетілді.

1935 жылы, бірлесіп егін салатын және пішен шабатын серіктік әлі де колхоздың негізгі формасы болып келген Қазақстанның мал шаруашылығы аудандарында ауылшаруашылық артелінің уставына көшу қозғалысы басталды.

1936 жылы ауылшаруашылық артелінің уставына көшу жаппай қозғалысқа ұласып, 1937 жылы негізінде аяқталды. Екінші бесжылдықта Қазақстанның ауыл шаруашылығын жалпы коллек-

тивтендіру аяқталды. Барлық шаруа шаруашылықтарының 97,5 проценті коллективтендірілді, барлық егіс көлемінің 99,9 проценті колхоздарда болды.

Соғысқа дейінгі бесжылдықтар тұсында республиканың ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы түбірінен өзгерді. 1939 жылы Қазақстанның колхоздары мен совхоздарының егін даласында 28 757 трактор, 10 510 комбайн және басқа ауылшаруашылық машиналары жұмыс істеді. 315 машина-трактор станциясы колхоздардағы бүкіл егістің 89,4 процентінің қызметін атқарды. Колхоздарда негізгі егін жұмыстары: жаздық егіске арнап жер жырту 76,7 процент, зябь жырту 71,8 процент, барлық жаздық дақылдарды егу 67,6 процент, дәнді дақылдарды жинау 62,9 процент механикаландырылды.

Бұл кезде Қазақстанда 192 совхоз болды. Оларда 97,9 мың жұмысшы, 4 711 агроном, инженер, техниктер жұмыс істеді. Совхоздардың негізгі өндіріс құрал-жабдықтарының құны 550 миллион сом болды. Совхоздарда 5 316 трактор, 1 830 комбайн, 1 300 автомашина және басқа көптеген күрделі ауылшаруашылық машина-саймандары болды. 1939 жылы совхоздардың егіс көлемі 764,3 мың гектарға жетті, ал 1930 жылы 153,6 мың гектар болған еді.

1939 жылы дәнді дақылдардың жалпы түсімі 1913 жылғыдан 2 есе көбейді.

Совет өкіметі тұсында техникалық дақылдардың егіс көлемі ұлғайды. Мәселен, мақта егісінің көлемі 1913 жылғы 20,8 мың гектардан 1939 жылы 105,9 мың гектарға жетті.

Қазақстанның социалистік мал шаруашылығы да едәуір табыстарға жетті. 1939 жылы республикадағы барлық жылқының 76,5 проценті, сиыр малының 55,8 проценті, қой мен ешкінің 73,9 проценті, шошқаның 40 проценті совхоздар мен колхоздарда болды. Мал фермасы Қазақстандағы колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығының негізгі формасына айналды. 1940 жылғы 1 январьға республиканың колхоздарында 20 161 ферма болды. Әрбір колхозға орта есеппен 3 фермадан келді. Қазақстанда барлық малдың саны 1932 жылы 5790,9 мың болса, 1940 жылғы 1 январьға 11 877 мыңға жетті.

Ауыл шаруашылығында ұдайы өндірістің ұлғайтылуы социалистік қор жинаудың өсуінен айқын көрінді. Республика колхоздарының негізгі өндіріс құрал-жабдықтары 1939 жылдың аяғында 1935 жылғыдан 3 еседен аса өсті, ал ақшалай қаржы 1935 жылғы 34,4 миллион сомнан 1939 жылы 104,4 миллион сомға жетті. Өндіріс құрал-жабдықтары орта есеппен әрбір колхозға, ақшамен есептегенде: 1935 жылы 59,1 мың сомнан, 1939 жылы 184,6 мың сомнан келді. Мұның бәрі колхоздарда социалистік қор жинаудың мықтап өскенін дәлелдейді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің даналық саясаты нәтижесінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы механикаландырылған ірі социалистік шаруашылыққа айналды.

1940 жылы Қазақстанда 6 900 колхоз, 194 совхоз, 331 МТС болды. Республиканың колхоздары мен совхоздарының егін даласында ондаған мың трактор, комбайн және басқа күрделі ауылшаруашылық машиналары жұмыс істеді.

1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы колхоз құрылысының беріктігіне тарихи сын болды. Соғыстың ауыр сынында колхоз құрылысы өзінің қайтпас күшін, өмірге бейімділігін айқын көрсетті. Соғыс жылдарында колхоздардың көбінде дәнді және техникалық дақылдардың шығымдылығы артты, егіс көлемі ұлғайды. Республиканың колхоздарында егіс көлемі соғыстың екі жылы ішінде 1 450 мың гектардан астам ұлғайды. Қант қызылшасы, мақта және басқалары сияқты бағалы техникалық дақылдардың егіс көлемі едәуір артты. 1942 жылы қант қызылшасының егіс көлемі 1940 жылғыдан үш есе дерлік, ал мақтаның егіс көлемі 8,9 мың гектар өсті.

1942 жылы Қазақстанның колхоздары мен совхоздары көктемгі егісті 1941 жылғыдан 25 күн ерте аяқтады. Бұл жылы егіннен мол өнім алынды, мұның арқасында республика мемлекетке астықты 1941 жылғыдан бірнеше миллион пұт көп тапсырды.

ВКП(б) Орталық Комитеті мен Одақтық үкімет Қазақстанға үнемі көңіл бөліп отырды, республиканың ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру шараларын қолданды. Мәселен, 1944 жылғы 1 апрельде ВКП(б) Орталық Комитеті «Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің жұмысы туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыда республиканың бірсыпыра аудандары мен облыстарының артта қалуының себептері көрсетіліп, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің нақтылы шаралары белгіленді. 1944 жылғы 13 мартта СССР Халық Комиссарлары Советі «Қазақ ССР-інде ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру шаралары туралы» қаулы қабылдады.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің мұндай көңіл бөліп, қамқорлық жасауымен жігерленген республиканың ауыл шаруашылығының еңбекшілері егіс жоспарын толық және асыра орындау, егіннің шығымдылығын молайту, еңбек өнімділігін мейлінше арттыру, ішкі резервтерді толық пайдалану жолындағы күресті күшейтті.

Тары мен күріш өсірудің дүниежүзілік рекордтарын жасаған жаңашылдар, ауыл шаруашылығының озаттары — Шығанақ Берсиевтің, Ыбрай Жақаевтың, Ким Ман Самның және егіннен мол өнім алушы басқа да сондай шеберлердің есімдері бүкіл елімізге мәлім болды.

1944 жылы Қазақстан астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын асыра орындап, мемлекетке астықты 1943 жылғыдан бірнеше миллион пұт, қант қызылшасын жүздеген мың центнер, мақтаны ондаған мың центнер көп тапсырды.

Колхоздарда мал басының өсіп, мемлекетке тапсырылған мал шаруашылығы өнімінің көбеюі де колхоз құрылысының күшін айқын көрсетті. Бір ғана 1941 жылдың өзінде республикада сиыр



Күріш жинаудан дүниежүзілік рекорд жасаған Социалистік Еңбек Ері Ыбрай Жакаев.

малы 11,6 процент, кой мез ешкі 26,6 процент, жылқы 5,7 процент, шошқа — 13,7 процент көбейді.

Мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын зор табыспен орындағаны үшін 1942 жылы Қазақстанға Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл туы берілді.

Қазақстанның колхоздары мен совхоздары 1944 жылы малдың барлық түлігінің санын 132,2 мың бас көбейтіп, төлдің шығынын, ірі малдың өлім жітімін 1943 жылғыдан едәуір азайтты.

Соғыс жылдарында Қазақстанның малшылары жалпы малдың санын 3 миллион бас көбейтті.

Республиканың колхоздары мен совхоздары Совет Армиясына ондаған мың ат берді,

неміс-фашистердің басқыншылығынан зиян шеккен аудандарға көмекке 500 мыңнан астам мал берді. Республиканың ауылшаруашылық артельдері соғыстың үш жылы ішінде мемлекетке етті соғыс алдындағы үш жылғыдан 1 776 мың центнер көп тапсырды.

Партия мен Совет үкіметі Қазақ ССР ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің ерлік еңбегіне зор баға берді.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша 1945 жылы, республиканың 25 жылдығымен байланысты жүздеген колхозшылар, колхозшы әйелдер, совхоз және МТС қызметкерлері Совет Одағының ордендерімен, медалдарымен наградталды. Отан соғысы жылдарында ауыл шаруашылығының мыңдаған озаттарына республикалық наградтар берілді.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін шұғыл міндет ауыл шаруашылығын неғұрлым тез қалпына келтіріп, оның барлық салаларын онан әрі өркендету жолында шапшаң қарқынмен алға басу міндеті қойылды.

1946 жылғы 18 мартта екінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясы СССР халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендетудің 1946—1950 жылдарға арналған бесжылдық жоспары туралы заңды қабылдады. Соғыста зиянданған аудандарды қалпына келтіріп, еліміздің халық шаруашылығын онан әрі өркендету бұл бесжылдық жоспарда алға қойылған негізгі міндет болды.

СССР халық шаруашылығын қалпына келтіріп, онан әрі өркен-

детудің бесжылдық жоспары туралы заңға сәйкес, 1946 жылғы 24 июньде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ІХ сессиясы Қазақстанның халық шаруашылығын өркендетудің төртінші бесжылдық жоспары туралы заңды қабылдады. Бұл заң мал шаруашылығының зор базасы, еліміздің ең астықты өлкелерінің бірі болып отырған Қазақстанның ролін онан сайын арттыру міндетін алға қойды.

Соғыстан кейінгі бірінші бесжылдықта Коммунистік партия мен Совет үкіметі ауыл шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендетуді көздеген бірсыпыра маңызды шараларды жүзеге асырды.

СССР Министрлер Советі мен ВКП(б) Орталық Комитетінің 1946 жылғы 19 сентябрьдегі «Колхоздарда ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзуды жою шаралары туралы» қаулысы колхоз өндірісін нығайтуға қосқан зор үлес болды.

Бұл қаулыны жүзеге асырудың нәтижесінде колхоздарда қоғамдық меншік едәуір нығайды. Колхоздарға басшылық етудің уставта белгіленген демократиялық тәртібі қалпына келтірілді.

Ауыл шаруашылығында төртінші бесжылдық жоспардың тапсырмаларын орындау күресінде ВКП(б) Орталық Комитетінің февраль Пленумының «Соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өрге бастыру шаралары туралы» қаулысы маңызды орын алды. Бұл қаулы ауылшаруашылық өндірісінің мәселелерін түгел қамтыды. Ең алдымен астық өндірісін едәуір арттыру міндеті алға қойылды. Бұл міндет, көбінесе, дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру есебінен жүзеге асырылуға тиісті болды. Барлық техникалық дақылдар өндірісін мықтап арттыру көзделді.

Колхоздар мен совхоздардың еңбекшілерін ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өрге бастыру күресіне жұмылдыру мақсатымен Қазақстанның партия ұйымы деревня мен ауылда партиялық-саяси жұмысты кеңінен жүргізді. Қазақстанның партия ұйымы, ең алдымен коммунистерді өндірістің шешуші участоктеріне дұрыс орналастыру, партия ұйымдарының колхоз өндірісіне басшылығын жақсарту, олардың творчестволық инициативасын мейлінше күшейту жолымен колхоздардың бастауыш партия ұйымдарын нығайтты. Партия ұйымдары ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің социалистік жарысына басшылық етті. 1948 жылы аудандық және бастауыш партия ұйымдарының басшылығымен Қазақстанның деревнялары мен ауылдарында мыңдаған үгітші жұмыс істеді. Бір ғана Солтүстік Қазақстан облысының өзінде 1945 жылғы 3 500 үгітші орнына, 1948 жылы 7 618 үгітші болды.

Ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру күресінде облыстың колхоздарында коммунистердің саны көбейді. Солтүстік Қазақстан облысының колхоздарында 1948 жылғы январьда коммунистердің саны 1945 жылғыдан 2 еседен аса өсті, көбінесе, колхоз өндірісінің озаттары есебінен өсті.

Партия ұйымдары мен коммунистердің санының өсуі колхоз

өндірісіне басшылықты жақсартуға, демек колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайтуға көмектесті.

Бастауыш партия ұйымының колхоз өндірісін нығайтудағы ролін жеке колхоздардың нақтылы мысалдары бойынша көрсетуге болады. Мәселен, Талдықорған облысы, Андреев ауданының Ворошилов атындағы колхозында барлық коммунистер колхоз өндірісінің шешуші учасоктерінде жұмыс істеді. Бригадаларда өндіріс кенестері мезгілінде өткізіліп тұрды. Бұл кенестерде жұмысты жақсарту мәселелері, еңбек өнімілігін арттыру жолдары және басқа сондай мәселелер талқыланды.

1950 жылы бұл колхозда егіс көлемі 1946 жылғыдан 749 гектар ұлғайды, дәнді дақылдардың орташа шығымдылығы 1946 жылғыдан үшжарым есе артты. Мал шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары малдың барлық түлігінен толық орындалды.

Колхоздың табысы 1948 жылы 258 мың сом болса, 1950 жылы 957 мың сомға жетті.

Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы онан сайын өсіп нығайды. Қазақстанда 1940 жылы 331 МТС болса, 1950 жылы 385 МТС болды. Төртінші бесжылдықта республика жанадан 7 мың трактор, 2,3 мың комбайн алды. 1950 жылы Қазақстанның колхоздары мен совхоздарының егін даласында 50,8 мың трактор, 16,6 мың астық комбайны жұмыс істеді.

Тракторлардың, комбайндардың көбеюімен қатар төртінші бесжылдықта басқа да күрделі ауылшаруашылық машиналары мен двигательдердің саны артты.

Бұл бесжылдықта дәнді дақылдардың егіс көлемі соғысқа дейінгі 1940 жылғыдан 23 процент өсті, 1950 жылы астықтың жалпы түсімі 1940 жылғыдан әлдеқайда көбейді. 1950 жылы дәнді дақылдардың түсімі 1945 жылғыдан екі есе артты. Техникалық дақылдардың егіс көлемі бесжылдықта 40 процент ұлғайды.

1940 жылғымен салыстырғанда 1951 жылғы 1 январьға Қазақстанның барлық шаруашылықтарында: сиыр малы 1104 мың, оның ішінде сауын сиырлар 185 мың, қой мен ешкі 9981 мың бас көбейді.

Төртінші бесжылдықта Қазақстанның колхоздары ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайды. Мұның өзі ең алдымен бөлінбейтін қорлардың өсуінен көрінді. 1950 жылы республиканың колхоздарында бөлінбейтін қорлар 1940 жылғыдан 3 еседен аса көбейді. Орта есеппен әрбір колхоздың ақшалай табысы бесжылдықта 1,5 есе дерлік, ал кейбір облыстарда 2 — 2,5 есе өсті.

1950 жылы басқа одақтас республикаларындағыдай, Қазақстанда да ұсақ колхоздар ірілендірілді. Ұсақ ауыл шаруашылық артельдерін өздерінің еркімен ірілендіру нәтижесінде мол табысты ірі колхоздар құрылды. 1940 жылы республикада 6900 колхоз болса, 1950 жылдың аяғында 3700 колхоз болды.

Ұсақ колхоздарды ірілендіру нәтижесінде колхоз партия ұй-

ымдарының ұйымдастыру және саяси жұмысы көріне жақсарды. Ірілендіруге дейін көптеген ұсақ колхоздарда партия ұйымдары болмады, ал ірілендірілгеннен кейін барлық колхоздарда бастауыш партия ұйымдары құрылды. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында колхоздарды ірілендіруге дейін әрбір колхоз партия ұйымында орта есеппен 8 коммунист болса, ірілендіргеннен кейін 13 коммунист болды. Ірілендірілген колхоздардың партия ұйымдары өндірістің барлық негізгі салаларында партиялық топтар құрды. Мұның өзі тікелей өндірісте жұмыс істейтін коммунистерге, партиялық-саяси жұмысқа белсеніп қатысу жолымен ғана емес, жұмыстағы үлгісімен де, өздерінің авангардтық ролін онан сайын күшейтуге, сөйтіп колхозшылар қалың бұқарасын қажырлы еңбекке жұмылдыруға мүмкіндік туғызды.

Сөйтіп, коммунистік партияның, Совет үкіметінің бастауымен және басшылығымен колхоздарды ірілендірудің колхоздарды онан әрі өркендетуде зор маңызы болды.

СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары, бүкіл совет елі сияқты, Қазақстан алдында да жаңа тамаша өріс ашты. Бесінші бесжылдықта Қазақстанның социалистік ауыл шаруашылығы онан әрі нығайды. Колхоздар, МТС-тер, совхоздар астық, овощ картоп, кант қызылшасы және мақта өндіруді жылдан-жылға арттыра берді.

Егіс көлемінің өсуі ауыл шаруашылығының онан әрі өркендегенін көрсетеді. Қазақстанда барлық дақылдардың егіс көлемі 1940 жылы 6 831 мың гектар болса, 1953 жылы 9 746 мың гектарға жетті.

Мұнымен берге ауыл шаруашылығының өркендеуінде әлі де ірі-ірі кемшіліктер болды. Еліміздің ауыл шаруашылығының қол жеткен дәрежесі өскен талаптарға сай келмеді. Ауыл шаруашылығы көріне артта қалды. Мұның өзі бүкіл халық шаруашылығын онан әрі өркендетуге едәуір бөгет жасады. Ауыл шаруашылығының артта қалуына: ауылшаруашылық өндірісін жоспарлаудағы қателер, колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталылығы принципін бұзғандық, ауылшаруашылық артелінде адамның өз басының мүдделері мен қоғамдық мүдделерді ұштастыру принципін бұзғандық және т. б. себеп болды.

СССР ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету үшін КПСС Орталық Комитетінің 1953 жылғы сентябрь Пленумы шешімдерінің аса зор маңызы болды. Пленум ауыл шаруашылығын механикаландыруды және электрлендіруді күшейту, минералды тыңайтқыштар өндіруді ұлғайту, колхоздарға агрономиялық және зоотехникалық көмекті жақсарту шараларын, МТС-тердің жұмысын негізінен жақсарту, МТС-терде тұрақты тракторшылар, машинистер және басқа маман жұмысшылар кадрларын топтастыру шараларын белгіледі.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысы және партия мен үкіметтің онан кейінгі қаулылары басты

міндетті — ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын мейлінше арттыру, мал басын көбейту, мұнымен бірге оның өнімділігін арттыру, егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін молайту міндетін — жүзеге асыруды көздеді.

1954 жылғы февральдың аяғында — марттың басында өткізілген КПСС Орталық Комитетінің Пленумы өзінің «Елде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысында, елімізде халық тұтынатын товарлар өндірісін шұғыл өрге бастыруды көздейтін бүкілхалықтық міндетті орындау ісінде астық шаруашылығын онан әрі өркендетудің ерекше маңызы бар екенін атап көрсетті.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жолымен дәнді дақылдардың егіс көлемін ұлғайту ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастырып, елімізде астық өндірісін онан әрі арттыруда ерекше роль атқарды.

Жаңа жерлерді игеруде Қазақстанға жетекшілік міндет жүктелді. 1954 және 1955 жылдарда республикада 18 миллион гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды. Бір ғана 1954 жылдың өзінде Қазақстанда 1 699 колхоз, 283 МТС, 216 совхоз және 3 мыңдай трактор бригадалары ұлан-байтақ тың жерлерді игерді.

КПСС XX съезінің Директиваларында еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өрге бастыруды көздейтін зор міндеттер алға қойылды. КПСС XX съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, Қазақстанның еңбекшілері ауыл шаруашылығын өркендетуде зор табыстарға жетті. Мысалы, 1956 жылы республикада дәнді дақылдардың егіс көлемі 23,5 миллион гектарға жетті. Тың және тыңайған жерлерді игерудегі мұндай зор жұмыс көлемі, мұндай күшті қарқын егіншіліктің дүниежүзілік тарихында болған емес. Мұның өзі шаруашылықтың социалистік жүйесінің ұсақ шаруа шаруашылықтарынан ғана емес, сонымен бірге ірі капиталистік шаруашылықтардан да үздік артықшылығын тағы да айқын дәлелдейді.

Әсіресе Қостанай, Ақмола, Көкшетау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарында ұланбайтақ көп жерлер игерілді. Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игерген негізгі аудандарда дәнді дақылдардың егіс көлемі 16 миллион гектардан асты.

Тың және тыңайған жерлерді игеруде совхоздар жетекшілік міндет атқарды. Қазақстанның жоғарыда көрсетілген бес солтүстік облысының колхоздарында егіс көлемі орта есеппен 2,5 есе өссе, совхоздарда 11,6 есе өсті. Тың және тыңайған жерлерді игерген аудандарда 337 жаңа совхоз құрылды. 1957 жылы тағы да 193 совхоз, оның ішінде 54 астық совхозы, 98 мал совхозы, т. б. басқа саладағы совхоздар құрылды.

Совхоздардың жаңа жерлерді игерудегі ролін, мәселен, мынадай мысалдармен көрсетуге болады: Ақмола облысының Есіл ауданында барлығы 550 мың гектар дәнді дақылдар егісінен 460 мың гектар егісті (84 процентке жуық) совхоздар екті. Көк-

шетау облысының Ленинград ауданы тұтасынан совхоздық аудан болып отыр.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің нәтижесінде республикада совхоздардың егіс көлемі 1956 жылы 11,3 миллион гектарға, оның ішінде дәнді дақылдардың егіс көлемі 10 миллион гектарға жетті. 1957 жылы совхоздарда дәнді дақылдардың егіс көлемі 15 миллион гектардан асты.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің нәтижесінде Қазақстан, астық өндіру жағынан, елімізде екінші орынға шықты. Қазақстанның колхоздары мен совхоздары 1956 жылы мемлекетке 1 миллиард пұт астық тапсырды және сатты. Өткен таяу уақыттың өзінде Қазақстан мемлекетке тапсырылған жалпы астықта небәрі 2 процент орын алатын, ал 1956 жылы Қазақстанның қосқан үлесі 30 проценттен асты. 1956 жылы республикамыз алтыншы бесжылдықтың аяғына белгіленген астық өндіру тапсырмасын асырып орындады. Қазақстан Совет Одағының Россия Федерациясынан кейінгі екінші астықты өлкесі болып отыр.

Совхоздар астық түсімін көбейтуде шешуші орын алып келеді. Республиканың совхоздары бір миллиард пұт астықтан мемлекетке 520 миллион пұт астық тапсырды, ал тың жерлерді игеруге дейін 25,3 миллион пұт тапсырған еді.

Совхоздардың егін даласында өсірілген астық — еліміздегі ең арзан астық. Көп колхоздарда бір центнер астықтың өзіндік құны жоспардағыдан едәуір арзан — 12—18 сом болды. Оның үстіне Қазақстанның совхоздары 1956 жылы астық шаруашылығынан бір миллиард сомдай пайда алып, өздерінің құрылысына жұмсалған мемлекеттік қаржының едәуірін өтеді.

Қазақстанның колхоздарында да астықтың түсімі сан есе арты. Олар белгіленген мемлекеттік жоспардан тыс 230 миллион пұттан астам астық тапсырды. Республикадағы колхоздардың басым көпшілігі 1956 жылы миллионер болды. Тың және тыңайған жерлерді игеру, астық өндірісін мықтап арттыру Қазақстанның ауыл шаруашылығының барлық басқа салаларын, әсіресе мал шаруашылығын өркендетуге қолайлы жағдай туғызды. 1956 жылғы 1 октябрьге әрбір сиырдан алынған сүт колхоздарда 138 килограмм, совхоздарда 219 килограмм көбейді. Сол жылғы 1 октябрьге мемлекетке сүт 1955 жылғыдан 108 мың тонна көп, жүн 18,1 мың центнер көп тапсырылды. Қазақстанның колхоздары мен совхоздары елімізге көптеген қаракөл елтірілерін беріп, жоспарды мерзімінен бұрын орындады.

Республиканың ауыл шаруашылығының, әсіресе астық шаруашылығының мықтап өрлеуі, ең алдымен — совхоздарды, МТС-терді, колхоздарды осы заманғы техникамен мол жабдықтаған социалистік индустрияның қуатының барған сайын өсуінің нәтижесі. Соңғы үш жылдың ішінде социалистік өнеркәсіп Қазақстанның ауыл шаруашылығына 160 мыңнан астам трактор, 60 мың комбайн, 70 мың автомобиль берді.

1956 жылы республиканың колхоздары мен совхоздарының

егін даласында 200 мыңдай трактор (15 аттың күшімен есептегенде), 70 мыңнан астам комбайн жұмыс істеді.


Тың және тыңайған жерлерді игеру күресінде республиканың партия ұйымы үлкен ұйымдастыру жұмысын жүргізді. Партия ұйымы өзіміздегі аса мол материалдық ресурстарды дұрыс пайдалануға, ауыл шаруашылығының еңбекшілерін егін жинауды және астық дайындауды неғұрлым тез өткізуге жұмылдыруға баса көңіл бөлді. Мәселен, Ақмола облысының Калинин аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарына сүйеніп, әрбір колхоздың, МТС-тің, совхоздың өміріне күнбе-күн зер салып отырды. Бұл ауданда егін бригадаларының көбінде, бірсыпыра комбайн агрегаттарында егін жинау кезінде партия және партия — комсомол топтары құрылды. Шешуші учасоктерде — комбайндар мен тракторларда, автомобиль отрядтарында — 400-ден астам коммунист, екі мыңнан астам комсомолец жұмыс істеді. Олар жарыстың ұйымдастырушылары болды, өздерінің өнегесімен еңбекшілерді жан-қиярлық жұмысқа жұмылдырды.

Партия және комсомол ұйымдарының күнбе-күн жүргізген партиялық-саяси жұмысы бұл аудандағы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің жұмыс нәтижелеріне игілікті әсерін тигізді. Калинин ауданы 1956 жылы егін жинауды, мемлекетке астық тапсыруды облыста бірінші болып аяқтады. Бұл аудан 23 сентябрьге міндеттемелерден тыс 100 мың пұттан астам астық тапсырды.

Қостанай облысы, Таран ауданының партия ұйымы да ауыл шаруашылық жұмыстарын орындауда еңбекші бұқараға шебер басшылық етудің үлгісін көрсетті. Бұл ауданның партия ұйымы халық арасында ұйымдастыру-бұқаралық жұмысты кеңінен жүргізді механизаторлардың озат еңбек әдістерін үйренуіне күн ілгері қамқорлық жасады. Аудан егін жинауды Қазақстан аудандарының алдыңғы қатарында аяқтап, мемлекетке 24 миллион пұттай астық тапсырды.

Республиканың басқа аудандарынан да мұндай мысалдарды көп келтіруге болады. Бұл мысалдар, ең алдымен, партия ұйымдарының, Советтердің бұқарамен байланысы күшейгенін, олардың жұмыс дәрежесі артқанын дәлелдейді.

Тың және тыңайған жерлерді игеруді көздеген тарихи міндетті жүзеге асыруға бүкіл еліміз, Совет Одағының барлық халықтары қатынасуда. Коммунистік партияның шақыруы бойынша Қазақстанға, жаңа жерлерді игеруге Совет Одағының тұс-тұсының бәрінен — Россия федерациясынан, Украинадан, Белоруссиядан және басқа туысқан республикалардан 600 мыңнан астам патриоттар: механизаторлар, құрылысшылар, ауыл шаруашылығының мамандары және басқа қызметкерлер келді. Болгарияның, Венгрияның, Румынияның және Чехословакияның жастары да өздерінің туысқандық ынтымағын білдіріп, республикамыздың колхоздары мен совхоздарына 1956 жылғы егінді жинауға көмектесті.



Қостанай облысының тың жеріндегі алғашқы тартылған борозда.

Қазақстанның механизаторлары, колхозшылары, совхоз жұмысшылары мен басқа республикалардан келген патриоттардың күш біріктірген еңбегінде советтік қоғамның моральдық-саяси әзірлігі, халық, партия және мемлекет мүдделерінің бірлігі, халықтар достығының қайтпас күші айқын көрінді.

Қазақстанның егін даласында ауыл шаруашылығы озаттарының социалистік жарысы кең өрістетілді. Жарыстың барысында колхоз және совхоз егін даласының көптеген еңбекшілері зор табыстарға жетті. Мысалы, Ақмола облысындағы Социалистік Еңбек Ері Г. Зубков «С-6» қос комбайнмен 2,7 мың гектардан астам егін жинап, 150 мың пұттан астам астық бастырды. Сол облыстың атақты комбайншылары — Е. Сазонов, В. Красноухов, К. А. Алпысбаев, жас механизаторлар Н. Сереженко, В. Дорошенко, В. Фоменко және басқалары күн сайын 3—4 нормадан және онан да көп орындап отырды.

Ауыл шаруашылығының озаттары бітік егін өсіруде. Қостанай облысының Жаркөл МТС-індегі, бүкіл республикаға мәлім Социалистік Еңбек Ері И. Рудскойдың трактор бригадасы өзі жыртып баптаған тың жердегі 3 200 гектар бидай егісінің әрбір гектарынан 1956 жылы 142 пұттан өнім алды. Трактор бригадаларының бригадирлері, Социалистік Еңбек Ерлері — Ақтөбе облысының Жұрын МТС-інен А. Лагутин, Солтүстік Қазақстан облысының Московорец совхозынан Б. Чижевский тың және тыңайған жерлерді игеріп, дәнді дақылдардан мол өнім алуда тамаша табыстарға жетті.

Колхоздардың әрбір жүз гектар жерден 100 центнер ет, 400 центнер сүт алу жолындағы социалистік жарысы — бұқараның творчестволық инициативасының ең айқын белгілерінің бірі.

Мұның бәрі республиканың ауыл шаруашылығында адамдардың творчестволық инициативасының күшейіп, социалистік еңбек озаттарының қатары көбейгенін дәлелдейді.

ҚПСС XX съезінің тарихи шешімдерін орындау, ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыру күресінде колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың көптеген кадрлары шынығып өсті. СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша, 40 мыңнан астам адам — тың және тыңайған жерлерді игеруде, 1956 жылғы егінді жинауда үздік шыққан колхозшылар, тракторшылар, комбайншылар, ауыл шаруашылығының мамандары және Қазақстанның басқа қызметкерлері Совет Одағының ордендерімен, медальдарымен наградталды. Республиканың ауыл шаруашылығының 139 қызметкеріне Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ берілді.

Тың және тыңайған жерлерді игерудегі үздік табыстары үшін, астық өндірісін арттырып, 1956 жылы мемлекетке астық тапсыру міндеттемесін зор табыспен орындағаны үшін Қазақ ССР-і Ленин орденімен наградталды.

Республикамызға берілген жоғары наград еңбекшілерді Отанымыздың даңқын асыратын жаңа ерлік істерге жұмылдыруда ҚПСС XX съезінің тарихи шешімдерімен жігерленген Қазақстанның еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен ауыл шаруашылығын өркендету жолында жаңа табыстарға жетуде. Алтыншы бесжылдықтың тапсырмаларын орындау: 1960 жылы астық өнімін 1955 жылғыдан бес еседей, қант қызылшасының өнімін 2,2 есе, шитті мақта өнімін 2,3 есе арттыру — Қазақстан еңбекшілерінің аса маңызды міндеті.


Қазақстан еліміздің шығысындағы зор мал шаруашылығы базасы болуға тиіс. Алтыншы бесжылдықта Қазақстанда мал шаруашылығының өнімі: ет 1,5 есе, сүт 2,2 есе, жүн 2,6 есе көбейтіледі. Жайылымдарды тиімді пайдалануды көздейтін күрделі шаралар белсіленді. 43 миллион гектардай жайылымды суландыру керек болады. Әсіресе қой шаруашылығына айрықша көңіл бөлінеді: қой шаруашылығында биязы және биязылау жүнді қойлар кәзіргіден әлдеқайда басым болу керек. 1957—1962 жылдарда республиканың кең даласында 200-ден астам қой совхозын құру көзделді. Бұл шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде Қазақстанда қойдың саны 1960 жылы 33 миллионға, ал 1965 жылы 50 миллионға жеткізіледі. Сиыр малы да едәуір көбейтіліп оның өнімділігі арттырылады.

Республиканың ауылшаруашылығы еңбекшілері бұл үндеумен байланысты Қазақстан бойынша 1960 жылы еттен (тірілей салмағы бойынша) 1652 мың тонна немесе 1956 жылға қарағанда 2,5 есе көп, сүттен 3885 мың тонна немесе 1956 жылға қарағанда 2 есе көп, жүннен 103 мың тонна немесе 1956 жылғыға қарағанда 2,7 есе артық өндіру міндетін алды.

Еліміздегі барлық халықтардың шексіз сеніміне, қолдауына, құрметіне, сүйіспеншілігіне сүйенетін Совет Одағының Коммунистік партиясы — ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыру күресіндегі басшы және бағыттаушы күшіміз. Мүдделеріміздің, міндеттеріміздің, мақсаттарымыздың бір-



Қостанай облысы, Жаркөл МТС-нің трактор бригадасының бригадирі Социалистік Еңбек Ері И. И. Рудской.



Қостанай облысы, Қарасу МТС-нің комбайнері Социалистік Еңбек Ері Аманкелді Исаков.

лігі Коммунистік партия мен совет халқын коммунизм орнатушылардың біртұтас алып коллективіне біріктіріп отыр.

Тарихты халық жасайды, барлық материалдық игіліктерді халық өндіреді — партиямыз әрдайым міне осы қағиданы негізге алып келді және негізге алуда. Партия өзінің әрдайым және барлық іске халыққа сүйенетіндігімен күшті.

1957 жылы совет халқы, елімізде қанаушылардың құрылысын біржолата жойып, дүние жүзіндегі алғашқы социалистік мемлекетті орнатқан Ұлы Октябрь социалистік революциясының қырық жылдығын мерекелейді.

Социалистік ауыл шаруашылығы — Ұлы Октябьдің бел баласы. Қазақ ССР социалистік ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің 1956 жылғы, даңқты табыстары социалистік ауыл шаруашылығын құру, нығайту және онан әрі өркендегу жолындағы көпжылғы күрестің қорытындыларын бейнелейді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің жеңісі—бүкіл совет халқының ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру, халық бұқарасының әл-ауқатын арттыру жолында Коммунистік партияның басшылығымен жүргізіп отырған ұлы жұмысының бір саласы.

Бүкіл совет халқы сияқты, Қазақстанның ауыл шаруашылығы еңбекшілері КПСС Орталық Комитеті июнь Пленумының «Г. М. Маленковтың, Л. М. Кагановичтің, В. М. Молотовтың

партияға қарсы тобы туралы» қаулысын қызу қостап қарсы алды.

Партия Орталық Комитеттің басшылығымен, бүкіл халықтың қолдауына сүйене отырып, халық шаруашылығын онан әрі өркендетуге және совет халқының тұрмыс дәрежесін үздіксіз арттыра беруге бағытталған КПСС XX съезінің тарихи шешімдерін орындау жолында аса зор жұмыс жүргізіп жатқан кезде, — тап осы кезде Маленковтың, Кагановичтің және Молотовтың партияға қарсы тобы партияның жолына қарсы шықты. Бұл топ партия мен совет халқының КПСС XX съезінен бергі уақыттағы аса зор табыстарын танымай, Орталық Комитеттің ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру жолындағы шараларына қарсылық көрсетті.

Партия белгілеп жүзеге асырған, колхозшылардың ауылшаруашылық өндірісін өркендетуге материалдық мүдделілігін арттыру, ауыл шаруашылығын жоспарлау тәртібін өзгерту, тың және тыңайған жерлерді игеру шараларының нәтижесінде қысқа мерзімде ауыл шаруашылығының өркендеуінде зор өзгеріс жасалды, астық және мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісі әлдеқайда ұлғайды. Алайда, Маленковтың, Кагановичтің, Молотовтың және оларға қосылған Шепиловтың партияға қарсы тобы бұл табыстарды мойындамады. Партияға қарсы топқа қатысушылар колхозшылар үйлерінің ауылшаруашылық өнімдерін міндетті түрде тапсыруын жою туралы ұсынысқа қарсы болып, бұл шараның жүзеге асырылуын аяқсыз қалдыруға барынша тырысты.

Совет Одағының барлық еңбекшілері сияқты, Қазақстанның еңбекшілері де бұл партияға қарсы топқа қатысушыларға — халықтан, оның қажеттері мен тілектерінен қол үзген, халықтың творчестволық күштеріне сенбейтін жікшілдерге қатты тойтарыс берді.

Ауыл шаруашылығын өркендетудегі табыстар партияға, жан басына ет, сүт және май өндіру жағынан таяудағы жылдарда Америка Құрама Штаттарын қуып жету ұранын көтеруге мүмкіндік берді.

Коммунистік партияның ұлы ісіне шын берілген республиканың ауыл шаруашылығы еңбекшілері Ұлы Октябрьдің 40 жылдығын ауыл шаруашылығының барлық салаларын өркендетуде жаңа табыстармен қарсы алып, жан басына ет, сүт және май өндіру жағынан таяудағы жылдарда Америка Құрама Штаттарын қуып жетуді көздейтін бүкілхалықтық жарысқа лайықты үлес қосу үшін, бұл жолға өздерінің барлық күшін аянбай жұмсайды.



МТС ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКА- МЫЗДЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ



Жеке жұмыстарды механикаландырудан бүкіл ауыл-шаруашылық өндірісін комплексті механикаландыруға қысқа мерзімде көшу үшін ауыл шаруашылығында механикаландыру ісін онан әрі жүргізу қажет екенін КПСС XX съезі көрсетті.

Шаруашылықты онан әрі өркендету, колхоз экономикасын өрге бастыру ісінде республиканың МТС-теріне үлкен міндеттер жүктеледі. Колхоз құрылысының индустриалды материалдық-техникалық базасы болып отырған машина трактор станциялары колхоз өндірісін өркендетудің шешуші күші, социалистік мемлекет тарапынан колхозға басшылық етудің аса маңызды таяныш тірегі болып табылады.

Кәзіргі кезде машина трактор станциясы колхоз өндірісіне белсене қатысып отырады. МТС қатыспайтын колхоздың шаруашылық саласы жоқ деуге болар. МТС-тер негізгі егіс жұмыстарының бәрін — топырақты баптау, тұқым себу, жинау жұмыстарын жүргізеді, колхоздың егіс даласында мол өнім алынуын қамтамасыз етеді. Машина трактор станциялары мал шаруашылығы фермаларында жемшөп дайындауда еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісінде колхоздарға көмектеседі, суарудың жаңа жүйесін енгізеді, агрономиялық зоотехникалық-мал дәрігерлік және техникалық істерді орындауда колхоздарға көмек береді. Маман кадрлар даярлауда және колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуда МТС-тер бұрынғысындай жетекші орын алады. МТС-тердің белсене қатысуы нәтижесінде колхоздың егіншілігі мен мал шаруашылығы ірі коллективтік шаруашылықтың жоғары механикаландырылған салаларына айналуда.

Ауыл шаруашылығының барлық саласын онан әрі өрге бастыру ең алдымен машина-трактор станцияларының ойдағыдай жұмыс істеуіне байланысты. Кәзіргі уақытта МТС-тердің колхоздың егіс даласындағы нәтижелі ұйымдастыру және жұмыс істеу тәжірибесі СССР-дің шеңберінен сыртқа шығып, халықаралық маңызы бар іске айналды. Деревнядағы социалистік құрылыстың фор-

масы болып отырған машина трактор станциялары кәзір Қытай халық Республикасында және халықтық демократия елдерінде кең өріс алып келеді.

Осыдан ширек ғасыр бұрын, тұңғыш машина трактор станциясын ұйымдастырған кезде БК(б)П Орталық Комитеті МТС-тің ролін және колхоз құрылысында алатын орнын белгілеп берді.

—«МТС-тер арқылы делінген БК(б)П Орталық Комитетінің 1930 жылғы 29 декабрьдегі қаулысында,— совет мемлекетінің жоғары техника базасында ірі коллективтік ауыл шаруашылығын ұйымдастырудың формасы кең тәжірибе жасалып анықталды және сыналды, бұл ұйымдастыру формасы колхоз бұқарасының өзінің коллективтік шаруашылығының құрылысында дербес әрекет жасауын пролетар мемлекетінің ұйымдық және техникалық көмегімен, басшылық жасап отыруымен неғұрлым толық ұштастырады».

Қазақстанда алғашқы машина-трактор станциялары бірінші бесжылдықтың бас кезінде кең ұйымдастырыла басталды. 1929 жылдың январында республикамыздың негізгі округтерінде: Петропавл, Қостанай, Павлодар, Сырдария, Ақтөбе округтерінде 138 тракторы бар, тұңғыш трактор прокат пункттері ұйымдастырылды. Кейіннен осылардың негізінде бес машина трактор станциялары ұйымдастырылды. Олар Қостанай облысындағы Жаркөл, Мағынай, Солтүстік Қазақстан облысындағы Интернациональный, Полудин, Көкшетау облысындағы Тайынша МТС-тері.

1929 жылы 5 июньде «машина-трактор станциясын ұйымдастыру туралы» заң қабылданды, ол заңда жеке шаруалар шаруашылығын ірі коллективтік шаруашылыққа көшірудің негізгі жолының бірі ретінде МТС-тер құруға кірісуге мерзім жетті деп саналсын делінген. БК(б)П Орталық Комитетінің сол жылғы ноябрь Пленумы «...Машина-трактор станциялары тұтас аудандарды жаппай коллективтендірудің орталығы болуға тиіс» деп көрсетті.

Машина-трактор станциялары өз өмірінің алғашқы жылында деревняның аса маңызды шаруашылық және саяси орталығына айналды. Совет мемлекеті машина трактор станцияларына сүйене отырып, ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық негізін қайта құруды, шаруалар шаруашылығын жаппай коллективтендіру және осының негізінде біздің еліміздегі ең ақырғы және ең көп қанаушы тап кулактарды жою іске асырылды. Сондықтан да кең байтақ Отанымыздың барлық жерінде колхоз құрылысының жолына түскен совет шаруаларының қалың бұқарасы машина трактор станцияларының құрылуын қызу қарсы алды.

1930 жылдан бастап жана МТС-тер жедел құрыла бастады, оларға әралуан машиналар әкелініп жатты. Осы дәуірде — ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру дәуірінде — Қазақстанның оңтүстігінде Түркстан мен Манкент МТС-і, солтүс-

тікте — Чистян мен Коновалов, батыста — Бөрлі және Жайсаң, шығыста — Белағаш пен Павлодар, республиканың және басқа көп жерінде МТС-тер құрылды.

Машина трактор станциялары онан сайын көбейе түсті. Республиканың әрбір облысында дерлік жыл сайын жаңа МТС-тер ұйымдастырылды, ауылшаруашылық машиналары мен құралдары жеткізіліп жатты, мемлекет колхоз құрылысына және оны нығайту ісінде шаруаларға үлкен көмек көрсетті (1-таблица).

1-таблица

	1930	1931	1932
	(Осы жылдардың июнь айларына қарсы)		
МТС-тер саны	5	43	74
Тракторлар саны	198	1573	2186
Мың аттың күшіне шаққанда тракторлардың күші	2,7	25,9	34,5
МТС қамтыйтын колхоздар проценті	1,4	11,3	20,4
МТС қамтуындағы колхоздардың егіс көлемінің проценті	7,6	22,9	34,1

Республиканың МТС-терінде бірінші бесжылдықтың аяғында 2 мыңнан артық трактор болды, алғашқы жүздеген комбайндар, жүк автомашиналары және мыңдаған тіркеу машиналары мен құралдары әкелінді. Осы станциялар республикадағы барлық колхоздың бес бөлігінен астамын қамтыды, бүкіл егіс көлемінің үштен бірінен артығын баптап-күтті. 1932 жылы МТС-тер жұмсақ жер жырту жұмысына шаққанда бір миллион гектардай жердің трактормен атқарылатын барлық жұмысын орындады.

Машина-трактор станциялары ұйымдастырылуымен қатар, қазақтар қоныстанған мал шаруашылық аудандарында машина пішен станциялары құрылды. Бесжылдықтың аяғында республикада 171 ММС болды, олардың төрттен үші қазақ ауылдарында жұмыс істеді. Бұл кезде пішен станциялары жемшөп дайындау жөнінде, Қазақстанның колхоздарында қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөнінде көп жұмыстар жүргізді.

Колхоздар, МТС-тер мен ММС-тер ұйымдастыру егіс көлемін арттыруға жағдай туғызды. Бірінші бесжылдықтың аяқ шенінде колхоздардың егіс көлемі 4 699,2 мың гектар болды, мұның өзі республикада 1928 жылы болған бүкіл егіс көлемінен 450 мың гектар асып түсті. Бүкіл егіс көлемінің тең жартысын колхоздарға біріккен қазақ шаруалары екті.

Бұл дәуірдің ішінде астық және техникалық дақылдар өсіретін аудандарда коллективтендіру негізінен аяқталды. 200 мың үйдей көшпелі қазақтар отырықшы тұрмысқа көшіп, қуатты техниканы пайдалануға негізделген егіншілікпен және мал шаруашылығымен шұғылданды.

Жаппай коллективтендіру аяқталып, колхоз құрылысындағы басты мәселе колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан ны-

ғайту міндеті алға қойылған кезде машина трактор станциясы колхоз тұрмысының социалистік негізін өркендету және нығайту жөніндегі өзінің міндетін аброймен орындады. Бұл кезеңде МТС-тер жанында ұйымдастырылған саяси бөлімдердің үлкен маңызы болды. Саяси бөлімдер колхоз басқармаларының жұмысындағы кемшіліктерді жою жөнінде көп жұмыстар істеді, колхоздарды дұшпан элементтерден тазартуға көмек көрсетті, ауыл шаруашылық артелін сыналған басшы кадрлармен нығайтты, колхоз бұқарасын коллективизм рухында еңбекке және колхоз меншігіне социалистік көзқарас рухында тәрбиелеп отырды.

Осы кейінгі жылдарда машина-трактор станцияларының өндірістік-техникалық және ұйымдастырушылық ролі онан сайын мықтап артты. Екінші бесжылдықтың аяғында республиканың МТС-тері барлық колхоздың 70 процентін қамтыды, егіс көлемінің 88,5 процентін өңдеді. 1937 жылы МТС-тің күшімен жұмсақ жер жыртуға шаққанда 9,5 миллион гектардан астам трактор жұмыстары орындалды, 2,5 миллион гектардан астам дәнді дақыл және күнбағыс комбайнмен жиналды.

Алғашқы кезде МТС-тер құрылысына шаруалар мен кооператив бірлестіктерінің қаражаты қатыстырылған болса, онан кейінгі жылдарды трактор станциясы деревнядағы негізгі мемлекеттік кәсіпорнына айналды. Үкіметтің МТС-терді қаржымен қамтамасыз етудің жана тәртібі туралы, МТС-терді мемлекет бюджетіне көшіру туралы қаулыларының МТС-терді нығайтуда үлкен маңызы бар.

Екінші және үшінші бесжылдықтар кезінде партия мен үкімет сол кезде бар және жаңадан ұйымдастырылған МТС-тер арқылы бүкіл колхоз өндірісін берік техникалық базаға жеткізді. Қазақстан колхоздарының егіс даласына неғұрлым қуатты және жұмысты өнімді істейтін тракторлар, комбайндар, басқа да машиналар келтірілді. Республика ауыл шаруашылығының барлық салаларында революциядан бұрынғы уақыттан қалған анайы құрал-саймандардың орнын жаңа машиналар және жаңа құрал-саймандар алды.

Деревняда колхоз құрылысы түпкілікті жеңгеннен кейін ауыл шаруашылығында шын мәнінде техникалық революция жүзеге асырылды. Республикамыздың колхоздары машина трактор станциялары арқылы ауылшаруашылық өндірісінің барлық саласында осы заманғы машиналы техниканы қолдана бастады. Ауыл шаруашылығы саласында аса маңызды міндет — колхоз өндірісін комплесті механикаландыру ісін аяқтау міндеті алға қойылды.

МТС-тердің саны, олардың техникамен жабдықталуы төмендегі 2-таблицадан айқын көрінеді.

Колхоздарда ауыл шаруашылық жұмыстарын механикаландыру дәрежесі шұғыл артты. Мәселен, 1939 жылы колхоздың егіс даласындағы барлық қажетті жұмыстар негізінен МТС машиналарымен орындалды, жазғы дақылға арналған егістіктің 76,7

	1933 ж.	1937 ж.	1939 ж.
	(жыл аяғында)		
МТС-тер саны	149	308	315
Тракторлар саны (дана)	8977	19862	22945
Тракторлардың қуаты (мың аттың күшімен) .	147,6	384,0	441,4
Комбайн саны	910	7791	8680
Жүк машиналарының саны (дана)	883	1637	2248
МТС қамтуындағы колхоздар (% есебімен) .	35,2	70,1	71,2
МТС қамтуындағы колхоздардың егіс көлемі- нің проценті	53,0	88,5	89,4
Бастырудан басқа, жұмсақ жерге шакканда трактормен орындалған жұмыс (мың га) .	2343,8	9580,9	10138,1
Комбайнмен жиналғаны (мың га)	89,4	2509,1	2849,2

проценті машинамен жыртылды, жаздық дақылдың 67,6 проценті, күздік дақылдың 83,0 проценті машинамен себілді, барлық егіс көлемінің 57,5 проценті комбайнмен жиналды.

Жемшөп дайындауда, мал шаруашылығы фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарда машинамен атқарылатын жұмыс көлемі барған сайын арта түсті.

Негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын МТС-тер қарамағына бере отырып Совет мемлекеті колхоздар экономикасының дамуына және ұйымдық-шаруашылық жағынан нығаюына күшті әсер етеді. Екіншілік пен мал шаруашылығының мәдениеті елеулі артты, колхоз даласында астықтың өнімі өсті. 1938 жылы дәнді астықтың өнімі гектарына орта есеппен 11,5 центнерден, ал бидай 12,8 центнерден болды. Көп колхоздар және тұтас аудандар гектарынан 100 пұттан және одан да көп астық алды. Басқа дақылдардан да мол өнім алынды.

Соғысқа дейінгі дәуір барлық колхоздар мен МТС-тер үшін ауыл шаруашылығының барлық салалары өркендеген, машиналар өнімді пайдаланылған дәуір болды. Ондаған машина трактор станциялары, жүздеген механизаторлар Бүкілодақтық Ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы болды. Ең алғаш ұйымдасқан МТС-тердің бірі Тайнша МТС-і жұмыста жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін «Кұрмет белгісі» орденімен наградталды, Оңтүстік Қазақстан облысының Келес МТС ең жоғары үкіметтік награда Ленин орденімен наградталды.

МТС-тердің жүздеген механизаторлары ССР Одағының ордендерімен, медальдарымен наградталды. Олардың көптерінің есімдері республикада ғана емес, басқа жерлерде де мәлім болды. Қостанай облысы, Тобыл МТС-нан Г. П. Липодат, Жамбыл облысы, Бурнен МТС-нан Т. П. Глазов және басқа көп механизаторлар шын мәнісінде өз істерінің шебері болды.

Қазақстанның колхоздары мен машина трактор станциялары Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан мен тыл үшін азық-түлік, өнеркәсіп үшін шикізат берді. Трактор паркінің едәуір кемігеніне,

тәжірибелі механизаторлардың майданға кеткеніне, МТС-тер мен колхоздағы қызметшілер саны біраз азайғанына қарамастан колхоз өндірісі нығайып, өсіп отырды. Механизаторлар «барлығы майдан үшін, барлығы жауды жеңу үшін» деген ұранмен колхоздың егіс даласында жанаямай еңбек етті.

Майданға кеткен ерлердің орнын әйелдер — олардың әйелдері, қарындастары мен қыздары басты. Республикада бұрынғының үстіне 100 мыңнан астам әйелдер жаңадан колхоз өндірісіне қатысты. 1942 жылдың көктемінде 10 мыңнан астам әйелдер тұңғыш рет трактор жүргізді, 900 әйел МТС-тердің трактор бригадаларының бригадирлік міндетін атқарды, 1 100 ден астам колхозшы әйелдер МТС мастероқойларындағы станоктерде істеді. Трактор, комбайн жүргізуші әйелдер еңбектегі ерліктің өнегелерін көрсетті. Көкшетау облысы, Веден МТС-нің тракторшысы, кейіннен трактор бригадасының бригадирі Антонина Бережнаяның, Семей облысы, Жаңасемей МТС-нің комбайншысы Надя Резниковааның және басқаларының есімдері бүкіл Қазақстанға белгілі болды.

Колхозшылар мен механизаторлардың қажырлы еңбегі тамаша жемісін берді. 1941 жылы республикада астық 1940 жылғыдан 20 миллион пұт көп дайындалды. Қазақстанның колхоздарынан мемлекет мақтаны, қант қызылшасын, мал шаруашылығы өнімдерін едәуір көп алды. 1942 жылы және одан кейінгі жылдарда еліміз Қазақстан патриоттарынан ауыл шаруашылық өнімдерін барған сайын көп мөлшерде алып отырды. Қазақстан соғыс кезіндегі төрт жылдың ішінде мемлекетке астықты соғысқа дейінгі төрт жылдағыдан екі есе, картоп пен овошты үш есе, етті 27 процент, сүтті 10 процент, жүн 40 процент көп тапсырды.

Ұлы Отан соғысының жылдарында мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерінің тапсырылуы артқанына қарамастан, колхоздардағы малдың саны бірқатар көбейді. Республиканың колхоздарында 1940 жылдан 1945 жылға дейін сиыр малының саны 39 процент, қой мен ешкі — 99, жылқы — 25, түйе — 44 процент өсті. Сонымен, майданға ондаған мың жылқы бергеніне, азат етілген аудандарға көмекке жарты миллионнан астам мал бергеніне қарамастан Қазақстанда мал басы көбейді. Мұның өзі біздің социалистік мемлекетіміздің күші мен қуатының, өмірге бейімділігінің айқын және нанымды бейнесі болды.

Ұлы Отан соғысынан кейін Совет үкіметі мен Коммунистік партия ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің барлық ынтасын егіншілік пен мал шаруашылығын онан әрі өркендетуге бағыттады. Машина трактор станциялары ең жаңа техникамен тез қаруландырылды. Ескі машиналардың орнына жаңа, неғұрлым жетілген, неғұрлым өнімді, экономикалық жағынан тиімді машиналар келіп жатты. Республика МТС-теріне жыл сайын дизель двигательді және шынжыр табанды жаңа тракторлар әкелінді. С-80, ДТ-54, КД-35 тракторларымен қатар «Беларусь», ХТЗ-7 және басқа тракторлар кең таралды. Жаңа трактор паркі ауыл шаруашылығы-

ғын механикаландыруды онан әрі арттыру, еңбек пен қаржыны аз жұмсай отырып ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді арттыру міндетін толық және жақсы орындай бастады.

Дәнді дақылдарды жинайтын комбайн паркін толықтырумен қатар машина трактор станциялары мақтаны, қант қызылшасын жүгеріні жинайтын машиналар алды және алуда. Топырақты баптаудың әртүрлі тәсілдеріне сәйкес егіс егетін және отырғызатын машиналар, жемшөп дайындайтын және мал шаруашылығы фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыратын машиналар паркі кеңейді, жақсартылды және жаңартылды.

МТС-тер санының көбеюі, олардың техника жағынан қарулануының өсуі және өндірістік-финанс жұмысы 3-таблицада көрсетіліп отыр.

3-таблица

	1940	1950	1953	1956
	(жыл аяғына)			
МТС және МЖС саны	361	348	454	470
Қамтитын колхоздар саны	3443	2990	2964	2610
Барлық тракторлар саны (дана)	16319	20973	29583	50532
Оның ішінде дизельді трактор (дана)	456	2528	7714	39438
Барлық трактор атаулының саны	31662	31330	46937	104380
Барлық тракторлардың жалпы қуаты (ат күшіне шаққанда)	442280	498986	750773	1587914
15 фунттық комбайн саны	11231	12752	16625	34184
Трактормен барлық орындалған жұмыс (гек: есебімен)	11289200	14917211	24642455	56643071
Бір трактордың атқарған жұмысы (гек. есебімен)	366	476	525	543
Комбайнмен барлық жиналғаны (гек. есебімен)	2987100	4320538	6072330	11972947
15 фунттық комбайнмен жиналғаны (гек. есебімен)	266	339	365	374
Жұмсақ жерге шаққанда бір гектардың нақты түсер құны (сом есебімен)	33—77	37—47	28-11	27-53

Таблицадан төртінші бесжылдықтың аяғында республика МТС-терінің тракторлары мен комбайндары 1940 жылғыдағыдан едәуір көп екені көрінеді. Машиналардың саны әсіресе бесінші бесжылдықтың аяғына, атап айтқанда 1953 жылдан, тыңға кең шабуыл басталған кезден бастап кенет көбейді. Сапасы жағынан бүкіл машина-трактор паркі соғысқа дейінгіден, сөз жоқ, әрі жоғары, әрі жақсы болды. Мәселен, 1956 жылы жалпы трактордың саны 1940 жылғыдан 3,1 есе көбейген болса, ал дизельді машиналардың саны 86,5 есе артты.

Трактор жұмыстарының көлемі 5 еседен артық өсті, әр трактор мен комбайнның жұмыс өнімділігі артты, ал жұмсақ жер жырту гектарының өзіндік құны елерліктей төмендеді. Машина-трактор

станциялары соғыстан кейінгі жылдарда колхоз өндірісін жан-жақты қамтып, жұмыстың көп түрлерін орындай бастады және егіншілік пен мал шаруашылығын механикаландырудың дәрежесін арттырды. Егер МТС-тер 1940 жылы колхоздарда әртүрлі жұмыстардың 70 түріне дейін, ал кейбір станциялар көп дегенде 30—50 түрін орындап жүрген болса, кәзіргі кезде олар жұмыстардың 100-ден артық түрін орындайды.

МТС-тер санының көбеюімен, олардың техникалық жабдыкталуының артуымен қатар, Қазақстанның кенбайтақ далаларында әсіресе отарлы және жартылай отарлы бағыттағы қоғамдық мал шаруашылығы аудандарында, арнаулы машина-малшаруашылық станциялары құрылды. Мұндай 75 станция болды. Машина-малшаруашылық станциялары өзі өмір сүрген 1949—1953 жылдардың ішінде өзі жүретін комбайндармен және тіркелмелі шөпмашиналармен, тырнауыштармен, сүйретпелермен, маялауыштармен, қой қыркатын электрмеханизмді агрегаттармен, тағы басқа да машиналармен жақсы жабдықталды. Олар пішен жинауда, мал азығын сүрлеуде, қой қырқуда, жайылымдарды суландыруда, қоғамдық мал шаруашылығын жалпы өркендетуде колхоздарға үлкен көмек көрсетті. Бұл станциялар мал шаруашылығын қамту жөніндегі арнаулы жұмыстардан басқа, соңғы кезде егіншілік жұмыстарын да атқарып жүрді, кейін кәдімгі машина-трактор станцияларына айналдырылды.

Техникалық жабдыкталуының өсуіне байланысты соғыстан кейінгі жылдары МТС-тердің алдына олардың өндірістік қызметі жөнінде жана міндеттер қойылды. Егіншілік жұмыстарымен қатар, олар шаруашылықтың басқа салаларын, атап айтқанда мал шаруашылығын өркендетуге де белсенді қатысуға тиіс. КПСС Орталық Комитетінің сентябрь пленумы машина-трактор станцияларының негізгі міндеті колхоздарда барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын барынша арттыру, қоғамдық мал басының өсімін қамтамасыз етіп, сонымен бірге оның өнімділігін көтеру, қамтуларындағы колхоздарда егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімдерін көбейту екенін атап көрсетті.

Сөйтіп, машина-трактор станциялары кәзіргі жағдайда колхоз өндірісінің барлық салаларын өркендетуді қамтамасыз етіп келеді. МТС-тер колхоздарда еңбекті көп тілейтін жұмыстардың барлығын комплексті түрде механикаландыруға тиіс. Қазақстанның машина-трактор станцияларының бұл маңызды шараны іс жүзіне асыруға барлық жағдайлары мен мүмкіншіліктері бар.

Республикамыздың колхоздары мен машина-трактор станциялары тың және тыңайған жерлерді игеруге зор үлес қосты. Соңғы үш жыл ішінде республиканың совхоздары, МТС-тері, колхоздары 20 миллион гектар жаңа жер игерді, бұл барлық ауыл шаруашылық дақылдарының егіс көлемін үш есе дерлік ұлғайтуға және 1953 жылғы 7 миллион гектардың орнына дәнді дақылдардың егісін 23 миллион гектарға дейін жеткізуге мүмкіндік бер-

ді. Республиканың тек колхоздарының өздерінде ғана дәнді дақылдардың егіс аумағы 12,4 миллион гектар болды. Тек 1956 жылдың өзінде ғана колхоздар егіс аумағын — 20 процентке, ал жаздық бидай аумағын 30 процентке ұлғайтты. Егістік жер аумағының мұндай өсу дәрежесі егіншілік тарихында бұрын-соңды болған емес.

Егіс аумағын ұлғайту өнімділікті арттырудың кең қарышта-тылған күресімен ұштастырылды. Үлкен аумақта топырақты өң-деу Т. С. Мальцевтің әдісімен жүргізілді.

1956 жылы колхоз-совхоз егістерінде астық өнімі үшін нағыз күрес өрістетілді. Егін орағының қызу басталатын кезіне респу-блика тағы да қосымша он мыңдаған машина алды. Қазақстан-дықтарға көмекке Россия федерациясынан, Украинадан, Молда-виядан, Белоруссиядан және басқа туысқан республикалардан, халықтық демократия елдерінен 500 мыңға жуық жас патриот-тар келді. Мол өнімді жинауға 2 миллионға жуық адам, 64 мың комбайн, 100 мың жүк машинасы қатысты. Сондықтан Қазақстан өз міндетін орындап шықты — елімізге миллиард пұт астық бер-ді. Товарлы астықтың жартысына жуығын мемлекеттік қойма-ларға біздің колхоздарымыз төкті, олар жоспарлы тапсырманы 230 миллион пұтқа артығымен орындап шықты. Қостанай облы-сының Тобыл МТС-і қамтитын колхоздар 52 мың гектар жер-дің әр гектарынан 23 центнерден, Шығыс Қазақстан облысының Аврора МТС-інің колхоздары 18,9 мың гектардан — 22 центнер-ден астық өсіріп шығарды. Шығыс Қазақстан облысының Вер-хубинск ауданының колхоздары дәнді дақылдардың гектарынан 20,4 центнерден және Киров ауданының колхоздары 19,6 цент-нерден өнім алды. Қостанай ауданының колхоз егістіктерінде әр гектардан 18,9 центнерден астық алынды. Қостанай облысының Таран ауданының Шевченко атындағы ауылшаруашылық артелі-нің колхозшылары 10,6 мың гектар егістің әр гектарынан 28,6 центнерден өнім жинады. Тың және тыңайған жерлерді игерген республиканың көп колхоздары 1956 жылы әр гектардан 100 жә-не одан да артық пұт астық алды.

МТС-тер мен совхоздардың қуатты техникасын жоғары өнім-ді түрде пайдалануға мүмкіндік беретін кең-байтақ жерлері бар Қазақстан елімізде ең арзан астық береді.

Республикамыздың колхоздары мен совхоздары бір центнер астық өндіруге еңбек пен қаржыны СССР бойынша орта есеппен алғанда, 1953 жылы 45 процент, ал 1954 жылы 48 процент кем жұмсады. 1956 жылы еңбек және зат-қаражат шығындары одан әрі төмендей түсті.

Ақмола облыстық ауыл шаруашылық басқармасының алды-нала жасаған есебі бойынша облыс кохоздарында бір центнер астықтың өзіндік құны 1956 жылы 15—20 сомға түскен.

Астық шаруашылығының өркендеуі мал шаруашылығын жә-не шаруашылықтың басқа да салаларын тез өрлетуге қажетті жағдайлар туғызды.

Қазақстан мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінде одақтас республикалардың арасында елеулі орын алады. Ауыл шаруашылығында істейтін еңбекке жарамды бір адамға шаққанда 1955 жылы СССР бойынша орта есеппен алғандағыдан ет 4 есеге жуық артық, РСФСР-дегіден 3 есе артық, Украинадағыдан 5 есе артық өндірілді, сүт тиісінше — 1,5 есе, 1,3 есе және 1,6 есе артық өндірілді, жүн — тиісінше 5,4 есе, 5 есе және 15 есе артық өндірілді. Қазақстанда қой басының саны еліміздің колхоздарындағы қойдың алтыдан бір бөлегінен артық. Мал басының біраз өсуімен қатар, оның өнімділігі де артуда. Колхоздарда сүт өнімі 1956 жылы, 1955 жылғымен салыстырғанда, сиыр басына 133 килограмға өсті. 1955 жылғыға қарағанда, колхоздардан сүт, жүн, жұмыртқа да көп дайындалды және сатып алынды.

Овощтар мен жемістер дайындау жоспары ойдағыдай орындалып шықты.

Республиканың МТС-тері мен колхоздары негізгі техникалық дақылдарды өндіруде едәуір табыстарға жетті. Қазіргі кезде топырақ өңдеу және кант қызылшасы мен мақта егу жөніндегі жұмыстар толық механикаландырылған. 1956 жылы қызылша егісінің бүкіл аумағында 7 рет қатараралықты өңдеу, 2 рет минерал тынайтқыштармен үстеп қоректендіру жүргізілді; барлық өнім жиналатын аумақтың 95 проценті қызылша жинаушы комбайндармен жиналды. Осының барлығы егіс аумағын ұлғайтуға ғана емес, сонымен бірге өнімділікті арттыруға да мүмкіндік берді. Егер 1945 жылы 20 мың гектар егістіктің әр гектарынан 94 центнер тамыр алынған болса, 1956 жылы 26 191 гектар жердің әр гектарынан колхоздар 305 центнер, ал Жамбыл және Мерке МТС-тері қамтытын колхоздар 390 центнер, Шу МТС-нің колхоздары 435 центнер өнім алды. Алматы облысындағы Қаскелен ауданының Абай атындағы колхоз әр гектардан ең көп өнім — 547 центнер қызылша алды. Мемлекетке қызылша тапсыру жоспары республика бойынша 102 процентке орындалып, 1955 жылға қарағанда, 3 миллион центнер тамыр артық тапсырылды.

Механикаландыру мен агротехника дәрежесінің артуы мақта шаруашылығына да тиімді әсер етті. Егер 1945 жылы республиканың колхоздары 64 442 гектар мақта егіп, гектарынан 7,8 центнерден шиітті мақта жинаған болса, 1956 жылы егіс аумағы 94 700 гектарға жеткізіліп, әр гектардан орта есеппен 16,6 центнерден өнім алынды. Бұл соңғы жылдар ішіндегі ең жоғары өнім, кейбір аудандар мен колхоздарда бұдан да жоғары өнім алынды.

Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы Ильич ауданының колхоздары өткен жылы гектарынан 27,5 центнерден, ал «Путь к коммунизму» және «Третий интернационал» колхоздары 41—43 центнерден шиітті мақта алды. Осының барлығы республикамыздың колхоздары мен совхоздарына, 1955 жылғыға қарағанда, «ақ алтынды» мемлекетке анағұрлым артық тапсыруға мүмкін-

дік берді. Шиітті мақтаның 90 проценттен астамы бірінші сортпен өткізілді.

Егіс көлемінің ұлғаюы, егіс түсімі артуы мен өнімнің барлық түрлерінің жалпы түсімінің көбеюі, әсіресе жаңа жерлер игерілген аудандардағы колхоз өндірісінің табыстылығын мықтап көтеруге мүмкіндік берді.

Өсімдік шаруашылығынан түскен табыс колхоз өндірісінің жоғары дәрежелі тиімді болуын қамтамасыз етеді. Республика — бойынша және өсімдік шаруашылығынан үлкен кіріс келтірген негізгі солтүстік-шығыс үш облыс бойынша, 1953 жылмен салыстырғандағы, 1956 жылғы шамамен алынған кейбір мәліметтер (4-таблица) келтіреміз.

4-таблица

Облыстар	Колхозлардың саны	Ақшалай кіріс (млн. сом есебімен)		1956 жылы 1 колхозға келген орташа ақшалай кіріс (мың сом есебімен)	Миллионер колхоздар	
		1953	1956		1953	1956
Ақмола	187	60,4	357,5	1911,7	38	175
Көкшетау	224	44,9	289,4	1292,0	14	185
Қостанай	289	70,6	506,8	1753,6	19	220
Республика бойынша	2637	903,6	3229,9	1224,8	640	1800

Республика колхоздарында 1956 жылы ішінде бөлінбейтін қор едәуір артты, қоғамдық шаруашылық өсті, өндірістің негізгі қаржы-құралдары толықтырылды.

Колхозшылар еңбеккүніне де мол ақы төленді. Республиканың көптеген колхоздарында әрбір еңбеккүнге 7—10 және одан да артық сом ақшалай, 2—3 килограмм астық және көптеген басқа өнім берілді.

Тыңға жасаған бүкілхалықтық шабуыл тамаша жемісті болды. Республиканың МТС-теріне соңғы үш жыл ішінде жұмсалған мемлекеттік қаржы артығымен өтелді.

Ақмола облысының колхоздары мен МТС-тері бойынша 1954—1956 жылдарда жинап алынған астықтың мемлекетке сату бағасымен есептегендегі құны барлық жұмсалған қаржыдан 22 процент асып түсті.

Колхоздардың ауыл шаруашылығын өркендетудегі табыстары машина-трактор станцияларының жұмысымен тығыз байланысты.

Совет мемлекеті соңғы жылдарда колхоз өндірісінің өрлеуіне МТС-тер арқылы зор көмек көрсетті. Станциялардың жұмысын негізінен жақсарту жөнінде де үлкен шаралар жүзеге асырылды. Республиканың 135 мың тракторист, комбайнер және басқа да механизаторлары МТС штатына кіргізілді. Халық шаруашылы-

ғының өнеркәсіп және басқа да салаларынан МТС-терге, колхоздар мен совхоздарға жұмыс істеуге 9 130 агроном, инженер, техник және басқа мамандар келді. Қалалар мен аудан орталықтарынан ауыл-деревняға колхоз председателдері қызметіне жүздеген шебер ұйымдастырушы-коммунистер жіберілді.

Ауыл шаруашылығындағы жоспарлаудың жаңа тәртібі колхозшылар мен МТС қызметкерлерінің инициативасына жол ашты. Станциялардың жұмысын жақсарту, олардың қызметкерлерінің колхоз өндірісін одан әрі өркендетуде материалдық ынтасын күшейту жөнінде де ұйымдастыру шаралары қолданылды.

Осы маңызды шаралардың барлығы МТС жұмысын жақсартуға үлкен әсер етті. Бесінші бесжылдықтың өзінде ғана МТС-терде әрбір 15 аткүшілік трактордың орташа жылдық жұмыс өнімділігі 35 процентке, ал 15 футтық комбайндыкі — 22 процентке өсті. Машина-трактор станциялары ауыл шаруашылық жұмыстарын, 1950 жылғымен салыстырғанда, 3,6 есе артық орындады. Республиканың МТС-тері 1955 жылы 59 миллион гектардай механикаландырылған жұмыс, яғни 1954 жылғыдан 15 миллион гектар артық атқарды.

Бір трактордың жұмыс өнімділігі 110 гектарға артып, республика бойынша — 637 гектар болды. Бір трактордың ең жоғары жұмыс өнімділігі Ақмола облысының МТС-терінде — 781, Көкшетау облысында — 761, Қостанай облысында — 693 гектар болды. Бір тракторға 600 гектардан артық атқарған Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының машина-трактор станциялары болды. 15 футтық бір комбайнның орташа жұмыс өнімділігі республика бойынша — 410 гектар. Қостанай облысының МТС-тері 549 гектардан, Батыс Қазақстан облысының МТС-тері — 528 гектардан орды. Трактор жұмыстарының бір гектарының өзіндік құны, жоспардағымен салыстырғанда, 1 сом 55 тыйынға арзандады.

1956 жылы МТС-тер өз жұмысын жақсартты. Бюджеттік қаржыны жұмсаудағы жалпы үнем 36 миллион сомнан артық болды. Бұл үнемге, негізінен, жанармайды және жөндеу мен техникалық күтімге жұмсалатын қаржыны үнемдеу арқасында қол жетті. Жұмсақ жер жыртудың бір гектарының ең арзан өзіндік құнына — 24 сом 13 тыйынға — Ақмола облысының МТС-тері жетті.

Астық бойынша заттай ақы алудың жоспарын республика МТС-тері асыра орындады, олар 1956 жылы, 1950 немесе 1953 жылғыдан, 3 есе артық астық алды. Республика колхоздарының жалпы товарлы өнімдерінде заттай ақы төлеу ет бойынша — 15,9 және сүт бойынша — 9,5 процент болды. Қазақстан МТС-терінің колхоздардан заттай ақы есебінде алған астығы еліміздегі ең арзан астық болып шықты. Ең арзан бағалы заттай ақыны Қостанай облысының машина-трактор станциялары алды, мұнда астықтың бір центнері 38 сом 98 тыйынға түсті. Республиканың

көптеген алдыңғы қатарлы МТС-терінде заттай ақы есебінде алынған астықтың бір центнері бұдан да арзан болып шықты. Осының барлығы біздің МТС-терімізде Отанның игілігіне асыруға болатын әлі пайдаланылмаған зор резервтердің бар екенін көрсетеді.

МТС-тердің өндірістік қызметіндегі қолжеткен табыстар станциялардың жұмысын жақсарту үшін партия мен үкімет жүргізген үлкен жұмыстың нәтижесі.

Қазір орта есеппен республиканың әрбір машина-трактор станциясына 194,7 шартты трактордан, 15 футпен есептегенде 82 комбайннан және 39 автомашинадан келеді. Ақмола облысының МТС-тері техникамен әсіресе жақсы жабдықталған. Мұнда әрбір станцияда орта есеппен 332 трактор, 178 комбайн және 64 автомашина бар. МТС-тер мен колхоздардың техникамен мол жабдықталуы, егіс аумағының мықтап ұлғайтылуы шаруашылық көлемін және колхоздағы әр үй басы мен еңбекке жарамды әр адамға келетін егіс үлесін анағұрлым өсірді (5-таблица).

5-таблица

	Жыл	Үлеске келетін егіс аумағы			
		МТС-ке (мың га)	колхозға (мың га)	колхозшы үйіне (га)	еңбекке жарамды адамға (га)
Республика бойынша	1953	16,8	2,5	13,9	9,1
.	1956	33,8	5,85	28,7	17,6
Ақмола облысы бойынша	1956	70,5	12,1	63,3	34,0

МТС-ке, колхозға, әрбір колхозшы үйі мен еңбекке жарамды адамға келетін егіс аумағының артуы барлық ауыл шаруашылық жұмыстарын жоғары дәрежеде механикаландыруды талап етті (6-таблица).

6-таблица

Ауыл шаруашылық жұмыстарын механикаландыру (процент есебімен)	Жылдар				
	1940	1950	1953	1955	1956
Жаздық дақылдар егу	71,5	78,2	96,5	97,2	97,5
Пар айдау	85,9	93,9	98,8	100,0	100,0
Пішен шабу	5,0	25,3	73,3	85,7	86,0
Маялау	—	—	4,0	31,8	32,0
Жемшөп сүрлеу	—	18,0	63,0	79,7	80,0
Дәнді дақылдарды комбайн- мен жинау	57,5	84,4	97,7	98,6	99,4
Зябь жырту	67,2	99,6	100,0	100,0	100,0
Отамалы дақылдардың ка- тараралықтарын өңдеу	30,0	68,0	68,1	90,3	91,0

жылы 594 колхозаралық және колхоз электр станциялары 34 609 мың киловатт қуат берді.

Республикада электр жыл сайын кең өтек алып келеді. Тек бесінші бесжылдықтың ішінде ғана ауыл шаруашылығында электр қуатын қолдану үшін есе дерлік артты. Ауыл шаруашылығында электр қуатын 200 өндіріс процестеріне қолдануға болады. Өндірілетін өнімдердің жалпы өзіндік құнында электр қуатына жұмсалатын шығын өте мардымсыз, мысалы, мал шаруашылық өнімінің өзіндік құнында жалпы шығынның 0,3 процентінен 1 процентіне дейін ғана осы электр қуатына жұмсалады.

Электрлендіруге байланысты мал шаруашылығындағы бірсыпыра өндіріс процестерін автоматтандыруға мүмкіндік туады. Бұлардағы автомат деп отырғанымыз сиыр сауатын электр аппараттар, автосуарғыш, сүмен қамтамасыз ету жөніндегі түрлі құрылыстар, инкубаторларда температураны автоматты түрде басқару және т. б. болып табылады. Осындай автоматтық техниканы ауыл шаруашылық өндірісіне енгізу механикаландырудың ең жоғары сатысы болып саналады.

Республиканың АТС-тері соңғы жылдары колхоз фермаларындағы өндіріс процестерін электрлендіру және механикаландыру жөнінен үлкен жұмыстарды атқарып келеді. Тек 1956 жылдың ішінде ғана 46 мың бас ірі қара малды және шошқаны сүмен қамтамасыз ету жұмысы механикаландырылды, 11255 автосуарғыш орнатылды, 15173 сиыр электрмен сауылады, 34 мың бас мал үшін ферма ішіндегі транспорт механикаландырылған. Электр қуатымен жұмыс істейтін машиналар 200 мың басқа жуық малға арнап ірі азық және концентратты жем азықтар дайындайды. Осы айтылғандардың бәрі бір жыл ішінде істелді.

Әсіресе мал фермаларын сүмен қамтамасыз етуде электр қуаты өте-өте тиімді келеді. Малды қолдан суарғанда 1 текше метр суға 5 адам-сағат кетеді, ал электр қуатының жардемімен бұл жұмысты 2 минутта орындауға болады.

Мысалы, автосуарғыш еябек шығынын кемітумен қатар, сауылатын сүт мөлшерін 10—15 процент арттырады. Алматы ауданының Мичурин атындағы колхозда автосуарғышты қолдану 1584 адам-күн және 1584 ат-күз үнемдеуге, жылына қосымша 10—15 мың литр сүт алуға мүмкіндік болатындығы ессіз арқылы дәлелденіп отыр.

Жем азықтар әзірлеу үшін электр қуатын қолдану еябек өнімділігін күрт арттырады. Мысалы, жем-азықтарды әзірлеу процестерін түгел механикаландырғанда, жұмысты күші қажеттігі 3—4 есе кеміп, сапасы жақсы жем-азық алуға мүмкіндік туады. Алматы ауданының Мичурин атындағы колхозда ірі жем-шөпті, дәнді және тамыр жемістерін ұсақтауға, жуу ісіне, бұлауға машиналар қолдану арқасында жыл сайын 4600 ден астам адам-күн үнемделеді.

Сиырды электр қуатымен сауу сүттің таза болуын, әрі сауыншылардың еябек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Оңтүе-

тік Қазақстан облысының Георгиев ауданындағы «Победа» колхозында сиырды электрмен сауу әдісі қолданылғанда сауыншылардың еңбек өнімділігі 2—2,5 есе артты. Мұнда қойды электрмен қырку да жақсы нәтиже берді, қырықтықшылардың еңбек өнімділігі 3—4 есе артып, қырқылған жүн мөлшері 8—10 процентке көбейді.

Фермаларда барлық жұмсалатын еңбектің көбі малға жем-азық әкелуге және беруге, яғни уақыттың 50 ден 70 процентке дейіні кетеді. Сондықтан да ферма ішіндегі транспорттың — аспалы және жерге төселген рельсті жолдардың маңызы орасан үлкен; осы жолдарды қолдану арқасында республиканың озат колхоздарында 1000 адам-күнге дейін, 1500 ат-күнге дейін үнемделеді.

Құс шаруашылығында электр қуатын қолдану да үнемдік жағынан аса тиімді болып отыр. Күзде, қыста электр жарығын қолданса тауықтар жемді едәуір көп жеп, жұмыртқаны көп табатын болады. Астық бастыруға, астық тазартуға, жер суаруға, теплица шаруашылығына электр моторларын қолдану колхоздарға қол жұмыстарын азайтуға және техникалық құрал-жабдықтарды үнемдеуге мүмкіндік туғызады.

Колхоз өндірісінің барлық процестерін толық электрлендіру механизаторлар мен колхозшылардың еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттырып, ауыл шаруашылық өнімдерін шығаруды көбейтіп, өнімнің әр өлшеміне жұмсалатын еңбек шығынын күрт кемітуге мүмкіндік береді.

Құрылыс жұмысының және МТС жұмысының көп жылғы тәжірибесі колхоз өндірісін одан әрі көтеруде МТС шешуші зор күш екенін көз жеткізе дәлелдеп отыр.

Республика МТС-терінің өздеріне тән ерекшелігі МТС-тер өңдейтін жер көлемінің үлкен болатындығы. Мысалы, Сибирьде 50 мың гектар егістік жері бар колхоздарды қамтыйтын МТС-тер саны 1,9 процент болса, Қазақстанда мұндай станциялар 30 процентке жуық. СССР-дің қара топырақты емес облыстарында 1954 жылы бір МТС жұмсақ жерге шаққанда 37,9 мың гектар трактор жұмысын атқарған болса, Қазақстанда бір МТС 99,3 мың гектар, ал Ақмола облысында 210 мың гектар трактор жұмысын атқарды.

Бір МТС өңдейтін жер көлемі 1955 жылы: СССР бойынша — 17 мың гектар, ал Қазақстан бойынша — 27 мың гектар болды. Бір МТС-ке 15 аттық күшке шағып есептегенде мынадай трактордан келеді: СССР бойынша — 123, Қазақстан бойынша — 180, ал солтүстік-шығыс облыстар бойынша 220 трактордан 275 тракторға дейін.

Ірі МТС-тер МТС қызметкерлеріне төленетін еңбекақыны үнемдеуге және әкімшілік-шаруашылық шығынын азайтуға, машиналарды тиімді пайдалану арқылы еңбектің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Совет одағының МТС-тері бойынша жыртылған бір гектар жұмсақ жердің өзіндік құны 1956 жы-

лы 31 сом 03 тыйынға түссе, Қазақстан бойынша — 27 сом 53 тыйын болды.

Соңғы жылдары республика МТС-терінің бірталайында, әсіресе солтүстік-шығыста, трактор бригадаларын ірілендіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл кәзір бригадир, бригадир көмекшісі, есепші, күзетші, су тасушы, аспазшы болып істеп жүрген көптеген адамдарды босатып алып, тікелей машинамен жұмыс істеуге қосуға мүмкіндік береді.

Ақмола облысының Калинин атындағы МТС-і трактор бригадаларын ірілендіруді бірінші болып бастады. 1955 жылы тәжірибе ретінде 4 трактор бригадасы ірілендірілді. Бригададағы жұмыс істейтін тракторлардың саны 20 ға жетті. Осының нәтижесінде МТС 19 адамды босатып, 63 мың сом үнемдеді. Осы ірілендірілген бригадалар өздеріне берілген өндірістік тапсырмаларды толық орындап, әрбір трактор 852 гектардан жер жыртты, 875 центнер жанармай үнемдеді. 1956 жылы МТС бригадаларды тағы да ірілендірді, 8 колхозда бір бірден трактор бригадасын ұйымдастырды. Трактор бригадаларын одан әрі ірілендіру 1956 жылы қосымша тағы да 53 адамды босатты, сөйтіп 200 мың сомға жуық қаржы үнемдеді. МТС өзіне жүктелген өндіріс міндеттерін, заттай ақы төлеу жоспарын асыра орындады, жыртылған бір гектар жұмсақ жердің өзіндік құнын жоспардағыға қарағанда 93 тыйынға, 1955 жылғыға қарағанда 36 тыйынға түсірді. Жыртылған бір гектар жұмсақ жердің өзіндік құны 22 сом 54 тыйын болды.

Трактор бригадаларын ірілендіру басқа да машина-трактор-станцияларына кеңінен қолданылуда.

Трактор бригадаларын ірілендіру ұйымдастыру жұмысын елеулі түрде қайта қарастыруды қажет етті. МТС-те участоктік механизаторлардың қызметі қысқартылды. Бірсыпыра МТС-терге инспектор-механиктің қызметі енгізілді, оған машиналардың техникалық жәй-күйіне және трактор жұмыстарының сапасына бақылау жасау міндеті жүктеледі. Ірілендірілген бригадалардың тәжірибесі мынаны көрсетеді: үлкен көлемді жер айдалатын-өңделетін тың және тыңайған жерлердегі аудандардың трактор бригадаларында кемінде 12—15 жұмыс тракторлары болуға тиіс.

Машина-трактор станцияларында шаруашылық есептің элементтері барған сайын кеңінен енгізілуде. Ақмола облысы Калинин атындағы МТС-тің трактор бригадаларының шаруашылық есептерінің жұмыс тәжірибесі бұл шараның трактор жұмыстарының өзіндік құнын және заттай ақы төлеуді төмендетуде өте тиімді екенін көрсетті.

МТС-терде трактористердің тіркеушілер көмегінсіз жұмыс істеуі жөнінде тәжірибелер жасалуда. 1956 жылы Ақмола облысы, Калинин атындағы МТС-те механизаторлар 9215 смена тіркеушісіз жұмыс істеді. Бұл МТС пен колхоздарға, жұмыс сапасына нұқсан келтірмей, 23 856 еңбеккүн және 59 640 сом үнемдеуге мүмкіндік берді. Талдықорған облысы, Петропавл МТС-і де тір-

кештілерді қысқарту есебінен 50 мың сомнан астам қаржы үнемдеді.

Партия мен үкімет ауыл шаруашылығын механизаторлар мен машинадарымен еңбегін жоғары бағалады. Тын және тыңдайған жерлерді меңгерудегі көрнекті еңбегі үшін, 1956 жылы егінен мол егім алғаны үшін СССР Жоғарғы Советі Президиумынан Указмен Қазақстан ең жоғарғы награда — Ленин орденімен наградалды, Қазақстан ауыл шаруашылығын 139 озатына социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Осы озаттардың 43 МТС қызметкерлері. Машина-трактор станцияларының мыңдаған басшы адамдары, агрономдары, инженерлері, механиктері, механизаторлары ССР Одағының ордендерімен және медальдарымен, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысқандары үшін — алтын және күміс медальдармен наградалды, дипломдар мен грамоталар, сыйлықтар алды.

Даяқты Социалистік Еңбек Ерлерінің қатарына 9 МТС-тердің директорлары қосылды. Бұлардың арасында Көкшетау облысы, Молотов атындағы МТС-тің директоры Сергей Кириллович Ефимов, Қостанай облысы, Берлі МТС-нің директоры Сейт Қарбеков, Павлодар облысы, Тұрқсаб МТС-нің директоры Корней Антонович Смерчанский және басқа да МТС-тердің тажрбелі ұйымдастырушылары бар. Партия мен үкімет Ақмола облысы



Танцмейстеры областного ансамбля
МТЦ-иня танцевальной группы
Светлана Ефремова Ефремова
А. А. Ефремова.



Певец областного ансамбля
МТЦ-иня ансамбля
Светлана Ефремова Ефремова
П. Ф. Мысина.



Қызылорда облысы Ақжар МТС-нің тракторисі Социалистік Еңбек Ері Қасымтай Ізтілеуов.



Ақмола облысының Қосбармақ МТС-нің тракторисі Социалистік Еңбек Ері Күсен Садуақасов.

Веселовск МТС-нің бас агрономы Пелагея Андрияновна Сафронованың көп жылғы жемісті еңбегін жоғары бағалады. Оған Социалистік Еңбек Ері деген атақ берді. Ол он жылдан астам уақыт бойына МТС агрономы болып қызмет істеп, колхоз даласына егіншіліктің нағыз мәдениетін енгізу үшін жалықпай күрес жүргізді.

Надаров МТС-нің комбайнері — Петр Федорович Музыка дала кемесін Павлодар облысының егістігінде жүргізіп жүргеніне міне жиырма жылдан асып барады, ол екі комбайнды тіркеп астықты толық баса отырып, 1956 жылы күніне 70—100 гектар жердің астығын жинады.

Семенов МТС-нің комбайнері Кенжебек Алпыспаев та, «Авангард» МТС-нің комбайнері — Евстафий Иванович Сазанов, Қызылжар МТС-нің комбайнері Байзулла Алдияров және басқалар өздеріне ылайықты атаққа — Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

Социалистік Еңбек Ерлерінің ішінде МТС трактор бригадаларының 15 бригадирі бар, олар: Антонина Антоновна Бережная Көкшетау облысы Веденовск МТС-нен, Иван Аверьянович Клименко — Қостанай облысы Станция МТС-нен, Әбу Сыздықов — Солтүстік Қазақстан облысы Шағалы МТС-нен және т. б. Республика МТС-терінің үш таңдаулы тракторшыларына: Қызылорда облысы Ақжар МТС-нен Қасымтай Ізтілеуовке, Ақмола облы-

сы Қосбармақ МТС-нен Күсен Садуақасовқа және Жамбұл облысы, Свердловск МТС-нен Иван Степанович Свистуляға — Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 136 МТС, мыңдаған механизаторлар тағы да 1957 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысады.

Социалистік егіншілік және социалистік мал шаруашылығы еңбекшілерінің арасында республиканың ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету жолында социалистік жарыс кен өрістеуде.

1957 жылғы көктемнің алғашқы күндерінен бастап-ақ Социалистік Еңбек Ерлері, трактор бригадасының бригадирлері Николай Иванович Безруков (Алматы облысы, Қаскелең МТС-і) пен Иван Иванович Рудскойдің (Қостанай облысы, Жаркөл МТС-і) арасында мол өнім алу жолында, машиналарды жақсылап пайдалану жолында социалистік жарыс басталды.

Көктемдегі қызу еңбек механизаторлар берген серттерін орындай алатынын көрсетті. Безруковтың бригадасы 5—6 күннің ішінде егіс жұмысын Алматы облысында бірінші болып аяқтады. Рудскойдің бригадасы да көктемгі егісті үлгілі аяқтады. Егіс жұмысының қарқыны мен сапасы жөнінен бірсыпыра механизаторлар олардың қатарына қосылды.

Озаттардың бастамасын қолдап, республика механизаторларының бәрі социалистік жарысқа қосылды. Жамбыл облысының механизаторлары мен колхозшылары егіс жұмысын Қазақстанда бірінші болып аяқтады. Олардан соң іле-шала оңтүстіктің басқа облыстары МТС-тері мен колхоздары да егіс жұмысын ойдағыдай аяқтады. Егіс жұмысының қарқыны мен сапасы жөнінен 1957 жыл өткен бесжылдықтардың жылдарынан асып түсті. 15 майда барлық жерде дерлік дәнді егістер себіліп болды. Колхоздар мен совхоздар жоспардан тыс миллион гектардан артық бидай септі. Жүздеген мың гектар және тынайған жер жыртылды. Мал азықтық дақылдар мен жүтері де деркезінде себілді. Көлтабандап суару, жайылым, шабындық жерлерді суландыру жөнінен көп жұмыстар жүргізілуде.

1957 жылы январь айында болған ауыл шаруашылық озаттарының республикалық кеңесіне қатысушылар өздеріне мынадай міндеттемелер алды: «Тың және тынайған жерлерді игеру жолында қандай жігерлікпен, қандай табандылықпен күрескен болсақ, мал шаруашылығын көтеру жолында да осындай күшпен күресеміз». Бұл міндетті орындауда МТС механизаторлары құрметті орынға ие болады. Олардың көмегі арқасында колхоздар берік жемшөп қорын жасайды, мал шаруашылығының өнімділігін арттырады, фермаларда мал басын көбейтеді. Мал шаруашылығынан 100 гектарға шаға есептегенде алынатын өнім өткен жылғыдан көп болмақ.

Қазақстан МТС механизаторлары мен ауыл шаруашылық мамандары ауыл шаруашылығы өндірісін өркендете отырып, Ұлы Октябрьдің 40 жылдығын зор табыстармен қарсы алады.

Р. ГУБАНОВ, Д. КРИГЕР.

СОВХОЗДАР ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАНЫҢ СОЦИАЛИСТІК АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДЕГІ ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ



Біздің еліміздің ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудағы тарихи үлкен процесте совхоздар шешуші орын алды, өйткені олар ауыл шаруашылық өндірісін ұйымдастырудың жоғары формасы болып табылады.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі дүние жүзінде бірден бір тұңғыш социалистік мемлекеттің құрылған алғашқы жылдардың өзінде совхоздардың міндеттерін әбден айқындап берді. Совхоздар ірі ауыл шаруашылық өндірісін тиімді өркендетуге қызмет етуге, ұсақ шаруа шаруашылықтарының социалистік жолға түсуіне белсенді түрде көмектесуге, сонымен бірге елімізге егіншілік пен мал шаруашылығының өнімдерін арзанға түсіріп беруге тиіс болды.

Орталық Россиядағымен салыстырғанда Қазақстанда совхоздарды ұйымдастырудың өзіне тән кейбір өзгешеліктері болды. Қазақтар көшпелі мал шаруашылығын өркендету тәсілін жақсы игерді, бірақ олардың отырықшы қалыптағы егіншілікпен айналысу дағдысы жоқ еді. Ал мұның өзі алғашқы кезде совхоздарды ұйымдастыру ісіне кадрлар тартуды едәуір қиындатты және совхоздардың өркендеуін шабандатты.

Қазақстан жерінде совхоздарды ұйымдастырудың алғашқы кезеңі жер реформасын жүргізу ісінің басталуымен тұстас келді. Республикада совхоз құрылысының өркендеуіне негіз болған алғашқы совхоздар Орынбор губерниясында құрылды. Бұл алдыңғы қатарлы губерния ол кезде Қазақ Автономиялық Социалистік Республикасының құрамына кіретін. 1920 жылы Орынбор губерниясында 11 совхоз бар еді, олардың жалпы жер көлемі 3 750 десятина болды, яғни әр шаруашылыққа орта есеппен 349 десятинадан келді.

Орал губерниясының жер органдары 1920 жылы 12 совхоз ұйымдастырды. Осының ізінше Петропавл, Павлодар уездерінде де совет шаруашылықтары құрыла бастады. Бұл уездерде 15 совхоз және асыл тұқымды мал өсіретін жеті шаруашылық құрылды. Қазақстанның солтүстік облыстарында совхоздардың

құрылуымен қатар Жетісуда және республиканың оңтүстік аудандарында да жана совхоздар ұйымдастырыла бастады. 1920 жылдың аяғында Лепсі уезінде 5, Шымкент уезінде бір шаруашылық ұйымдастырылды.

1921 жылы Ленин қол қойған декрет бойынша тұқым өсіретін арнаулы совхоздар құрылды, тәжірибе станциялары ұйымдастырылды, асыл тұқымды мал шаруашылықтары ұйымдастырыла бастады. Орал губерниясында бір тұқым совхозы. Темір уезінде тәжірибе егістігі ұйымдастырылды. Әулиеата, Алматы уездерінде және басқа жерлерде асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтар, асыл тұқымды мал совхоздары (Алматы уезінде «Дегерес» асыл тұқымды мал шаруашылығы, Әулиеатада асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылық) пайда бола бастады.

Қазақстанда совхоздар саны тез көбейді. Мысалы, 1921 жылы, яғни совхоздар ұйымдастырыла бастағаннан кейінгі бір жылдан соң Түркстан республикасы құрамына кіретін республикалар мен облыстардың жерінде 71 совхоз құрылды, оның ішінде 19 астық, 6 мал совхозы, 10 асыл тұқымды мал совхозы, екі бау-бақша совхозы, бір тәжірибе егістігі, асыл тұқымды сиыр өсіретін екі асыл тұқымды сиыр шаруашылығы болды.

Қазақстанда жанадан ұйымдастырылған совхоздар жұмысын қатан таптық күрес жағдайында өрістетуге тура келді. Халық жаулары барлық әрекет-айланы қолданып бақты: бандиттік шабуылдар жасады, шаруашылықтарды талқандап бүлдірді, олардың қызметкерлерін өлтірді. Мысалы, Орал губерниясында ақ казактар бандалары бандиттері 1921 жылы 10 совхозды бүлдірді. Оның алты шаруашылығы мүлде қиратылды. Бұл шабуылдар кезінде совхоздардың қызметкерлеріне құлақ естімеген, көз көрмеген қатайдық жасалды. Сол кезде совхоздар финанс жағынан үлкен мұқтаждық көрді, олардың айналмалы қаржылары жоқтың қасы еді, мұның өзі олардың шаруашылық жұмысын мүлде қиындатты.

«Өнеркәсіп пролетариаты мекемелері мен бірлестіктерінің совет шаруашылықтарын ұйымдастыру туралы» 1919 жылғы 15 февральдағы және «Бекітіліп берілген совхоздар туралы» 1921 жылғы 14 ноябрьде В. И. Ленин қол қойған декреттердің совхоздарды нығайтуда үлкен маңызы болды.

Осы декреттерді орындау нәтижесінде ол кезде әлі нығайып жетпеген совхоздар мемлекеттен финанс және материалдық, техникалық көмек алды, ал қиын кездерде совхоздарға жұмысшы күші жағынан да көмек көрсетілді. Совхоз өз тарапынан кәсіпорындар мен мекемелер коллективтерін азық-түлікпен жабдықтап отырды.

Совхоздарды арендаға беру және оларды кәсіпорындар мен мекемелерге бекіту Қазақстанда кең өріс алды. 1921 жылдан 1924 жылға дейін 21 шаруашылық арендаға берілді және ұйымдарға бекітілді.

Өмір сүруінің алғашқы жылдарынан бастап совхоздар мен асыл тұқымды мал совхоздары халық шаруашылығына елеулі көмек көрсетті. Мысалы, Семей губерниясының совхоздары 1921 жылы 35 мың пұт астық жинады, оның ішінде 27 мың пұты бидай мен тары болды. Республика ауыл шаруашылығының тым нашар өркендеген кезінде совхоз жұмыстарының осындай нәтижелерге жетуі үлкен жетістік болып саналды. Кешегі батрактар мен кедейлердің еркін, коллективтік еңбек етуін біріктірген совхоздардың ұйымдастырылуының экономикалық және саяси жағынан үлкен маңызы болды. Асыл тұқымды мал шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал совхоздары шаруалардың малының сапасын жақсартты, қазақ шаруаларының отырықшылануына жол ашты.

Совхоз құрылысының кеңеюіне қарай оларды басқару жүйесі де қалыптасты. 1920 жылы осындай басқару органы РСФСР Жер халық комиссариаты жанындағы «Главсовхоз», ал Қазақстанда республика Жер халық комиссариаты жанындағы колхоздар мен совхоздардың Бас басқармасы болды, ал губерниялар мен уездерде оларға бағынатын совхоздардың губерниялық және уездік басқармалары болды.

Совхоздарға басшылықты жетілдіру процесінде 1923 жылдың басында бұрынғы губерниялық және уездік совхоз басқармаларының орнына губерниялық-селолық трестер құрылды.

Қазақстанда ең әуелде губерниялық-селолық үш трест құрылды. Ол Ақмола, Семей және Орынбор трестері болды; Орынбор тресті кейінірек Қазақстаннан бөлінді, бұл трест қарамағында 30-дан аса қуатты совхоздар бар еді, 1924 жылы жаңадан Сырдария губерниялық-селолық трест ұйымдастырылды.

1924 жылдың октябріне қарсы республиканың губерниялық-селолық трестерінің жүйесінде 38 совхоз болды. Трестерге бағынатын әрбір шаруашылыққа орта есеппен 3,7 мыңдай гектар жер келіп отырды, бұл РСФСР совхоздарының жермен қамтамасыз етілуінен едәуір артық болды, РСФСР-да әрбір совхоздың жер көлемі орта есеппен небәрі 443 гектар ғана келетін еді. Трестерге бағынатын совхоздардың көпшілігі Қазақстанның солтүстік губернияларының жерінде болды. Олар, көбінесе астық шаруашылығымен айналысты, бұл шаруашылықтарда мал да көп болды. Сол кезде Қазақстанның совхоздарында барлық түліктен 26 мыңнан аса бас мал болды.

1923—1924 жылдары Қазақстанның совхоздары 300 мың пұт астық жинап мемлекетке тапсырды, оның көпшілігі бидай еді. Тұқым өсіруші совхоздар 10 мың пұттан аса таза сортты тұқым алды. Жергілікті топырақ-климат жағдайларына бейімделген тұқым алып, оның басым көпшілігін шаруаларға тұқымға берді. Мұның өзі Қазақстан совхоздарының өндірістік үлкен жеңісі болды.

1924 жылы Түркстан республикасында ұйымдастырылған екі

мақта совхозы — Мақтаарал мен Мелек совхоздары Қазақ республикасының қарамағына берілді. Мақтаарал совхозы да ірі мақта шаруашылығының тұңғышы, жас совет елінің мақтанышы болды. 1920 жылдың 2 ноябрінде РСФСР халық Комиссарлар Советінің В. И. Ленин қол қойған қаулысына сәйкес ұйымдастырылған және елімізде мақта шаруашылығын қалпына келтіруге бағытталған бұл совхоздар республиканың оңтүстігінде мақта шаруашылығын өркендетуге айрықша әсер етті.

Мақта өсіру ісін дамытумен бірге мақта совхоздары айналадағы халықты мақта тұқымымен қамтамасыз ету жөнінде және мақтаны егіп өсірудің озат әдістеріне үйрету жөнінде үлкен көмек көрсетті. Мақтаарал совхозы кейіннен сортты мақта тұқымымен Қазақстанды ғана емес, сонымен қатар бірқатар басқа республикалардың шаруашылықтарын жабдықтап отыратын болды.

Егіншілік мәдениетін көтеруге және егіс жұмыстарын механикаландыру дәрежесін арттыруға бағытталған РКП(б) XIV съезі қарарлары Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуына үлкен әсер етті. 1923—1925 жылдар ішінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы 415 трактор алды, оның көпшілігі совхоздарға берілді. Совхоздардың энергетикалық қорларын көбейту және егіншілікте негізгі өндірістік процестерді механикаландыру дәрежесін арттыру (жер жырту, тұқым себу т. б.) егіс жұмыстарының сапасын жақсартуға, шаруашылық жөнінен жақсы нәтижелерге жетуге мүмкіндік берді.

Халық шаруашылығын ойдағыдай қалпына келтіру және осыған байланысты өнеркәсіп өндірісінің дамуы жеңіл өнеркәсіп үшін едәуір көлемде шикізатты, оның ішінде жүнді көп керек етті; шаруалар шаруашылықтары мен сол кездегі бар совхоздар жүнді жеткілікті мөлшерде беріп отыра алмады. 1926 жылы «Овцевод» акционерлік қоғамы құрылды, ол қоғам сол жылдың өзінде-ақ қой шаруашылықтарын ұйымдастыруға кірісті.

1926 жылдан 1928 жылға дейін республиканың солтүстігінде қой өсіретін 6 совхоз құрылды, олардың жанынан шаруалар шаруашылықтарына тұқым үшін берілетін биязы жүнді және құйрықты қойлардың асыл тұқымды бес қой қорасы ұйымдастырылды.

Бұрын ұйымдастырылған шаруашылықтарға қарағанда бұл совхоздар анағұрлым ірі кәсіпорыны болды. Олардың жер қоры 284 мың гектар, оның ішінде 12 мың гектары егістік, 260 мың гектары шабындық пен жайылымдық жер еді. Оларда қойлардың жалпы саны асыл тұқымды қойлар қораларын қоса есептегенде, 1928 жылы 66592 басқа жетті. Орта есеппен әрбір совхозға 44 мың гектар жерден, 11 мың бас қойдан келді. Бұл совхоздардың қой отарлары республикадан тыс жерлерден, оның ішінде шет елдерден асыл тұқымды және жақсартылған тұқымды қойлар әкелу, сол сияқты жергілікті жақсы тұқымдарды, әсіресе

дайындау ұйымдарының жақсы қойларын таңдап алу есебінен толықтырылды.

1927 жылы «Овцевод» жүйесіндегі совхоздарда жүндерінің сапасына қарай қойлар мынадай топтарға бөлінді: биязы жүнді қойлар 52,3 процент, биязылау жүнді қойлар 3,2 процент, қылшық жүнді қойлар 44,5 процент.

Қой совхоздары өндірістік жағынан жеке шаруалар шаруашылықтарынан қаншалықты жоғары тұрғандығын мынадай мәліметтер анық көрсетеді:

«Овцевод» шаруашылықтарында 1928 жылы биязы жүнді қойлардан 6,6 килограмға дейін, биязылау жүнді қойлардан 3,8 килограмға дейін, қылшық жүнді қойлардан 2,5 килограмға дейін жүн қырқылды, ал республиканың шаруалар шаруашылықтары бойынша әрбір қойдан қырқылған жүн орта есеппен небәрі 1,6 килограмм ғана болды.

Совхоздар жоғарғы өнімді қойлары арқасында шаруалар шаруашылықтарында, ал кейіннен колхоздарда қой шаруашылығын өркендетуге орасан зор әсер етті. Қой совхоздары орналасқан аудандар мен облыстарда кәзіргі уақытта биязы жүнді қой шаруашылығының жақсы дамып отырғандығы кездейсоқ нәрсе емес.

1928 жылы Қазақстанда ірі байлар, жартылай феодалдардың шаруашылықтары конфискеленді. Халықтың анағұрлым ауқатты бөлігін конфискелеу есебінен 20 600 кедейлер мен батрактар шаруашылығы материалдық көмек алды, 293 жаңа колхоз ұйымдастырылды және 5 мал совхозы құрылды.

1928 жылдың басында шаруашылық бағыты әртүрлі 40 совхоз болды. Бұл совхоздардың 1928 жылдың аяғында негізгі қаржысы 5 миллион сом болды, онда әртүрлі түліктен 93 мың бас мал, 36,6 мың гектар егістік жері болды. Оларда 3,5 мың жұмысшы мен қызметшілер жұмыс істеді. Тек қана «Мақтаарал» мақта совхозында тұрақты 1 064 жұмысшы болды, олар 11,9 мың гектар жерде жұмыс істеді.

1928 жылдың өзінде республика совхоздарының ішінде жұмыстары жолға қойылған және шаруашылық жағынан тиімді шаруашылықтар көп еді. Мысалы, Семей губерния-селолық тресінің «Жалтыр» совхозы (асыл тұқымды мал совхозы) 7 085 қойынан 35 мыңдай килограмм биязы жүн, оның көбі биязы жүн еді, немесе әрбір қойдан орта есеппен 4,9 килограмнан жүн алынды. Осы трестің 2 500 гектар дәнді дақылдар егістігі бар № 2 совхозы мемлекетке 80 мың пұт астық тапсырды. Астықтың әрбір пұтының өзіндік құны 90 тиыннан айналды.

Қазақстанда совхоз құрылысының екінші кезені бірінші бесжылдықпен тұстас келеді; ол кезде колхоз бен совхоз құрылысы кеңінен дамып, республиканың ауыл шаруашылығы өндірісі социалистік формаға көшкен, сонымен қатар кулактар тап ретінде жойылған кезен болатын.

ды. 1930 жылы олардын саны 52-ге жетті, ал 1931 жылдың мартында республикада өндірістік бағыты түрліше жанадан құрылған 85 мал совхозы болды.

Өздерінің өндірістік бағыты, бағынуы жөнінде және өнімінің көлемі жөнінде бұл жана ұйымдастырылған совхоздар мынадай топтарға бөлінеді (1-таблица).

1-таблица

	Совхозлар саны	Олардың жалпы жер көлемі (мың га)	Олардың мал саны (мың бас)	Бір шаруашылыққа келетін орта мөлшер	
				жер (мың га)	мал (мың бас)
Сияр малын өсіретін трест	50	14000	339	280	6,8
Кой өсіретін трест	26	6000	1159	230	44,6
Жылқы өсіретін трест	7	734	6,6	104,8	0,9
Шошқа өсіретін трест	2	20	3,3	10	1,6
Барлығы	85	20754	1507,9	244	17,8

1931 жылдың аяғында республикада тағы да 8 мал совхозы ұйымдастырылды, сөйтіп совхоздардың саны 93-ке жетті. Совхоздардың жалпы жер қоры 22 миллион гектар болды, яғни әрбір шаруашылыққа орта есеппен 200 мың гектардан жер келді.

Мал шаруашылығы совхоздарын құрумен бірге астық совхоздарын ұйымдастыру жұмысы да онан әрі жүргізіле берілді. 1930 жылы негізінен республиканың солтүстігінде қосымша 12 астық совхозы құрылды, оның ішінде Возвышенск, Чистов және басқа совхоздар болды; олардың жалпы жер көлемі 921 мың гектарға жетті. Мұнда әрбір шаруашылыққа орта есеппен 48 мың гектардан 133 мың гектарға дейін жер келді. Бұл совхоздардың құрылысы 1933 жылы толық аяқталды.

Совхоздар елімізде астық қорын ұлғайту жөнінде партия жүктеген міндетті абыроймен орындап шықты. 1931 жылы республиканың астық совхоздары мемлекетке 156,7 мың центнер, ал 1932 жылы 467,1 мың центнер астық тапсырды. Орта есеппен әрбір астық совхозы мемлекетке 200 мың пұт астық берді, яғни әрбір астық совхозы 1931—1932 жылдары товарлы астық өндірудің көлемі жағынан 1922—1924 жылдардағы 8—10 мың шаруалар шаруашылықтарына тең болды.

Өндірістік бағыттарын өзгертуге, кейбір совхоздарды біріктіруге байланысты бірқатар совхоздарды қайта құрғаннан кейін 1932 жылы республикада совхоздардың саны 135 болды. 135 совхоздың 18-і астық, 52-сі ет-сүт, 26-сы қой, үшеуі шошқа, 8-і жылқы және түйе, 3-і каучук, екеуі мақта совхоздары болды, сонымен бірге 23 шаруашылық әртүрлі кәсіппен айналысты. Бұлар ұйымдық және экономикалық жағынан вығайған шаруашылықтар еді.

Елімізде ауыр өнеркәсіпті өркендету жөнінде қол жеткен та-

быстар совхоздарды ауыл шаруашылық машиналарымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

1932 жылы республикадағы барлық тракторлардың 40 проценті және олардың қуатының 48 проценті, барлық комбайн паркінің 50 проценті, барлық автомашиналардың 67 проценті совхоздарда болды. Міне осының барлығы Қазақстанның совхоздарын ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін негізгі орынға айналдырды.

Қазақстанның товарлы өнім өндіру ісінде совхоздардың үлесі ет жөнінде 65 процент, сары май жөнінде 60 процент, жүн жөнінде 54 процент болды. 1932 жылы совхоздар республикада өндірілген бүкіл астықтың 11,2 процентін өндірді.

Өзінің дамуының екінші кезеңінде совхоздар ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайтумен қатар өздерінің төңірегіндегі колхоздар мен жеке шаруаларға көмек көрсетіп отырды. Партия ұйымының басшылығымен совхоз жұмысшылары кулактар мен байларды жоюға қатысты. Совхоздар шаруаларға жерді өңдеу, жөнінен, әсіресе жаңадан игерілетін жерлерді өңдеу жөнінен көмектесіп отырды.

Республиканың партия ұйымы совхоздарды ұйымдастыру және оның өндірісін жолға қою жөнінен орасан зор жұмыс істеді. Республиканың партия ұйымы әсіресе совхоздардың басшы кадрларын іріктеп алуға үлкен көңіл бөлді. Мал совхоздарындағы партия, шаруашылық, кәсіподақ жұмыстарына тәжірибелі коммунистерден 158 адам жіберілді.

Совхоз құрылысының үшінші кезеңі 1933—1940 жылдарды қамтиды, ол СССР халық шаруашылығын өркендетудің екінші және үшінші бес жылдықтары мерзіміне сәйкес келеді. Бұл кезеңде жаңа совхоздарды құру қарқыны біраз төмендеді, бірақ бұрын

2-таблица

Совхоздардың өндірістік бағыты	Жылдар бойынша саны		
	1932 жыл	1940 жыл	оның ішінде Қазақ ССР Совхоздар Халық Комиссарияты системасында
Барлық совхоздар	135	192	113
Оның ішінде			
Астық	18	15	15
Жеміс-жүзім	—	4	—
Малдың барлық түліктерін өсіретін совхоздар	52	104	74
Шошқа	3	11	3
Қой	26	30	19
Жылқы және түйе	8	15	—
Каучук	3	4	—
Мақта	2	1	1
Басқа және әртүрлі шаруашылықты совхоздар	23	8	1

Бірінші бесжылдық кезінде еліміздің колхоздары мен совхоздары ауыл шаруашылығының товарлы өнімдерін негізгі шығарушы болды. Бұл кезеңде Қазақстан совхоздарының негізгі міндеті товарлы өнім шығару болды. Сонымен бірге ауыл шаруашылығын өркендетудің прогрессивтік тәсілдерін насихаттау жөнінде совхоздардың маңызы арта түсті.

Таяудағы 4—5 жыл ішінде мемлекетке кемінде 100 миллион пұт товарлы астық берілуін қамтамасыз ететін жана астық совхоздарын ұйымдастыру жөнінде ВКП(б) саяси бюросы 1928 жылы апрельде қарар қабылдады; бұл қарар сол жылы болған ВКП(б) Орталық Комитетінің июль Пленумінде бекілді, сонымен қатар жанадан ұйымдастырылатын совхоздардың көпшілігі бос жерлерге орналастырылуға тиіс болды, ол колхоздардың жер пайдаланылуына ешбір нұқсан келтірмеуге тиіс еді. Жана совхоздар ұйымдастыруға бөлінген 6 165 мың гектар жер көлемінің 3 100 мың гектары Қазақстанның солтүстік облыстарының үлесіне келеді.

1928—1929 жылдары жанадан 7 астық совхозы құрылды, олар Қостанай, Шағалы, Октябрь, Суворов, Қайыңды құм және басқа совхоздар еді. Бұл шаруашылықтардың әрқайсысында 36 мыңнан 91 мың гектарға дейін жер болды. Сол жылы Ертіс өзенінің жағасынан колхоздар мен совхоздардың астығын қабылдайтын үлкен элеватор салынды.

Жана совхоздар құрумен қатар бұрынғы шаруашылықтарды нығайтып өркендету жөнінде бірқатар шаралар қолданылды. 1928 жылдан бастап совхоздар өнеркәсіп орындары сияқты қаржыландырылып отырылды. Оларға бұрынғы жерлеріне қосымша көлемі 1456,6 мың гектар, оның ішінде 1 125 мың гектар тың жер кесіліп берілді.

1929 жылдың өзінде-ақ Қазақстан совхоздары өндірістік ірі табыстарға жетті. Совхоздар 103,8 мың гектар тың жер жыртты, ол 1927 жылы совхоздар еккен барлық егіс көлемінен 3 еседей артық болды. Тек жанадан ұйымдастырылған астық совхоздары ғана 28,3 мың гектар жерге дәнді дақылдар екті, бұл әрбір шаруашылыққа орта есеппен 4 мың гектардан артығырақтан келеді.

1928—1930 жылдары совхоздар құрылысы мен өркендеуінің кең өрістетілгендігін жұмсалған күрделі қаржы мөлшерінен айқын көруге болады.

Егер 1925 жылы Қазақстанда совхоздарды өркендетуге жұмсалған күрделі қаржы 2 миллион сом болса, 1929 жылы 26 миллион сомға жетті немесе 13 есе артты.

Қазақстанда жана совхоздар ұйымдастыру кезінде республиканың партия ұйымдары зор ұйымдастырушылық және саяси тәрбие жұмыстарын жүргізді, ауыл шаруашылығы еңбекшілері тамаша еңбек үлгілерін көрсетті, Қазақстанға Россия федерация-

сының еңбекшілері тарапынан достықтың және туысқандық көмектің үлкен үлгісі көрсетілді. Сол кездегі жағдай астық совхоздарынан елімізге неғұрлым көп астық беруді талап етті. Сондықтан да астық үшін күрес астық совхоздарының жауынгерлік программасына айналды.

Россия федерациясы Қазақстанға совхоздарды басшы кадрлармен және мамандармен толықтыру жөнінде көмектесті, ол совхоз директорларын, агрономдар, мал дәрігерлерін, зоотехниктер, инженерлер және құрылысшы-техниктер жіберді. Жаңа астық совхоздарының барлығында трактористер, комбайншылар және түрлі мамандықтағы механизаторлар, әсіресе, қазақ жастары арасынан даярлау үшін курстар ұйымдастырылды. Совхоздарға жұмысқа жергілікті қазақтар барған сайын кеңінен тартылып отырылды.

Жаңа астық совхоздарының құрылысымен қатар ВКП(б) Орталық Комитеті жаңа мақта совхоздарын құру және бұрыннан бар мақта совхоздарын нығайту жөнінде шаралар қолданды, онда мақта проблемасын неғұрлым тез шешу және елімізде мақта егісінің көлемін 250 мың гектарға, оның ішінде Орта Азия республикалары мен Қазақстан бойынша 200 мың гектарға жеткізу шарасы көзделді. Мақта өсіру ісін дамытуға басшылық ету үшін «Главхлопком» бірлестігі ұйымдастырылды, оған бұрыннан бар және жаңадан ұйымдастырылған мақта совхоздарының барлығы бағынып отырды.

ВКП(б)-ның XVI съезі мынадай қарар қабылдады: «дәнді және техникалық дақылдар өнімін тез өсірумен қатар мал шаруашылығын көтеру және жедел өркендетілуі қамтамасыз етілсін, бұл үшін астық совхоздары сияқты арнаулы мал шаруашылық совхоздары, колхоздардың жоғары товарлы көптеген фермалары ұйымдастырылсын, жемшөп базасы тез кеңейтілсін».

Осыған байланысты 1929 жылдың күзінде Қазақстанда астық совхоздарымен қатар мал совхоздары құрыла бастады. Коммунистік партия Қазақстанда мал шаруашылығын өркендету мәселесіне ерекше маңыз берді. Бұған республиканың жемшөп жөніндегі зор мүмкіншіліктері еске алынумен қатар, сонымен бірге оның ұлттық ерекшеліктері, республиканың тарихи мал шаруашылықты республика болып қалыптасқаны негізге алынды. 1928 жылы Қазақстанның бүкіл ауыл шаруашылық өнімінің 68 проценттейі мал шаруашылығының өнімі болды. Бүкіл еліміз бойынша мал шаруашылығы жалпы өнімнің үлес салмағында республиканың үлес салмағы өнімнің жалпы мөлшері жағынан 12,4 процент, оның товарлы өнімі жағынан 14,5 процент болды.

Мал шаруашылық совхоздарын құруға мемлекет бүкіл еліміз бойынша 174 миллион сом қаржы бөлді. Ол кезде бұл орасан көп қаржы еді; мұның өзі Қазақстанда совхоз құрылысының қарқынын арттыру ісінде шешуші орын алды.

Мысалы, 1929 жылдың күзінде 17 мал совхозы салына баста-

Бірінші бесжылдық кезінде еліміздің колхоздары мен совхоздары ауыл шаруашылығының товарлы өнімдерін негізгі шығарушы болды. Бұл кезеңде Қазақстан совхоздарының негізгі міндеті товарлы өнім шығару болды. Сонымен бірге ауыл шаруашылығын өркендетудің прогрессивтік тәсілдерін насихаттау жөнінде совхоздардың маңызы арта түсті.

Таяудағы 4—5 жыл ішінде мемлекетке кемінде 100 миллион пұт товарлы астық берілуін қамтамасыз ететін жаңа астық совхоздарын ұйымдастыру жөнінде ВКП(б) саяси бюросы 1928 жылы апрельде қарар қабылдады; бұл қарар сол жылы болған ВКП(б) Орталық Комитетінің июль Пленумінде бекілді, сонымен қатар жаңадан ұйымдастырылатын совхоздардың көпшілігі бос жерлерге орналастырылуға тиіс болды, ол колхоздардың жер пайдаланылуына ешбір нұқсан келтірмеуге тиіс еді. Жаңа совхоздар ұйымдастыруға бөлінген 6 165 мың гектар жер көлемінің 3 100 мың гектары Қазақстанның солтүстік облыстарының үлесіне келеді.

1928—1929 жылдары жаңадан 7 астық совхозы құрылды, олар Қостанай, Шағалы, Октябрь, Суворов, Қайыңды құм және басқа совхоздар еді. Бұл шаруашылықтардың әрқайсысында 36 мыңнан 91 мың гектарға дейін жер болды. Сол жылы Ертіс өзенінің жағасынан колхоздар мен совхоздардың астығын қабылдайтын үлкен элеватор салынды.

Жаңа совхоздар құрумен қатар бұрынғы шаруашылықтарды нығайтып өркендету жөнінде бірқатар шаралар қолданылды. 1928 жылдан бастап совхоздар өнеркәсіп орындары сияқты қаржыландырылып отырылды. Оларға бұрынғы жерлеріне қосымша көлемі 1456,6 мың гектар, оның ішінде 1 125 мың гектар тың жер кесіліп берілді.

1929 жылдың өзінде-ақ Қазақстан совхоздары өндірістік ірі табыстарға жетті. Совхоздар 103,8 мың гектар тың жер жыртты, ол 1927 жылы совхоздар еккен барлық егіс көлемінен 3 еседей артық болды. Тек жаңадан ұйымдастырылған астық совхоздары ғана 28,3 мың гектар жерге дәнді дақылдар екті, бұл әрбір шаруашылыққа орта есеппен 4 мың гектардан артығырақтан келеді.

1928—1930 жылдары совхоздар құрылысы мен өркендеуінің кең өрістетілгендігін жұмсалған күрделі қаржы мөлшерінен айқын көруге болады.

Егер 1925 жылы Қазақстанда совхоздарды өркендетуге жұмсалған күрделі қаржы 2 миллион сом болса, 1929 жылы 26 миллион сомға жетті немесе 13 есе артты.

Қазақстанда жаңа совхоздар ұйымдастыру кезінде республиканың партия ұйымдары зор ұйымдастырушылық және саяси тәрбие жұмыстарын жүргізді, ауыл шаруашылығы еңбекшілері тамаша еңбек үлгілерін көрсетті, Қазақстанға Россия федерация-

сының еңбекшілері тарапынан достықтың және туысқандық көмектің үлкен үлгісі көрсетілді. Сол кездегі жағдай астық совхоздарынан елімізге неғұрлым көп астық беруді талап етті. Сондықтан да астық үшін күрес астық совхоздарының жауынгерлік программасына айналды.

Россия федерациясы Қазақстанға совхоздарды басшы кадрлармен және мамандармен толықтыру жөнінде көмектесті, ол совхоз директорларын, агрономдар, мал дәрігерлерін, зоотехниктер, инженерлер және құрылысшы-техниктер жіберді. Жаңа астық совхоздарының барлығында трактористер, комбайншылар және түрлі мамандықтағы механизаторлар, әсіресе, қазақ жастары арасынан даярлау үшін курстар ұйымдастырылды. Совхоздарға жұмысқа жергілікті қазақтар барған сайын кеңінен тартылып отырылды.

Жаңа астық совхоздарының құрылысымен қатар ВКП(б) Орталық Комитеті жаңа мақта совхоздарын құру және бұрыннан бар мақта совхоздарын нығайту жөнінде шаралар қолданды, онда мақта проблемасын неғұрлым тез шешу және елімізде мақта егісінің көлемін 250 мың гектарға, оның ішінде Орта Азия республикалары мен Қазақстан бойынша 200 мың гектарға жеткізу шарасы көзделді. Мақта өсіру ісін дамытуға басшылық ету үшін «Главхлопком» бірлестігі ұйымдастырылды, оған бұрыннан бар және жаңадан ұйымдастырылған мақта совхоздарының барлығы бағынып отырды.

ВКП(б)-ның XVI съезі мынадай қарар қабылдады: «дәнді және техникалық дақылдар өнімін тез өсірумен қатар мал шаруашылығын көтеру және жедел өркендетілуі қамтамасыз етілсін, бұл үшін астық совхоздары сияқты арнаулы мал шаруашылық совхоздары, колхоздардың жоғары товарлы көптеген фермалары ұйымдастырылсын, жемшөп базасы тез кеңейтілсін».

Осыған байланысты 1929 жылдың күзінде Қазақстанда астық совхоздарымен қатар мал совхоздары құрыла бастады. Коммунистік партия Қазақстанда мал шаруашылығын өркендету мәселесіне ерекше мән берді. Бұған республиканың жемшөп жөніндегі зор мүмкіншіліктері еске алынумен қатар, сонымен бірге оның ұлттық ерекшеліктері, республиканың тарихи мал шаруашылықты республика болып қалыптасқаны негізге алынды. 1928 жылы Қазақстанның бүкіл ауыл шаруашылық өнімінің 68 проценттейі мал шаруашылығының өнімі болды. Бүкіл еліміз бойынша мал шаруашылығы жалпы өнімнің үлес салмағында республиканың үлес салмағы өнімнің жалпы мөлшері жағынан 12,4 процент, оның товарлы өнімі жағынан 14,5 процент болды.

Мал шаруашылық совхоздарын құруға мемлекет бүкіл еліміз бойынша 174 миллион сом қаржы бөлді. Ол кезде бұл орасан көп қаржы еді; мұның өзі Қазақстанда совхоз құрылысының қарқынын арттыру ісінде шешуші орын алды.

Мысалы, 1929 жылдың күзінде 17 мал совхозы салына баста-

ды. 1930 жылы олардың саны 52-ге жетті, ал 1931 жылдың мартында республикада өндірістік бағыты түрліше жаңадан құрылған 85 мал совхозы болды.

Өздерінің өндірістік бағыты, бағынуы жөнінде және өнімінің көлемі жөнінде бұл жана ұйымдастырылған совхоздар мынадай топтарға бөлінеді (1-таблица).

1-таблица

	Совхозлар саны	Олардың жалпы жер көлемі (мың га)	Олардағы мал саны (мың бас)	Бір шаруашылыққа келетін орта мөлшер	
				жер (мың га)	мал (мың бас)
Сиыр малын өсіретін трест	50	14000	339	280	6,8
Қой өсіретін трест	26	6000	1159	230	44,6
Жылқы өсіретін трест . . .	7	734	6,6	104,8	0,9
Шошқа өсіретін трест . . .	2	20	3,3	10	1,6
Барлығы	85	20754	1507,9	244	17,8

1931 жылдың аяғында республикада тағы да 8 мал совхозы ұйымдастырылды, сөйтіп совхоздардың саны 93-ке жетті. Совхоздардың жалпы жер қоры 22 миллион гектар болды, яғни әрбір шаруашылыққа орта есеппен 200 мың гектардан жер келді.

Мал шаруашылығы совхоздарын құрумен бірге астық совхоздарын ұйымдастыру жұмысы да онан әрі жүргізіле берілді. 1930 жылы негізінен республиканың солтүстігінде қосымша 12 астық совхозы құрылды, оның ішінде Возвышенск, Чистов және басқа совхоздар болды; олардың жалпы жер көлемі 921 мың гектарға жетті. Мұнда әрбір шаруашылыққа орта есеппен 48 мың гектардан 133 мың гектарға дейін жер келді. Бұл совхоздардың құрылысы 1933 жылы толық аяқталды.

Совхоздар елімізде астық қорын ұлғайту жөнінде партия жүктеген міндетті абыроймен орындап шықты. 1931 жылы республиканың астық совхоздары мемлекетке 156,7 мың центнер, ал 1932 жылы 467,1 мың центнер астық тапсырды. Орта есеппен әрбір астық совхозы мемлекетке 200 мың пұт астық берді, яғни әрбір астық совхозы 1931—1932 жылдары товарлы астық өндірудің көлемі жағынан 1922—1924 жылдардағы 8—10 мың шаруалар шаруашылықтарына тең болды.

Өндірістік бағыттарын өзгертуге, кейбір совхоздарды біріктіруге байланысты бірқатар совхоздарды қайта құрғаннан кейін 1932 жылы республикада совхоздардың саны 135 болды. 135 совхоздың 18-і астық, 52-сі ет-сүт, 26-сы қой, үшеуі шошқа, 8-і жылқы және түйе, 3-і каучук, екеуі мақта совхоздары болды, сонымен бірге 23 шаруашылық әртүрлі кәсіппен айналысты. Бұлар ұйымдық және экономикалық жағынан нығайған шаруашылықтар еді.

Елімізде ауыр өнеркәсіпті өркендету жөнінде қол жеткен та-

быстар совхоздарды ауыл шаруашылық машиналарымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

1932 жылы республикадағы барлық тракторлардың 40 проценті және олардың қуатының 48 проценті, барлық комбайн паркінің 50 проценті, барлық автомашиналардың 67 проценті совхоздарда болды. Міне осының барлығы Қазақстанның совхоздарын ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін негізгі орынға айналдырды.

Қазақстанның товарлы өнім өндіру ісінде совхоздардың үлесі ет жөнінде 65 процент, сары май жөнінде 60 процент, жүн жөнінде 54 процент болды. 1932 жылы совхоздар республикада өндірілген бүкіл астықтың 11,2 процентін өндірді.

Өзінің дамуының екінші кезеңінде совхоздар ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайтумен қатар өздерінің төңірегіндегі колхоздар мен жеке шаруаларға көмек көрсетіп отырды. Партия ұйымының басшылығымен совхоз жұмысшылары кулактар мен байларды жоюға қатысты. Совхоздар шаруаларға жерді өңдеу, жөнінен, әсіресе жаңадан игерілетін жерлерді өңдеу жөнінен көмектесіп отырды.

Республиканың партия ұйымы совхоздарды ұйымдастыру және оның өндірісін жолға қою жөнінен орасан зор жұмыс істеді. Республиканың партия ұйымы әсіресе совхоздардың басшы кадрларын іріктеп алуға үлкен көңіл бөлді. Мал совхоздарындағы партия, шаруашылық, кәсіподақ жұмыстарына тәжірибелі коммунистерден 158 адам жіберілді.

Совхоз құрылысының үшінші кезеңі 1933—1940 жылдарды қамтиды, ол СССР халық шаруашылығын өркендетудің екінші және үшінші бес жылдықтары мерзіміне сәйкес келеді. Бұл кезеңде жаңа совхоздарды құру қарқыны біраз төмендеді, бірақ бұрын

2-таблица

Совхоздардың өндірістік бағыты	Жылдар бойынша саны		
	1932 жыл	1940 жыл	оның ішінде Қазақ ССР Совхоздар Халық Комиссарияты системасында
Барлық совхоздар	135	192	113
Оның ішінде			
Астық	18	15	15
Жеміс-жүзім	—	4	—
Малдың барлық түліктерін өсіретін совхоздар	52	104	74
Шошқа	3	11	3
Кой	26	30	19
Жылқы және түйе	8	15	—
Каучук	3	4	—
Макта	2	1	1
Басқа және әртүрлі шаруашылықты совхоздар	23	8	1

құрылған совхоздарды ұйымдық-шаруашылық және саяси жағынан нығайту жөнінде шаралар қолдану қарқыны күшейеді.

1940 жылдың аяғында совхоздардың саны 192-ге жетті. Өндірістік бағыты және мамандануы жөнінде совхоздардың құрамы күшті өзгерді (2-таблица).

Сол кезеңдегі совхоздардың негізгі бағытын ВКП(б)-ның XVII съезінің қарарлары айқын көрсетті. Съезд ірі машина шаруашылығының техникасын игеру жөнінде, дұрыс ауыспалы егісті толық енгізу жөнінде, тұқым шаруашылығын ұйымдастыру негізінде, малдың тұқымын жақсарту, өнімнің сапасын арттыру және оны мемлекетке тапсыру мөлшерін көбейту негізінде — еліміздің барлық совхоздарын үлгілі ауылшаруашылық кәсіпорындарына айналдыру керек деп тапты. Съезд совхоздарда өндірісті ұйымдастыру жұмысын батыл жақсартуды талап етті.

Совхоздарды саяси және ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуға бағытталған аса маңызды шаралардың бірі — саяси бөлімдерді құру болды, ол 1933 жылы январьда ВКП(б) Орталық Комитетінің біріккен пленумының қарары бойынша құрылды. Совхоздарда саяси-көпшілік жұмысын ұйымдастыра отырып, партия, комсомол және партияда жоқтар активтерін топтастыра отырып саяси бөлімдер совхоздардың ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтын, мемлекетке ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жөнінен совхоздардың міндеттемелерін үлгілі орындауын қамтамасыз етті.

Қазақстанда совхоз өндірісін өркендету ісінде саяси бөлімдер үлкен көмек көрсетті, совхоздарды кадрлармен нығайту, ол кадрлардың саяси санасын көтеруге, белсенділігін арттыруға көмектесті. 1932 жылдан 1940 жыл арасында Қазақстан совхоздарының негізгі қорлары 5,5 есе артты, яғни күрделі қаржының мөлшері әрбір шаруашылыққа шаққанда 740 мың сомнан 2 870 мың сомға дейін өсті.

Тек 1935 жылдан 1939 жылға дейін республиканың астық совхоздарында тракторлардың саны 2,6 еседен артық көбейді. Республиканың бүкіл совхоздарын тұтас алғанда 1932 жылдан 1940 жылға дейін тракторлардың саны 2,3 есе көбейді, ал трактор паркінің қуаты 2,5 еседен аса артты. Егер 1932 жылы республиканың бүкіл совхоздары бойынша орта есеппен әрбір 100 гектар егістік жерге тракторлардың 7,7 аттық күші келген болса, 1938 жылы оның саны 15,4 ат күшіне дейін көбейді.

Совхоздардың энергетикасының өсуі және олардың техникамен қарулануы егіс жұмыстарын механикаландыру дәрежесін онан әрі көтеруге мүмкіндік берді. Мысалы Қазақстанның совхоздарында жер жыртуды механикаландыру дәрежесі 1937 жылы 75 проценттен, 1939 жылы 93,5 процентке дейін артты.

1940 жылы Қазақстан совхоздарының егіс көлемі 764,3 мың гектар болды. Сонымен бірге егіннің шығымдылығы едәуір артты, мемлекетке тапсырылатын астықтың мөлшері де үнемі көбейіп отырды. Егер 1932 жылы мемлекетке 467,1 мың центнер астық

тапсырылған болса, 1941 жылы 2 100 мың центнер астық тапсырылды.

Егістің көлемі ұлғайтылумен, егіннің шығымдылығы арттырылумен бірге, астықтың жалпы түсімі көбеюімен бірге совхоздарда жерді және еңбекті пайдалану ісі де едәуір жақсара түсті (3-таблица).

3-таблица

	Тапсырылған астықтың жалпы мөлшері		Оның ішінде тапсырылғаны					
			совхозға		100 га егістікке		бір жұмысшыға	
	1000 цент.	процент	центнер	процент	центнер	процент	центнер	процент
1932	467,1	100,0	4200	100,0	79,3	100,0	7,1	100,0
1937	665,8	142,6	3450	82,1	110,9	139,8	8,3	116,9
1938	1918,9	410,8	9943	236,7	312,7	394,3	22,3	314,0
1940	1411,3	302,1	7356	175,0	184,7	232,9	17,5	246,5

Қазақстан совхоздары үлесіне 1940 жылы егіс көлемінің 13 проценті келді, олар мемлекетке республиканың тапсырған астығының 17 процентін өткізді.

Қазақстанның совхоздарында егіншілік саласымен қатар мал шаруашылығы онан әрі өркендетіліп келеді.

Асыл тұқымды бұқа, қошқар, айғыр көптеп әкелу арқасында мал шаруашылығында селекциялық тұқымдық жұмысты онан әрі жүргізу, сол сияқты малды бағып күтуді онан әрі жақсарту нәтижесінде республиканың совхоздарында мал шаруашылығының өнімділігі артып, асыл тұқымды малдар саны көбейді. 1939 жылы совхоздарда 1935 жылға қарағанда асыл тұқымды малдар саны төмендегідей артты: сиыр малы 1,7 есе, қой 4,3 есе, жылқы 3,2 есе, шошқа 1,8 есе артты.

1940 жылы үкіметтің қаулысы бойынша Қазақстан жерінде СССР Сыртқы сауда Халық Комиссариатының «Қазсовхоз-каракуль» тресі ұйымдастырылды және 220,9 мың бас қойы бар алты қаракүл совхозы құрылды.

Ұйымдасуларының алғашқы жылында-ақ бұл совхоздар мемлекетке 71,5 мың қаракүл елтірісін, 5,9 мың центнер жүн, 2,7 мың центнер брынза, 20,5 мың центнер ет тапсырды.

Қазақстан совхоздарында 1938 жылдан бастап етті мал шаруашылығы өркендетіле бастады, сол кезде үкіметтің қаулысы бойынша еліміздің 79 совхозы етті мал өсіруге көшірілді, оларда бұзауды емізу арқылы өсіру әдісі қолданылды. Осы совхоздардың көпшілігі Қазақстанның етті мал шаруашылығын өркендету үшін өте қолайлы жағдайлар бар аудандарына орналастырылды.

Совхоздарда мал шаруашылығын өркендетіп, оның сапасын жақсартумен бірге мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мөлшері де арта түсті. 1934 жылдан 1939 жылға дейін республиканың шошқа совхоздары мемлекетке ет тапсыруды 3,5 есе арттырды,

басқа шаруашылықтар да етті үнемі көп тапсырып отырды. Сол жылдары барлық совхоздар мемлекетке сүтті 1,5 есе, ал мал шаруашылық совхоздары 10 есе артық тапсырды.

Совхоздарға басшылықты онан әрі жақсарту үшін 1937 жылдың январында Қазақстанда астық және мал совхоздарының халық комиссариаты құрылды, 1938—39 жылдары совхоз трестері ұйымдастырылды. Трестердің ұйымдастырылуынан бастап республиканың совхоздарына шаруашылық есеп бірте-бірте енгізіле бастады және совхоздардың финанс жағдайы едәуір нығая түсті. Егер Қазақ ССР Совхоздарының Халық Комиссариатында 1939 жылы небәрі 3 совхоз ғана табыс келтірген болса, 1940 жылы 39 совхоз, 1941 жылы 63 совхоз табыс келтірді.

Совхоз өндірісінің өсіп өркендеуімен қатар социалистік ауыл шаруашылығының кадрлері де өсіп жетілді.

1939 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне совхоздардың 1 500 дей жұмысшы-қызметкерлері, ал 1940 жылы 1 772 жұмысшы-қызметкерлері қатысуы — совхоздарда өндірістің мәдениетінің артқандығының, еңбекшілердің еңбекте табысқа жетулерінің айғағы болып саналады. Ұлы Отан соғысы жылдарында совхоздар дамуында ерекше дәуірді басынан өткізді. Бұл кезде, әсіресе совхоз қызметкерлері қажырлы еңбек етті.

Ауыл шаруашылық өнімдерін көп шығару үшін және өзінің экономикасын нығайту үшін совхоздар 1942 жылы көктемде егіс көлемін ұлғайтты. Қазақстанның совхоздарында егіс көлемі 822 мың гектарға жетті, бұл 1940 жылғы егіс көлемінен 70 мың гектардан артық болды. Қазақ ССР Совхоздарының Халық Комиссариатына қарасты бүкіл шаруашылықтары бойынша жиналған жалпы астықтың түсімі 3709,1 мың центнер болды, ол 1940 жылы жиналған астықтан 67,6 процент артық болды. Бұл астықтан мемлекетке 1 912 мың центнер тапсырылды. Мемлекетке астық тапсырумен қатар мақта тапсыру мөлшері де артты. Республиканың совхоздарында мақтаның жалпы түсімі 1940 жылғыдан 32,2 процент артты.

Мақтаарал совхозының коллективі еңбектегі қаһармандық үлгісімен ерекше көзге түсті, ол 1941 жылы 5 410 гектар мақта егісінің әрбір гектарынан орта есеппен 35 центнерден өнім жинады. Ол 1940 жылғыдан гектар басы 5 центнер артық.

Соғыс зардабына байланысты туған зор қиыншылықтарға қарамастан еліміз 1941 жылы республика совхоздарынан мал шаруашылық өнімдерін де көп алды. Совхоздардың малшылары майданға 549,8 мың центнер сүт, 1 51,6 мың центнер ет, 20,9 мың центнер жүн, 2,9 мың центнер брынза және басқа өнімдерді тапсырды.

Сонымен бірге совхоздар колхоздарға көмектесуін тоқтатқан жоқ. 1941 жылы совхоздар колхоздардың мал фермаларын толықтыруға көмектесті, колхоздарға бұл үшін 21,9 мыңнан аса әртүрлі мал сатты. Мына жағдайды атап өту керек: соғыс кезінің қиыншылықтарына қарамастан Қазақстанның 63 шаруашылығы

1941 жылды жақсы табыспен аяқтады, олар 31,5 миллион сомның табысын келтірді.

1943 жылдың басында республикада 210 совхоз болды, олардың 86,3 проценті мал шаруашылығымен айналысты. 1944 жылдың апрелінде одақтық үкіметтің қарары бойынша Қазақстанда бұрынғы бірқатар совхоздар бөлініп, жаңадан ұйымдастырылды. 1944 жылы барлығы 28 совхоз құрылды.

Ұлы Отан соғысы жылдары совхоздарға жаңа машиналар берілмеді, ал бұрынғы ескі техника тәжірибесі аз адамдардың қолынан тез тозып қалып отырды. Мұның өзі тракторлар мен комбайндардың жұмыс өнімділігін арттыруға, сондай-ақ совхоздардағы өндірістік процестерді механикаландыру дәрежесіне кедергі келтірді.

1943 жылы республиканың совхоздарынан басқыншылардан азат етілген аудандарға, бүлінген ауыл шаруашылығын қалпына келтіру үшін 1 218 трактор жіберілді. Бұл жағдай совхоздарды егіс көлемін күрт кемітуге әкеліп соқты. Дәнді астық егісінің көлемінің қысқарған орнын толықтыру үшін және еңбек қорларын толық пайдалану үшін совхоздарда, армия үшін аса маңызды азық-түліктік дақыл болып саналатын тары егісінің көлемі ұлғайтылды. 1943 жылы совхоздар 29,4 мың гектар тары екті, бұл жоспардың 202 проценті еді.

Соғыс кезінде совхоздарда товарлы астықтың мөлшері үнемі артып отырды. Егер ол 1941 жылы 51,1 процентке тең болса, 1942 жылы ол 65,1 процентке дейін көтерілді. Соғыс жылдары ішінде Қазақстан совхоздары майдан мен тылды жабдықтау үшін 37 265 мың пұт астық, 5 045 мың пұт ет, 433 мың пұт жүн, 13 585 мың пұт сүт және басқа көптеген өнім берді. 1944 жылдың өзінде ғана «Қазкаракультрестің» совхоздары мемлекетке 160,1 мың елтірі, 10,3 мың центнер жүн, 16,3 мың центнер ет тапсырды.

Қазақстанның техникалық дақылдар өсіретін совхоздары елімізге көптеген мақта, темекі, каучук берді.

Қазақстанның совхоздары соғыс жылдарының қиыншылығына абыроймен төтеп берді. Міне бұдан шаруашылықтың социалистік системасының және бүкіл біздің мемлекеттік құрылысымыздың артықшылығы бұрынғыдан да айқын көрінді.

Еліміз патриоттардың даңқты еңбегін жоғары бағалады. Қазақстан совхоздарының мыңдаған қызметкерлері үкіметтің жоғары наградаларымен наградталды.

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуы және совет адамдарының бейбіт еңбекке қайта оралуынан бастап совхоздар өркендеуінің төртінші кезеңі басталды, ол СССР халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің соғыстан кейінгі төртінші бесжылдық жоспарымен тұстас келді.

1945 жылдың аяғында республика территориясында 251 совхоз болды, оның 166 совхозы Қазақ ССР совхоздар халық комиссариаты қарамағындағы совхоздар еді.

Совхоздардың өндірістік топтары	1950 жылы әрбір шаруашылықтағы мөлшері 1946 жылға салыстырғанда (процент есебімен)							
	сныр малы	қой, ешкі	шошқа	күс	жылқы	мал азық-тық дақылдар	овош және картоп	бау, жеміс-жидек
Астық совхоздары .	140,8	195,4	4 есе	5,4 есе	176,7	92,0	106,1	3,5 есе
Сүт-ет совхоздары .	127,6	233,0	6,5 есе	5,5 есе	166,0	99,6	113,1	206,0
Ет совхоздары . .	146,7	316,0	621,0	11 есе	192,0	95,4	139,0	—
Шошқа совхоздары .	76,7	—	260,6	309,0	90,3	145,9	100,0	6
Қой совхоздары . .	146,0	151,7	10 есе	18 есе	169,0	124,6	125,0	125,0

Барлық совхоздарда негізгі салалардан басқа өндірістің қосымша салалары да өркендетілді.

Қазақстанның совхоздары төртінші, бесінші бесжылдық жоспарларды ойдағыдай орындады және өсу қарқыны күшейе түсті. Егіс көлемінің ұлғайтылуымен қатар агротехникалық тәсілдерді жетілдіру және егіс жұмыстарын дер кезінде өткізу дәнді дақылдардың шығымдылығын арттырды, міне осының барлығы бесінші бесжылдықтың ақырғы жылында совхоздарға мемлекетке астық тапсыру жоспарын екі еседен аса асырып орындауларына мүмкіндік берді.

Совхоздар малдың санын көбейту жөнінде жоғары көрсеткіштерге ие болды. Сныр малының саны жоспардағыдан 126,3 процент, қой мен ешкі 121,9 процент, шошқа саны 149,9 процент болды.

Өзінің өндірісін онан әрі өркендете отырып, 1951 жылы совхоздар егіс көлемін 1950 жылғыдан 18,3 процент ұлғайтты; егіс көлемі келесі жылдарда да ұлғайтылып отырылды. 1953 жылы 1940 жылмен салыстырғанда егістің көлемі 10,9 процент артты.

1954 жылы Қазақстанда Қазақ ССР Совхоздар министрлігі қарамағында 253 совхоз болды, оның 22-і астық, үшеуі мақта, 9-ы овош, 218-і мал, бір совхоз торқалы дақылдар өсіруге бағытталды.

Бұл совхоздар 1953 жылы елімізге 384 мың центнер астық, 66,1 мың тонна сүт, 7,1 мың тонна жүн, 42,9 мың тонна ет берді.

Республика совхоздарының құрылысында бесінші кезең — кәзіргі кезең ерекше орын алады. Бұл тарихи оқиғаларға айрықша бай кезең болып табылады. КПСС Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және басқа пленумдарының, КПСС ХХ съезінің ауыл шаруашылық өндірісін шұғыл өрге бастыру және оны экономикалық жағынан қайта құру жөніндегі қарарларын орындай отырып, совет халқы көлемі жағынан орасан зор, маңызы жағынан революциялық шараларды жүзеге асырды. Тарихи қысқа мерзім ішінде — үш жылда елімізде 35 миллиондай гектар тың және тынайған жер көтеріліп, игерілді. Елімізде игерілген жерлердің 60 проценттен астамы Қазақстанның үлесіне тиеді, оның 28 процентін совхоздар игерген.

Республиканың тың жерлерінде 1954 және 1955 жылдары 337 астық совхозы ұйымдастырылды, олардың жыртуға жарамды жер көлемі 8 миллион гектар болды.

1954—1956 жылдары совхоздар 9,6 миллион гектар жаңа жер игерді, белгіленген тапсырманы 990 мың гектар асыра орындады.

Сонымен республикада совхоздардың саны 2,3 есе артты. Бұл совхоздар орасан үлкен — 34,2 миллион гектар жерді, оның ішінде 11,2 миллион гектар егістік жерді пайдаланып келеді; егістің көлемі 1953 жылға қарағанда 7 есе ұлғайтылды. Бұл жерлердің 10 миллион гектарына дәнді дақылдар егілді, немесе ол 1933 жылғыдан он есе артық болды.

Қазақстанның совхоздары республиканың ауыл шаруашылық өндірісінде шешуші күшке айналуда. 1956 жылы республиканың совхоздары мемлекетке бүкіл Қазақстанда дайындалған астықтың 52 процентін тапсырды, бүкіл еліміздің совхоздары өсірген товарлы астықтың 53 процентін Отанымыздың қоймасына құйды.

Кәзіргі уақытта Ақмола облысындағы Есіл, Көкшетау облысындағы Ленинград сияқты бүтіндей аудандар жаппай совхозды аудандарға айналып отыр.

Таяу уақыт ішінде совхоздар республикада мал шаруашылығын өркендету ісінде де шешуші орын алады. 1956 жылы совхоздарда қойдың саны 208 мың бас, шошқа 63,6 мың бас, сиыр 22 мың бас көбейді. Құс бір жыл ішінде 200 мың бас көбейді. 1955 жылмен салыстырғанда 1956 жылы мемлекетке 26 мың тонна, немесе 21,8 процент сүт, 3,2 миллион дана, яғни 63,7 процент жұмыртқа, 30 мың дана қаракөл елтірісі артық тапсырылды.

1956 жылы республиканың совхоздарында әрбір сиырдан сауылған сүт 162 килограмм немесе 19,9 процент, Солтүстік Қазақстан облысының совхоздарында 378 килограмм, Қарағанды облысының совхоздарында 318 килограмм артты. Бірқатар облыстардың совхоздарында қойдан қырқылатын жүн және тауықтан алынатын жұмыртқа мөлшері де өсті.

1957 жылы совхоздардың маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Үстіміздегі жылдың көктемінде тағы да 193 жаңа астық, мал және мақта совхоздары ұйымдастырылды, мұның өзі Қазақстан совхоздарында егістің көлемін 16 миллион гектарға жеткізуге мүмкіндік берді. Тек дәнді дақылдардың көлемі ғана 13,9 миллион гектарға жетті. Жаңада ұйымдастырылған мал совхоздарында таяудағы жылдар ішінде қой саны 7,5—8 миллион басқа жеткізіледі.

Дәнді дақылдар егісінің көлемін ұлғайту, көктем егісін дер кезінде өткізу, егін жинауды ұйымшылдықпен жүргізу, совхоздардың жұмысшылары мен мамандарының қажырлы еңбек етуі, жергілікті партия және совет ұйымдарының орасан зор ұйымдастырушылық жұмыс жүргізуі — осының бәрі республиканың совхоздарына 1956 жылы Қазақстандық миллиардтың есебіне мемлекетке 500 миллионнан аса пұт астық тапсыруларына мүмкін-

дік берді. Совхоздар 1956 жылы астық тапсыру жөнінен 1960 жылға белгіленген тапсырманы асыра орындады, соңғы 18 жылдағыдан, яғни тың жерлерді игергенге дейінгіден астықты көп тапсырды. Орта есеппен әрбір астық совхозы 1,2 миллион пұт астық, ал 42 совхоздың әрқайсысы 2 миллион пұттан аса астық тапсырды. «Железнодорожный» совхозы мемлекетке 4,1 миллион пұт, Герцен атындағы совхоз 3,4 миллион пұт, Айдарлы совхозы 3,2 миллион пұт астық тапсырды.

Егіс көлемін ұлғайту және астық өндіру мөлшерін едәуір арттыру жөніндегі осындай күрделі жұмысты республиканың совхоздары КПСС Орталық Комитетінің, совет үкіметінің және туысқан республикалардың көрсеткен орасан зор көмегі арқасында жүзеге асырды.

Тың жерлерді игеру кезеңінде Коммунистік партияның шақыруы бойынша Украинадан, Белоруссиядан, Кубаньнан, Москвадан, Ленинградтан және Отанымыздың басқа аудандарынан Қазақстан совхоздарына 207 мың патриот-комсомолецтер мен жастар келді, оның ішінде 90 мыңнан аса адам механизаторлар, олар қысқа мерзім ішінде бұрын құлазып жатқан орасан зор көлемді тың жерлерді игерді, сонымен бірге жақсы поселкелер салды, сөйтіп бұрын адам аяғы баспаған аудандарда советтің көп салалы, табысты шаруашылықтарын өркендету үшін берік негіз қалады.

1954—1956 жылдары совхоздар 15 аттың күшіне шағып есептегенде 95 мың трактор, 31 мың комбайн, 20 мың автомобиль, 35 мың плуг, 56 мың астық сеялкасын, 1 665 электр станцияларын және басқа көптеген күрделі машиналар мен жабдықтар алды.

Тың жерлерді игеру жылдарында совхоздарда, әсіресе жаңа совхоздарда, 1 240 мың шаршы метр тұрғын үй, 356 асхана, 384 магазин, 126 нан пісіретін орын, 312 монша, 40 балалар мекемесі және көптеген мәдени тұрмыс өндірістік орындар салынды және пайдалануға берілді. Сонымен бірге 306 шыңырау артезиан құдығы, 3 590 шахта құдығы, 377 тоған, апан қазылды. 31 километр су құбыры жасалды.

Республика совхоздарын құруға және олар үшін машиналар алуға мемлекет 1954—1956 жылдары 6,2 миллиард сом қаржы жұмсады. Бұл күрделі қаржының мөлшерінің орасан зор екендігіне көз жеткізу үшін мынаны айтсақ та жеткілікті: 10 жыл ішінде, яғни 1944 жылдан 1954 жылға дейін Қазақстан совхоздарына осы мақсаттар үшін мемлекеттің жұмсаған қаржысы небәрі 1 миллиард 600 миллион сом болды.

Қазақстанның совхоздарында және тың игерілетін негізгі аудандарда астықтан мол өнім алу мүмкіншілігі бар екендігін өткен жылдардың тәжірибесі дәлелдеп берді. 1956 жылы совхоздар жерінің бүкіл егіс көлемінен дәнді дақылдың әрбір гектарынан орта есеппен 10,3 центнер, 1954 жылы 8,6 центнер, 1953 жылы 8,7 центнер өнім жинады.

1956 жылы тын жерлердің негізгі көлемі игерілген облыстардың совхоздарында астықтан мынадай өнім алынды (5-таблица).

5-таблица

Облыстар	Дәнді дақыл егісінің көлемі (мың га)	Егіс түсімі (гектардан цент. есебімен)
Солтүстік Қазақстан	597,6	13,5
Қостанай	3612,5	13,0
Көкшетау	1424,0	12,0
Ақмола	2103,6	9,7

Көптеген совхоздар егістің бүкіл көлемінен бұдан да жоғары өнім жинады. Мысалы, Қостанай облысының Викторов совхозы әрбір гектардан 22 центнер, Павлов атындағы совхоз 20,2 центнер, Федоров совхозы 19 центнер, Ақмола облысында Ново-Николаевск совхозы 19,4 центнер, Балкашино совхозы 18,7 центнер, Көкшетау облысында — Горький совхозы және т. б. 18 центнер астық бастырды.

Совхоздардың товарлығы жоғары болып келеді. 1956 жылы астық шаруашылығының товарлығы республиканың бүкіл совхоздары бойынша 82 процент болды. Жеке совхоздарда бұдан да жоғары.

Келешекте ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту ісінде совхоздардың үлес салмағы онан әрі өсетіндігін фактілер айқын көрсетіп отыр. Совхоздар социалистік ауыл шаруашылығын ұйымдастырудың неғұрлым жоғары формасы болып табылады. Совхоздар күшті механикаландырылған мемлекеттік кәсіпорындары болып саналады, кәзіргі заманғы бүкіл ауыл шаруашылық техникасын неғұрлым тиімді пайдалануға олардың барлық мүмкіншіліктері бар. Еңбек пен қаржыны аз жұмсап, астықты және ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін елімізге арзанға түсіріп беруге олардың мүмкіншіліктерінің бәрі бар.

1956 жылы Қазақстанның совхоздарында астықтың әрбір центнері 29 сом 97 тиынға түсті. Қостанай облысында әрбір центнер астықтың өзіндік құны 26 сом 81 тиын, Солтүстік Қазақстан облысында 26 сом 85 тиын, Көкшетау облысында 27 сом 88 тиын болды. Бірқатар совхоздарда астықтың өзіндік құны бұдан да кем болды. Мысалы, Ақмола облысында Киров совхозында әрбір центнер астықтың өзіндік құны 15 сом 97 тиын, «Викторовский» совхозында 17 сом 62 тиын, Қостанай астық совхозында 17 сом 94 тиын, Федоров совхозында 18 сом 54 тиын болды.

СССР Совхоздар министрлігінің бүкіл совхоздары бойынша 1956 жылы астықтың әрбір центнерінің өзіндік құны 34 сом болды.

Мемлекетке республика совхоздары беретін астық колхоздар өткізетін астықтан екі есе арзанға түседі. Сол сияқты мақта және басқа ауыл шаруашылық өнімдер де арзанға түседі. Республика-

ның совхоздары 1956 жылы астық шаруашылығынан 876 миллион сом табыс келтірді.

Қазақстанда совхоздар ұйымдастыру арқылы орасан зор көлемді тың жерлер игеру жөнінде партияның ұстаған бағытының бірден-бір дұрыс екендігін совхоздардың практикасы айқын көрсетіп берді.

Экономикалық есеп мынаны көрсетіп отыр: 29—30 мың гектар дәнді дақыл өгетін астық совхозы (негізінен бидай өгетін) бидай өткізуден ғана жыл сайын 3,6 миллионнан аса сомның табысын келтіріп отырады, бұған совхоз шаруашылығының басқа салаларынан түсіп отыратын табыстар қосылмайды.

Егер алдыңғы қатарлы совхоздарда астық дақылдарын өндіруге кететін шығынды есепке алғанда, өгіс көлемі 30 мың гектар, әр гектардан

10 центнерден өнім алатын астық совхозы бидай өткізуден жыл сайын кемінде 6 миллион сомның табысын келтіре алады. Егер дәнді дақылдың әр гектарынан алынатын өнім 4 центнерден төмен болса ғана совхоз зиян шегеді. Біздің астық совхоздарымыз таяудағы бір-екі жыл ішінде көп салалы шаруашылыққа айналатындығын еске алсақ, әр гектардан 4—5 центнерден өнім алғанның өзінде де совхоз шаруашылығы табысты болады. Мұны фактілер айқын көрсетіп отыр. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының Чистов астық совхозы өте құрғақшылық болған 1955 жылдың өзінде әр гектардан 4,7 центнер-ақ өнім алғанымен 2 650 бас сиыры, 6 мың қойы, 1 000 шошқасы бола отырып шаруашылық жылын зиянсыз аяқтады.

Жаңа жерлерде совхоздардың құрылуы негізінен 1960 жылы аяқталады. Әрбір жаңа астық совхозын құруға орта есеппен 32 миллион сом жұмсалады. Жұмысты бірқалыпты істегенде бұл совхоздар өздерін ұйымдастыруға мемлекет тарапынан жұмсалған шығынды 9—10 жыл ішінде толық ақтап шығады.

Жаңа совхоздар үшін әрбір гектардан 10 центнерден өнім алуды жоспарлауға дәлел бар ма? Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарының ескі 12 астық совхозы 1950—1954 жылдар арасындағы бес жыл ішінде (оның ішінде бір жыл өгіннен өнім алу үшін қолайлы болды, екі жыл қуаң, құрғақшылық,



Қостанай облысы, Орджоникидзе атындағы совхоздың директоры, Социалистік Еңбек Ері Ф. П. Кухтин.

екі жыл ауа райы орташа болды) 200 мың гектар ескі жерден жылына орта есеппен әрбір гектардан 91 центнерден өнім жиналды. Бұл совхоздарда сол кезде жана жерлерде егіннің шығындылығы гектар басы 12,8 центнерден айналды. Республика астық совхоздарының 1956 жылғы жұмыс қортындысы жоғарыда келтірілген есептің дұрыстығын аяқын дәлелдейді. 1956 жылы 337 жана астық совхозы әрбір гектардан 10,4 центнерден астық жинады.

Қазақстанның совхоздарында астықтың әрбір центнерін өндіруге Совет Одағының совхоздарындағыдан орта есеппен еңбек 31—32 процент аз жұмсалды.

Шаруашылық жұмысының нәтижесінде 337 жана астық совхоздары 802 миллион сом табыс келтірді, яғни орта есеппен әрбір совхоз 2,4 миллион сом табыс алды. Ал, Қостанай облысының совхоздарының әрқайсысы 3,4 миллионнан, Солтүстік Қазақстан облысының совхоздары 3,2 миллион сомнан табыс келтірді.

Жана совхоздар өздерін құруға жұмсалған шығынды ойшағандай ақтап келеді. 1954—1956 жылдары мемлекет әрбір астық совхозын құруға 12,7 миллион сом қаржы жұмсады. Тек 1956 жыл ішінде жана жана совхоздардың келтірген табыстары есебінен ол совхоздарды ұйымдастыруға жұмсалған қаржының 19 проценті өтеледі. Сол жыл ішінде Қостанай облысының жана совхоздары өздерін ұйымдастыруға мемлекет жұмсаған қаржының 30,6 процентін, Солтүстік Қазақстан облысының совхоздары 45,3 процентін өтеп шықты.

Көптерен жана совхоздардың өздерін құруға жұмсаған шығындарын өтеуі бұдан да жиыры: (6-таблица).

6-таблица

Совхоздар	Жыл	1954—1956 ж. жұмсалған күрделі қаржы (млн сом)	1956 жылғы табыс (млн сом)	Табыс есебінен өтелетін күрделі қаржының проценті
Северный	Ақтөбе	17,8	13,9	78,0
Жанысаян	Ақмола	14,0	10,1	72,0
Жезқандоржын	Қостанай	24,8	16,0	65,0

Сонымен Қазақстанда жана совхоздар ұйымдастыру экономикалық жағынан өте-мөте тиімді шара болып табылады.

Алтыншы бесжылдықтың аяғында Қазақстан совхоздары жыл сайын негінде 800 миллион пұт астық беріп отырады.

1960 жылы 300 мың тонна ет өндіріледі, бұл 1955 жылғыдан 3,8 есе артық, сүт өндіру мөлшері 684 мың тоннаға жеткізіледі, яғни 1955 жылғыдан 4,3 есе артық, 43,3 мың тонна жүн кыркылынды, яғни 1955 жылғыдан 6 есе артады.

КПСС XX съезі жыл сайын 11 миллиард пұт астық жинау.



Қостанай облысының Қостанай шошқа совхозының фермасы.

техникалық дақылдар өндіруді, картоп, овощ өндіруді едәуір арттыру, мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді 2—3 есе көбейту міндетін алға қойды.

Жаңа міндеттерді орындау үшін совхоздардың зор мүмкіншіліктері бар. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді жан басына шаққандағы мөлшерін арттыру жөнінен Америкамен жарыста Қазақстан совхоздары шешуші орындардың бірін алады. Олар пайдалануға жарамды әрбір 100 гектар жерге өнімдер өндіру мөлшерін едәуір арттырады.

Осы кезде республиканың барлық совхоздарында ауыл шаруашылығын дамытудың тиімді жүйесі жасалып отыр. Бұл жүйені іс жүзінде асыру егіншілік мәдениетін арттыруға, осының негізінде тын жерлердің құнарлылығын сақтауға, ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруға, сөйтіп Қазақстанда астық өндіруді онан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Шаруашылықты тиімді жүргізу ісінде өндірістің барлық салаларын дұрыс ұштастырудың, оның ішінде астық өндіруді мал шаруашылығын өркендетумен ұштастырудың бірінші дәрежелі маңызы бар. Сондықтан да Қазақстан совхоздарын онан әрі өркендету ісінде бұл мәселелерге ерекше назар аударылады.


Дәнді дақылдар егу үшін жаңа жерлерді игеру ісінен кейін республикада экономикалық жағынан маңызды шара, мақта өндіруді көтеруге үшін Мырзашөлді игеру болып отыр; бұл жөнінде совхоздардың шешуші маңызы болады.

Таяу жылдар ішінде Мырзашөлде жанадан 11 ірі мақта совхозы ұйымдастырылады, мұның екеуі кәзірдің өзінде жұмыс істей бастады. 1960 жылы совхоздар мақта егісінің көлемін 1953 жылға қарағанда 8,6 есе, мақтаның жалпы түсімін 163,1 мың тонна, немесе 7 еседен аса арттырады.

Республика совхоздарының жұмысшылары, мамандары мен қызметшілері Коммунистік партия мен Совет үкіметі ауыл шаруашылығы алдына қойған ет, сүт, май және мал шаруашылығының басқа өнімдерін өндіруді жан басына шаққандағы мөлшері жағынан Америка Құрама Штаттарын таяу жылдар ішінде қуып жету жөніндегі тарихи міндетті абыроймен орындап шығуға барлық күш-жігерін жұмсайтын болады.



ҚАЗАҚСТАН—ЕЛІМІЗДІҢ ЕКІНШІ АСТЫҚ ҚАЗЫНАСЫ



Үлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын Россияның астық шаруашылығы төменгі дәрежелі өнім беретін және артта қалған мешеу шаруашылық еді. Шаруа шаруашылықтарында 50 жылдың ішінде егін шығымдылығы бар болғаны 2 процент артты, ал егіс көлемі соңғы 30 жыл ішінде 25 процент қана ұлғайды.

Дүниежүзілік бірінші соғыс жылдарында ауыл шаруашылығы, елдің бүкіл экономикасы сияқты, қатты күйзеліске ұшырады. Совет мемлекеті құрылған күннен бастап-ақ, бұрыннан күйзелген ауыл шаруашылығын, ең алдымен астық шаруашылығын қысқа мерзім ішінде қалпына келтіруді, елдің астық жөніндегі және басқа ауыл шаруашылық өнімдері жөніндегі үнемі өсіп келе жатқан тілегін қанағаттандыруды аса маңызды міндет етіп алға қойды.

В. И. Лениннің айтқанындай, Совет өкіметі нығая бастаған бастапқы жылдары астық үшін күрес социализм үшін күрес болды. Социалистік құрылыстың кейбір кезеңдерінде бұл күрес өте шиеленіскен түрде жүргізілді, қиян-кескі тап күресі жағдайында өтті. Совет мемлекеті барлық қиыншылықтарға қарамастан, 1926—1927 жылдардың өзінде-ақ астық өндірудің соғыстан бұрынғы дәрежесіне жетті.

Деревняда болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің және ауыл шаруашылығын техникалық жолмен қайта құрудың негізінде астық өндірілуі бұрынғыдан анағұрлым асты, астықтың товарлылығы артты.

Бүкіл дүние жүзінде бидай өндіруде СССР-дің үлес салмағы 1937 жылы 31,1% болды.

Астық шаруашылығын нығайту және өркендету ісі ауыл шаруашылығының барлық салаларын — соның ішінде оның өте маңызды саласы — мал шаруашылығын өрлетудің тағдырын ойдағыдай шешетін негіз болды.

Совет өкіметі орнағаннан бергі жылдардың ішінде елдің астық шаруашылығы дүние жүзінде осы заманның техникасымен жабдықталған ең ірі алдыңғы қатарлы шаруашылыққа айналды.

Біздің елімізде жасалған әлеуметтік өзгерістер Октябрь революциясына дейін патшалық Россияның ең мешеу аймақтарының бірі болған Қазақстанға айрықша үлкен әсерін тигізді. Совет өкіметі орнағаннан кейінгі жылдар ішінде республиканың бетбейнесі адам айтқысыз өзгерді. Сан атуан табиғат байлығы бар Қазақстан бесжылдықтар жылдарында алдыңғы қатардағы индустриялы-аграрлы елге айналды.

Республиканың ауыл шаруашылығы, әсіресе астық шаруашылығы шапшаң қарқынмен өркендеп отырды. Егер бүкіл елімізді тұтас алатын болсақ, біздің республикамызда астық шаруашылығы анағұрлым шапшаң, қауырт қарқынмен өркендеп отырды.

Екінші бесжылдықтың аяғында дәнді дақылдардың егіс көлемі жөнінде 1913 жылдың соғыстан бұрынғы дәрежесінен мынадай мөлшерде асып түсті: тұтас алғанда СССР бойынша 10,6%, Қазақстан бойынша — 33,3%, астықтың жалпы түсімі жөнінде СССР бойынша — 50,2%, Қазақ ССР бойынша — 65,8%.

1913 жылғымен салыстырғанда 1937 жылы Қазақстанда егіс көлемі және астықтың жалпы түсімі көп артты (1-таблицаны қараңыз).

1-таблица

	1913 ж.	1937 ж.	1913 жылғымен салыстырғанда % есебімен
Дәнді дақылдардың егіс көлемі (миллион гектар есебімен)	3,9	5,2	133,3
Астықтың жалпы түсімі (мың тонна есебімен)	2217,0	3668,0	165,8

Мұнымен бірге халықтың жан басына астық өндірілуі де артты. 1938 жылы Қазақстанда халықтың жан басына өндірілген астық Совет Одағы бойынша орта есеппен алғандағыдан 141 процент артық болды.

Екінші бесжылдықтың аяқ шенінде СССР көлемінде ұйымдастырылған барлық МТС-тердің 5 проценттейі Қазақстанда құрылды, ауыл шаруашылығында барлық трактор паркінің 5,3 проценті жұмыс істеді. Республиканың астық шаруашылығы екінші бесжылдықтың аяқ шенінде еліміздің басқа аудандарының қайсысынан болса да көп механикаландырылды (2-таблицаны қараңыз).

2-таблица

	(жұмыстың жалпы көлемінің % есебімен)	
	Қазақ ССР бойынша	СССР бойынша
Жаздық дақылдар егу	44,6	51,2
Күздік егу	73,7	34,0
Дәнді дақылдарды жинау, соның ішінде комбайнмен жинау	54,8	40,0
Зябь жырту	66,3	65,7

Колхоздардың қоғамдық шаруашылығы өсіп, олардың ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығаюымен, МТС-тердің жұмысы жақсаруымен байланысты егіншілік мәдениеті артты, егіннің шығымдылығы молайды, астықтың жалпы түсімі көбейді. 1939 жылы Қазақстанда астықтың жалпы түсімі 43,4 миллион центнер болды, бұл — астық өндірудің 1937 жылғы дәрежесінен 18,2% артық болды деген сөз.

1935—1939 жылдардағы бесжылдықтың ішінде дәнді дақылдардың егін шығымдылығы 7,8 центнер болды, сөйтіп 1912—1916 жылдардың егін шығымдылығынан 2 центнер асып түсті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында зор патриоттық борышты атқару сезіміне бөленген Қазақстанның ауыл шаруашылығының еңбекшілері майдан мен тылды астықпен және басқа ауыл шаруашылық өнімдерімен тоқтаусыз жабдықтап отырды. Соғыстан кейінгі жылдары ауыл шаруашылығын және ауыл шаруашылық өндірісінің барлық салалары дамуының негізі болып отырған астық шаруашылығын қалпына келтіру жөнінде қызу жұмыс басталды.

Бұрын-соңды болып көрмеген қысқа мерзім ішінде — соғыстан кейінгі екі бесжылдықта республиканың колхоздары мен совхоздары елеулі табыстарға жетті. 1947 жылдың өзінде-ақ астықтың жалпы түсімі соғыс алдындағы 1940 жылдағыдан 23,8 миллион пұт немесе 12,5 процент асып түсті.

Егіс көлемінде ғана емес, егіншіліктің жалпы және товарлы өнімінде де дәнді дақылдардың үлес салмағы едәуір зор. Соғыс алдындағы 1940 жылы егістің жалпы көлемінде дәнді дақылдардың үлес салмағы 85,4 процент болды.

Астық өндіру үшін және ең алдымен өте маңызды астық дақылы — жаздық бидай өндіру өте қолайлы аймақтар: Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар облыстары. Семей, Шығыс Қазақстан облыстарында да астық едәуір мөлшерде өндіріледі. Соғыс алдындағы жылдарда дәнді дақылдар егінде бұл облыстардың үлес салмағы 52 проценттей болды, ал кейінгі жылдары, жаңа жерлердің игерілуімен байланысты, бұлардың үлес салмағы арта түсті.

Дәнді дақылдар егісінің 1953 жылы 75,3 проценті, 1956 жылы 83,3 проценті солтүстік-шығыс облыстарда болды.

Облыстардың бұл тобы астықтың жалпы түсімінің 71 процентін, товарлы астықтың 82 процентін беріп отыр. Республиканың күллі жаздық бидайының 76 проценті осы облыстарда өндіріледі. Егіс көлемінде ғана емес, дәнді дақылдардың жалпы және товарлы өнімінде де жаздық бидай үстем орын алады. Дәнді дақылдар танабында жаздық бидайдың үлес салмағы 85,1 процент, яғни тұтас алғанда республикамыздағыдан 8 процент артық.

Басқа дәнді дақылдардан республикада егілетіндері: күздік бидай мен күздік қара бидай, дән-жем дақылдарынан — сұлы мен арпа, республиканың оңтүстігінде — астыққа арналған жүгері, жарма дақылдарынан — тары мен күріш.

Күздік дақылдардың ішінде республиканың оңтүстік облыстарында, сол сияқты Семей және Шығыс Қазақстан облыстарында тәлімі жерде, ішінара суармалы жерлерде егілетін күздік бидайдың елеулі маңызы бар.

Республиканың оңтүстік облыстарында күздік бидай жаздық бидайдан гөрі анағұрлым тұрақты және мол өнім береді. Сондықтан бұл облыстарда күздік бидайдың егіс көлемі жылдан-жылға артып отыр. Соңғы жылдардың ішінде оңтүстік облыстардың дәнді дақылдар танабында күздік бидайдың үлес салмағы едәуір артты (таблицаны қараңыз).

3-таблица

	1955 ж.	1956 ж.
Күздік бидай егісінің көлемі (мың гектар есебімен)	278,0	730,0
Дәнді дақылдар егісінде күздік бидайдың үлес салмағы (процент есебімен)	14,9	22,8

Күздік қара бидай көбінесе солтүстік-шығыс және батыс облыстарда егіледі. Солтүстік облыстарда күздік қара бидайдың шығымдылығы жаздық бидайдан анағұрлым төмен болып отыратындығымен байланысты, соңғы жылдары бұл облыстарда күздік қара бидайдың егіс көлемі қысқарды. Бұл облыстарда күздік қара бидай жемшөп дақылы ретінде, көбінесе көк азыққа және мал жаюға арналып егіледі. Тұтас алғанда республика бойынша күздік қара бидайдың егіс көлемі 1953 жылғы 329,6 мың гектардың орнына 1956 жылы 500 мың гектар болды.

Дән-жем дақылдарынан — сұлы көбінесе солтүстік-шығыс облыстарда, арпа оңтүстік облыстарда егіледі.

Дән-жем дақылдарының егіс көлемі 1953 жылғы 1 420 мың гектардың орнына 1956 жылы 1 906,7 мың гектар болды.

Тары — өте құнды жарма дақылы. Қазақстан еліміздің тары егуші негізгі аудандарының бірі болып табылады. 1956 жылы тары егісінің көлемі 1 миллион 607 мың гектар болды. Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарының көп аудандары үшін, Қостанай облысының оңтүстік бөлегі үшін тары басты орын алатын дақыл. Бұл облыстарда барлық тары егісінің 81 проценті бар. Тары көбінесе тың жерлерге, партауға, аударма тыңға себіледі.

Біздің республикада тары шаруашылығының дүниежүзілік рекорды жасалды. Атақты тарышы Шығанақ Берсиев 1943 жылы бір гектардан 201 центнер тары алды.

Басқа жарма дақылдарынан Қызылорда және Талдықорған облыстарында күріш егіледі. Күріш егісінің көлемі — 32,4 мың гектар. Күріштен мол өнім алу шеберлері күріш егу агротехни-

касының озат тәсілдерін қолдануда және күріштен мол өнім алу-
да көрнекті табыстарға жетті.

Шиелі ауданының «Авангард» колхозының звено бастығы Социалистік Еңбек Ері Ким Ман Сам 1944 жылы күріштің гектарынан 151,4 центнер өнім алды. Оның жолын қуған, — «Қызыл ту» колхозының звено бастығы Ыбрай Жақаев 1945 жылы күріштің гектарынан 156,5 центнер өнім алып рекорд жасады.

Республикада дәнді дақылдар танабының құрылысы әрбір жыл бойынша мына бағытта өзгеріп отырды (процент есебімен аяғандағы 4-таблицаны қараңыз).

4-таблица

	Барлық дәнді дақыл	Соның ішінде			
		күздік бидай	жаздық бидай	тары	мал жемі
1940	100	6,7	61,5	11,5	18,3
1953	100	8,9	61,7	8,0	20,1
1956	100	5,5	78,1	7,1	8,4

1956 жылы жаздық бидайдың үлес салмағы кенет артты, яғни 1953 жылғы 61,7 проценттің орнына 78,1 процентке дейін жетті, мұның себебі — шаруашылық айналымына қосылған байтақ тың жерлерге негізінде жаздық бидай егілуінен болды. Барлық қалған дақылдардың үлес салмағы, әсіресе дән-жем дақылдарының үлес салмағы мықтап кеміді. Жалпы алғанда дән-жем дақылдарының егіс көлемі 500 мың гектар ұлғайғанымен бұл дақылдардың үлес салмағы 1953 жылғы 20 проценттен 1956 жылы 8,4 процентке дейін кеміді.

Бесінші бесжылдықта республиканың астық шаруашылығын өркендетуде едәуір жаңа табыстарға қол жетті.

1940 жылғымен салыстырғанда 1950 жылы астық өндіру дәрежесі мынадай көрсеткіштермен сыйпатталды (5-таблицаны қараңыз).

5-таблица

	1940 жыл	1950 жыл	1940 жылғымен салыстырғанда % есебімен
Дәнді дақылдардың егіс көлемі (миллион гектар есебімен)	5,8	6,1	105,1
Соның ішінде жаздық бидай (млн га есебімен)	3,5	4,0	114,3

Дәнді дақылдардың егіс көлемі бар болғаны 5 процент артқан болса, астықтың жалпы түсімі екі еседей артты. Мұның өзі егін-

шілігі мәдениетін көтеруде колхоздар мен совхоздардың ұлкен табыстарға жеткендігін көрсетеді. Ағылшлық мәдениет дәрежесі деңді ізқылдар шығымдылығын арттыруға мүмкіндік туғынды.

Бесінші бесжылдықтың соңғы жылында астық шаруашылығын дамытуда түбірлі өзгерістер болды.

Қазақстанның Совет Одағының көп басқа аудандарынан ерекшелігі, республикамызда ірі астық шаруашылығы өскендеуге байтақ жер байлықтары бар. Қазақстанның жалпы жер көлемі 275 миллион гектар, яғни РСФСР-ді қоспағанда қалған 14 одақтас республикалардың жер көлемінен 6 миллион гектар артық. Тек колхоздарға бекітіліп берілген ауыл шаруашылық жердің өзі 102 миллион гектардай. Жыртылған жарайтын жерлерде жалпы мұры 36 миллион гектар. Дәнді ізқылдар етуге өте қолайлы жазық Қазақстан даласы, қаратопырақты және қарақызылқызыр топырақты жерлері жүздеген мыңдаған километрге созылып жатыр.

Бірақ республикада бұдан бұрынғы жылдары да астық шаруашылығы тез қарқынмен өркендегенімен, жер байлықтары өте жеткіліксіз пайдаланылды. Астықты көп өндіруге Қазақстанның орасан зор мүмкіндіктері болды. Жыртылған жарамды жердің барлық жыртылғаны солтүстік-шығыс облыстарда 38 процент болды, ал Қостанай және Павлодар сияқты облыстарда одан да аз — 30—32 процент болды.

Республиканың нашар пайдаланылып жатқан зор байлықтары совет халқы дұрыс пайдаланып, Отанға қызмет етуге жұмсады.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июль Пленумдарының тарихи шешімдері бүкіл ауыл шаруашылық өндірісінің, ең алдымен мал шаруашылығының негізі ретінде астық шаруашылығын мықтап өрлетудің зор программасын белгілеп берді.

КПСС Орталық Комитетінің январь Пленумы, ең таяудағы 5 жылды ішінде мал шаруашылығы өнімін екі жарым есе арттыру жөніндегі шараларды қарап, астықтың жылма-жылғы өндірісін 10 миллиард пұтқа дейін жеткізу керек деген тарихи міндетті алға қойды. Партияның XX съезінің шешімдерінде алтыншы бесжылдықтың аяғына дейін астық өндірілуін 11 миллиард пұтқа дейін жеткізу белгіленді.

Астық өндірілуін ұлғайту жолындағы күресті Коммунистік партия біздің Отанымыздың күш-қуатын арттыру жолындағы, совет халқының ал-ауқатын онан сайын көтеру жолындағы күрес деп жариялады.

Астықтың жыл сайын көп жиналуы халықтың астық және астық азықтары жөніндегі тілегін толық қамтамасыз етуге, мал шаруашылығын мықтап өрлетуге, колхоздар мен совхоздарда

мемлекеттік қорларды едәуір арттыруға, астық экспортын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Осы өте ірі мемлекеттік шараны қысқа мерзімде жүзеге асыру үшін КПСС Орталық Комитетінің февраль-март Пленумы таяудағы 2—3 жылдың ішінде Қазақстанның, Уралдың, Сибирьдің, Поволжьеінің және ішінара Солтүстік Кавказдың аудандарында 28—30 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді игеру міндетін алға қойды. Ауыл шаруашылығын өрлетудің бұл ұлы программасын бүкіл совет халқы қызу қолдады, мұны өз ісі, өзінің ең жақын көретін ісі деп қабыл алды.

Бұл міндетті орындауда Қазақстан жұртшылығы алдына орасан зор міндет қойылды. Құнарлы қара топырақтар мен қоңыр қызыл топырақтар аймағында пайдаланылмай жатқан миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлердің болуы, астық шаруашылығының жоғары дәрежеде механикаландырылуы қысқа мерзім ішінде Қазақстанды еліміздің негізгі астық қазнасына айналдыруға мүмкіндік берді.

1954 және 1955 жылдары республиканың колхоздары мен совхоздары 15,3 миллион гектар жаңа жер игеруге тиіс еді. Мұның өзі 1913 жылдан бастап 40 жылдың ішінде егіс көлемін кеңейту жөнінде республикада істелген жұмыстан үш есе артық.

Партияның шақыруы бойынша Қазақстанға 1954 жылы тың жерлерді игеруге 225 мыңнан астам патриоттар келді, олардың көбі — Ленин комсомолы жіберген жастар болды.

Тың жерлі аудандар көптеген жаңа техника — тракторлар, автомашиналар, комбайндар, трактор плугтарын, сеялкалар және басқа ауыл шаруашылық машиналарын алды. Республиканың МТС-тері мен совхоздарының трактор паркі 1954 жылы бір жылдың өзінде 86,7 процент артты, ал тың жерлі аудандардың совхоздары мен көп МТС-терінде трактор паркі екі есе және тіпті үш есе артты. 1955 жылдың бірінші жарты жылында-ақ трактор паркіне жаңадан 40 мың трактор қосылды.

Қазақстанға көрсетілген зор көмек тың жерге кең көлемде шабуыл жасай бастауға, астық өндіруді арттыру жөніндегі партияның шешімдерін орындау жолында белсене күрес бастауға мүмкіндік туғызды.

Тың жерді игеру жөніндегі тапсырма ұлы жұмыстардың бастапқы жылында-ақ ойдағыдай орындалды. 1954 жылы республика колхоздары мен совхоздары 8,5 миллион гектар жаңа жерді игерді, бұл — жоспар бойынша белгіленгенінен 2,2 миллион гектар артық еді.

Асқан зор еңбек белсенділігі және МТС-тер мен совхоздардың едәуір өскен техникалық жабдығы тың жерді игерудің бастапқы жылында-ақ жаңа жерлерде мол өнім алуға, астық өндіруді едәуір ұлғайтуға, оның товарлығын арттыруға мүмкіндік берді.

Павлодар облысының Павлодар ауданының колхоздары 72,8 мың гектар егістің әрбір гектарынан орта есеппен 16,9 центнерден

өнім алды. Сол облыстың «Северный», «Панфилов» астық совхоздары 13 мың гектар егістің әрбір гектарынан орта есеппен 20 центнерден, «Орлытөбе» совхозы 10 мың гектар егістің әрбір гектарынан 18,2 центнерден, «Суворов» астық совхозы — 17 центнерден өнім алды. Ертіс ауданының «Новая жизнь» колхозы 729 гектар тың жерге егілген бидайдың әрбір гектарынан 27,8 центнер және 454 гектар тарының гектарынан 30,2 центнерден өнім алды. Шығыс Қазақстан облысының совхоздары әрбір гектардан орта есеппен 18 центнерден өнім алды.

Дәнді дақылдардың егіс көлемі 1953 жылғымен салыстырғанда 21,8 процент ұлғайған болса, астықтың жалпы түсімі 46 процент өсті.

Республиканың колхоздары мен совхоздары өздерінің астық тапсыру және астық сату жөніндегі міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындады. Мемлекетке 242 миллион пұт астық сатылды, бұл — 1953 жылы сатылғанынан екі есе артық.

Павлодар облысының колхоздары мен совхоздары мемлекетке 42 миллион пұт астық тапсырды және сатты, бұл — 1953 жылдағыдан 34 миллион пұт артық.

Павлодар облысында еңбек етуге жарайтын әрбір колхозшы басына астық өндірілуі 1953 жылғымен салыстырғанда 1954 жылы 3,1 есе артты.

Орта есеппен алғанда 5 жылдың ішінде (1949—1953) астықтың өзіндік құны 46 сом 81 тиын болды. 1954 жылы Калинин МТС-нде еңбек ақыға алынған 1 центнер астықтың бағасы 32 сом болды. Бірқатар озат МТС-тер мен совхоздарда астықтың өзіндік құны 1,5—2 есе төмендетілді.

1954 жылы жаңа жерлерді игеру, ірі астық шаруашылығын құру, астық өндіруді едәуір арттыру жөніндегі ұлы жұмыстар жаңа ғана жүргізіле бастады.

Екі жарым жылдың ішінде республиканың колхоздары мен совхоздары 20 миллион гектар тың және тынайған жерлерді игерді, сөйтіп жоспарды 4,6 миллион гектар асыра орындады. Егіс көлемі 1953 жылғы 9,7 миллион гектардың орнына 1956 жылы 27 миллион гектар болды, соның ішінде дәнді дақылдардың егіс көлемі 23,5 миллион гектар артты. Бидай егісінің көлемі 1953 жылғы 4,6 миллион гектардың орнына 1956 жылы 18 миллион гектарға жетті. Бидайды Қазақстан бидай егу жөнінде дүние жүзінде СССР мен Америка Құрама Штаттарынан кейін үшінші орын алып отырған Канададан 1,8 есе артық еге бастады.

Бұрын-сонды болмаған қысқа мерзімде, үш жыл ішінде республиканың егіс көлемі үш есе ұлғайды, егіс көлемінің өсуінің өзі ғана 18 миллион гектардан асты. Жаңа жерлерді игерудің және егіс көлемін кеңейтудің мұндай қарқыны дүние жүзінің бірде-бір елінде болған емес. Мұндай ұлы жұмыс социалистік индустрияның күш-қуатына сүйенген ең ірі социалистік ауыл шаруашылығы бар Совет мемлекетінің ғана иығына шақ келді.

Тың жерлері көп облыстарда астық шаруашылығы бұл жылдардың ішінде зор мөлшерде өсті (6-таблицаны қараңыз).

6-таблица

	1954—1955 жылдары игерілген жаңа жер (мың гектар есебімен)	Дәнді дақылдар егісінің көлемі (мың гектар есебімен)			
		1953		1956	
		барлығы	соның ішінде совхоздарда	барлығы	соның ішінде совхоздарда
Қостанай	4046,9	947,9	240,3	4552,3	2656,0
Ақмола	3500,0	830,6	84,9	3986,7	2157,3
Көкшетау	2395,2	673,7	59,0	2918,8	1467,7
Павлодар	2760,0	680,6	169,0	2939,4	1200,9
Солтүстік Казакстан . .	1043,0	710,7	143,6	1616,1	622,8

Қостанай облысында үш жылдың ішінде астық өндірілуі колхоздарда 4,5 есе, совхоздарда 10 еседей, Ақмола облысында тиісінше 5 есе және 30 есе, Көкшетау облысында тиісінше 4 есе және 22 есе артты.

Бұл облыстарда колхоздарға бекітіліп берілген ауыл шаруашылық жерлерінің әрбір 100 гектарына астық өндірілуінің көлемі едәуір артты. Өте ірі астықты облыс — Қостанай облысында 100 гектар егістік жерге астық өндірілуі 1953 жылғымен салыстырғанда 1956 жылы бірнеше есе өсті. Еңбек етуге жарайтын колхозшы басына астық өндірілуі 4 есе артты, дәнді дақылдар егісінің көлемі колхозшы басына 1953 жылғы 11 гектардан 1956 жылы 29,5 гектарға дейін артты.

Қазақстанның бұрын атағы аз шыққан көп аудандары тың жерлерді игерудің нәтижесінде астық өндіруші өте ірі фабрикаларға айналды. Мысалы, Ақмола облысының Есіл ауданы егіс көлемі жөнінде облыстың өте ірі аудандарының бірі болып алды. Бұдан екі-үш жыл бұрын мұнда бірде-бір совхоз жоқ еді, ал бес колхоз көбінесе мал шаруашылығымен шұғылданушы еді. Тың жерді игерудің арқасында бұл аудан товарлы астық өндіруші өте ірі ауданға айналды. Екі жылдың ішінде ауданда 550 мың гектар тың жер жыртылды, ал 1956 жылы егістік жердің көлемі 562 мың гектар болды, бұл — 1953 жылы егілгеннен 20 есе артық. Ауданда 18 ірі астық совхозы ұйымдастырылып, салынып болды. Олардың көбі, мысалы, «Московский», «Зареченский» совхоздары және басқалары 1956 жылы дәнді дақылдардан мол өнім — гектарынан 100 пұттан және одан да артық өнім алды. Ауданның колхоздары мен совхоздары 1956 жылы мемлекетке 31 миллион пұт астық тапсырды және сатты.

Көкшетау облысының Рузаев ауданы 1953 жылы 26 мың гектар дәнді дақыл екті. 1954 жылы бұл ауданда 22 ірі астық совхозы ұйымдастырылды. Тың жерлерді игерудің бастапқы жылын-

да-ақ егіс көлемі 44,2 мың гектар артты, 1955 жылы ауданда тағыда 103 мың гектар тың жер жыртылды. Ауданның ауыл шаруашылығының техникалық қарулануы негізінен өзгерді. 1954 жылы тракторлардың саны 4 есеге жуық, комбайндар — екі жарым есе, жүк автомашиналары 3,5 есе көбейді. 1956 жылы тек дәнді дақылдардың егіс көлемі 424 мың гектар болды. Ауданның көп колхоздары мен совхоздары 1956 жылы егіннен мол өнім алды.

Бұл ауданның Молотов атындағы колхозы 13 мың гектардан асатын барлық егіс көлемінің әрбір гектарынан орта есеппен 114 пұттан өнім алды, мемлекетке 1 миллион 100 мың пұт, яғни әрбір гектардан 80 пұттан астық тапсырды және сатты.

Ауданның колхоздары мен совхоздары мемлекетке 35 миллион пұт, соның ішінде совхоздар 26 миллион 260 мың пұт астық тапсырды және сатты. Рузаев ауданы бүкіл Қазақстанның 1953 жылы тапсырған астығының үштен бір бөлегінен артығын тапсырды.

Көкшетау облысының жанадан ұйымдастырылған Ленинград совхозы Қызылту ауданының ғасырлар бойы жан баспаған даласында құрылды. Бұл — совхозды аудан. Бұл ауданда егіс көлемі 310 мың гектардан асатын 13 ірі астық совхозы ұйымдастырылды. 1956 жылы бұл ауданның совхоздары мемлекетке 22 миллион пұт астық тапсырды және сатты.

Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь ауданы 1956 жылы 400 мың гектар егін салды, ал 1953 жылы бүкіл облыстың егіс көлемі осы мөлшерде болатын. Возвышенский, Ұзынкөл, Жданов совхоздары және басқа совхоздар да әрқайсысы мемлекетке 2 миллион пұттан астам астық тапсырды.

Республиканың көп аудандарының экономикасында осындай түбірлі өзгерістер болды. 1956 жылы 28 ауданның әрқайсысы мемлекетке 10 миллион пұттан астам, ал 13 аудан 20 миллион пұттан 35 миллион пұтқа дейін астық тапсырғанын айтса да жеткілікті.

Бүкіл еліміздегі сияқты Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі тапсырмалардың ойдағыдай орындалуы совет халқының үлкен шаруашылық жеңісі болумен қатар үлкен саяси жеңісі болып табылады.

Бұрын болып көрмеген қысқа мерзім ішінде республика еліміздің негізгі астық қазнасының біріне және мал шаруашылығын өркендетудің өте ірі базасына айналды. Қазақстан астық өндіру жөнінде Совет Одағында екінші орынға шықты, сөйтіп Украина сияқты өте ескі астық қазнасын басып озды.

1956 жылы республиканың колхоздары мен совхоздарының ірі табысқа қолы жетті. Мемлекетке 1 миллиард пұттан астам астық тапсырды және сатты, бұл — мемлекеттік жоспар бойынша көзделгенінен 402 миллион пұт артық. Бұл астық республиканың тың жерді игерместен бұрын өткен 11 жыл бойы тапсырған асты-



Алматы облысының «Қызылту» колхозында астықты бөлектеп жинау.

ғынан артық. Бағалы азық-түлік дақылы — жаздық бидай 885 миллион пұт тапсырылды немесе барлық дайындалған астықтың 90 проценті.

Қостанай облысы мемлекетке 280 миллион пұт астық тапсырды және сатты, бұл — еліміздің өте ірі астықты ауданы болып табылатын Кубаньның тапсырғанынан 2,5 есе артық. Ақмола облысы 180 миллион пұттан аса, Көкшетау облысы — 169,8 миллион пұт астық тапсырды.

Тың жер облыстары деп әділетті аталатын бес облыс — Қостанай, Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары — Қазақстанның миллиард пұт астығының есебінен мемлекетке 783,9 миллион пұт астық тапсырды және сатты, бұл — барлық тапсырылған астықтың 78 проценті. Ал үш-төрт жыл ғана бұрын Қазақстан 50—70 миллион пұт астық тапсырып отыратын және тек өгін бітік шыққан жылдары ғана астықты 100 миллион пұттан біраз артық тапсыратын. Астық өндіруде және мемлекетке астық тапсыруда Қазақстанның маңызы мүлдем мардымсыз еді. Еліміздің астық балансында республиканың алатын орны ең мықтағанда 2 процент еді, ал 1956 жылы Қазақстан мемлекет қоймаларына түскен барлық астықтың үштен бір бөлегіндейін тапсырды.

Астық өндіруде және республиканың экономикасында кәзір совхоздар үлкен орын алып отыр. Қазақстанның шексіз байтақ даласында бұл жылдардың ішінде 337 ірі астық совхозы құрыл-

ды. Қазақстан совхоздарының егіс көлемі үш жылдың ішінде 1953 жылғы 1,6 миллион гектардан 1956 жылы 11,3 миллион гектарға жетті, соның ішінде дәнді дақылдардың егіс көлемі 10 есе артып, 10,6 миллион гектарға жетті. Қазақстанның совхоздары 1956 жылы астықты 1953 жылғыдан 12 есе артық жинады.

1956 жылы дәнді дақылдардың егіс көлемінде совхоздардың үлес салмағы 45,5%, астықтың жалпы өнімінде 46 проценттен артық, ал товарлы өнімінде 52 процент болды. 1957 жылы МТС-тердің және жері көп колхоздардың негізінде 188 жаңа совхоз ұйымдастырылуымен байланысты совхоздардың маңызы арта түседі. Республиканың совхоздарында дәнді және жемшөп дақылдарының егіс көлемі 15 миллион гектардан асты.

Совхоздарға тән ерекшелік — олардың жоғары дәрежелі товарлылығы болып табылады. 1956 жылы совхоздар мемлекетке 520 миллион пұт астық тапсырды, бұл — жалпы өндірілген астықтың 78 проценті. Көп совхоздарда астықтың товарлылығы 80 процент және одан да артық болды.

Қостанай облысының совхоздары мемлекетке 174 миллион пұт немесе гектарынан орта есеппен 11 центнерден, астық тапсырды және сатты. Астықтың товарлылығы 1953 жылғы 51 проценттен 81 процентке жетті.

Қазақстанда астық шаруашылығы экономикалық жөнінен өте тиімді. Соңғы 10 жылдың ішінде Қазақстанның совхоздарында 1 центнер астықтың орташа өзіндік құны басқа республикалардың совхоздарындағыдан төмен болды. Жаңа жерлердің игерілуі астық өндірудің өзіндік құнын онан сайын кемітуге көмектесті. Тың жерлерде құрылған совхоздардың астығы неғұрлым арзанға түсіп отыр. 1954 жылы бір центнер астықтың өзіндік құны жоспардағыдан 4 сом кеміді. Қазақстанның МТС-терінде бір центнер заттай ақыға жұмсалатын шығын СССР бойынша жұмсалатын шығыннан төмен. 1954 жылы бір центнер заттай ақыға жұмсалған шығын республикада 56 сом болды, ал бүкіл Советтер Одағы бойынша 60 сом болды. Астықтың өзіндік құнын кемітуде республика 1956 жылы елеулі табыстарға жетті. Совхоздарда бір центнер астықтың өзіндік құны жоспар бойынша белгіленген 35 сом 68 тиынның орнына 29 сом 37 тиын болды. Өте ірі астықты облыстың — Қостанай облысының совхоздарында бір центнер астықтың өзіндік құны жоспар бойынша белгіленген 34 сом 60 тиынның орнына 26 сом 80 тиын болды. Көкшетау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарында бір центнер астықтың өзіндік құны жоспардағыдан 5—7 сом кеміді. Қостанай облысының өте ірі совхозы — «Железнодорожный» совхозында астықтың өзіндік құны центнеріне 18 сом 79 тиын болды. Астықты өткізуден совхоз 16 миллион сом таза пайда түсірді, ал бұл совхозды ұйымдастыруға жұмсалған шығындар 22 миллион сом болып еді.

Тың жерлерді игеруге және астық шаруашылығын өркендетуге мемлекет бірнеше миллиард сом жұмсады. Үш жылдың ішінде

республиканың ауыл шаруашылығы 16 мың шартты трактор, 60 мың комбайн, 70 мыңдай жүк автомашинасын, ондаған мың плуг, сеялка және басқа ауыл шаруашылық машиналарын алды. Қазақстан даласында мыңдаған километр темір жолдар мен тас жолдар салынды, жаңа элеваторлар, астық қоймалары салынды, көптеген жаңа поселкелер пайда болды.

Совхоздардың жоғары дәрежелі тиімділігі 1956 жылдың өзінде-ақ мемлекеттің оларды ұйымдастыруға және салуға жұмсаған шығындарын толық немесе едәуір мөлшерде өтеуге мүмкіндік берді. Совхоздардың астық өткізуден ғана түсірген пайдасы 1956 жылы бір миллиард сомдай болды.

Жаңа жерлердің игерілуі, астық шаруашылығының мықтап өрлеуі ауыл шаруашылығының барлық басқа салаларын, ең алдымен мал шаруашылығын өркендетуге, колхоздардың қоғамдық табыстары артуына, колхозшылардың әл-ауқат дәрежесін жақсартуға қолайлы жағдайлар тудырды. 1954 жылдың өзінде-ақ колхоздардың ақшалай табыстары 3 миллиард 600 миллион сом болды, бұл — 1953 жылғы табыстардан 1,5 миллиард сом артық. Колхозшылар өздерінің тапқан еңбек күндеріне 1953 жылдағыдан екі еседен артық ақша алды. Бір миллион сомнан астам ақшалай табыс тапқан колхоздардың саны екі еседей көбейді. Мысалы, Семей облысында барлық колхоздардың 70 проценті бір миллион сомнан астам ақшалай табыс алды.

Осы облыстың Ново-Покров ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артелі тың жерді игерудің бастапқы жылында астық өндіруді 7 есе арттырды. Ақшалай табыс 1953 жылғы 1,5 миллион сомнан 1954 жылы 8 миллион сомға дейін жетті.

1955 жылы қуаңшылық болып, егін нашар шыққанына қарамастан, ақшалай табыс 1953 жылдағыдан 700 миллион сом артық болды.

Колхоздар 1956 жылы мол табыс тапты. Олардың табысы 5 миллиард 750 миллион сом болды, республикада орта есеппен әрбір колхозға 2,6 миллион сомнан табыс келді. Колхоздардың 80 проценттен артығы миллионер колхоздарға айналды.

Қостанай облысында 200 артель 1956 жылы бір миллион сомнан астам табыс тапты. Облыстың Қостанай, Таран аудандарында барлық колхоздар дерлік миллионер колхозға айналды. Олардың көпшілігінің ақшалай табысы 7—8 миллион сомға жетеді. Облыстың ірі колхоздарының бірі — Таран ауданындағы Молотов атындағы колхоз (председателі Петренко жолдас) 18,5 мың гектардан астам дәнді дақыл, соның ішінде 16 мың гектар бидай егеді, ал 1953 жылы бұл колхоз бар болғаны 5 мың гектар дәнді дақыл егетін еді. 1956 жылы ауыл шаруашылық артелі дәнді дақылдардың барлық егіс көлемінің әрбір гектарынан орта есеппен 22 центнерден өнім алды, ал Иосиф Воргельдің бригадасында орта өнім гектарынан 33 центнерге жетті. Колхоз 1953 жылы мемлекетке 201 мың пұт астық тапсырған және сатқан болса, 1956

жылы 1 миллион 800 мың пұт астық тапсырды және сатты. 1956 жылы колхоздың табысы 20 миллион сом болды. Табыстың негізгі бөлегі — 93 проценті ең алдымен астық шаруашылығы есебінен түсті. Колхозшылар тапқан еңбек күндеріне мол табыс алды. Мысалы, колхозшы Евдокимов Николайдың семьясы 76 центнер астық және 50 мың сом ақша алды.

Сол ауданның Шевченко атындағы колхозы 10,7 мың гектар дәнді дақыл егісінің барлық егіс көлемінің әрбір гектарынан 27,7 центнерден өнім алды. Мемлекетке бір миллион пұттан астам астық тапсырды және сатылды. Колхоздың табысы 15 миллион сомға жетті, соның ішінде астық шаруашылығынан түскен табыс 14 миллион сомдай болды.

Қазақстанның астық шаруашылығының қаулап өркендеуі республика еңбекшілерінің үлкен жеңісі. Қазақстан егіншілерінің алдына үлкен және құрметті міндет — астық өндірудің жоғары дәрежесін бұдан былай да сақтау, астық шаруашылығының товарлылығын бұрынғыдан да арттыру міндеті қойылып отыр.

Бұл міндетті орындау үшін егіншілік мәдениетін әлдеқайда арттыру керек, жаңадан игерілген миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлердің құнарлылығын сақтау керек. Бұл үшін ғылыми-негізделген егіншілік жүйесін қолдану керек, дәнді дақылдар мен басқа да ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге жерді пайдаланудың неғұрлым тиімді тәртібін белгілеп, озат агротехниканы қолданып отыру керек.

Мол өнім алуға және астық өндірісін ұлғайтуға бағытталған агротехникалық шаралар жүйесінде ең таяу жылдар ішінде астық өндірудің жоғары дәрежесін және топырақтың құнарлылығы артуын қамтамасыз ететін дұрыс ауыспалы егістер енгізу, егістікті арам шөп басып кетуінен сақтандыратын, топырақта ылғалдың және қорек заттардың жеткілікті қоры жиналуына, жаңадан игерілген тың жерлердің құнарлығы сақталуын қамтамасыз ететін топырақты күтіп-баптаудың дұрыс жүйесін барлық жерде бірдей қолдану үлкен орын алуға тиіс.

Тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: Қазақстан жағдайларында топырақты өңдеу жүйесінде Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша өңделген, жаздық бидай үшін ең жақсы алғы дақыл болып табылатын парлардың өте зор маңызы бар.

Екінші, ал кейде тіпті үшінші дақылға арнап дағдылы жер жыртудың орнына топырақтың үстіңгі қабатын өңдеу пайдалы.

Зябь жырту арқылы топырақ өңдеу жүйесінде арам шөптерден таза жерлерде қайырмасыз терең жырту нәтижелі тәсіл болып шықты, бұл тәсіл топырақта ылғал мен қоректік заттардың жақсы жиналуын қамтамасыз етеді.

Республиканың жағдайларында егіннен мол өнім алу үшін ылғал жинаудың неғұрлым нәтижелі тәсілдерін қолданудың шешуші маңызы бар. Бұл шаралардың ішінде егіс алдында топы-



Алматы облысының жүгері тәжірибе танабында.

рақты дер кезінде өндеудің, борпылдақ топырақтарға мая басудың, парларда, жаздық бидай және басқа дақылдар егісінде биік сабақты өсімдіктерден ықтырма жасаудың, егінге қорған болатын орман алқаптарын егудің және басқа агротехникалық шаралардың айрықша маңызы бар.

Республикада кең көлемде механикаландырылған тәсілмен жүргізілетін қыста қар тоқтатудың үлкен маңызы бар.

Дәнді дақылдардың шығымдылығын арттырудың өте маңызды резерві — аудандастырылған ең жақсы сорттарды пайдаланып сортты тұқым себу, колхоздарда, совхоздарда және барлық тұқым шаруашылығында сортты тұқым шаруашылығын негізінен жақсарту болып табылады.

Астықтың жалпы түсімін арттырудың негізгі әдістерінің бірі — дәнді дақылдарды қысқа мерзім ішінде ысырапсыз жинап алу. 1956 және 1957 жылдары егінді бөлектеп жинауды кеңінен қолдану бұл тәсілдің өте тиімді екенін көрсетті. 1956 жылы Республиканың колхоздары мен совхоздарында бөлектеп жинау тәсілімен 2,5 миллион гектар егін жиналды. Мұның өзі әрбір гектардан кемінде 2—3 центнер қосымша астық алуға мүмкіндік берді.

Республиканың астық шаруашылығын өркендетудің ғылыми жағынан негізделген прогресшіл тәсілдерін қолдану, қолданылып жүрген машиналар жүйесін онан сайын жетілдіру, олардың жұмыс өнімділігін арттыру Қазақстанның астық шаруашылығын өр-

кендетуде қол жеткен табыстарды баянды етіп, онан сайын молайтуға мүмкіндік береді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің басшылығы арқасында Қазақстан астық өндіруді бұрынғыдан да гөрі арттыру, жоғары товарлы және рентабельді ірі астық шаруашылығын құру жолымен батыл алға басып келеді.



МАҚТА ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Мақта Оңтүстік Қазақстан облысында егіледі. Мақта шаруашылығы мұнда ауыл шаруашылығының жетекші саласы болып есептеледі. Мал шаруашылықты екі ауданды — Созақ пен Шаян аудандарын қоспағанда, облыс аудандарының барлығы мақта өсіреді. Облыстың топырақ-ауа райы жағдайлары бұл дақылды егуге өте-мөте қолайлы келеді.

Оңтүстік Қазақстан облысы — Совет Одағының ірі және келешекте шаруашылықтың бұл саласын бұдан да әрі дамытатын мақта шаруашылығы аудандарының бірі. 1956 жылы облыстың колхоздары мен совхоздары мемлекетке 1 936 мың центнер шитті-мақта өткізді. Бұдан 1 280 400 мың метр, немесе еліміздің әрбір жан басына 5 метрден астам мата тоқуға болады.

1962 жылы, орталық Мырзашөлде және Арыс-Түркстан каналдары құрылысы аяқталғаннан кейін, Оңтүстік Қазақстан облысы шитті-мақта өндіру жөнінде елімізде Өзбекстаннан кейінгі екінші орынды алады.

Қазақстанда мақта шаруашылығы ХІХ ғасырдың аяғынан, ХХ ғасырдың басынан бастап дами бастаған. Оңтүстік Қазақстан облысының Ташкент қаласына жапсарлас Келес және Сарыағаш аудандарының шаруалары басқалардан бұрын мақта еге бастады.

1907 жылы Ташкент-Орынбор темір жолы салынып біткеннен кейін Түркстан және Шымкент қалаларына жапсарлас аудандарда да мақта еге бастайды. 1910—1913 жылдары Мырзашөлде суландыру жұмысы жүргізілумен байланысты Мақтаарал ауданының территориясында (Славянка селосында) мақта егіле басталды.

1913 жылы Қазақ ССР-нің жерінде мақта егісінің көлемі 20,8 мың гектар болды. Мақта анайы тәсілдермен егілетін еді. Тұқым жүйектердің бойына немесе шашып себілетін еді. Мақташылар ауыл шаруашылық машиналары мен минералдық тыңайтқыштарды білмейтін. Мақташылардың жерді өңдейтін құралдары тек ағаш омаш пен кетпен ғана болды. Мақта егілген суармалы жер-

лер, негізінен алғанда, мақта егісін өңдеу үшін көп батрактар ұстап отырған ірі жер иелері — кулактар мен байлардың қарамағында болды. Бұлар өз жерінің едәуір бөлегін қатаң шарттар қойып, кедейлерге арендаға беріп отырды. Шайыркерлер (үлес алушылар) бұл үшін өнімнің тек төрттен бірін ғана алып келді.

Шитті-мақтаның өнімі гектарынан 3—4 центнерден аспады. Шитті-мақта Ташкент темір жолының Келес станциясындағы, Түркстан және Шымкент қалаларындағы мақта тазартатын қарапайым жекеменшік шағын заводтарда майдагерлік жолмен тазартылатын еді.

Бірінші империалистік соғыс кезінде Қазақстан аудандарында мақта егісінің көлемі шұғыл азайып, 1918 жылға қарай мүлде егілмейтін болды.

Совет үкіметі өзінің құрыла бастаған алғашқы күндерінен бастап, Орта Азияда, Закавказья және Оңтүстік Қазақстан аудандарында мақта шаруашылығын қайтадан өркендету жөнінде бірқатар нақтылы шаралар қолданды.

Түркстан мен Азербайжанда мақта шаруашылығын қалпына келтіру туралы РСФСР Халық Комиссариатының 1920 жылдың декабрь айының аяғында В. И. Ленин қол қойған декреттері мақта шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендетуге негіз қалады.

1921 жылдан бастап бұрынғы аудандарда мақта шаруашылығын қалпына келтірумен қатар, Мырзашөлдің жаңа тың жерлерін суландыру үшін ирригация құрылысын салу кең өріс алды. 1924 жылы жаңа жерлерде Совет Одағында 11 мың гектар суармалы жері бар тұңғыш «Мақтаарал» мақта совхозы құрылды. Бұл кезде Мақтаарал совхозы Мырзашөлдің шексіз құлазыған даласының ортасындағы мақталы арал сияқты еді (1-сурет). Бұдан кейін жапсарлас жерде ирригация құрылысы салынып, 15 мың гектар тың жерлер игерілді.

1925 жылға қарай Қазақстанда мақта егісінің көлемі 1913 жылғы соғысқа дейінгі дәрежесінен асып түсіп, 29 300 гектар болды.

Мақталы аудандарда 1925—1926 жылдардағы жүргізілген жер-су реформасы мақта шаруашылығын одан әрі өркендете түсуде қозғаушы күш болды. Өйткені, ірі бай, кулактардың қарамағындағы жерлерін кесіп алудың есебінен мыңдаған батрактар, жерсіз және жері аз мақташылар жерге ие болды.

1929 жылға қарай Қазақстанда мақта егісінің көлемі мен жалпы өнімі соғысқа дейінгі дәрежесінен екі еседен артық асып түсті.

Қазақстанның мақта шаруашылығында, бірінші бесжылдық бүкіл Совет Одағындағы сияқты СССР-дің мақта жөніндегі тәуелсіздігі үшін күрес ұранымен өтті, өйткені бұл кезде СССР-дің тоқыма өнеркәсібі жыл сайын 50 процентке жуық шетелден алынатын мақтаны өңдейтін еді. Елімізді индустрияландыру, шаруалардың бытыраңқы шаруашылықтарын коллективтендіру

бұл ең маңызды міндетті ойдағыдай орындау үшін берік негіз қалады. Мақта егісінде машиналар мен минерал тыңайтқыштарды кеңінен қолдану мақта егісінің көлемін тез ұлғайтуға және шитті мақтаның жалпы өнімін арттыруға мүмкіндік жасады.

Бірінші бесжылдықтың өзінде-ақ СССР мақта жөнінде тәуелділікті толық жойды. 1933 жылы СССР-дің тоқыма өнеркәсібі 2,6 процент қана шет елдік мақтаны пайдаланды. Осы зор табысқа Қазақстан мақташыларының қосқан үлесі едәуір еді.

Бұл уақыттың ішінде мұнда шитті-мақтаның жалпы өнімін жинауды арттыру және егіс көлемін ұлғайту жөнінде үлкен жұмыс істелді. 1932 жылы мақта шаруашылығы республиканың Оңтүстік Қазақстан облысынан басқа оңтүстік облыстарына да тарайды. Мақта егісі Талдықорған облысының Панфилов және Октябрь аудандарында, Қызылорда облысының Сырдария, Шиелі және Жаңақорған аудандарында, Жамбыл облысының Шу, Талас, Луговой, Свердлов, Жамбыл және Сарысу аудандарында егілетін болды.

1932 жылы мақта егісінің көлемі 133,8 мың гектарға жетті.

1935 жылы шитті мақтаның жалпы өнімі 72,6 мың тонна болды.

Алайда солшыл «бұрмалаушылар» бұл жылдардың ішінде «мақта егісінің дара дақылы» деген зиянды ұранды жүзеге асырып, ауыспалы егіс қолданбай және бұл аудандарда мақта егісінің көлемін шамадан тыс ұлғайтып жіберді, сондықтан мақта егісі өнімі шұғыл төмендеді. 1934 жылы мақта егісінің өнімі 1931 жылғы 6,04 центнердің орнына гектарынан 3,24 центнерге дейін төмендеп кетті.

Бұл зиянды практиканы партия мен Совет үкіметі қатаң сынады. 1934 жылдан бастап республиканың мақта егетін колхоздарында мақта-беде ауыспалы егісі қолданыла бастады. Мақта егісіне қолайсыздау ауа райы жағдайлары, Жамбыл, Талдықорған облыстарында қызылша егісінің және Қызылорда облысында күріш егісінің кең таралуы бұл облыстарда мақта егісінің көлемін бірте-бірте азайтып, кейін бұл облыстарда мақта егуді мүлдем тоқтатуға әкеп соқты.

Бірінші бесжылдықтың ішінде елімізді социалистік жолмен қайта құру мақта шаруашылығын онан әрі өркендетуге алғы жағдай жасады.

Мақта шаруашылығы ғасырлар бойғы дәрекі омаштан МТС-тер мен колхоздардың базасында қуатты тракторға көшті. Тракторларды пайдаланумен бірге, мақта егудің агротехникасында да түбірлі өзгерістер жасалды. Колхоздар қолмен себуден және жүйектеп шашып себуден машинамен қатарлап себуге көшті, бұл мақтаның өсу кезеңінде егіс аралықтарын қопсыту және минерал тыңайтқыштармен егісті үстеп қоректендіру үшін трактор және атқа жегілетін культиваторларды кеңінен қолдануға мүмкіндік туғызды.

Жаңа техника, жаңа социалистік қарым-қатынас, жаңа та-

маша адамдардың — социалистік мақта шаруашылығының шеберлерінің тез өсіп жетілуіне қолайлы жағдай туғызды. 1935 жылдың өзінде-ақ үздік өнім алуға жеткізген стахановшылар қозғалысы мақта шаруашылығын одан әрі өркендетуде үлкен маңызы болды. Қазақстанда мақта егісінен мол өнім алу жолындағы қозғалыстың алғашқы бастаушылары мақта шаруашылығының атақты шеберлері: совхоз бойынша гектарынан орта есеппен 20 центнерден өнім алған Мақтаарал совхозының директоры — Александр Семенович Орлов, әрбір гектарынан колхоз бойынша 25 центнерден астам шитті-мақта алып, мемлекетке өткізген Келес ауданы, «Қызыл әскер» колхозының председателі — Баубек Ермеков, звено бойынша гектарынан 46 центнерден артық шитті мақта алған, кәзіргі Сарыағаш ауданы, бұрынғы Келес ауданының «Красный восток» колхозының звено бастығы Ибакүл Қарақұлова еді. Бұл республикамыз бойынша ол кездегі ең жоғары өнім болатын. Бұлар 1935 жылы декабрьде Өзбекстанның, Тәжікстанның және басқа да мақта себетін республикалардың мақта шаруашылығы шеберлерімен бірге Кремльде партия мен үкімет басшыларының қабылдауында болып, мақта шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстары үшін басқалармен бірге жоғары үкімет наградасы — Ленин орденімен наградталды. Бұл мақта егісінің мол өнімі жолындағы республика мақташыларының арасында зор еңбек өрлеуін туғызды. Егер 1935 жылы гектарынан 20—25 центнерден мол өнім берген колхоздар және 40—46 центнерден өнім берген звенолар некен-саяқ болса, кейіннен ондаған колхоздар, жүздеген звенолар мен бригадалар да осындай көрсеткіштерге ие болды. Мақта шаруашылығының жеке озаттары гектарынан 60—70 және одан да артық центер шитті-мақта ала бастады.

Республикада гектарынан 100 центнер шитті-мақта алу жолындағы мақташылар қозғалысы тұңғыш рет осы жылдары қанат жайып, өріс алды.

Бұл тамаша қозғалысты бастаушылар Ильич ауданының Киров атындағы колхозының звено бастығы гектарынан 100,2 центнер шитті мақта алған Оразымбетов, Жүзжігітов, гектарынан 111,7 центнер мақта алып, бұрын болып көрмеген үздік өнім жинаған Келес ауданының «Қазақстанның XV жылдығы» атындағы колхоздың звено бастығы, Социалистік Еңбек Ері Ырысгүл Мақатова, гектарынан орта есеппен, звено бойынша 93 центнерден шитті-мақта жинап мемлекетке өткізген Мақтаарал совхозының Дзержинский атындағы бөлімшесінің звено бастығы, Социалистік Еңбек Ері Ұлтай Ділдәбекова, гектарынан өз звеноларында 80 центнерден артық шитті-мақта алған Келес ауданының мақташылары, Социалистік Еңбек Ері Оразгүл Бектұрғанова және Пілтән Мәміров, тағы басқалар болды.

Ірі ирригация жүйелері де сол жылдары салына басталды. 1931—1936 жылдары мақта егісіне арнап Шәуілдір және Құркелес алқаптарын суландыру жөнінде үлкен жұмыстар жүргізілді.

1939—1940 жылдары Мырзашөлде халық құрылысы әдісімен 40 мың гектарға дейін құнарлы жерлерді суландырған Үштоғай тармағы салынды. Осы жылдардың ішінде ғылыми-зерттеу мекемелерінің ұсыныстары мен алдыңғы қатарлылардың тәжірибесі негізінде мақта егісі агротехникасына бірқатар маңызды өзгерістер енгізілді.

Сортанданған немесе сортандануға бейім топырақты Мырзашөл жағдайында бұрын мақта егісін көлдетіп суару ғана ұсынылып келді. 1936—1937 жылдан бастап бұдан гөрі тиімді бораздалап суару әдісі қолданыла бастады. Мұның Мырзашөл жерінің мелиоративтік күйін жақсартуда зор маңызы болды.

Академик Вильямстың ұсынысы бойынша және Мақтаарал совхозы мен Мақтаарал тәжірибе станциясының тәжірибесіне сүйеніп отырып, мақталы аудандарда кеңінен тарап келген көктемде әлденеше қайтара жыртудан, 1939—1940 жылдардан бастап топырақта табиғи ылғалды өте жақсы сақтайтындықтан мақта егісінің жақсы көктеп шығуына мүмкіндік тудыратын бір рет жыртуға көшті. Келес, кәзіргі Сарыағаш ауданының «Красный восток» колхозы мақтадан мол өнім алып, жоғарғы көрсеткішке ие болғаны үшін «Құрмет белгісі» орденімен, ал Келес МТС-і жоғарғы үкімет наградасы — Ленин орденімен наградталды.

Республика колхоздары бойынша мақта егісінен соғысқа дейінгі кездің ішінде 1939 жылы ең жоғары өнім алынды. 99 705 гектар мақта егісінің гектарынан 11,3 центнерден өнім жиналды. Қазақстанда соғыс жылдары мақта егісінің көлемі де, сондай-ақ өнімі де едәуір азайып кетті.

Соғыс аяқталғаннан кейін шитті-мақта өндірудің соғысқа дейінгі дәрежесін барынша тез қалпына келтіріп, республикада мақта шаруашылығын одан әрі өркендете беру мақташылардың әрі жауынгерлік, әрі кезек күттірмейтін міндетіне айналды. Бұл төртінші бесжылдық жоспарында тиісті орын алды.

90 мың гектар жердің гектарынан 11,7 центнерден шитті-мақта алынып шитті-мақта өндірудің соғысқа дейінгі дәрежесіне 1950 жылға қарай қол жетті. Алайда шитті-мақтаны өткізу жөніндегі белгіленген жоспар бірнеше жыл бойы бүтіндейі республика бойынша алғанда орындалмай келді. Бесінші бесжылдықта гектарынан жоспар бойынша белгіленген 16,5 центнер орнына 13,6 центнер шитті-мақта алынып, 1953 жылы мақта егісінен ең жоғары өнім жиналды.

Суарылмалы жерлерде егілетін мақта түсімі жөнінде біздің республикамыз СССР бойынша мақта егетін республикалар арасында ең соңғы орын алып келген еді.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумінде жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев мақта түсімі жөнінде артта қалып келе жатқан колхоздарды қатарға тарту қажеттігін айта келіп, осы кезге дейін гектарынан орта есеппен 11—12 центнерден төмен түсім алып келе жатқан Қазақстанның мақта егетін кол-

хоздарының алдында тұрған маңызды мәселелерді ерекше көрсетті.

Оңтүстік Қазақстан мақта өсірушілері, мақта шаруашылығы қызметкерлерінің Ташкентте болған кеңесіне қатысушылардың үндеуін талқылап, мақта өсірудің жаңа прогрессивтік әдістерін кең енгізу және шитті-мақта өндірудегі артта қалушылықты жою жөнінде бірқатар практикалық шараларды қолданып келеді.

Тәжікстан мақташыларының үлгісі бойынша тарқатарлы және шаршы ұялы егу мен тоғыспалы күтіп-баптау әдісі енгізіле бастады.

Егер 1954 жылы 9 284 гектар жерге мақта тарқатарлы әдіспен себілсе, 1955 жылы барлық мақта егісі осы әдіспен себілді. Шаруашылықтар қатараралығының кеңдігі 70 см болып келетін бұрынғы әдістен мүлде бас тартты.

1954 жылы шаршы-ұялы әдіспен 3 000 гектар, 1955 жылы 24 мың гектар, ал 1956 жылы 58 мың гектар мақта себілді. Мақтаның тарқатарлы егісін күтіп-баптау және жинау үшін бұрынғы бар машиналарды қайта бейімдеу, сол сияқты жаңа тракторлармен, культиваторлармен және мақта жинайтын машиналармен қамтамасыз ету жөнінде мемлекет мақта егетін МТС-терге, колхоздарға, совхоздарға үлкен жәрдем көрсетті. Мақтаарал совхозының тәжірибесіне сәйкес 1952 жылдан бастап облыс колхоздары мен совхоздары үстеп қоректендіргенде органикалық-минералдық қоспалар кеңінен қолдана бастады. Осы әдісті және басқа да озат тәсілдерді кеңінен қолдану 1956 жылы мақта егісінің өніміне қолайлы әсерін тигізді.

Алтыншы бесжылдықтың бірінші жылы республикамызда мақта шаруашылығын күрт өркендетудің жылы болды. Көптеген жылдардан бері тұңғыш рет Қазақстан колхоздары мен совхоздарының мақташылары СССР-де алдыңғылардың бірі болып, мемлекетке шитті мақта өткізудің жоспарын мерзімінен бұрын орындады. 1 936 мың центнер, яғни соғысқа дейінгі 1940 жылға қарағанда 2,5 есе көп шитті-мақта өткізді, сонымен қатар 80 проценттен астам шитті-мақта бірінші сортпен өтті. Орташа есеппен алғанда республика 109 650 гектар мақта егісінің гектарынан 1955 жылғы 11,5 центнердің орнына 17,6 центнерден өнім алды.

Мақтадан мол өнім өсіруде барлық 17 мың гектар мақта егісінің гектарынан 27,5 центнерден шитті-мақта алған Ильич ауданының колхоздары зор табысқа ие болды. Мырзашөлдің суармалы жаңа жерлерінде орналасқан Бірінші Жетісай МТС-нің колхоздары 4 600 гектар мақта егісінің гектарынан 36,5 центнер шитті-мақта жинап, мемлекетке өткізді, ал «III Интернационал» колхозы 750 гектар мақта егісінің гектарынан 44,6 центнерден шитті-мақта жинап, үздік өнім алды.

Республикада мақта егісінің өнімі артуына агротехниканы едәуір жақсарту, кейін егісті екі бағытта өңдей отырып, өндіріске шаршы-ұялы әдіспен себуді енгізу көп жағынан қолайлы

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

- — — Республика шекарасы
- — — Кәзіргі каналдар
- — — Жобаланған каналдар
- — — Кәзіргі темір жолдар
- — — Жобаланған темір жолдар
- — — Кәзіргі негізгі тас жолдар
- — — Жобаланған негізгі тас жолдар

Суарылатын аймақтар

- ▨ Кәзір суарылатын
- ▨ Жобаланған жайылып суарылатын
- ▨ Жобаланған машина арқылы суарылатын
- ▨ II кезегі
- 85 Сандармың га көрсетеді

**МЫРЗАШӨЛ
ИРРИГАЦИЯ ЖҮЙЕСІНІҢ
СХЕМАЛЫҚ КАРТАСЫ**



Мырзашөл ирригация жүйесінің схемалық картасы

мүмкіндік жасады. Республика мақта шаруашылығының тарихында тұңғыш рет мақта егісіне арнап барлық егістік жер зябь етіп, терең жыртылды. Барлық аудандарда мақта ең қысқа мерзімде — 7—10 жұмыс күні ішінде егіліп болды. Бүкіл егістікте өткен жылдарға қарағанда 10—15 күн бұрын мақта біркелкі көктем шықты және күту жөніндегі барлық жұмыстар өткен жылдардағы мерзімнен едәуір ерте жүргізілді. Мақта егісінің 70 проценттен артығы органикалық-минералдық қоспамен үстем коректендірілді.

Мақта егісін шаршы-ұялап себу әдісі 58 мың гектардан астам жерде қолданылды. Мақта өсірудің бұл прогрессивтік әдісі мақта егісінің өнімін гектарына 2 центнерден 7 центнерге дейін арттырады және мақта алуға кететін еңбек шығынын күрт азайтады, ал мұның жұмысшы күші көп жетіспейтін мақта себетін колхоздар үшін ерекше маңызы бар.

Бұл жөнінде Киров ауданы колхоздарының жұмыс тәжірибесіне тоқтап өту керек. Бұл колхоздар жұмысшы күші жетіспегендіктен өткен жылдары мақта егісін деркезінде сиретіп, баптай алмады, осының салдарынан шаруашылықтар мақтадан аз өнім алды. Ұзына-көлденең машинамен өңдеуді кеңінен қолданудың арқасында өткен жылы колхоздар егісті күту ісін деркезінде жүргізді. Сөйтіп мақта егісі өнімін 1955 жылғы 7 центнерден 1956 жылы гектарынан 20 центнерге дейін арттырды.

702 гектар мақта егісінің 600 гектарын шаршылы-ұялы әдіспен еккен сол ауданның Жданов атындағы колхозы 1955 жылғы 4 центнердің орнына 1956 жылы гектар басына 23,4 центнерден шитті-мақта алды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі Оңтүстік Қазақстан облысы мақташыларының қажырлы еңбектерін жоғары бағалады. СССР Жоғарғы Советі Президиумының указына сәйкес мақта өсірудегі тамаша табыстары үшін 15 мақташыға Еңбек Ері атағы берілді. Жаңа Еңбек Ерлерінің арасында Мақтаарал ауданы, Ворошилов колхозының звено бастығы Толыш Асылбекова, Мақтаарал совхозының бөлімшелер басқарушылары Н. Есентаев, Ф. А. Орлов, «III Интернационал» колхозының председателі Ли, Ильич ауданының Аманкелді колхозының председателі А. Усманов жолдастар және т. б. бар. 1956 жылдағы табыстар үшін жүздеген озат мақташылар, партия, совет, ауыл шаруашылық органдарының қызметкерлері мен ауыл шаруашылық мамандары Совет Одағының ордендері және медальдарымен наградталды.

Алайда 1956 жылғы облыс мақташыларының табысы КПСС XX съезінің алтыншы бесжылдықта мақта өндіруді арттыру туралы қарарларын орындау жолындағы алғашқы қадам ғана болды.

Оңтүстік Қазақстанның мақташылары 1957 жылы өздеріне әрі зор, әрі құрметті міндеттеме — әрбір гектардан 20 центнерден мақта өсіріп, мемлекетке кемінде 2 100 мың центнер шитті-мақта өткізуге міндеттеме алды.

Өз міндеттемелерін орындау жолында күресе отырып, олар

мақта егісін биылғы жылы көктемде 6—8 жұмыс күні ішінде тек жыртылған зябьке ғана септі, бұл өткен жылғыдан 10—12 күн ерте еді.

Алтыншы бесжылдық жоспар мақта егісінің көлемі мен өнімін онан әрі арттыра беруді белгілеп отыр. 1960 жылға қарсы Қазақ ССР-і бойынша шитті-мақта өндіру мақта егісіне арнап жаңа тың жерлерді игеру есебінен, сондай-ақ бұл бағалы дақылдың өнімділігін арттыру есебінен 2,3 есе өсуге тиіс.

Бадам су қоймасы бар Арыс-Түркстан каналы құрылысын салуды аяқтау мақта егісіне арнап 45 мың гектар жаңа тың жерді суландыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен Арыс-Түркстан аймағы республиканың мақта себетін негізгі аудандарының бірі болады.

Алтыншы бесжылдықта жаңа тың жерлерді суару жөнінде Мырзашөлде үлкен ирригация жұмыстары жүргізіледі. 27 мың гектардан астам егісті суландыратын Жетісай, Арнасай, Қызылқұм тармақтары ирригация құрылысын салу таяудағы жылдардың ішінде аяқталады. Мұнда кәзірдің өзінде-ақ үш мақта совхозы ұйымдастырылды. Сөйтіп Киров атындағы бас каналға жапсарлас құнарлы жердің барлық массивін суландыру толық аяқталады.

Осы бесжылдықтың ішінде туысқан Өзбекстанмен тізе қоса отырып, Мырзашөлде жаңа орталық магистралды канал салынады. Бұл Мырзашөлдің Қазақстанға қарайтын бөлігінің территориясында 73 мың гектардан астам құнарлы тың жерді суландыруға мүмкіндік береді.

Бұл жерлерде Мақтаарал совхозының типі бойынша сегіз ірі мақта совхозы құрылады.

1962 жылға қарай Мырзашөлдің Қазақстан территориясындағы массивін суландыру толық аяқталатын болады. Мұнда 1956 жылғы 53 мың гектардың орнына 100 мың гектардан астам мақта егісі болады.

Мақта егісінің көлемі ұлғайып, өнімділігі артумен байланысты мұнда ірі мақта өнеркәсібі құрылады. Кәзіргі бар үш мақта тазалайтын заводтан басқа, 1962 жылға қарсы тағы да он бір завод салынып бітілуі керек.

Құлазыған Мырзашөл совет халқының жігері арқасында таяу жылдардың ішінде тек Қазақстан бойынша ғана емес, сондай-ақ бүкіл Совет Одағы бойынша да мақта шаруашылығының негізгі базаларының біріне айналады.

Облыс бойынша бүтіндей алғанда мақта егісінің көлемі 1962 жылға қарай бір жарым есе, ал шитті-мақтаның жалпы өнімі 2,3 еседен астам артады. Сөйтіп, Қазақстан мал шаруашылығының өнімі мен астық өндіру жөнінен ғана емес, сондай-ақ мақта өндіру жөнінде де еліміздің негізгі базаларының біріне айналады.

КАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ



Кант қызылшасы Қазақстанның оңтүстігінде — Алматы, Жамбыл, Талдықорған облыстарында өсіріледі. Егіс негізінен Тянь-Шань тауының етегіне, Түркстан Сибирь темір жолының бойына егіліп келеді.

Қызылша егетін колхоздар аймағының топырағы негізінен қызылқоңыр сұр топырақты, шалғындық топырақ және құнарлылығы, басқа қасиеттері жөнінен айырмашылығы үлкен осы топырақтардың әртүрі болып келеді. Тіпті бір ауданның, бір колхоздың өзінде де топырақтың бірнеше түрлерін кездестіруге болады. Бұл топырақтар структурасыз немесе структурасы нашар болады. Механикалық құрамы жағынан топырақтың көпшілігі саздақ, ауыр саздақ, ішінара құмдақ топырақ болып келеді, топырақ асты қабаты — борпылдақ сары топырақ, малтатас, құм.

Ыза суы, кейбір жеке аудандарды қоспағанда, өте тереңде жатады. Көкшілтүсті-шабындық, орта және ауыр саздақ топырақ кант қызылшасы үшін ең жақсы топырақ болып есептеледі. Олардан мол өнім — гектарынан 500—600 центнерден алынады, ал агротехника жақсы қолданылса, өнімді екі есе арттыруға болады. Азоттың, фосфордың, калийдің және өсімдіктер қорегінің басқа элементтерінің едәуір қоры болуына байланысты бұл топырақтардың потенциалды құнарлылығы орасан үлкен.

Климат жағдайы жөнінен суармалы қызылша егетін аудандар қоңыржай, құан дала аймағына жатады, түсетін жауын-шашын мөлшерінен булануы әлдеқайда басым келеді, көктемде күн тез ысыйды, жазы ыссы, құрғақ және жазғытұрым мен күзде күн райы кенет жылып, суып құбылмалы болып отырады. Жауын-шашын, әсіресе, күз айларының екінші жартысында, қыста және ерте көктемде түседі, жазда тіпті жауын жаумайды дегуге болады.

Көктем әдетте ерте, февральдың аяқ шенінде және мартта басталады да, сонынан апрельде, майда күн суытып кейде қар түседі, суық ұрады.

Жазда ауа райы күндіз 40 градусқа, тіпті одан да жоғары градусқа жететін тұрақты, ашық, ыссы және құрғақ болады.

Күзде ауа райы құбылмалы болады: октябрьде күн қатты суып кетеді де, кейін жылы, құрғақ күндер болады.

Қызылша егетін аудандар егістікті суаруға еріген қардан, еріген мұздан және қар-мұздан су алатын өзендерді пайдаланады. Мұндай өзендерде су мөлшері ауа райы жағдайына байланысты болады. Еріген қардан су алатын өзендерде февраль және май айында, еріген мұздан су алатын өзендерде июнь мен июльде су өте мол болады.

Қар мен мұздан су алатын өзендер қант қызылшасы егістігін үнемі қамтамасыз етеді. Өйткені мұндай өзендер екі рет — апрель-майда қар суынан және июнь мен июльде еріген мұз суынан тасиды.

Суармалы егіншілікті аудандар топырақ пен ауа райының жағдайын қолайлы пайдалана білсе, қант қызылшасынан әрі мол, әрі тұрақты өнім алуға болады, көп жылғы тәжірибе осыны айқын көрсетіп отыр.

Қант қызылшасы — бағалы өсімдік. Оның тамырынан адамға қажетті негізгі тамақтардың бірі — қант алынумен қатар, қызылша-қант өндірісінің қалдықтары малға жақсы сулы азық болады.

Қант қызылшасының бір гектарынан 350 центнер өнім алынғанда 49—52 центнер таза қант, 10—12 центнер сірне, 290—300 центнер жом және 80—100 центнер жапырақ-сабақ алуға болады.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының аяқ кезінде Алматыға таяу аудандарда қант қызылшасы егістігіне бақылау жүргізгенде суармалы жерде қант қызылшасы жақсы өсіп, оның қанттылығы 20 процентке дейін жететіндігін көрсетті.

Бірақ қант заводтары иелерінің бәсекелестігі Россия шет аймақтарында қызылша егісін дамытуға кедергі жасады. Осы жағдайға байланысты революцияға дейін Қазақстанда қант қызылшасы егістігі көп тараған жоқ.

Совет өкіметі орнағаннан кейін 1924 жылы Қазақстанның оңтүстік аудандарында суармалы жерге қант қызылшасының тәжірибе егістігі салынды. Қант қызылшасының тәжірибе егістігі, әсіресе, 1930—31 жылдары кеңінен дами бастады.

Алматы қызылша тәжірибе селекциялық станциясының тәжірибе егістігінде, Алматы облысының Іле, Қаскелең және Жамбыл облысының Мерке аудандарының бірқатар колхоздарында әрбір гектардан орта есеппен 200 центнерден, жалпы алғанда бір гектардан 142 центнерден 294 центнерге дейін түсім алынды.

Қант қызылшасының шығымдылығы мен қанттылығы жөнінен тәжірибе егістіктерінде жақсы нәтиже алынды; 1932 жылы Жамбыл облысында Мерке және Жамбыл, Талдықорған облысында Талдықорған қант заводтары бір мезгілде салына бастады. Сонымен қатар қант заводтарының қасынан үш қант совхозы — Талдықорған, Мерке және Жамбыл совхоздары ұйымдастырылды.

Қант өнеркәсібінің жедел дамуы Қазақстан колхоздарында қызылша егуді де сондай тез қарқынмен ұйымдастыруды талап етті. Бұл міндет көңілдегідей орындалды. Мәселен, Мерке қант заводы жұмысқа кіріскеннен кейінгі екінші жылы 169 жұмыс күніне қызылшамен қамтамасыз етілді.

Мерке, Талдықорған және Жамбыл қант совхоздары колхоздарға қант қызылшасының егістігін енгізуде үлкен маңызы болды. Олар колхоздарға жақсы өркендеген мал шаруашылығы бар, қант қызылшасын өсіруге маманданған механикаландырылған ірі ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырудың үлгісін көрсетті. Олар Қазақстан колхоздарын қант қызылшасының жергілікті жағдайда өсірілген тұқымымен жабдықтады.

Қызылша совхоздарының тракторлары және басқа күрделі ауыл шаруашылық машиналары болды. Егіс жұмыстарының 90 проценті механикаландырылды. 1932 жылы-ақ совхоздарда осы уақытқа дейін қолданылып келе жатқан, шөптанапты ауыспалы егіс енгізілді.

Алғашқы үш жылдың ішінде совхоздарда өнім төмен болды, мұны 1-таблицадан көруге болады (гектарынан центнер есебімен):

1-таблица

	1933 ж.	1934 ж.
Қант қызылшасы	58	87
Қызылша тұқымы	2,9	5,1
Дәнді дақылдар	3,2	8,8

Қант совхоздары 1936 жылдан бастап Қазақстан колхоздарын қызылша тұқымымен толық қамтамасыз етті, ал 1937 жылдан бастап тұқыммен Алтай өлкесін де жабдықтай бастады.

Алматы облысының Қаскелең және Іле аудандары, Жамбыл облысының Жамбыл, Мерке және Свердлов аудандары, Талдықорған облысының Талдықорған ауданы 1932 жылы Қазақстанда қызылша еккен тұңғыш аудандар еді. Бұл аудандардың қант қызылшасы егісінің көлемі 2 200 гектар болды, гектарынан орта есеппен 50 центнерден түсім алынды.

Екінші және соғыс алдындағы үшінші бесжылдықтар кезінде Қазақстан колхоздары мен совхоздарында қант қызылшасы егістігінің көлемі мен шығымдылығы кенет артты (2-таблица).

2-таблица

Жылар	Егіс көлемі (гектар есебімен)	Қант заводтарына өткізуі бойынша түсім (гектарынан ц. есебімен)	Қызылшаның барлық түсімі (мың центнер есебімен)
1932	2 200	50	110
1937	13 000	264	3432,0
1940	14 500	264	3828,0

1937 жылғы (екінші бесжылдықтың аяғы) қант қызылшасы егісінің көлемі жөнінен Қазақ ССР-ы Украина ССР-ы, РСФСР және Қырғыз ССР-ынан кейінгі төртінші орынға шықты.

Қант қызылшасы егісінің көлемінің тез өсуіне Мерке және Талдықорған қант заводтарының құрылысы бітіп, 1934 жылы жұмысқа кірісуі әсерін тигізді. Сонымен қатар екінші бесжылдықта республикада қызылша егетін аудандардың саны едәуір көбейді. Егер 1932 жылы қызылша егісі бес ауданда ғана болған болса, 1937 жылы қызылша республиканың 12 ауданында егілді. 1932 жылы құрылған Талдықорған, Мерке және Жамбыл совхоздары 1937 жылдың өзінде қант қызылшасының өнімін колхоздардан екі есе артық алды. Мәселен, фабрикаға тапсырылатын қызылшаның өнімі гектарынан 437 центнер, тұқымдық қызылша 450 центнер және қызылша тұқымы гектарынан 25,3 центнер болды.

Қант қызылшасының өнімділігі жөнінен Қазақстан 1937 жылы елімізде Қырғыз ССР-ынан кейінгі екінші орынға шықты.

Екінші бесжылдықта өнім 1932 жылмен салыстырғанда 561 процент артты. Бұл республика қызылша өсірушілерінің қызылша дақылын егу пайдалы екендігін дәлелдеген ірі жеңісі болды. Қысқа мерзімнің ішінде қант қызылшасы колхоз өндірісінен мықты орын алды.

1932 жылы ұйымдастырылған Алматы тәжірибе селекциялық қызылша станциясы қызылша өсімдігінің биологиясын және оның баптау тәсілдерін қызылша егетін жеке аудандардың ауа райы мен жер жағдайына байланыстыра білуде едәуір үлес қосты. Бұл қант қызылшасының шығымдылығын арттыруға және қант өндіруді көбейтуге әсерін тигізді.

Колхозда өсірілетін қант қызылшасын «Главсахар» контрактация жасап алып отырды.

Колхоздар қант заводтарымен шарт жасап, аванс ретінде ақша және қант алатын болды. Қант қызылшасының дайындау жоспарын орындағаны үшін колхоз председателіне, бригадирлерге, трактор бригадасының қызметкерлеріне сыйлықтар, колхозшыларға қосымша ақы тағайындалды. Осының барлығы колхоз өндірісінің бұл саласын дамытуда колхоздардың, колхозшылардың және МТС қызметкерлерінің материалдық ынталылығын арттырды.

1935 жылы Украинада басталған бесжүздіктердің қозғалысы Қазақстан қызылша өсірушілерінің арасына кеңінен тарады. Қазақстанның озат қызылша өсірушілері Мария Демченкомен бір мезгілде егістің әрбір гектарынан мың центнерден қант қызылшасын алуға болатындығын дәлелдеді. Мәселен, Талдықорған ауданының «Екпінді» колхозының қызылша өсірушісі Нұрипа Досқожанова егістің гектарынан 1 119 центнер өнім алды. Жамбыл облысындағы Свердлов ауданының Ленин атындағы колхоздың звено бастығы Сәмен Өтепбергенов суармалы егістің гектарынан 1 410 центнерден өнім алды.

1937 жылы республикада егістің гектарынан 500 центнерден және одан да мол қызылша өнімін алған 350-ден астам озат қызылша өсірушілер болды.

1935 жылы Қазақстан қызылша өсірушілері арасында басталған стахановшылар қозғалысы республикада қант қызылшасының шығымдылығын одан әрі арттыра беруге зор ықпалын тигізді. 1939 жылы қант қызылшасының өнімі гектарынан 288 центнерден болып, Қазақстан СССР-де қызылшаның шығымдылығы жөнінен екінші орынға ие болып отыр.

Сөйтіп, өте қысқа мерзім ішінде біздің республикамыз еліміздің шығысында қант өнеркәсібінің дербес базасына айналды.

1941 жылы Қазақстан халық шаруашылығының бейбіт дамуына келерлік Германияның біздің Отанымызға опасыздықпен шабуылы жасауы кедергі келтірді. Соғыс Қазақстанда қант өнеркәсібінің дамуына түбірінен өзгертті.

Советтік Украинаның және РСФСР-дың бірқатар облыстарының уақытша жау қолында қалуына байланысты Қазақстан алдына қызылша егу мен қант өнеркәсібінің даму қарқынын едәуір арттыру, СССР территориясының бір бөлімінің уақытша жау қолында қалуына байланысты болған қант қызылшасы өнеркәсібіндегі олқылықты толықтыру міндеті қойылды. Осымен бір мезгілде республикада қант қызылшасының тұқымымен тек өзін ғана емес, сонымен қатар басқа жана аудандардың да тілектерін қамтамасыз ететін одақтық маңызы бар қызылша тұқымы шаруашылығының базасын құру, сол сияқты басқыншылардан азат етілген қызылша егетін аудандар үшін тұқым қорын жасау қажет болды.

Колхозшылардың қажырлы еңбегі және партия мен совет ұйымдарының ұйымдастыру жөніндегі қызметтері қызылша егуді дамыту жөніндегі қойылған міндетті жетістікпен орындап шығуды қамтамасыз етті. 1942 жылдың өзінде Қазақстанда қант қызылшасының егіс көлемі 46 400 гектар болды, яғни 3,1 есе, ал қант қызылшасы тамырының жалпы түсімі 2,5 есе артты.

Сонымен бірге Қазақстан қызылша тұқымы шаруашылығының ірі базасына айналды. Тұқымдық қызылша мен көшетінің егіс көлемі 1941 жылы 1 490 гектар болды. 1942 жылы 6 677 гектар, яғни 4,5 есе артты. Қызылша тұқымының жалпы түсімі 1941 жылғы 27 700 центнерден 1942 жылы 81 000 центнерге дейін артты. Қызылша тұқымын дайындау 1942 жылы тұңғыш рет, совхоздардан басқа, республиканың колхоздарында да ұйымдастырылды.

Қант қызылшасы егісі көлемінің өсуімен қатар қант өнеркәсібінің материалдық-техникалық базасы да өсе берді. Жамбыл, Мерке және Талдықорған қант заводтарының өндірістік қуаты арта берді. Соғыс жылдарында Алматы, Қарабұлақ қант заводтарының және Жамбыл шақпақ қант заводының құрылыстары басталды.

Алайда соғыс жылдары қант қызылшасының өнімі едәуір кеміп, 1943 жылы гектарынан 43 центнер, 1944 жылы — 70 центнер, 1945 жылы — 94 центнер болды.

Отан соғысы бітісімен 1946 жылы қант қызылшасының егісін шөптанапты ауыспалы егісте ең тиімді орналастыру мақсатымен егіс көлемін 1942—1945 соғыс жылдарымен салыстырғанда ішінара қысқартып, аз уақыттың ішінде қант қызылшасының түсімін соғыстан бұрынғы дәрежесіне жеткізіп, одан асып түсу белгіленді. Колхоздарда қызылша тұқымын дайындау қызылша совхоздарына ғана жүктелді.

Еліміздің бейбіт даму жағдайына көшуі республиканың қызылша егетін аудандары мен қант өнеркәсібінің алдына социалистік шаруашылықтың одан әрі гүлденуіне, еңбекшілердің материалдық және мәдениет дәрежесінің өсуіне тікелей байланысты жаңа зор міндеттер қойды.

Соғыстан соңғы бесжылдықтар кезінде Қазақстанның қызылша өсірушілері едәуір табыстарға жетті. Қант қызылшасының егіс көлемі бесінші бесжылдықтың аяғында (1955 жылы) 1940 жылдан 10,1 мың гектар артты. Егіс көлемінің өсу қарқыны мен қант қызылшасының шығымдылығын 3-таблицада келтірілген мәліметтерден көруге болады.

3-таблица

Жылдар	Қызылшаның көлемі (мың гектар есебімен)	1940 жылға салыстырғанда (процент есебімен)	Түсімі (гектарынан центнер есебімен)
1940	14,5	100,0	246
1946	18,0	124,0	157
1950	20,0	137,9	254
1955	25,0	172,4	205
1956	26,0	179,3	305

Қант қызылшасының шығымдылығының өсуі және жалпы түсімінің артуы — МТС-тің техникамен қарулануының едәуір өскендігінің нәтижесі. Төртінші бесжылдықта қызылша егетін аудандардың МТС-тері қант қызылша егісін терең жырту үшін көптеген қуатты жыланбауыр тракторлар, қызылшаны егу мен жинауды кеңінен механикаландыратын отамалы тракторлар алды.

Бесжылдықтың аяғында, 1950 жылы, қызылша егісінде механикаландыру дәрежесі мынадай болды (процент есебімен):

1. Терең жырту 100
2. Егу алдындағы культивация 100
3. Қызылшаны егу 100
4. Қызылшаны шабықтау 43
5. Қызылшаны шоктау 2,5
6. Үстеп қоректендіру 85
7. Қатараралықтарды копсыту 86
8. Қызылша қазғыштармен қызылшаны жинау 83
9. Қызылшаны автомашинамен тасу 86

Бірақ осы уақытқа дейін колхоздардың көпшілігінде егетін бір гектарына жұмсалатын еңбек әлі де көп, гектарына 100—135 адам-күнге көбейді. Әсіресе қызылшаны сирету, тексеру, қызылша қатары арасындағы грампөптерді жуу, жинау, тиеу және түсіру жұмыстарына көп еңбек жұмсалды.

Соғыс кездерде қызылша егетін МТС-тер жаңа машиналармен, отамалы тракторлармен, қоректеуіштермен, қызылша комбайндарымен, қызылша тиегіштермен жабдықталды. Озат колхоздарына тәжірибесі осы машиналарды қызылшаны баптауға келіне қолданса, бір гектарға жұмсалатын еңбекті 50—60 адам-күнге қысқартуға болатындығы көрсетті. Ал, қант қызылшасын шұғыл-уызды себу тәсіліне көшуге байланысты, комплексті ме-ханисацияландыруды енгізуге және еңбек өнімділігіне арттыруға байланысты таяу арада бір гектарға жұмсалатын еңбек 35 адам-күнге дейін кеміп, қызылшаның шығымдылығы едәуір артады.

Қызылша өсіріліп озаттар қант қызылшасының шығымдылығын арттыруға үлкен үлес қосты. 1949 жылы қызылша өсірушілердің 1073 звеносы егетін бір гектарына 400 центнерден өнім жинады.

Талдықорған ауданының «Первое мая» колхозының звено бастығы Социалистік Еңбек Ері О. К. Тонаженко 1949 жылы қант қызылшасының шығымдылығынан дүниежүзілік рекорд жасалды. Ол өзінде участогінде бір гектарына 1515 центнерден қызылша алды.

Соғыстан кейінгі төртінші және бесінші бесжылдықта кезінде қант қызылшасына жоғары өнім алудағы үздік табыстары үшін Қазақстанның 120 қызылша өсірушісіне Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 2000-ға жуық адам Совет Одағының ордендерімен, медальдарымен наградталды.

Коммунистік партияның XX съезінің тарихи шешімдерін іс жүзінде асыра отырып, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі 1956 жылы маусымда «Қант қызылшасының өндірісі және қант өндіруді арттыру жөніндегі шаралар туралы» қаулы алды. Бұл документте 1956—1960 жылдары қант қызылшасының өндірісіне арттыру жөнінде кенеітілген программа белгіленді.

Қазақстан алтыншы бесжылдықтың аяғында 12 миллион центнер қант қызылшасын өндіруі керек.

Үстіміздегі бесжылдықта Жамбыл облысында Шу қант заво-ды салу белгіленіп отыр.

Колхоздар мен колхозшыларды қант қызылшасын өндіруде материалдың жағына ынталандыру мақсатымен қант қызылшасының дайындау бағасы 60 процент арттырылды. Қазақстан колхоздары үшін бір центнер қызылшаның дайындау бағасы 21 сом болып тағайындалды, ал контрактация жоспарына артық тапсырылған қант қызылшасына дайындау бағасының үстіне 50 процент мөлшерінде ақшадай қосымша сыйлық беріледі.

Қант қызылшасының өнімі кәзіргі қызылша егетін аудандар-



Алматы облысы Каскелең ауданындағы Абай атындағы колхозда қант қызылшасын жинау.

дың қызылша егісінің көлемін арттыру және түсімін көбейту есебінен арттырылады.

Бұрынғы қызылша егетін аудандарда алтыншы бесжылдықта суармалы жер 33 мың гектар өседі. Бұл жерлер жаңадан салынатын ирригациялық системалар және арық жүйелері қалпына келтірілетін бұрынғы егістіктер есебінен сумен қамтамасыз етіледі. Алтыншы бесжылдықта Жамбыл, Свердлов және Талас аудандары үшін Терісащыбұлақ су қоймасын, Жамбыл облысының Мерке және Луговой аудандары үшін Үлкен Шу каналын, Талдықорған облысының Киров ауданындағы Көксу суландыру каналын салып бітіру жоспарланып отыр. Бұлар салынып біткенде, бұл аудандардың колхоздарына су жеткілікті болады, қант қызылшасы егісінің көлемін арттыруға мүмкіншілік туғызады.

Таяудағы 1—2 жылдың ішінде топырақты баптаудың дұрыс системасымен қатар шөптанапты ауыспалы егіс және тыңайтқыш қолдану барлық жерде енгізіледі. Терең жыртылып тыңайтылған, топырағы жақсы бапталған зябьке қант қызылшасы өте қысқа мерзімде егілді.

1956 жылы — алтыншы бесжылдықтың бірінші жылы колхозшылар, МТС жұмысшылары, ауыл шаруашылығының мамандары қант қызылшасының шығымдылығын арттыруда едәуір табыстарға жетті.

Республиканың қызылша егетін колхоздары дайындау жоспа-

рын 102 процент орындады, мемлекетке егістің әрбір гектарынан орта есеппен 305 центнерден қызылша тамыры тапсырылды.

1956 жылы қант қызылшасының шығымдылығы төмендегідей болды (4-таблица):

4-таблица

Облыстар	Көлемі (гектар есебімен)	Шығымдылығы (гектарынан центнер есебімен)
Алматы	2 480	315
Талдықорған	8 725	287
Жамбыл	14 800	313
Қазақ ССР-ы бойынша	26 000	305

Қант қызылшасының шығымдылығы 1956 жылы 1955 жылғыға қарағанда гектарына 100 центнерден артты. Қызылшаның жалпы түсімі 8 миллион центнер, яғни 1955 жылғыдан 2,8 миллион центнер көп болды.

Республиканың колхоздары мемлекетке тапсырған қант қызылшасына 175 миллиондай сом, 1955 жылға қарағанда 52,3 миллион сом артық алды. Колхоздардың қант қызылшасынан тапқан табысы 3,5 есе өсіп, қант қызылшасын тапсырудан түскен ақшадай табыс орта есеппен бір колхозға 1 130 мыңға жуық сомнан келді.

Көптеген МТС-тердің, колхоздар мен звенолардың өсірген өнімі республика бойынша орта есеппен алған өнімнен біраз жоғары болды. Мерке ауданының колхоздары 2 850 гектар жердің гектарынан орта есеппен 384 центнерден қызылша жинады.

Шу МТС-ның қамтуындағы колхоздар 750 гектар жердің гектарынан 435 центнерден, ал Жамбыл МТС-ның колхоздары 1 650 гектар жердің гектарынан 409 центнерден мемлекетке қызылша тапсырды.

Мерке ауданының Жамбыл атындағы колхозда Геккиева Зухра басқарған звено тамаша нәтижеге жетті. Звено 15 гектар жердің әрбір гектарынан 1955 жылғыдан өнімді 131 центнер арттырып, 855 центнерден қызылша тамырын алды.

Жамбыл ауданының «Красная звезда» колхозының Социалистік Еңбек Ері Онғарбаева Сандыбала звеносында 10 жыл бойы (1947—1956 жылдар) әрбір гектардан 546 центнерден 815 центнерге дейін түсім алып, 10 жыл ішінде орта есеппен гектар басынан 646 центнерден қызылша жинады.

Республикада қант қызылшасынан жыл сайын жоғары өнім алатын колхоздар көп (5-таблица).

Бұл топтағы колхоздардың орташа өнімі гектарынан төртінші бесжылдықта 332 центнер, бесінші бесжылдықта 358 центнер болды. Соңғы 10 жылдың ішінде республикада қант қызылшасынан ең жоғары өнімді Талдықорған облысынан, Талдықорған ауданының Сталин атындағы колхоз, Жамбыл облысынан Жам-

Колхоз аттары	Аудандар	Орта есеппен алынған өнім (гектарынан центнер есебімен)		1956 жылғы өнім (гектарынан центнер есебімен)
		1946—1950 жылдары	1951—1955 жылдары	
Сталин атындағы	Жамбыл	280	321	522
„Октябрь“	„	513	444	449
„Красная звезда“	„	523	476	510
„Бірлескен еңбек“	„	318	302	430
„Новая жизнь“	Свердлов	233	318	383
М. Горький	Жуалы	279	432	580
Жданов атындағы	Мерке	207	336	420
„Победа“	„	353	361	447
„Новый путь“	Шу	342	344	502
Сталин атындағы	Талдықорған	422	443	536
Крупская атындағы	„	274	335	493
„Красный путиловец“	Іле	363	300	372

был ауданының «Октябрь» және «Красная звезда» колхоздары алды.

Бұл мысалдар қант қызылшасының шығымдылығын арттыруға колхоздардың зор мүмкіншіліктері бар екенін дәлелдейді.

Ауыл шаруашылығы ғылымының және жоғары өнім алушы озаттардың тәжірибесін кеңінен қолданып, алдыңғы қатарлы агротехника системасын енгізуді жүйелі түрде іс жүзіне асыра отырып, қант қызылшасын баптау және жинау жұмыстарын кеңінен механикаландырып, колхоздар мен совхоздардың алтыншы бесжылдықта Партия мен Үкіметтің қант қызылшасы өндірісі жөніндегі тапсырмасын орындауға және асыра орындауға толық мүмкіншіліктері бар.



ОВОЩ ПЕН КАРТОП



Совет өкіметінің алғашқы жылдарында бұрынғы Верный, кәзіргі Алматы қаласы, Черняев — кәзіргі Шымкент, Әулиеата — кәзіргі Жамбыл қаласы, Перовскі — кәзіргі Қызылорда қаласы сияқты ірі қалаларға жапсарлас аудан халықтары, және Орал, Семей, Ақмола, Қостанай, Ақтөбе қалаларының төңірегіндегі халықтар ғана аз көлемді жерлерге овощ егетін. Қалалардың бірсыпыра тұрғын халықтары өздерінің шағын үй іргесіндегі учасюктерінде жеке өздерінің тұтынуына арнап овощ өсіретін.

Байырғы тұрғын халықты — қазақтарды алатын болсақ, бұл көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданып, овощ пен картопты екпейтін, бұл азық-түліктерді мүлде қолданбайтын. Республиканың 180 ауданының 120 ауданында овощ пен картоп егілмейтін.

Ол кезде ауызға аларлықтай парник шаруашылығы да жоқ еді, тек қала маңындағы аудандардың кейбір шаруаларында ғана ашық жерге отырғызу үшін көшет өсіретін шағын парниктер болатын.

Қазақстанда овощ шаруашылығы жөнінде ғылыми зерттеу мекемелері болмады, сондықтан да РСФСР және Украина аудандарының тәжірибесін пайдалануға тура келді, бірақ бұл жергілікті табиғат-климат жағдайларына әрқашан да сай келе бермеді.

Жергілікті овощ өсірушілер басқа республикадан, кейде тіпті шетелден алып келінген овощ дақылдарының тұқымын пайдалануға мәжбүр болатын, өйткені республиканың өзінде овощ тұқым үшін өсірілмейтін. Міне сондықтан да овощ шаруашылығы ол кезде сату үшін шығарылмады, тек овощ өсірушілердің өздері тұтынатын, көп еңбек жұмсалатын шаруашылықтың тиімсіз саласы болды.

Овощ өсірудің еліміздің басқа аудандарында қолданылатын тәсілдерінен сол күйінде пайдалану жергілікті жағдайларға бейімделмеген алып келінген тұқымдарды себу нәтижесінде овощ өсіруде сәтсіздікке ұшыратып отырды, овощ дақылдарының өнімін төмендетті.

Овощ шаруашылығын өркендетуде шаруаларға ғылыми өндірістік көмек көрсете алатын маман кадрлар-овощшылар болмады. Тек бірден-бір оқу орны — Верный бағбандар училищесі ол кезде осы саладан орта мамандығы бар кадрларды дайындаумен шұғылданды.

Ол кезде овощ шаруашылығы процесін механикаландырудың ешқандай құралы болмады, ал өндіріс тек қол еңбегіне ғана негізделетін еді.

Овощ пен картоп өндіруді арттыру жөнінде үлкен жұмыс жүргізу керек болды. Мұны Қазақстан халық шаруашылығын өркендетудің мүддесі талап етті.

Овощ дегеніміз адамның ең бағалы азық-түлігі, ол нерв жүйесін нығайтуға қолайлы әсер етеді, ас қорытылуын жақсартады, жұқпалы ауруларға организмнің төзгіштігін арттырады, адамның еңбекке қабілетін көтереді.

Адамның бір күн ішіндегі тамағының 75 проценті өсімдік тамағы үлесіне келеді, осының жартысына жуығы овощ. Мұның өзі халыққа овощ қаншалықты көп керек екенін көрсетеді.

Бесжылдықтар ішінде республиканың орталық және оңтүстік-шығыс облыстарында социалистік өнеркәсіптің қаулап өсуі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында халық санының шұғыл артуына себеп болды, ал мұның өзі овощ және картоп шаруашылығының едәуір дамуына жағдай туғызды.

1939 жылдың өзінде-ақ село халқының қалаға келуі есебінен республиканың қала халқы үш еседен астам өсті. Осы кезде овощ пен картоп өндіру үшін қала мен өнеркәсіп орталықтарының төңірегінде үлкен-үлкен овощ аймақтарын құру міндеті өте қатаң алға қойылды.

Тұтыну бақша шаруашылығынан товарлы овощ шаруашылығына көшу, республикамызда ауыл шаруашылығын коллективтендірудің алғашқы күндерінен басталды. 1930 жылы колхоздар 43 мың гектар жерге овощ-бақша дақылы мен картоп екті, бұл барлық басқа шаруашылықтардағы осы дақылдар егісінің 30,7% еді. 1934 жылы колхоздар егіс көлемінің 55,5 гектарына овощтар мен картоп егілді. Егіс көлемін бірте-бірте ұлғайта отырып колхоздар картоп, овощ, бақша дақылдарын өндірудің сыбағалы салмағын одан әрі арттыра түсті. 1940 жылы колхоздар 37,5 мың гектар картоп екті, яғни осы дақылдың жалпы егіс көлемінің 37,5 проценті, 12,1 мың гектар овощ екті, яғни 52,4 проценті және 19,6 мың гектар бақша дақылын екті, яғни 60 проценті еді.

Алайда, овощ, картоп өндірудің егіс көлемі өскеніне қарамастан, овощ пен картоп халық мұқтажын өтей алмады.

Міне сондықтан да коммунистік партия овощ және картоп шаруашылығын елеулі түрде нығайтып, өркендету, халық шаруашылығының осы маңызды саласын өндірістің жоғарғы товарлы саласына айналдыру туралы нұсқау берді.

Біздің республикамыздың облыстық қалалары мен ірі өнеркәсіп орталықтарының төңірегінде қала маңы овощ-картоп база-

сы жасалды, бұл территорияда колхоздар, совхоздар, көмекші шаруашылықтар картоп пен овощ өсіреді.

Кәзіргі кезде Қазақстанның қала маңындағы 55 негізгі ауданында овощ егісінің 70 процентіне дейін және картоп егісінің 50 процентіне дейін орналасқан.

Бұл дақылдардың егіс көлемі жыл сайын ұлғайып келеді. 1956 жылы картоп егісінің көлемі 153,6 мың гектарға жетті, оның ішінде колхоздарда 38,2 мың гектар, совхоздарда 12,1 мың гектар болды, картоп егісінің едәуір бөлігін (103,3 мың гектар) колхозшылар, жұмысшылар, қызметкерлер және көмекші шаруашылықтар екті.

Овощ егісінің көлемі көп артты. 1956 жылы бұл 44,1 мың гектар болды. Овощ егісінің негізгі бөлігі (24 мың гектар) колхоздар қарамағанда. Республика совхоздары овощ егісінің көлемін 6,5 мың гектарға жеткізді, колхозшылар, жұмысшылар, қызметкерлер және әртүрлі системадағы шаруашылықтар 13,5 мың гектар овощ екті.

1956 жылы осы дақылдардың егіс көлемі 1940 жылмен салыстырғанда 38 процент артты.

Овощтардың түрлері де өзгерді. Мысалы, бұрын егістікте капуста, қыяр, асхана тамыр жемістері үлкен орын алатын еді. Ал, кәзір помидор (овощ егісінің жалпы көлемінің 15—16%, пияз бен сарымсақ 12—14%), сондай-ақ көк витамині көп овощтар салат, редис, шпинат және басқалар сияқты бағалы овощ азық-түліктері үлкен орын ала бастады.

Совхоздарда овощ өндірудің барған сайын маңызы артып келеді. Кәзір қала маңындағы аудандарда 14 овощ сүт совхоздары құрылып отыр. Бірақ бұл істің бастамасы ғана. Овощ пен картоп өсіруде совхоздардың маңызы әлдеқайда арттырылуға тиіс. Бұлар қала халқын барлық ауыл шаруашылық азық-түліктерімен, соның ішінде картоп және овощпен жабдықтауда басты орын алуға тиіс.

1956 жылы республика бойынша колхоздар, совхоздар, көмекші шаруашылықтар, жұмысшылардың, қызметкерлердің және колхозшылардың егістері 374 мың тонна овощ және 968 мың тонна картоп өндірді. Көптеген колхоздар овощтан мол өнім алуға үйренді. Алайда, халықты овощпен толық қамтамасыз етуге әлі де болса жеткеніміз жоқ, сондықтан да егіс көлемін одан әрі ұлғайту, әсіресе барлық колхоздарда, совхоздарда және көмекші шаруашылықтарда овощ-бақша дақылдары мен картоптың өнімділігін едәуір арттыру овощ шаруашылығындағы басты міндеттердің бірі болып келеді.

Республикада овощ пен картоп өндірісінің өсу қарқыны оны өсірудің, жинаудың және өнімді тасудың барлық процестерін кеңінен механикаландыруды талап етеді. Маңдай алды техникамен жабдықталған біздің машина трактор станцияларымыз бен совхоздарымыз барлық процестерді дерлік, әсіресе еңбекті көп керек ететін негізгі жұмыстарды (топырақты әзірлеу, көшет отыр-



Алматы облысы Қаскелең ауданындағы Хрущев атындағы колхоздың
овощ өсіретін теплицасы.

ғызу және тұқым себу, қатар аралығын өңдеу және егісті үстеп қоректендіру, ішінара өнімді жинау және тасу) механикаландыруға толық көмек көрсете алады. Овощ шаруашылығын механикаландырудың арқасында барлық егіс жұмыстарын деркезінде және жоғары сапалы жүргізуге мүмкін болды, бұл тұрақты және мол өнім өсіру ісін қамтамасыз етеді.

Өндіріске көшет отырғызатын машиналар, арнаулы овощ сеялкалары, аспалы культиваторлар, өсімдік қоректендіргіштер, суды жауындататын машиналар, картоп қазғыштар және басқа егіс жинайтын машиналар барған сайын кеңінен қолданылып келеді. Тұқымды шаршы-ұялап отырғызу әдісін қолдану, картопты күту ісін толық механикаландыруға мүмкіндік береді.

Парник шаруашылығы жылдан жылға ұлғайып келеді. 1956 жылы парник рамасының саны 300 мың дана артты.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан (1953 ж.) кейін колхоздарда теплицалар салу өрістеді. Қазір 21 мың шаршы метрдей теплица бар. Тек Алматы төңірегіндегі колхоздарда ғана 22 теплица бар. Парник және теплица шаруашылығын өркендету овощ шаруашылығындағы маңызды мәселені — қала еңбекшілерін жас овощтармен жыл бойы бірдей қамтамасыз ету ісін ұйымдастыру жағын шешуді тездетеді.

Овощ шаруашылығын өркендету және овощ бақша дақылдарының өнімділігін арттыру үшін республиканың өз тұқым база-

сының жасалуы өте қолайлы жағдай туғызды. Қазақстанның барлық облыстарында арнаулы овощ тұқымын өсіруге бағытталған колхоздардың ұйымдастырылуы оңтүстік жылылық сүйетін дақылдарды қоса алғанда овощ және бақша дақылдарының барлық ассортиментін өсіруге мүмкіндік береді. Колхоздар мен совхоздардың егістігі осы кезде аудандастырылған сорттардың мол өнімді тұқымдарымен толық қамтамасыз етіледі.

Овощ дақылдары жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстары күшейе түсті. Кәзір овощ шаруашылығы проблемаларымен Алматы овощ-картоп тәжірибе станциясы, Қарағанды тәжірибе егістігі, Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы (ВИР) Приарал тәжірибе станциясы, Қарағанды ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы, жаңадан ұйымдасқан облыстық ауылшаруашылық тәжірибе станцияларында — овощ бөлімдері шұғылданады.

Ғылыми мекемелер селекция мәселелерімен айналысады, овощ және картоп өсірудің агротехникасын нақтылайды, овощ дақылдары мен картоптың элита тұқымдарын өсірумен шұғылданады, овощ дақылдарын өсірудің озат тәсілдерін тарату жөнінде колхоздарға көмек көрсетеді.

Қазақстанның ғылыми-зерттеу мекемелері овощ пен картоптың бірқатар жаңа мол өнімді сорттарын шығарды. Бұрынғы Шортанды ауыл шаруашылық тәжірибе станциясында селекционер В. П. Кузьмин картоптың Бульба, Богарный, Степная Роза, Полевка сорттарын шығарды, Осакаров тәжірибе егістігінде картоптың Альба сорты шығарылды. Картоптың Рекорд, Қарағанды, Долинка деген жақсы сорттарын Қарағанды ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы шығарып отыр. Сондай-ақ бұл станция овощтың бағалы сорттарын — овощ бұршақтары Долинка және Қарағанды сорттарын, Долина 142 және гибрид 592 помидорларын, қарағандылық 364 ақбасты капуста сортын, Галаховский 1 қиярын, Отборная 592 қауынын, Долинка қарбызын шығарды.

Алматы овощ-картоп тәжірибе станциясының селекционерлері мен овощ өсірушілері овощ сорттары — Дунган 56 пиязын, Іле сарымсағын, Стахановец редисін, Заводская капустасын, Мозолеев 10 және Дунган 6 асқабақтарын тағы басқаларды шығарып жақсартты.

ВИР-дің Шалқар тәжірибе станциясы Батыс Қазақстанның шөл аймағы жағдайында овощ өсірудің траншеялық әдісін жасады, пияздың жаңа бағалы сорттары — Золотой шар, Шалқар қиярын, картоптың Подарок Родине сортын шығарды.

Жергілікті тәжірибе мекемелері шығарған сорттардың көпшілігі мемлекеттік сорт сынаудан өтіп, аудандастырылды және өндіріске кеңінен енгізілуде.

Республикадағы мемлекеттік сорт сынау ісін бұдан жиырма жыл бұрын ұйымдастырылған және колхоз базасында жұмыс істейтін 15 мемлекеттік сорт участогі жүзеге асырып отырады. Сорт участоктері Қазақстанның барлық табиғи-климат аймақтарын қамтиды. Өзі өмір сүрген уақыт ішінде мемлекеттік сорт сы-

нау мекемелері овощ дақылдарының 551 сортын және картоптың 110 сортын сыннан өткізді, картоптың 29 сортын, овощ және бақша дақылдарының 152 сортын және мал азықтық тамыр жемістердің 24 сортын аудандастырды.

Овощ шаруашылығын өркендету ісінде жоғарғы мамандығы бар жеміс-овощ мамандарын даярлаудың зор маңызы бар 1930 жылы құрылған қазақ ауыл шаруашылық институты осы саладан 1000-нан астам агроном даярлап шығарды. Талғар және Боровой ауыл шаруашылық техникумдері орта дәрежелі агрономдар даярлап шығарды. Бұл техникумдар ұйымдасқаннан бері 1100 маман даярлады. Колхозшыларды үш жылдық агро-зоотехникалық курстарда жаппай оқыту ісі жүзеге асырылып келеді.

Республикада овощ шаруашылығына арналып қазақ және орыс тілінде әдебиет шығару ісі жолға қойылған. Овощ шаруашылығы жөнінде агротехникалық нұсқау, үш жылдық агротехникалық курстарға арналған оқу құралдар, бірқатар кітапшалар мен листовкалар шығарылған. 1956 жылы овощ өсірушілердің кітапханасы шығарылды, мұнда Қазақстан колхоздарының алдыңғы қатарлы озат тәжірибелері қорытылған.

Агротехниканың алдыңғы қатарлы тәсілдері батыл енгізіліп отырған көптеген шаруашылықтарда овощ пен картоптан мол және тұрақты өнім өсіріліп келеді. Ерте пісетін овощтарды көнтопырақ құмыраларда өсіру сияқты овощ шаруашылығындағы озат әдіс кеңінен қолданылып отыр. 1956 жылы тек колхоздарда ғана 25 миллион дана құмыра әзірленді.

Алдыңғы қатарлы колхоздар, арнаулы овощ бригадалары овощ өсіру жөнінде тәжірибе жинауда және бұл тәжірибе колхозбен совхоз өндірісінде кеңінен қолдану үшін жақсы үлгі болып табылады. Алматы ауданының «Луч Восток» деген қала маңындағы ірі колхозы 1956 жылы Алматы халқына арнап 10 мың тонна овощ пен картоп өсірді. Осы ауданда орта есеппен 220 гектар жерден 125 центнерден картоп және 120 гектар жерден орта есеппен 307 центнерден овощ алған Мичурин атындағы колхоз мол өнім өсіріп келеді. Гектарынан 186 центнерден картоп және 350 центнерден овощ өсіріп отырған Талдықорған облысы, Қаратал ауданы «Ленинский путь» колхозы жыл сайын картоп, овощтан мол өнім алып келеді.

Қаратал ауданында товарлы пияздың ірі базасы жасалған, мұнда осы бағалы дақылдың жыл сайын 10 мың тоннадан астам өнімі даярланады. Осы ауданның «Ленинский путь» колхозының звено бастығы Хан-Гип-Сон 1956 жылы, 25 гектар жердің әр гектарынан 452 центнерден өнім жинады.

Қала маңындағы Қостанай ауданының колхозшы-овощ өсірушілері жақсы өнім алып келеді. «Красный передовик» колхозы жыл сайын гектарынан 300 центнерден өнім өсіреді. Осы колхоздың председателі Кобзев жолдас және агроном Мартыненко

жолдас колхоздың овощ шаруашылығын ауыл шаруашылығының жетекші және мол өнімді саласына айналдырып отыр.

Картоптан мол өнім өсіргені үшін Жамбыл облысының бірқатар колхозшыларына Социалистік Еңбек Ері атағы берілген.

Овощ шаруашылығы колхоз өндірісінің мол өнімді саласына айналды. Көптеген қала маңындағы колхоздар овощ шаруашылығынан миллиондаған табыс табады.

Овощ шаруашылығын ойдағыдай өркендету колхоздарға бұл азық-түліктің дайындау және сату жоспарын мерзімінен бұрын орындауға мүмкіндік береді. 1956 жылы колхоздар мемлекетке 66 мың тоннадан астам, яғни жоспарға қарағанда 169 процент овощ, 20 мың тоннадан астам картоп және 39 мың тонна бақша дақылдарын өткізді және сатты.

Қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында бұл азық-түліктерді сату жақсарып келеді. Соңғы жылдардың ішінде арнаулы магазиндер көп салынды.

Қала базарларына жаз-күз айларында овощтар көп түседі. Сауда және дайындау ұйымдары овощтарды сақтау және өңдеу жөніндегі базаны кеңейтіп және жақсартып келеді.

Бірқатар колхоздарда өзінің овощтарды ащыту-тұздау пунктері құрылған. Ірі Алматы жеміс-консерві комбинаты овощтардан консерв жасайды. 1956 жылы бұл комбинат 6000 тоннадай овощ өндейді.

1957 жылы, октябрь революциясының 40 жылдық мерекелі жылы, Қазақстан колхоздары мен совхоздары егіс жоспарын орындау және асыра орындау, картоп пен овощтардың өнімін кенет арттыру есебінен бұл азық-түліктермен республика еңбекшілерін толық қамтамасыз етуге байланысты шаралардың бәрінің іс жүзіне асырып келеді.



БАУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖҮЗІМ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Октябрь революциясына дейін Қазақстанда бақ шаруашылығы негізінен бұрынғы Жетісу мен Орал губерналарында шоғырланған еді, бұл губерналарда 4 670 гектар бау болды. Жеміс шаруашылығымен Жетісудың ауқатты қазақтары ғана айналысты. Тұрғылықты халықтар — қазақтар мен қоныс аударған аса кедей орыс және украин шаруаларында бау мүлде дерлік болмады. Қазақстанның орталық және солтүстік-шығыс облыстарында бау мүлде өсірілмеді. Бұл аудандарда ауа райы қатал болғандықтан жеміс ағаштарын өсіру тіпті мүмкін емес деп саналып келді. Бірақ ғылыми мекемелердің жұмысы мен өндірістік тәжірибесі ауа райы жағдайының қолайсыздығын толық жеңуге болатындығын көрсетті. Тек соңғы 20—25 жылдың ішінде бір ғана Қарағанды облысында 1 600 гектардан аса жаңа бау егілді.

Совет өкіметі жылдарында, әсіресе коллективтендіру жылдары мен соғыстың алдындағы жылдарда, мәдени баулардың көлемі 1913 жылмен салыстырғанда анағұрлым ұлғайтылды.

Сонымен қатар, Қазақстанның төрт оңтүстік-шығыс облысына кіретін Жоңғар, Іле және Талас Алатауларында жабайы жеміс ағаштары өте көп, олардың көлемі республикадағы мәдени баулардан бірнеше есе асып түседі. Осы жабайы ағаштарды ұластыру арқылы мәдени бауларға айналдыруға болады.

Республиканың бау шаруашылығын өркендету үшін Қазақстан үкіметі мен Компартиясының Орталық Комитеті әсіресе соңғы жылдары бірқатар шаралар қабылдады.

Бау шаруашылығы мен жүзім шаруашылығын өркендету жөнінде 1956 жылдан бастап республиканың бау шаруашылығында үлкен өзгеріс болды. Қолхоздар мен совхоздар жүздеген гектар бау, жидек және жүзім өсіру, үй іргесінде бақ шаруашылығын өркендету қозғалысы жаппай өрістеп келеді. Қазіргі бар питомниктер екпе материалға деген тілектерді қанағаттандыра алмай отыр. Бұрыннан қолда бар бақтың жұмысы жақсарып, олардың

өнімділігі арта бастады, суықтан зиян шеккен бауларды қалпына келтіру, қайта тігу жұмыстары жүргізілуде. Сөйтіп республиканың жеміс шаруашылығы жаңа қарқынмен дамып отыр.

Қолхоз бауларының өнімі орта есеппен әр гектардан 38 центнер, жидектен — 14 центнер, жүзімнен — 32 центнер болып отыр.

Республиканың жеке колхоздары мен совхоздары жеміс шаруашылығынан мол өнім, көп табыс алуда. Алматы ауданының «Горный гигант» ауылшаруашылық артелі республикадағы жеміс бауы өркендеген ірі шаруашылықтардың бірі. Мұнда 400 гектардай бақ, 18 гектар жидек жеміс береді. Қолхоз бойынша соңғы 5 жыл ішінде алманың орташа өнімі гектарына 77 центнерден айналды.

«Горный гигант» колхозының жалпы табысында жеміс шаруашылығы жетекші орын алады (1-таблица).

1-таблица

Колхоздың негізгі салаларынан түскен табыс
(мың сом есебімен)

	Табыс, мың сом есебімен						
	1950ж.	1951ж.	1952ж.	1953ж.	1954ж.	1955ж.	1956ж.
Жеміс шаруашылығы . . .	1647	2807	4185	3618	7831	5284	14013
Овощ шаруашылығы . . .	613	277	159	248	642	591	1037
Мал шаруашылығы . . .	297	198	484	609	1092	1273	2592
Омарта шаруашылығы . . .	6	0, 2	22	157	166	3	214
Баска салалар	1062	78 5	286	370	162	567	—
Барлық ақшалай табыс . .	3625	4067,2	5136	5002	9893	7718	18250

Табыстың негізгі көзі жеміс шаруашылығы болып табылады, осы саладан түскен табыс 1950 жылмен салыстырғанда 10 еседен аса өсіп, 1956 жылы 14 миллион сомнан асты.

Табыстың өсуімен қатар колхозшылардың материалдық әл-ауқаты да жақсаруда. Қолхозшылар әрбір еңбеккүнге 14 сомнан ақша, 600 грамнан астық, 1 килограмнан алма және 1 килограмнан овощ алды.

1956 жылы колхоздың бөлінбейтін қорына табыстың 3,5 миллион сомы салынды.

Батыс Қазақстан облысының Приурал ауданындағы «Красный Октябрь» колхозы 1955 жылы 6 гектар жеміс беретін баудан 200 мың сомнан аса табыс алды. Орал қалалық сауда бөлімінің көмекші шаруашылығында алманың өнімі әр гектарына 208 центнерден болды.

Сондай-ақ Қазақстанның орталық және солтүстік облыстарында да жеміс шаруашылығы ауыл шаруашылығының табысты саласына айналып келеді.



Алматы облысы, Алматы ауданының «Горный гигант» колхозының бауы.

Ақмола облысындағы Шортанды ауданының Сталин атындағы колхозында 21,5 гектар суармалы бау бар. Колхоз әрбір гектардан 60—80 центнерден ірі жемісті алма, 60 центнерден бүлдірген және 110 центнерден өрік алып келді.

Қостанай облысында 1954 жылдың аяқ кезінде 124 гектар бау және 21,5 гектар жидек бар еді. Тың жерлер игерілгеннен бастап 1955—1956 жылдары бұл облыста бау мен жидектің көлемі қауырт-ұлғайтылып, кәзіргі уақытта 507 гектарға жетті.

Осы облыстағы «Красный передовик» колхозында 43 гектар жерде жеміс-жидек ағаштары өсіріледі. 1953 жылы колхоздың бау шаруашылығынан түскен табысы 570 мың сом болды.

Коллективтендіру жылдарында, өте-мөте соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстанда екпе материалдар өсіретін питомниктер құрылды. Кәзір Қазақстанның түрлі аймақтары мен облыстарында мемлекеттік 23 питомник жұмыс істейді, оларға 4 333,5 гектар жер бекітіліп берілген. Рас, бұл шаруашылықтардың көпшілігі таяуда құрылғандықтан, ұйымдастыру жағынан әлі де нығайып жеткен жоқ. Сондықтан республиканың жеміс питомниктері бағбандардың екпе материал жөнінде өскелең қажеттерін әлі де толық қанағаттандыра алмай келеді.

Республика жеміс шаруашылығының бағыты жеке табиғи аймақтар бойынша әртүрлі. Бау шаруашылығы үшін табиғи жағдайлары қолайлы және өнеркәсіптік жеміс шаруашылығы ежелден қалыптасқан бірқатар облыстарда, халықтың ішкі қажеттерін, жеміс консерві өнеркәсібінің мұқтаждарын қанағаттандырарлықтай республикаға және Совет Одағының өнеркәсіпті орталықтарына шығарарлықтай есеппен товарлы типті баулар отырғызылады.

Жеміс шаруашылығы бойынша Қазақстан мынадай үш негізгі аймаққа бөлінеді: 1) өнеркәсіптік жеміс шаруашылығы болып табылатын оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақ, бұған Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған және Қызылорда облыстары кіреді; 2) өнеркәсіптік және тұтынуға арналған жеміс шаруашылығының батыс аймағы — Батыс Қазақстан, Гурьев және Ақтөбе (оның солтүстік бөлігінен басқасы) облыстары; 3) солтүстік және солтүстік-шығыс аймақ — бұған республиканың қалған облыстарының бәрі жатады.

Оңтүстік және оңтүстік-шығыс жеміс шаруашылығы аймағы республиканың өнеркәсіпті бау шаруашылығындағы ең басты аймақ болып саналады. Алматы мен Оңтүстік Қазақстан облыстары республикадан шет жерлерге шығарылатын бағалы қыстық жемістердің негізгі жабдықтаушылары болып табылады. Бұл облыстарда баудың, жидек пен жүзімдіктің көлемі Қазақстандағы барлық бау мен жүзімдіктің 80 проценттейі болады. Осы аймақтағы басқа облыстардың (Жамбыл мен Талдықорған) жеміс шаруашылығында атқаратын ролі төмен, бірақ бұлардың табиғи жағдайлары мұнда да өнеркәсіптік жеміс шаруашылығы жүзім шаруашылығын кең көлемде өркендетуге мүмкіндік береді.

Оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақта өнеркәсіптік жеміс шаруашылығын одан әрі өркендете беру үшін қажетті жағдайдың бәрі бар. Мұндағы жердің құнарлы мол суармалы ақсұр және қызылқоңыр топырақтың болуы, суықтың көпке дейін түспеуі жеміс дақылдарының өнеркәсіптік бағалы сорттарын өсіруге қолайлы жағдай туғызады. Бұл аймақтың колхоздары мен совхоздары әр гектардан мол өнім — 200—300 центнерден алма және 100—120 центнерден жүзім жинауда.

Таяудағы 8—10 жылдың ішінде бұл аймақта жеміс шаруашылығы мен жүзім шаруашылығы 5 еседен астам өсті. Мысалы, Алматы облысы баулар мен жүзімдіктердің көлемін 50 000 гектарға дейін, Талдықорған облысы — 7000, Жамбыл облысы — 8000 гектарға, Қызылорда облысы — 5000 гектарға дейін, Оңтүстік Қазақстанда 13 000 гектарға дейін жеткізуді белгілеп отыр.

Бұл аймақтағы баулардың тұқымдық құрамында алма жетекші орын алады. Сол сияқты шие мен өрік те тараған. Қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының айналасында соңғы жылдары жидек дақылдары дамып келеді.

Жер қыртысының құрылымына қарай бірсыпыра облыстар

бау шаруашылығын тұқымы-сорты бойынша аудандастыруда жеке аймақтар мен өңірлерге бөлінеді. Бұл аймақтар негізінен мыналар: Алматы облысында — шөлейт және далалық аймақ, онда тек тұтынуға арналған жергілікті бау шаруашылығын өркендетуге болады; 1000—1100 метр биіктікке дейінгі тау қойнауындағы аймақтар, мұнда алманың негізгі Апорт, Ренет, Бурхарда және басқа кейбір сорттары өсіріледі, ақырында, бау шаруашылығын одан әрі өркендетуге зор маңызы бар таулы аймақ.

Оңтүстік Қазақстан облысында тау бөктеріндегі аудандар аймағы оқшау тұрады, мұнда алманың күздік және қыстық бағалы сорттары — Розмарин белый, Пармен зимний золотой, Ренет ландсбергский, Грушовка верненская, ал кейбір жерлерде Апорт та өсіріледі. Екінші аймақ жүзім шаруашылығы басым өркендеген жазықтағы аудандар. Мұндағы бауларда негізінен алманың төзімді жаздық және күздік сорттары — Белый налив, Персиковое летнее, Петрушка, Ренет, Бурхарда орналастырылды.

Оңтүстік-шығыс аймақта алмұрттың сортименті Лесная Красавица, Жозефина Михельская және басқа төзімді сорттардан тұрады.

Жазық жердегі қатал ауа райы жағдайында өрік сортиментінен тек өте төзімді — Ванета, Опата, Карзен өрігінің сұрыпталған түрлері өсірілуі мүмкін, ал тау бөктері мен таулы аймақта ренлод және венгерка сияқты іріктелген бағалы сорттарын өсіруге әбден болады.

Мұнда шиенің негізінен мынадай сорттары оңтүстікте Самаркандская, солтүстік аудандарда Любская мен Штанка, ал далалық аудандарда жергілікті төзімді түрлері мен арам шиесі өсіріледі.

Облыстардың бәрінде де жидектердің өнеркәсіптік бағалы сорттарының үлес салмағы басым. Бүлдіргеннің — Урожайный, Сеянец Туполевой, Героиня Маншук, Рюбецаль және Комсомолка сорттары, малинаның — Усанка, Новость Кузьмина және Мальборо сорттары; қарақаттың — Сандерс, Боскопский великан, Граненая, Голландская красная сорттары; қарлығанның Москва станциясы шығарған Мысовский 17, Мысовский 37 және Хаутон сорттары бар.

Республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймағында жеміс шаруашылығы колдан суаруға негізделген. Сондықтан баулардың шығымдылығын молайтудың және олардың суыққа төзімділігін арттырудың басты шарттарының бірі дер кезінде суару болып табылады. Тау етегіндегі аудандардың баулары өсудәуірінде кемінде 5 рет суарылады. Сонымен қатар суық күзде, октябрьдің аяғы мен ноябрьдің жартысында қатараралықтары дымқылдық үшін суарылады. Аймақтың оңтүстік аудандарында суару саны тиісінше ұлғайтылады. Суару жұмыстары ағаштардың бұтағы қаулап өскен кезде, жеміс сала бастаған кезде, пісер алдында жүргізіледі.

Жеміс бермейтін жас бауларда қатараралықтар овощ дақылдарын немесе жидектер егуге пайдаланылады, бірақ онда шөптер егуге болмайды. Жеміс беретін бауларда екпе пар қысқа мерзімді мәдени өсімдіктердің шымына өскен шөптермен (беде) ауыстырылады.

Іле, Жоңғар және Талас Алатауларының қойнаулары оңтүстік-шығыс аймақта баудың көлемін ұлғайтудың үлкен резерві болып табылады, бұл өңірде бау шаруашылығына жарамды, кемінде 30 мың гектардай игерілмей жатқан жер бар.

Таулы аймақтың ауа райы жағдайлары жеміс және жидек дақылдары үшін аса қолайлы. Теңіз бетінен 1 100—1 600 метр биіктікте, тіпті қыс аса қатал болған жылдардың өзінде температура — 38 градустан төмен түскен емес. Сондықтан Алматы мен Талдықорған облыстарының таулы жерлерінде 1951—1954 жылдардағы қатал қыстардан кейін де алманың негізгі сорты Апорт, Ренет Ландсберг, Кандиль синап, Розмарин белый және басқа бағалы сорттары аман сақталып, кәзір де жеміс салып келеді.

Іле Алатауында Егіншілік институтының, Алатау, «Горный гигант» колхоздарының таулы учасоктерінде алма мен жүзімдік қана емес, сонымен қатар алмұрт пен өрік те мол өнім береді. Егіншілік институтының таулы учасогінде теңіз бетінен 1300—1350 метр биіктікте суармай өсіргеннің өзінде алманың өнімі гектарына 250—300 центнерге, алмұрт — 300, өрік — 120—200, бүлдірген 8—12 центнерге жетеді.

Жеміс-жидек дақылдарын тауға қарай жылжыту халықты бау шаруашылығының жаңа-жас өнімдерімен жабдықтап отыру мерзімін ұзартуға, сондай-ақ жеміс консерві комбинаттарының жемісті өңдеу мерзімін ұлғайтуына қолайлы жағдай жасайды. Іле Алатауының орта шеніндегі аймақта жемістер мен жидектер тау етегіне ұштасып жатқан жазықтағыға қарағанда 15—20 күн кеш піседі.

Таулы жағдайларда, әсіресе, Іле Алатауында жауын-шашын көп болады, сондықтан мұнда 1200—1600 метр биіктегі жеміс ағаштары суармай-ақ жақсы өсіп-жетіледі және жеміс салады.

Республиканың тау ішіндегі жеміс шаруашылығының зор келешегі бар, ол бұдан былай да тез қарқынмен өркендетілетін болады. Тауға бау отырғызумен қатар көлемі едәуір жерді алып жатқан жабайы жеміс ағаштарының өнімі де пайдаланылуға тиіс.

Таулы аймақта бау шаруашылығының негізгі бағыты алманың, ең алдымен Апорттың, Ренет Лаберг пен Ренет Бурхарданың күзгі-қысқы мерзімдегі жоғары сапалы сорттарын, ал Оңтүстік Қазақстан облысында, сол сияқты Розмарин белый мен Парменд золотойды өсіру болып табылады. Сонымен қатар, таулы аймақта алмұрт пен өріктің, ал тегістеу учасоктарда (тасып алу үшін жолы жақсы болған жағдайда) жидек дақылдарының да үлес салмағы едәуір болуға тиіс.

Таулы аймақ үшін алхорының таңдаулы сорттары мыналар:

Екатеринская, Виктория, Анна Шпэт, Ренклод Альтана, Қазақстан, Марков алхорысы, Ренклод зеленый.

Алмұрттың таңдаулы сорты — Лесная красавица (Орман сұлуы). Таулы жердегі суарылмайтын баулар үшін алма мен алмұрттың қоректену алаңын шағындау етіп алу (6 × 5 метр) тәжірибесі қолданылып жүр.

1930 жылға дейін Қазақстанда жүзім шаруашылығы нашар өркендетілді, ол негізінен әуестенушілік сипатта ғана болды. Жүзім шаруашылығы алғашқы бесжылдықтар кезінде, колхоз ұйымдастыруға және арнаулы бау-жүзім бригадаларын құруға байланысты өркендей бастады. Сол уақыттан бері Қазақстанның оңтүстігінде жүзім шаруашылығы өнеркәсіптік сипат алды.

1953 жылға қарай Қазақстанда жүзімдіктердің егіс көлемі 4 306 гектар болды. Мұның өзінде егістің ең көп бөлегі Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Жамбыл облыстарында орналастырылады. Республиканың оңтүстігіндегі басқа облыстарда жүзімнің көлемі көп емес. Талдықорған облысында 111,3 гектар, Қызылорда облысында — 24,3 гектар ғана жүзімдік бар.

Совхоздарда, колхоздар мен ғылыми мекемелерде жинақталған тәжірибе республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында жүзім шаруашылығын одан әрі өркендетудің зор келешегі бар екенін көрсетті. Алматы мен Жамбыл облыстарының тау етектерінде соңғы үш жыл бойы өсіріліп келе жатқан жүзімнен жасалған шампан шарабы сапасы жағынан Совет Одағының басқа аудандарында жүзімнен жасалған шампан шарабының таңдаулы сорттарынан кем түспейді. Оңтүстік Қазақстан облысында және Жамбыл облысының бірсыпыра аудандарында жоғары сапалы асхана жүзімі өсіріледі. Бұдан да күшті десертті шарап жасауға болады.

Бірқатар шаруашылықтарда жүзімнің өнімі анағұрлым көп. Мысалы, 1955 жылы Алматы облысындағы «Есік» совхозы жүзімнің барлық көлемінің әр гектарынан орта есеппен 110 центнерден астам өнім алды. Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Қапланбек» совхозы 1956 жылы 173 гектар жердегі жүзімдіктің барлық көлемінің әр гектарынан орта есеппен 143 центнерден өнім жинады.

Шампан шарабын жасайтын аудандар тау етегіндегі және тау бауырындағы биік аймақтарда орналасқан, бұл аймақтардың күзі салқын болып келеді. Бұл жүзімнің баяу пісуіне әсер етеді, ал мұның өзі жоғары сапалы шампан шарабын жасау үшін өте маңызды. Мұнда жүзімдіктердің басты алқаптары негізінен ақсұр және қызылқоңыр топыраққа орналасады, теңіз бетінен 700-ден 1100 метрге дейінгі биіктікте жұмыр қиыршық тастар жиі кездеседі.

Бұл аудандардағы негізгі сорттар мыналар: Рислинг, Пиночерный, Құлжа, Алиготе, Каберне, сондай-ақ Ркацители, Саперави және асханалық сорттар — Мускат венгерский, Шасла, Мад-

лек. Аңжевиа, жылы жерлерде аздап — Нимранг және Киш-миш черный сорттары өсіріледі.

Күшті десертті шараптар жасауға пайдаланылатын жоғары сапалы асхаа жүзімі өсірілетін аймақ негізінен жылылығы мол жазық жерлерде орналасқан. Мұнда теңіз бетінен биіктік 300—800 метр болады. Бұл өңірдегі таңдаулы сорттарға кіретіндер: Саперави, Мускат розовый және венгерский, Каберне, Рнашители, Адегтико, Матраса және асханалық — Нимранг, Киш-миш черный, Султани, Тайфв розовый, Катта-Курган, Паркент сорттары. Шелек пен Панфилов аудандарында, сондай-ақ Құлжа сорты да егіледі.

Жеміс шаруашылығының батыс аймағында 1957 жылдың бас кезіне қарай 1013 гектар бау, жидек және жүзімдік болды. Мұнда негізгі дақыл — алма.

Ауа райы жағдайының қолайсыздығына және өте құбылмалы (қысы суық, жазы ыстық) болуына қарамастан батыс аймақтың жеміс ағаштары қысқа өте төзімділігімен көзге түседі. Мұның себебі қысқа төзімді сорттар өсіріледі және күз жылы, әрі ұзақ болып, баудың пісуіне және ағаштардың тканьдарында, қабығында пластикалық (коректік) заттардың жиналуына қолайлы жағдай туғызады. Жергілікті ауа райы ағаштардың ерте жеміс салуына әсер етеді, ал күн сәулесінің мол түсуі жеміс пен жидектің қанттылығын арттыруды және қанттың қышқылымен жақсы үйлесуін қамтамасыз етеді. Мұнда барлық жеміс ағаштары әдеттегідей штампты (жан-жағына бұтақ шығармай, тік өсу) түрде өсіріледі.

Батыс аймақта, алмадан басқа, сүйекті жемістер де — алхоры, шие, жидектік дақылдардан — әсіресе, кара карақат пен қарлыған, ал агротехникасы жақсы болса, жүзім де жақсы өседі.

Батыс Қазақстанның ауа райы жағдайларының жеміс-жидек өсімдіктері мен жүзім дақылдарын өсіруде өзіне тән бірсыпыра ерекшеліктері бар. Өзінің сорттық құрамы мен агротехникасының ерекшеліктері бойынша Қазақ ССР жеміс шаруашылығының батыс аймағы мен Еділ бойымен Сталинград облысы аудандарына жақын тұрады.

Бұл аймақта бау шаруашылығы мен жүзім шаруашылығы тек қосымша суландыру шараларын жүзеге асырған жағдайда ғана өркендей алады. Континенталды ауа райы, отырғызу үшін қысқа төзімді сорттарды іріктеп алуға және өсімдіктердің өсуі мен қыстан шығуын жақсартуға бағытталған бірсыпыра агротехникалық шараларды қолдану қажет екенін көрсетуде.

Таяудағы 5—6 жыл ішінде бұл аймақта жеміс-жидек ағаштары мен жүзім өсіруді анағұрлым арттыру белгіленіп отыр. Батыс Қазақстан, Гурьев және Ақтөбе облыстарында бау шаруашылығын өркендету жөніндегі перспективалық жоспарларда 4 мың гектардан аса бау, жидек пен жүзімдік отырғызу көзделуде.

Бұл аймақта алманың таңдаулы сорттары мыналар: Анис полосатый, Антоновка обыкновенная, Анис розовый, Боровинка,

Коричное полосатое, Грушовка московская, Кальвиль уральский румяный, Мальт Богаевский, алмұрттың таңдаулы сорттары — Бергамонт волжский, Лимонка белолистка т. б., алхорының — Любская, Войлочная, Степная (іріктелген түрлері) және оңтүстік аудандарда, мұнымен қатар Краса севера, Полевка, қарлығанның — Хаутон, Индустрия, Мысовский және № 17 және 37; қарақаттың — Боскопский великан, Граненая, Лия плодородная, жабайы өсетін жергілікті сорты (іріктелген түрлері) т. б. малинаның — Мальборо, Усанка, Новость Кузьмина, бүлдіргеннің — Рощинская, Любовь Поволжья, Аэлита, Урожайный, Мысовка, жүзімнің — Мадлен Анжевин, Шасла, Мускат венгерский, Черный сладкий т. б.

Солтүстік және солтүстік-шығыс жеміс шаруашылығы аймағының зор көлемді тың және тыңайған жерлер игерілуіне байланысты колхоздар мен совхоздарда тұтынатын жеміс шаруашылығын өркендетуде бай перспективасы бар.

Қазір Ақмола, Қостанай, Семей және Солтүстік Қазақстан облыстарында бау шаруашылығы жаңадан ғана қолға алына бастады. Республиканың солтүстік-шығыс облыстарының колхоздарында барлығы 2 180 гектар бау мен жүзімдік бар. Бұл облыстарда жеміс шаруашылығының тым артта қалуындағы себептердің бірі ауа райының өте континенталды болуы.

Тәжірибе мекемелерінің зерттеулері мен өндірістік тәжірибе ауа райының қолайсыздық жағдайларын толық жеңуге болатынын көрсетіп отыр.

Қазақстанның солтүстік облыстарында ауа райының қатал болуы жеміс-жидек дақылдарының қысқа төзімдірек тұқымдары мен сорттарын іріктеп алу және жеміс-жидек дақылдарының өсуі мен қыстан үсімей шығуын жақсартатын агротехниканы қолдану қажеттігін көрсетеді.

Республиканың солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарының совхоздары мен колхоздарында ашық, шоқтап немесе аласаштамбы түрінде бірқатар жергілікті сорттар, сондай-ақ алманың уақ дәнді сорттары мен Сибирьден тараған алмұрт, карзин алхоры, далалық және батыстық құмдық шие, малина, қарақат, қарлыған мен бүлдірген өсіріледі. Алма мен шиенің орта орыстық, мичуриндік, қысқа төзімді басқа да кейбір сорттары тек төселме (басын иіп қою) түрінде өсіріледі.

Солтүстік облыстар үшін жидек дақылдарының үлес салмағын арттырудың зор маңызы бар, өйткені, олар денсаулыққа аса қажетті витамин өнімін береді, жемісті ерте салады, өзіне жұмсалған шығындарды тез өтейді, оңай және жылдам көбейеді. Жидек дақылдарының көлемін, әсіресе, ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының көмекші шаруашылықтарында, сондай-ақ өнеркәсіп орталықтары мен қалаларға жақын орналасқан колхоздар мен совхоздарда шұғыл ұлғайту қажет болады. Өнеркәсіп кәсіпорындарының, қала мекемелерінің жұмысшылары мен қызметкерлерінің коллективтік бауларында, сол сияқты жұмысшылардың, қызмет-

керлердің қала, маңындағы колхоздар колхозшыларының үй іргесіндегі бауларда тез жеміс салатын жидек дақылдарын өсірудің ролі орасан зор.

Солтүстік аймақ үшін жидек өсімдіктерінен кейінгі өте зор маңызы бар дақыл — алхоры. Қарзин алхорысының кейбір тандамалы түрлері қысқа шыдамды келеді, тез жеміс береді және өте өнімді болады. Ол тамырынан өсу қысқа төзімді перспективті түрлерінен алынған сүйек дәндерді егу арқылы көбейеді.

Жемісінің салмағы 15—30 грамдық карзин алхорысының тандаулы түрлерін көбейтіп, өндіріске енгізу, алманың жеміс түйірлері кішкентай ранет сияқты сорттарын өсіргеннен гөрі перспективті бола алады. Сондықтан жеміс шаруашылығының соңғы 2—3 жылғы тәжірибесін ескере отырып, алманың үлес салмағын біраз кеміту есебінен алхорының процентін ұлғайтқан жөн. Ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтары үшін алманы жетіспейтін бөлегін республиканың оңтүстік-шығыс облыстарынан әкелуге болады.

Алманың жемісі ірі сорттарын төселме түрінде өсіру қосымша еңбек жұмсауды талап етеді және топырақты механикаландырылған жолмен өндеуге қиындық келтіреді. Солай болғандықтан бұлай өсіру үй іргесіндегі және коллективтік бауларда ғана көп қолданылуы мүмкін, ал колхоздар мен совхоздардың тұтыну бағытындағы бауларында аз ғана мөлшерде өсіруге болады.

Солтүстік аймақта жүзім шаруашылығы Семей облысы аудандарының Үржар тобында, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан аңғарында, сондай-ақ Қарағанды облысындағы солтүстік Балқашта ойдағыдай өркендетілуде.

Солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарда өсірілетін негізгі сорттар мыналар:

Алма. Ашық күйінде шоғырлап өсірілетін сорттары: Анисик омский, Исилькульское I, Ранец, Овечий носик, ірі жемісті Қитайка және басқалары.

Төселмелі түрінде өсірілетін сорттар: Славянка, Аркад зимний, Анис серый, Пеструшка, Белый налив және басқалары.

Алмұрт. Жабайы Уссурій алмұртының, Лукашевка мен Лимонның (Тонковешка Исилькульская) іріктелген түрлерінің екпе көшеттері.

Алхоры. Карзин және Уссурій.

Шие. Далалық шиенің іріктелген түрлері, Құмдық шиенің тандаулы сапалы түрлері, Арам шиенің қысқа төзімді түрлері. Төселме дақылдар үшін: Плодородная Мичурина, Любск және басқалары.

Қарақат. Негізгі сорттары — Чемпион приморья, Голландская красная, Сандерс, кара қарақаттың іріктелген жергілікті сорттары мен Алтай тәжірибе станциясының тандаулы сорттары.

Қарлыған. Өндірісте отырғызуға Хаутон, Долинский розовый және Мысковский 17 ұсынылады, қарлыған қыста үстін жаппаса да өсе алады.

Малина. Негізгі сорттары: Новость Кузьмина, Вислуха, Усанка.

Бүлдірген. Героиня Маншук, Сеянец Тупоевой, Комсомолка, Урожайный және басқалары.

Қостанай, Ақмола және басқа солтүстік облыстардың колхоздары мен совхоздарының өндірістік тәжірибесі мынаны көрсетті: бау шаруашылығында табысқа жетудің басты шарттарының бірі жеміс және жидек өсімдіктерін қажетті мөлшерде ылғалмен қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан баулар мен жүзімдіктерді міндетті түрде қолдан суару ісін ұйымдастыруға және күзгі-қысқы, көктемгі кезендерде ылғал жинауға мүмкін болатын участоктарға тігу қажет. Суару жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту және жеміс ағаштары мен өнімді күтіп-баптауды оңайлату үшін бауларды колхоздар мен совхоздарға жақын орналастырған жөн.

Қазақстанның жылдың едәуір уақытында қыста ызғарлы, қатты жел соғып тұратын, көктемгі-жазғы кезендерде топырақты кептіріп жіберетін қуаңшылықты солтүстік облыстарының далалық аймақтарында егін қорғайтын орман алқаптарының ролі орасан зор. Жауын-шашын өте аз түсетін көптеген аудандарда орман алқаптары жеміс ағаштарын үсіп кетуден және қуаңшылыққа ұшыраудан қорғап қана қоймай, сонымен қатар, қарды тоқтатып, көктемде оның еруін баяулатады, мұның өзі топырақты ылғалдандыруға жағдай туғызады. Бау қорғайтын алқаптар жасау міндетті шара болып табылады, онысыз жанадан жеміс ағаштарын тігуге болмайды. Мүмкіндігінше, бау қорғайтын ағаштарды тігу жеміс ағаштарын тігуден 2—3 жыл бұрын атқарылғаны жөн. Ең болмағанда орман алқаптарын отырғызуды бауды тігумен бір мезгілде жүргізуге болады.

Бауды қорғайтын шеткі орман алқаптары (5—7 қатарлы) баудың шекараларына тігіледі, ал ішкісі кварталдардың шекарасына екі қатарлы етіп желді тойтаратын алқаптарға тігіледі. Орман алқаптары мен желді тойтаратын ағаштардың тиімділігі көп болу үшін бауды желден қорғау және ылғал жинау мақсатымен бау кварталдарын 2-ден 4 гектарға дейін көлемде салуға болады.

Егін қорғайтын орман алқаптары үшін негізгі тұқым ретінде терек, тал, қарағай, қайың, шегіршін егу ұсынылады. Бау қорғайтын алқаптардың шеткі қатарларына жіңішке жапырақты жиде, қараған, сары және ашық сары қарақат отырғызуға да болады.

Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарының қатал ауарайы жағдайында жеміс ағаштарының көлемі үлкен бола алмайды және онша көп жасамайды.

Солтүстік-шығыс облыстарда бақ ішінде жеміс ағаштарын жиірек тігу практикада қолданылуға тиіс, бұл арқылы олардың өзін-өзі қорғауына жақсы жағдай жасалады. Ағаштар түрлі аурулар мен желден көп зардап шекпей, жемісті жақсы салады жә-

не жер көлемінің әрбір өлшемінен өнімді көп береді. Сондықтан солтүстік облыстарда жеміс ағаштары мен жидек бұталарының қоректену алаңы төмендегідей болып орналастырылады (2-таблица).

2-таблица

Тұқымдар	Қатарлар аралығының қашықтығы (метр есебімен)	Қатарлары (метр есебімен)
Алма мен алмұрт (штамбты түрінде)	5—6	5—6
Алма (төселмелі түрінде)	8	6
Алхоры	4	4
Шие	3	3
Далалық шие, оның басқа да жабайы түрлері	—	—
Шие, қаракат, қарлыған	2,5	2,5
Малина (топтап отырғызылған түрінде)	2	2
Малина (қатарлап отырғызылған түрінде)	2	0,5 —1

И. В. Мичуриннің ілімі негізінде, оның Қазақстанда жұмыс істейтін көптеген шәкірттерінің күшімен бесжылдықтар кезінде республиканың оңтүстік-шығысында өнеркәсіптік бау шаруашылығының базасы жасалды. Баудың көлемі ұлғайтылумен қатар совет өкіметі жылдарында Қазақстанда тұңғыш рет жеміс шаруашылығы жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстары кең көлемде өрістеуде. Қазіргі уақытта республикада жеміс шаруашылығы жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмысын ВАСХНИЛ қазақ филиалы Егіншілік институтының басшылығымен Егіншілік институтының жеміс-жидек дақылдары бөлімі, облыстық комплексті тәжірибе станцияларының бөлімдері жүргізуде.

Сортты алғашқы зерттеу жөнінде жүргізілген көпжылдық жұмыстардың, сондай-ақ экспедициялық байқаулардың нәтижесінде Қазақстанның барлық аймақтары мен облыстары үшін жеміс-жидек дақылдарының сорттарын аудандастыру жоспары жасалды.

Отандық және шетелдік селекцияның көптеген сорттарын сынаумен қатар соңғы 20 жыл ішінде Қазақстанда алманың, алмұрттың, алхорының, бүлдіргеннің, түйе жаңғақ пен бадамның (миндальдың) қазақстандық жергілікті сорттарын шығаруда да едәуір жұмыстар істелді. ВАСХНИЛ Қазақ филиалының Егіншілік институты алманың оннан аса сортын, алмұрттың 4 сортын, бүлдіргеннің 5 сортын, өріктің 8 сортын, түйе жаңғақтың 7 жаңа сортын және бадамның 4 сортын шығарды. Осы жаңа сорттардың ең тандаулылары республиканың оңтүстік-шығысының әртүрлі жеміс аймақтары үшін аудандастырылды.

Жүзім дақылын Қазақстанның солтүстік аудандарына қарай жылжыту жөнінде жүргізілген тәжірибе жұмыстарының нәтижесінде асхана жүзімін ауа райының қатал жағдайларында Қарағанды облысындағы Балқаштың солтүстігіндегі сортаң топырақ-

ты жерлерге өсіруге мүмкіндік бар екені дәлелденді. Тамыр жүйесін мейлінше тереңге бойлатса және қысқа жақсылап жауып тастаса, Мадлен Анжевин, Мускат венгерский, Киш-миш черный сорттары әрбір түптен 10—12 килограмнан жеміс береді.

Стационарлы түрде тәжірибе жасаудың және экспедициялық байқаулардың арқасында таулы аймақтардағы жеміс шаруашылығының негізгі мәселелері шешіліп, Қазақстанның оңтүстік-шығысында суарылмайтын таулы жерлерде бау шаруашылығын өркендетудің күрделі агротехникалық шаралары жасалды.

Әртүрлі тұқымдар мен сорттарды сынау негізінде таңдаулы сорттарды таулы жер жағдайында отырғызу үшін өндіріске ұсынылды. Таулы алқаптарда әртүрлі тұқымдарды отырғызу үшін алаңдар таңдап алынды, террастарды (бекшелер) жеміс ағашын отырғызар алдында әзірлеу мәселелері, отырғызу тәсілдері, түрлі сорттар үшін қоректену алаңы, жеміс бауының қатараралықтары мен жеміс ағаштарының түбіндегі жерлерді қорғау тәсілдері, таулардағы жеміс-жидек ағаштарын күтіп-баптау агротехникасы т. б. зерттелді.

Сортты алғашқы сынау жөніндегі жұмыстардың нәтижелері және теңіз бетінен 1200—1500 метр биіктіктегі таулы жер жағдайында іріктелген сорттардың қысқа төзімділігін байқайтын арнаулы есептер мынаны көрсетті: алма, алмұрт, өрік сорттарының негізгі бөлегі (олардың ішінде оңтүстікке бейімделген, орта уссурийлік, мичуриндік және басқа сорттар да бар) қыста зақымдалмайды, олар 1951—1954 жылдардағы қатал қыстан да ойдағыдай шықты. Бұл деректер, оңтүстік-шығыстың жазық жерлері жағдайында аудандастырылған сорттардың қысқы суықта өте қатты зақымданғанын немесе түгел үсіп кеткенін ескерсек тіпті маңызды.

Таудағы жабайы жеміс ағаштарын игеру жөнінде жүргізілген стационарлық тәжірибелер нәтижесінде мәдени сорттарға уластыру жолымен жабайы алманы мәдени өсімдікке айналдыру әдістері табылды.

Республиканың солтүстігінде жеміс шаруашылығын өркендету мақсатымен тың және тыңайған жерлер игерілген аудандарда бақ тігу, бау егілетін жерлер іріктеп алу мәселелері, топырақты әзірлеу мерзімдері мен тәсілдері, учасоктарды бөлшектеу, қоректену алаңын белгілеу, тұқымдар мен сорттарды көбейту, тігу агротехникасы мен өсімдіктерді онан кейін күтіп-баптау жөнінде агротехникалық ұсыныстардың комплексі жасалды.

Солтүстік облыстарда, әсіресе жаңа жерлер игерген совхоздарда бау отырғызуға методикалық көмек көрсету мақсатымен, Егіншілік институты 25—30 гектарлық баудың типтік үлгі жобасын жасады.


Көпжылдық зерттеудің қорытындысында Егіншілік институты 1956—1965 жылдарға арнап, Қазақстанның жеміс шаруашылығын қалпына келтіріп, одан әрі өркендетуге бағытталған агротех-

никалық және ұйымдастыру шараларын белгіледі. Бұл шараларда жеміс шаруашылығы саласындағы міндеттер көрсетіліп қана қоймай, сонымен бірге бұл мәселелерді шешудің нақты жолдары белгіленген.

Таяудағы жылдарда Қазақстан ірі өнеркәсіпті бау шаруашылығы бар республикаға айналып, еліміздің еңбекшілеріне жемісті, жидек пен жүзімді мейлінше көп мөлшерде беретін болады.



ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ—ҚАЗАҚСТАН МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ САЛАСЫ



Октябрь революциясынан бергі өткен жылдар ішінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық бейнесі құлпырып өзгерді.

Октябрьдің өзгертуші алып күші мал шаруашылығында да үлкен өзгерістер жасады. Революцияға дейінгі Қазақстанда малдың көпшілігі байлар мен кулактардың қолында болды. Мысалы, бұрынғы Қызылорда округінде халықтың 8,6 проценті болған байлар шаруашылықтарының иелігінде қойдың 61,2 проценті, жылқының 56,6 проценті, түйенің 48,4 проценті болды, ал халықтың 56 проценті болған кедей шаруалардың қолында небәрі қойдың 3,5 проценті, жылқының 10,7 проценті, түйенің 7,1 проценті ғана болды.

Сан мындаған мал иемденген байлар кедейлерді правосыз құлға айналдырды. Байлардың миллиондаған малдарын бағушы, күтуші бақташылар өлмешінің күнін ғана көрді.

Бұрынғы Қазалы уезінің Мақпал болысындағы 4-ауылдың малшысы Сүлейменов Төле былай дейді: «Мен жас күнімнен-ақ жылқы бақтым, ішер асқа, киер киімге жарымадым, еш уақытта да қарным тоя тамақ ішкен емеспін. Жазда далада өсетін көк жуа жейтінмін». Бұл сұрықсыз заман енді келмеске кетті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы қазақ халқын патша мен байлардың езіп-қанауынан азат етті, ол халықты қайта туған Қазақстанның барлық байлықтарының толық праволы қожайынына айналдырды.

Бұрынғы көшпелі шаруашылықтың орнына колхоздар мен совхоздардың ірі қоғамдық мал шаруашылығы орнады.

Бұрынғы правосыз малшылар бұл күндері республиканың алдыңғы қатарлы адамдары, жасампаз еңбектің шеберлері мен ұйымдастырушылары болып отыр. 1933 жылдың өзінде ВКП(б) Орталық Комитеті екпінді-колхозшылардың республикалық I съезіне жолдаған құттықтауында былай деп жазды: «Қазақстанның екпінді колхозшылары, сіздердің алдыңызда зор міндет —

Қазақстанды социалистік егіншілік пен мал шаруашылығының шын мәнісіндегі қамалына айналдыру міндеті тұр. Сіздердің алдарыңызда аса маңызды міндет — Қазақстанды шығыстағы социалистік мал шаруашылығының алдыңғы қатарлы отрядына қысқа мерзімде айналдыру міндеті тұр».

ВКП(б) Орталық Комитетінің тарихи нұсқауын орындай отырып, Қазақстан ауыл шаруашылығының еңбекшілері, республика партия ұйымының басшылығымен, совет үкіметінің зор көмегі арқасында мал шаруашылығын өркендету ісінде елеулі табыстарға жетті.

Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау ауыр жылдарында республиканың малшылары совет армиясын және тылды етпен, сүт өнімдерімен, өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтап отырды, ал соғыстан кейінгі жылдары гитлершіл басқыншылардан азат етілген аудандарда мал шаруашылығын қалпына келтіруге көмектесті.

Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстанның ауыл шаруашылығының еңбекшілері мал шаруашылығын өркендету ісіне көп еңбек, көп қаржы жұмсап келеді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезінің тарихи қарарларымен жігерленген республика ауыл шаруашылығының еңбекшілері мал шаруашылық өнімдерін өндіруді онан әрі ұлғайту жолында қажырлылықпен күрес жүргізіп келеді. 1956 жылы 1953 жылмен салыстырғанда мемлекетке жүн 38,9 мың центнер, сүт 185,6 мың тонна, қаракүл 241 мың дана артық тапсырылды.

Бүкіл совет халқының көмегімен республикада орасан зор көлемде тың жерлерді игеру ісі Қазақстанда социалистік мал шаруашылығын онан әрі өркендету үшін үлкен перспектива ашып отыр.

Республикада 173 миллион гектардан аса табиғи жайылымдар мен шабындықтар бар. Оның көпшілігі шөл және шөлейт аймақтарда, ол жерлердің табиғи-климаттық жағдайлары қой шаруашылығын өркендетуге өте-мөте қолайлы болып келеді. Тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан аудандарда мол табысты қой шаруашылығын өркендету үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған.

Қазақстанда қой шаруашылығы — мал шаруашылығының жетекші саласы. Қой саны жөнінде Қазақ ССР-і Одақтас республикалар арасында екінші орын (РСФСР-ден кейін) алады. Қой шаруашылығы жүнді, қаракүлді көп беріп отыратын негізгі саланың бірі, сол сияқты ол ет өндіруде де үлкен орын алады.

Қазақ ССР-нің колхоздарында 1950 жылы қой шаруашылығынан алынған табыс 214,4 миллион сом болса, ол 1955 жылы 830,9 миллион сомға дейін көбейді, яғни 4 еседей артты. Колхоздардың жалпы ақшалай табысының 29,1 проценті қой шаруашылығынан алынып келеді, ал мал шаруашылығынан алынатын табыстың 45,3 проценті қой шаруашылығынан түседі.

Жамбыл, Алматы сияқты облыстарда қой шаруашылығынан алынатын табыстың мөлшері мал шаруашылығынан алынатын жалпы табыстың 62—67 процентіне жетеді. 1955 жылы республиканың колхоздарында қой шаруашылығында жұмыс істейтін адамдарға ауылшаруашылық өндірісінің барлық жұмыстарында табылған бүкіл еңбек күннің 16,1 проценті, жалпы мал шаруашылығына жұмсалған еңбек күннің 38,5 проценті ғана жұмсалды.

Республиканың совхоздары бойынша қой шаруашылығынан алынған табыс өндірістің барлық салаларынан түскен табыстың 18,6 проценті, мал шаруашылығынан түскен табыстың 33,2 проценті болды.

1956 жылдың 1 октябріне қарсы республикада қойдың жалпы саны 20 678,7 мың бас болды, мұның өзі бұрынғы қолайлы жылдардың қайсысынан болса да көп (1-таблица).

1-таблица

Колхоздарда қойдың саны өсуінің динамикасы

Көрсеткіштер	Жыл басында			1 октябрьге		
	1941	1946	1950	1954	1955	1956
Барлық қой (мың есебімен) . . .	4502	6364	12531	14306	14651	15183
1941 жылмен салыстырғанда өсімі (% есебімен)	100	141	278	317	325	337

Колхоздарда қой саны көбеюмен бірге жүн өндіру де артып келеді. 1955 жылы колхоздарда жүн 1940 жылмен салыстырғанда 3,6 есе, 1956 жылы 4,3 есе артық дайындалды.

Қазақстанның совхоздары мемлекетке 1956 жылы 1940 жылмен салыстырғанда жүнді 3 есе артық тапсырды.

Совхоздарда және колхоздардың көпшілігінде қойды электрмен қырку республикамызда жүн өндіру мөлшерін арттыруда үлкен роль атқарды, қойды электрмен қырку еңбек өнімділігін арттыру мен қатар әрбір қойдан 150—200 грамм жүнді қосымша алуды қамтамасыз етті.

Совет өкіметі жылдарында Қазақстанда өсірілетін қойлардың сапа құрамы мықтап өзгеріп, жақсара түсті.

Революцияға дейін Қазақстанның қой шаруашылығында қылшық жүнді қойлар ғана өсірілді, олар ет үшін ғана өсірілетін. Бұрынғы Қырғыз өлкесінің әртүрлі түкпірлерінде орыс помещиктерінің шаруашылықтары орналасқан шағын аудандар ғана қойдың басқа тұқымын өсірді. Бұл шаруашылықтарда ұзын құйрық сәрік қойлар және аз мөлшерде меринос қойлары өсірілетін. Бұрынғы Сырдария және Қызылорда округтерінің аудандарында аз мөлшерде қаракөл қойы өсірілді.

Меринос қойлары Қазақстанға тұңғыш рет ХІХ ғасырдың аяқ кезінде әкелінді, ол қойлар бұрынғы Ақмола, Семей, кейіннен Торғай және Жетісу губернияларының жеке аудандарында өсірілді. Қазақстанға меринос қой шаруашылығының таралуы бұл жаққа Солтүстік Кавказ бен Украинаның оңтүстігінен қоныс аударған қой шаруашылықтары мен байланысты болды.

Қазақстанға тұңғыш әкелінді. Ол қойлардың өнімділігі төмен болатын және әртүрлі аурулардан көп шығынға ұшырап отыратын. Міне сондықтан да меринос қой шаруашылығы ол кезде жергілікті құйрықты қойлардың тұқымын жақсартуға ешбір әсер ет алмады.

1928—1929 жылдардың өзінде қазақтың құйрықты қойлары 95 проценттей болды, ал қалғандары волош, ұзынқұйрық қойлар және қылшық жүнді қойлардың басқа тұқымдары еді. Меринос пен оның будандарының үлес салмағы тым шағын еді.

Қылшық жүнді қой тұқымдары ішіндегі ең бағалысы қаракөл қойының саны да өте аз еді, қаракөл қойлары негізінен Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарында өсірілді.

Революцияға дейінгі Қазақстанның қой шаруашылығы көшіп-қонып жүретін болғандықтан өте жабайы түрде болды. Көшпелі шаруашылық жұтқа қарсы, түрлі індеттерге қарсы күресу жолында мүлде дәрменсіз болды. Қиын-қыстау жылдары көшпелі қазақтар малының көбінен айырылып қалып отырды, кейде малының барлығы жұтқа ұшырап, өздері аштыққа килігетін. Соңғы 100 жыл ішінде бұрынғы қырғыз өлкесінің жерінде 20 рет жұт болған, ол кезде малдың басым көпшілігі қырылып қалған.

Өткен ғасырдың бас кезінде ғана қыстаулар пайда бола бастады, бірақ қыстауға адамдар ғана паналайтын, ал мал ашық далада болатын. Шөп аз дайындалатын, сондықтан ауру және арық-тұрақтарға ғана шөп берілетін.

Революцияға дейінгі Қазақстанның көптеген аудандарында мал шаруашылығы, соның ішінде қой шаруашылығы табиғаттың апатына толық тәуелді болған көшпелі шаруашылық жағдайында қойдың тұқымын жақсарту, оның өнімділігін арттыру жолындағы күрес нәтижелі болып шығуы мүмкін емес еді.

Тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ауыл шаруашылығын социалистік жолмен жаппай қайта құру негізінде ғана қой шаруашылығының сапасын жақсарту жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыруға толық мүмкіндік туды. Қолхоздар мен совхоздарды құру Қазақстанның қой шаруашылығын және бүкіл мал шаруашылығын сапасы жағынан қайта құрудың қуатты факторы болды.

Республиканың колхоздары мен совхоздарында қой шаруашылығының сапасын жақсарту үшін СССР-дің басқа аудандарынан және шетелдерден асыл тұқымды қошқарлар әкелу ұйымдастырылды. Өйткені ол кезде Қазақстанда биязы жүнді және

қаракөл қой шаруашылығы үшін асыл тұқымды мал базасы болмады.

1935 жылдан 1940 жылға дейін Қазақстанға 40 мыңнан аса асыл тұқымды қошқар әкелінді. Республикада асыл тұқымды мал базасын құру мақсатымен қошқарлармен бірге малдың тұқымын жақсартатын саулықтардың отарлары да әкелінді. Соңғы бес жыл ішінде колхоздарға 70 мыңнан аса асыл тұқымды саулық сатылды.

Құйрықты қой саулықтарын биязы жүнді қой қошқарларымен будандастыру негізінде колхоздар мен совхоздарда таза тұқымды биязы жүнді саулықтардың және оның будандарының ірі отарлары құрылды, олардың жүні биязы, биязылау және ұяң болды. Кәзір колхоздардағы қой малының жартысынан көбі солар. Колхоздарда өсірілетін қойлар жүні жағынан мынадай болып бөлінеді (1955 жылдың 1 декабріне): биязы жүнді қойлар — 6,4 процент, биязылау жүнді — 23,6 процент, ұяң жүнді — 25,9 процент, қылшық жүнді — 44,7 процент (2-таблица).

2-таблица

Асыл тұқымды қойлар санының өзгеруі және колхоздардың жалпы қой отарындағы олардың үлес салмағы (Қазақ ССР Орталық санақ басқармасының мәліметі бойынша)

Жылдар	Асыл тұқымды қой саны, жылдар бойынша (мың бас есебімен)			Асыл тұқым қойдың үлес салмағы (процент есебімен)		
	Биязы жүнді қойлар және олардың буданы (ісекпен бірге)	Қаракөл қойы (ісектерді қоспағанда)	Етті—майлы құйрықты қойлар (ісекті қоспағанда)	Биязыжүнді қойлар және олардың буданы (ісекпен бірге)	Қаракөл қойы (ісекті қоспағанда)	Етті—майлы құйрықты қойлар (ісекті қоспағанда)
1949	2742,1	1143,5	мәлімет жоқ	23,1	—	—
1950	4159,5	1304,0	775,8	33,3	11,9	7,1
1951	4516,8	1247,9	892,1	36,6	11,5	8,2
1952	5151,1	1355,5	482,4	41,6	13,0	4,6
1953	6111,7	1547,5	514,8	45,5	13,9	4,6
1955	7217,6	1529,6	707,0	55,3	13,3	6,1

Бірқатар облыстардың қой шаруашылығында осы кезде биязы жүнді қойлар мен олардың будандары негізгі орын алып келеді. Мысалы, колхоздардағы жалпы қойдың Солтүстік Қазақстан облысында 98,6 проценті, Көкшетау облысында — 92,2 проценті, Алматы облысында 86,2 проценті, Талдықорған облысында 85,2 проценті биязы жүнді қойлар және олардың будандары болып отыр, Шығыс Қазақстан облысында, Жамбыл, Павлодар, Ақмола облыстарында биязы жүнді қойлар мен олардың будандарының үлес салмағы 67—72 процент арасында ауытқып отырады.

Қазақстанның совхоздарында биязы жүнді қойлар 17,8 процент, биязылау қойлар 22,7 процент, ұяң жүнді қойлар 14,7 процент, қылшық жүнді қойлар 44,8 процент.

Қазақстанның қой шаруашылығының сапасын жақсартып, қайта құру ісінде колхоздар мен совхоздарда қойды қолдан ұрықтандыру әдісін қолдану үлкен роль атқарды, мұның өзі тұқымаралық будандастыру процесін жылдамдатуға және асыл колхоздарда тұқымды қошқарларды неғұрлым жақсы пайдалануға мүмкіндік берді.

10 жыл ішінде (1945—1955 жылдары) қойды қолдан ұрықтандыру пункттерінің саны 404 тен 2951 ге дейін көбейді, ал мұның өзі 1955 жылы колхоздар қойларының қолдан 70 процентін ұрықтандыруға мүмкіндік жасады, ал 1945 жылы саулықтардың небәрі 10 проценті ғана қолдан ұрықтандырылған болатын. Совхоздарда саулықтардың барлығы дерлік қолдан ұрықтандырылады. Колхоздарда қойды қолдан ұрықтандыруға 1—2 жыл ішінде көшу үшін барлық жағдай жасалған. Мал тұқымын асылдандыру жұмысын жақсы ұйымдастыру үшін және ауылшаруашылық малдарын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру үшін Қазақстанның 7 облысында мемлекеттік 8 ірі станция жаңадан ұйымдастырылды.

Қазақстанның колхоздары мен совхоздары биязы жүнді қойдың 11 тұқымын, биязылау жүнді қойдың 3 тұқымын, қаракөл, Еділбай тұқымды қойларды, сондай-ақ фиссар сараджин тұқымдас етті-майлы қойлардың тұқымын өсіріп отыр.

Биязы жүнді қойлардың жоғары өнімді асыл тұқымдары Қазақстанға революциядан кейін 1924 жылы әкеліне бастады. Қазақстанның қой шаруашылығының сапасын жақсарту үшін алғашқы кезде (1924—1940 жылдары) совхоздарда рамбулье, прекос, вюртенберг және аргентина меринос тұқымдас қойлардың шеттен әкелінген қошқарлары пайдаланылды.

1930 жылға дейін Қазақстанның қой совхоздарына 10 107 бас рамбулье және аргентина меринос қойларының, 4 417 бас прекос және 381 бас вюртенберг тұқымдас қойлардың қошқарлары әкелінді. Ал кейіннен Қазақстанның совхоздарына биязы жүнді қошқарлар (негізінен рамбулье мен прекос қошқарлары) үзбей әкелініп отырылды.

Колхоздарға 8 жыл ішінде (1930—1938 жылдары) 60 мың жаңа-кавказ және прекос тұқымдас қойлардың 60 мыңнан аса қошқары әкелінді.

Қазақстанның қой шаруашылығын сапа жағынан мықтап жақсарту ісінде қылшық жүнді саулықтарды биязы жүнді қошқарлармен жаппай будандастыру, сонымен бірге қойды қолдан ұрықтандыру әдісін кеңінен қолдану әдістерінің үлкен маңызы болды.

Республикада бірқатар совхоздарда, колхоздарда асыл тұқымды қой фермалары, қой малын өсіретін мемлекеттік шаруашылықтар құрылды, бұл шаруашылықтардың саны үнемі көбейіп келеді.

Соңғы кезде (1948—1956 жылдары) Қазақстанда биязы жүн-



Қазақтың биязы жүнді тұқымдас қойының тоқты кошқарлары көктемгі жайылымда жайылып жүр.

ді және биязылау жүнді қой шаруашылығын құрып, өркендету, оның өнімділігін арттыру ісі советтік меринос, грозный, ставрополь, аскания, кавказ, алтай, сальск биязы жүнді қой тұқымының өз Отанымызда өсірілген тұқымдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылып келеді.

Қазақстанның ғылыми-зерттеу мекемелері республиканың қой шаруашылығын өркендету ісіне үлкен үлес қосты; мамандар мен және алдыңғы қатарлылармен тығыз ынтымақтаса отырып, ғылыми қызметкерлер қойдың жаңа тұқымдарын өсіріп шығаруда, ол тұқымдарды жетілдіру жолында тынбай жұмыс істеп келеді, республиканың жеке аймақтары бойынша асыл тұқымды қой шаруашылығының базасын жасауда, қой шаруашылығының өнімділігін арттыру жөнінен колхоздар мен совхоздарға көмек көрсетуде.

Қазақстанда жаңа әдіс бойынша биязы жүнді қойдың екі тұқымы — қазақтың биязы жүнді қойы мен қазақтың арқар-меринос қойы өсіріліп шығарылды, бұл қойлар республиканың жергілікті жағдайына көнбісті, жайылымның шөбін өз аяғымен жайылып жақсы пайдаланады.

Қазақтың биязы жүнді қой тұқымы Қазақстанның оңтүстік шығыс таулы-жоталы аймағында шығарылды, оны В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясы

қазақ филиалының академигі В. А. Бальмонттың басшылығымен ғылыми қызметкерлердің бір тобы шығарды. Бұл үшін олар қазақтың құйрықты қойын прекоз қошқарларымен будандастырды, кейіннен прекоз пен құйрықты қойдың будандары рамбутье типтес меринос қой қошқарларымен будандастырылды. Қойдың жаңа тұқымын шығару жолында мал отарлап бағудың қатал жағдайында өсірілді. Бұл жаңа тұқым ретінде 1946 жылы сыннан өткізілді.

Алматы, Талдықорған және Жамбыл облыстарының колхоздары мен совхоздарында қазақтың биязы жүнді қойы кеңінен таратылып, көбірек өсіріліп келеді. Бұл қойлар Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында аз мөлшерде болғанмен өсіріледі. 1955 жылдың 1 декабріне қарсы қазақтың биязы жүнді қойлары мен олардың будандарының саны (ісексіз) колхоздарда 1 327 мың бас, оның ішінде таза тұқымды 34,7 мың бас, совхоздарда 122,7 мың, оның ішінде 66,6 мың бас таза тұқымды болды.

Қазақтың биязы жүнді қойларының асыл тұқымдары мен олардың будандарының көпшілігі ВАСХНИЛ Қазақ филиалының Мал шаруашылығы институты жанындағы тәжірибе жүргізетін шаруашылықта (Алматы облысы, Жамбыл ауданы), Кастек тұқымдық қой совхозында, Қаскелең мемлекеттік асыл тұқымды мал өсіру шаруашылығы аймағындағы колхоздарда (Алматы облысында), Сарыбұлақ қой совхозында және Талдықорған облысының Гвардия ауданындағы Сталин атындағы колхозда жинақталған.

Соңғы жылдары қазақтың биязы жүнді саулықтарынан алынатын жүн мөлшері бірқатар артты, ал қошқарлардың, олардың тұқымын асылдандыруға кіріскен кезбен салыстырғанда, жүнінің артуымен қатар тірілей салмағы да артты. Мұның себебі институттың тәжірибе жүргізетін шаруашылығында қойларды бағып күту жағдайларының едәуір жақсартылуына байланысты болды.

Мал басының көпшілігі қазақтың биязы жүнді қойы болып табылатын, Мыңбаев атындағы тәжірибе жүргізетін шаруашылықта 1956 жылы қой шаруашылығынан 1 165 мың сом кіріс алынды (3-таблица).

Қазақтың биязы жүнді қойы өсірілетін Кастек тұқымдық қой совхозы 1956 жылы бір қойдан есепке алынатын салмағы бойынша 4,13 кг жүн қырықты (қой саны 41 мыңнан астам), ал Сарыбұлақ совхозы 5,07 килограмнан жүн қырықты (қой саны 24 мыңнан артық). Кастек совхозы 4 983 мың сом табыс тапты, ал Сарыбұлақ совхозы 1616,1 мың сом табыс алды.

Қаскелең мемлекеттік асыл тұқымды мал өсіру шаруашылығы аймағындағы колхоздарда, сол сияқты басқа да бірқатар колхоздарда, тұқымдық қой фермаларында қойлардан қырқылатын жүн мөлшері артып келеді.

Биология ғылымдары кандидаты А. Е. Елеманов басшылы-

Мыңбаев атындағы тәжірибе жүргізетін шаруашылықта қазақтың биязы жүнді қойының өнімділігі

	1944—1947 жылдар /орта есеппен/					1955—1956 жылдар (орта есеппен)				
	мал саны	тірлей салмағы /кг/	қыркылған жүн		жүнінің ұзындығы (см)	мал саны	тірлей салмағы (кг)	қыркылған жүн		жүнінің ұзындығы (см)
			нақты түсімі	есептелетін салмағы				нақты түсімі	есептелетін салмағы	
Қошқарлар	22	97,9	6,98	9,02	9,62	14	119,5	10,57	11,87	9,65
Ісек	12	91,9	5,83	7,42	9,08	8	104,7	9,71	12,36	9,41
Токты қошқар	1332	64,4	3,43	4,56	—	975	64,0	5,51	7,82	—
Саулықтар	3350	62,0	3,83	5,20	8,79	4203	62,7	4,09	5,80	8,41
Тұсак	1466	54,5	3,32	4,50	—	1329	54,9	4,07	5,78	—
Барлық мал	6182	—	3,64	4,95	—	7911	—	4,36	6,18	—

ғымен ғылыми қызметкер А. П. Пшеничный, аспиранттар Г. В. Григорьев және М. Ысқақов бір қошқардан қашқан элиталық қазақтың биязы жүнді саулықтарынан, түрлі, атап айтқанда жүндес және жүні сирек қозылар туу себебін анықтады. Эмбрионалдық даму кезеңінде қойдың терісінің өсуі мен дамып жетілу процесі стадиялы болатындығы жөніндегі — орыс зоотехникасының классигі проф. Н. П. Чирвинскийдің мәліметтеріне сүйене отырып, авторлар саулықтарды буаз кезінің екінші жартысында және қоздау алдында әртүрлі мөлшерде азықтандыру тәжірибелерін жасады. Бұл тәжірибе нәтижесі жақсы қоректендіргенде терісі қатпарлы және жүндес қозылар, нашар қоректендіргенде терісі қатпарсыз және жүні сирек қозылар туатындығын көрсетті. Бұл жұмыс терісі қалыпты қатпарлы және жүндес саулықты, сондай қошқармен шағылыстырғанда көбіне неліктен сирек жүндес, кейде жүндес қозы туатын себебін анықтады. Мұндай жағдай буаз қойды буаздық кезінің екінші жартысында, әсіресе үшінші кезеңінде, қалай қоректендіру дәрежесіне байланысты екендігін дәлелдеді. Бұл жұмыстың нәтижесі қазақтың биязы жүнді саулықтарын жақсы күту, ең алдымен қозылау алдында жақсы қоректендіру, өмірі бойы көп жүн беретін жүндес қойлар алуға мүмкіншілік туғызатындығын дәлелдеді.

Қазақтың биязы жүнді қойлары тұқымы еталғыш келеді. Мысалы Сарыбұлақ совхозында етке тапсырылған қазақтың биязы жүнді қойларының ісек, құнан қойларының салмағы соңғы үш жылдың ішінде 85 килограмнан болды.

Қазақтың биязы жүнді қойы, малы көбіне жайылымда бағылатын оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарда мал шаруашылығынан сапалы жүн және қой етін алу есебінен мол табыс алу үшін көп өсірілуі керек.

Қазақ ССР Ғылым академиясы жанындағы бұрынғы Эксперименттік биология институтының ғылыми қызметкерлері био-

логия ғылымдары кандидаттары Н. С. Бутарин, А. И. Жандеркин, А. И. Есенжолов және басқалар меринос саулықтарды жабайы қой — арқармен будандастыру арқылы қойдың жана тұқымын — қазақтың арқар-меринос қойын шығарды. Бұл тұқым басқа биязы жүнді қой тұқымдарын өсіру қиынға соғатын биік таулы аудандар үшін шығарылып отыр. Бұл тұқым қойларының саны (еркек тоқтыларды есептемегенде) әлі көп емес — 194,9 мың, оның ішінде таза тұқымды қойлар 5,5 мың (1/XII 1956 жылғы есеп бойынша).

Қазақтың арқар-меринос қойы азықтандыру және күту жағдайын жақсартса өнімді көп беретін мүмкіншілігі бар.

Институттың тәжірибе жасайтын шаруашылығында үш жылдың ішінде (1953—1955 жылдар) 192 қойдың әрқайсысынан есептелетін салмағы 6,26 кг келетін 4,8 килограмнан жүн қырқылды; бұдан 2,44 кг таза талшық шығады.

Арқар-меринос таулы аудандар мен адырлы төбелі Орталық Қазақстан аймағында қылшық жүнді және аралас тұқымды қойлар тұқымын жақсартуға жарайтындығын көрсетті.

Арқар-меринос қойы жергілікті жағдайға жақсы бейімделеді, сондықтан оны биік таулы аймақтарда ғана емес, тау бөктерлері мен адырлы-төбелі аймақтарда да өсіру тиімді келеді.

Қой өсірушілердің тамаша табыстарының бірі — республикамыздың шығысында — Павлодар облысының Ертіс төңірегіндегі далалық аймақтарында орналасқан қой совхоздарында, Семей облысының, Үржар ауданының «Красные горные орлы» колхозында мол өнімді жүнді-етті бағыттағы биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту болып табылады. Бұл жұмыстар ВАСХНИЛ қазақ филиалының Мал шаруашылығы институтының басшылығымен жүргізілді.

Бесқарағай, № 499, № 23 және басқа совхоздарда осы кезде жергілікті жағдайға бейімделген жүн мен етті көп беретін 100 мың жүнді-етті биязы жүнді қойлар бар. Бұл қойлар Қазақстанға революциядан бұрын әкелінген мериностардың бұрынғы типінен тараған.

Бесқарағай совхозының қойлары совхоз ұйымдастырылуы кезінде денесі кіші, жүні өте майлы-шайырлы болатын, таза талшық 1,5—1,6 килограмнан аспайтын. Соғыс жылдары қой өнімі бұдан да кеміп кетті. 1947 жылдан бастап белгілі мақсатқа бағытталған жоспарлы жұмыстың арқасында қой өнімділігі үнемі артып келеді. Бұл жөнінде қой тұқымын асылдандыруға кірісудің алғашқы кезінде жұмысты дұрыс ұйымдастырудың да маңызы болды. Бұл кезде Бесқарағай совхозында қой тұқымын асылдандыру жұмысы қой шаруашылығының ірі маманы В. А. Бальмонттың басшылығымен жүргізілді.

Соңғы 10 жыл ішінде асыл тұқымды қой совхозында жүн қырку 2,25 есе, ал таза талшық өнімі 3,5 есе артты. Қойдан алынатын өнімдердің мұндай артуы теория мен практиканың тығыз байланысты болуы, қойшылар мен маман-ғалымдар —

қой өсірушілердің творчестволық еңбектерінің нәтижесі арқылы болды.

Асыл тұқымды қой совхозында жоғары өнімді қошқарлар тобы құрылды, соңғы жылдары олардан орташа есеппен 15 килограмға дейін жүн қырқылып келеді, тірілей салмағы 109—140 килограм. Есімі Қазақстан шеңберінен шыққан атақты шопан Бекен Қарманов 1955 жылы өз қарамағындағы асыл қошқарлар тобынан, әрбір қошқардан 14,5 килограмнан жүн қырқты.

Бесқарағай мериностары, өздерінің бұрынғы тегі — жүнді типті мериностарға қарағанда, жүндес болумен қатар, бойы биік және тірілей салмағы ауыр келеді.

Бесқарағай қойларының сапасын жақсартуға Шығыс Қазақстан мал шаруашылығы тәжірибе станциясының ғылыми қызметкерлері Т. М. Мусин, В. О. Виллиус, совхоздың аға зоотехнигі Н. П. Чифин жолдастар көп еңбек сіңірді. Асыл тұқымды қой совхозында шопандар, биязы жүнді қой өсірудің тамаша шеберлері — Бекен Қарманов, Махмуд Сейтжанов, Мұқаш Жүнісов, Байтен Талымқожин және басқалар өсіп жетілді.

Биязы жүнді қойлар өсіретін № 499 және 23 совхоздары 1956 жылы қой отарындағы әрбір қойдан 5,5—6 кг жүн қырқып, тиісінше 1042,1 мың және 2821,1 мың сом табыс тапты.

Павлодар облысының Бесқарағай, № 499 және басқа совхоздарының тәжірибелері Солтүстік Шығыс Қазақстанда жоғары өнімді биязы жүнді қой шаруашылығын кең дамытуға болатындығын дәлелдеді.

Осы кезде Қазақстанның өзінің солтүстік-шығыс аймақта жүнді-етті бағыттағы биязы жүнді қой шаруашылығының тұқымдық базасы бар. Бұл совхоздардың қойлары — республиканың биязы жүнді қой өсіру шаруашылығының алтын қазынасы болып саналады, олардың тамаша тәжірибелерін кең тарату керек. Бесқарағай типті биязы жүнді қой қошқарларын тек Павлодар облысының ғана емес, республикамыздың басқа облыстарының колхоздары мен совхоздары да қойларының тұқымын жақсартуға пайдаланып отыр.



Павлодар облысы Бесқарағай тұқым мал совхозының шопаны Социалистік мал шаруашылығына еңбек сіңірген шебері Бекен Қарманов.

Мал шаруашылығы институты совхоздар қызметшілерімен бірлесе отырып, жаңа тұқым апробациялауға дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр, бұл тұқым елімізге осы кезде таралған тұқымдардың ішінде алдыңғы орындардың бірін алмақшы.

Қазақстанның шығысында да осы бағыттағы биязы жүнді қой шаруашылығы базасы құрылып жатыр. Жоғары өнімді биязы жүнді қой отарын құруды алғашқы бастаған Жетісудың бұрынғы партизандары 1929 жылы ұйымдастырған Семей облысының Үржар ауданының «Красные горные орлы» колхозы болып саналады.

Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін колхоз қой санын 1935 жылғы 3 974 бастан 1940 жылы 13 153 басқа жаткізді, ал осы кезде 33 мыңға жетті. Алғашқы кезде колхоз отарында өнімді аз беретін қылшық жүнді қойлар болатын. Осы кезде бұл қойлар түгел жоғары өнімді биязы және биязылау жүнді қойларға айналдырылды. Соңғы бесжылдың ішінде (1951—1955 жылдар) колхоз жіңішке және жіңішкелеу жүн өндіруді 1,5 есе арттырды; 1956 жылы мемлекетке бір мың центнердей жоғары сапалы жүн тапсырылды. Осы кезде әрбір қойдан 1946 жылғы 1,8 килограмм орнына 4,5 килограмға дейін жүн қырқылады. 1956 жылы колхоздың жалпы табысы 11 млн сом болды, оның 5 млн сомы қой шаруашылығынан түсті.

«Красные горные орлы» колхозының қойлары тұқымдарын колхозшылар мен ғылыми қызметкерлер тығыз байланыс жасай отырып жақсартты. Колхозда Бесқарағай асыл тұқымды қой совхозындағы сияқты құйрықты саулықтарды өнім беру жағынан әртүрлі тұқымдар қошқарларымен (кавказ, прекос, совет мериностары, қазақтың биязы жүнді қойы, алтай қойы) сіңіре өзгерте будандастыру әдісі қолданылды. Бұл колхозға Солтүстік Кавказдан, Сибирьден және республиканың ең жақсы асыл тұқым қой шаруашылықтарынан жоғары өнімді биязы жүнді қошқарлар әкелінді, Германиядан әкелінген прекос қошқарлары да пайдаланылды. Колхоз асыл тұқымды қойларды бағу, күту жағдайын жылдан жылға жақсартуда, қойлары жайылымда және қолда бағылады, төлдерді қой қорада — базада өсіреді.

«Красные горные орлы» колхозының тәжірибесі Үржар, Мақаншы және Семей облысының басқа аудандары колхоздарында кең таралып келеді, бұл аудандар биязы жүнді қой шаруашылығының республиканың шығысындағы ірі базасына айналып келеді.

Қой тұқымын асылдандыру жөнінде «Красные горные орлы» колхозы жүргізген орасан үлкен жұмыс және қой шаруашылығында қол жеткен тамаша табыстар көптеген қой өсірушілердің творчестволық қызметі мен тыңғылықты еңбектерінің нәтижесі. Алдыңғы қатарлы қой өсірушілердің бірі Қазақ ССР-нің социалистік мал шаруашылығына еңбек сіңірген тәжірибелі қой өсіруші-практик, қой фермасын бірінші ұйымдастырған Иван Семенович Щербинин. Бұрынғы аға шопан И. Кудинов қой фермасын

жақсы меңгеріп келеді. Асыл тұқымды қой фермасын СССР Жоғарғы Советінің депутаты бұрынғы шопан Жамалқан Барлықбаева басқарады. Колхозда Е. Барлықбаев, Нуделханов және т. б. сияқты тамаша шопандар өсіп жетілді.

Совет үкіметі тұсында республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймағында қой шаруашылығы саласында орасан үлкен өзгерістер болды, бұл аймақтарда қой өсіру мал шаруашылығының жетекші саласы. Аламты, Жамбыл және Талдықорған облыстарында республикадағы барлық қойдың 30 проценті бар. Биязы жүнді қойлар өсіретін ірі совхоздар да осы облыстарда орналасқан, жергілікті биязы жүнді қойлар тұқымдары — қазақтың биязы жүнді қойы, қазақтың арқар-меринос қойы Оңтүстік Қазақстанның таулы, тау бөктері және шөл-шөлейт жайылымдарын биязы жүнді қойлардың басқа тұқымдарынан жақсы пайдаланады.

Алматы облысының тау бөктері аймақтарында жүнді және жүнді-етті қойлардың басқа да тұқымдарына сынақ және акклиматизация жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. ВАСХНИЛ Қазақ филиалының мал шаруашылығы институты жанындағы тәжірибе жүргізетін шаруашылықта совет мериностары, биязы жүнді қойлардың алтайлық, кавказдық, грознен және сальск тұқымдары өсіріліп келеді.

Жамбыл облысы, Шу ауданының «Новый путь» колхозы (председатель З. Ибеев) төрт жылдан бері колхозшылардың инициативасымен Ставропольдан алынып келген, биязы жүнді асыл тұқымды Ставрополь қойын өсіріп отыр. 1956 жылы әрбір қойдан 5,9 килограмнан биязы жүн қырқылды. Бұл отардың шопаны Ақтаевқа Қазақ ССР-нің социалистік мал шаруашылығына еңбек сіңірген шебері деген атақ берілді.

Жамбыл облысының Мерке ауданының Мерке, Ленин атындағы совхоздарында және Луговой, Свердлов аудандарының көп колхоздарында, сол сияқты Оңтүстік Қазақстан облысының «Күйік» совхозында басқа жерден әкелінген тұқымдарды пайда-



Семей облысы, Үржар ауданы «Красные горные орлы» колхозының шопаны, Социалистік мал шаруашылығына еңбек сіңірген шебері Есілбай Барлықбаев.

ланып жайып-бағуға жақсы бейімделген жүнді-етті бағыттағы биязы жүнді қойлардың ірі отарлары шығарылды. Қойлардың бұл жаңа тұқымынан 3,5—4 килограмнан биязы жүн қырқылады. Бұл шаруашылықтардың жұмыс тәжірибелері Қазақстанның оңтүстігінде биязы жүнді қойларды жыл бойы жайып-бағып өсіруге болатындығын көрсетті. 1956 жылы бұл совхоздардың әр қайсысы 1200—1300 мың сомнан таза табыс алды.

Бұрын биязы жүнді қой өсіруге болмайды деп саналған Қазақстанның шөл далаларында да биязы жүнді қойлар тобы өсіріле басталды. Мысалы, Қызылорда облысының Қазалы қой совхозы Қарақұмның арал төңірегіндегі құмды-шөл даласында биязы жүнді қойлар өсіріп келеді. Қазалы совхозында биязы жүнді қой өсірудің ерекшелігі — қой жыл бойы шөл жайылымдарда бағылады.

Қазақстан оқымыстылары өндіріс қызметшілерімен тізе қоса отырып, Қазалы совхозында шөл жағдайына бейімделген биязы жүнді асыл тұқымды қой типін шығарды. Қазалы қойларының денесі шираңқы, сүйегі жеңіл, жылдам қозғалады, шөбі сирек келетін шөл дала жайылымын жақсы пайдаланады, сонымен қатар жоғары сатылы, біртегіс, салалы биязы жүн береді.

Бұл сияқты тиімді белгілері ұзақ уақыт мақсатқа сәйкес тәрбиелеуді қолдана отырып, құйрықты қойларды бірнеше биязы жүнді тұқымдар — жаңа кавказдық, рамбулье, прекос, грознен қошқарларымен будандастыру арқылы шығарылды.


Қазалы биязы жүнді қойларының әрқайсысынан 4 килограмға жуық жүн қырқылады. Шөл жерлерде өсірілген ең жақсы асыл тұқымды қошқарлардың тірілей салмағы 90—95 килограмм тартады, 10—12 килограмм жүн береді.

Қазалы совхозында жүннің өзіндік құны, басқа аймақтардағы биязы жүнді қой совхоздарына қарағанда, әлдеқайда төмен. 1956 жылы совхоз қой шаруашылығынан бір жарым миллион сом таза табыс алды.

Қазалы совхозы қойларының тұқымын одан әрі жақсарту жөнінде совхоз директоры Қазақ ССР-і Жоғарғы Советінің депутаты Д. М. Маканов, аға зоотехник И. Д. Петров, ВАСХНИЛ Қазақ филиалының Мал шаруашылығы институтының ғылыми қызметкерлері В. А. Маллицкий, А. М. Якушкин, А. И. Иманғалиев және басқалары бірігіп қажырлы еңбек істеуде.

Арнаулы бойдақ қойлар өсіру шаруашылығын ұйымдастыру арқылы биязы жүнді қойларды шөл-дала аймақтарының кең байтақ жайылымдарында өсіру жөнінде Қазақстанның тәжірибесі бар.

Бойдақ қойларды жеке өсірудің шаруашылыққа өте тиімділігі Бетпақдалаға көрші Мойынқұм совхозының (Жамбыл облысы) тәжірибесі арқылы дәлелденген. Совхоз пайдаланып отырған Бетпақдала жайылымы комплексіне шөлдің өзі, Шу өзенінің төменгі жағы, Мойынқұм және далалық Сарыарқаның төменгі бөлімі кіреді.



1956 жылғы Ауыл шаруашылық көрмесіне экспонат болған арқар-меринос қойының қошқары, бұл қошқарға 1-дәрежелі диплом берілді (Мыңбаев атындағы эксперименттік база).

Совхозда ересек 35 мың биязы және биязылау жүнді еркек қой бар, бұл қойларды қой өсіретін совхоздардан алады. Шөпке бай және шөптері әртүрлі табиғи жайылымдарды ең нәрлі кезінде пайдалана отырып, совхоз қойларын жақсы семіртеді. Жыл сайын әрбір еркек қойдан 5 кг және одан көбірек биязы, биязылау жүнді жүн қырқылады. Совхоздың алдыңғы қатарлы шопандары Е. Дәуітбаев, М. Қойшыбеков және басқалар бір еркек қойдан 7—8 килограмнан жүн қырықты. 1956 жылы орташа есеппен алғанда бір еркек қойдың етке тапсырылу салмағы 61 килограмм болды, яғни осы облыстың асыл тұқымды және кәдімгі товарлы қой совхоздарымен салыстырғанда 30—40 процент артық болды. 1956 жылы Мойынқұм совхозы қой шаруашылығынан 2 миллион сомнан артық таза табыс алды.

Осы өңірде Шу өзенінің аяқ шенінде — Бетпақдала шөлінің шегінде Үкіметтің ерекше қаулысы бойынша ұйымдастырылған Бетпақдала қой шаруашылығы тәжірибе станциясы іске кірісті.

Шөл жағдайында өсіріліп шығарылған биязы және биязылау жүнді будан қойлардан тәжірибе жасайтын станция 3,8—4 килограмнан жүн қырқады; қыста қойды төлдеу алдында және төлдеу кезінде малқора маңында бағып қоздату әдісі қолданылады. Соңғы екі жылдың ішінде тәжірибе станциясы әрбір 100 саулықтан 120—125 қозы алып келеді. Станция коллективі малазығын өндіру мәселесімен де шұғылданады, малазықтық дақылдар егу

жағдайларын, табиғи жайылымдарды жақсарту әдістерін зерттейді, шөл аймақтарында жайып бағу жүйесін жасайды.

Орталық Қазақстанның шөлейт даласын және адырлы-жоталы аймақтарын пайдалану, биязы және биязылау қойлар санын көбейтудің үлкен резерві болып саналады. Орталық Қазақстанның жер көлемі орасан үлкен — бір миллион текше километрге жуық.

Бұрын бұл аймақта қатан табиғат жағдайында жоғары өнімді қой шаруашылығын дамытуға болмайды деп саналып келген. Бұл «теорияны» озат практика теріске шығарды. Қарағанды облысының Тельман, Ворошилов және Осакаров аудандарының колхоздары бірнеше жылдан бері биязы және биязылау жүнді қойлар өсіріп келеді. Тельман ауданының асыл тұқымды қой фермасында жоғары өнімді жүнді-етті бағыттағы биязы жүнді қойлар отары құрылды.

Биязы жүнді қой отары мен фермасын ұйымдастырушы П. Я. Гальченко еліміздің таңдаулы тұқым совхоздарынан жоғары өнімді қошқарларды ұдайы алып отыру жұмысын дұрыс жолға қойды. 1956 жылы отар бойынша әр қойдан орта есеппен 4,6 кг жүн қырқылды, ал 1 200 бас тұқымдық саулықтардың тобынан 4,8 кг және қошқарлардан 8,4 кг жүн қырқылды.

«Центральный» колхозының биязы жүнді қой өсіру жөніндегі тәжірибесі Қарағанды облысының астықты мал шаруашылық аймақтарының колхоздары мен совхоздарында кеңінен қолданарлықтай болып отыр.

Қазақстанның батыс облыстарында биязы және биязылау жүнді қой шаруашылығы жылдан жылға кең таралып келеді. Батыс Қазақстан облысының Пятимар жылқы заводына қой шаруашылық бағыты берілген. Онда 33 мыңнан астам қой бар. Совхозда ұяң жүнді қойлармен қатар советтік меринос және сальский қойларының таза тұқымдары бар. Совхоз 1956 жылы таза тұқымды саулықтардың отарындағы әрбір қойдан орта есеппен 5 килограмнан жүн алды. Осы совхозда өсірілген ересек будандар жүнінің өнімділігі таза тұқымды қойлардың жүнінің өнімділігінен артық: будандардан орта есеппен әр қайсысынан 5,9 кг, ал ісектерінен — 6,11 кг жүн қырқылды.

Солтүстік астықты аймақ пен қуаң далалық аймақтың шекарасында Қостанай облысының Семиозерный ауданының Сұлукөл қой совхозы орналасқан. Бұл совхозда ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты И. Н. Попов жолдастың методикалық басқаруымен (ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы ауыл шаруашылық институты) Қазақстанның солтүстік өңіріндегі аудандар үшін жүнді-етті бағытта өсірілетін биязы жүнді қой шаруашылығының тұқымдық базасы құрылуда. Бұл шаруашылықта жергілікті жағдайда жоғары өнімді тұқымдық мал өсіру үшін соңғы үш жылдың ішінде, 1954—57 жылдарда Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесінде көрсетілген, өздерінің өнімділігі және тұқымдық сапасы өте жақсы асканий, алтай, ставрополь және кавказ

тұқымдас қошқарлардың ұрығымен ұрықтандыру қолданылып жүр. Кәзіргі кездің өзінде совхоз жоғарыда айтылған тұқымдардың қошқарларын етті-жүнді бағыттағы будан саулықтарымен шағылыстырудан және құйрықты саулықты прикос қошқарларымен шағылыстыру негізінде үш тұқымды будандар өсіріп отыр.

Партия мен барлық совет халқының күш-жігерімен Қазақстанда кеңбайтақ тың және тыңайған жерлердің игерілуі республиканы еліміздің ірі астықты өлкесіне айналдырады. Астық шаруашылығының дамуы мол өнімді қоғамдық мал шаруашылығын: сүтті және етті мал шаруашылығын, шошқа шаруашылығын және етті-жүнді биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту үшін мүмкіндік туғызады.

Астық шаруашылығының мүмкіншіліктерін пайдаланып және қолдан жайылым мен шабындықтар жасау арқасында солтүстік облыстардың озат шаруашылықтары биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту жөнінде жоғары көрсеткіштерге жетті. Бұған 1955—1956 жылдары есептелетін салмақпен орта есеппен әрбір қойдан 6,2 кг жүн қырыққан Көкшетау облысының Шағалы совхозы, әрбір қойдан 6,2 кг жүн қырыққан Ақмола облысының Атбасар совхозы, әр қойдан 5 кг жүн қырыққан Солтүстік Қазақстан облысының Чистов астық совхозы мысал бола алады.

Солтүстік Қазақстан облысы Булаев мемлекеттік асыл тұқымды мал шаруашылығы қамтуындағы колхоздарда 1956 жылы орта есеппен әр қойдан 3,2 кг жүн қырқылды. Булаев ауданының «2-я пятилетка» колхозы барлығы 248 гектар шабындық және жайылымдық жері болуына қарамастан басқа малдармен қатар 1 500 биязы жүнді қой өсіріп, әр қойдан 4,8 килограмм жүн қырықты, 100 саулықтан өсіп, мал қатарына қосылған 125 қозы алды.

Булаев мемлекеттік асыл тұқымды мал шаруашылығында жергілікті және будан саулықтарды прикос және алтай тұқымдас қошқарлармен аралас будандастыру негізінде тез жетілетін еттес-жүндес биязы жүнді қой шаруашылығы құрылуда.

Көкшетау мемлекеттік асыл тұқымды мал шаруашылығы совет меринос типтес жүндес-еттес бағыттағы қой отарын құрастыруда. Солтүстік аймақтың колхоздары мен совхоздары қысқы және ерте көктемде қой қоздату тәсіліне көше бастады, бұл еттес-жүндес қой шаруашылығы жағдайында тоқтыдан жабағы жүн алуға және қыста туған қозыны ендігі қысқа дейін ұстамай етке тапсыруға мүмкіншілік береді.

ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы Мал шаруашылық институтының шаруашылығында бірнеше жылдан бері академик В. А. Бальмонт, аспирант С. Н. Жадрановтың қазақтың биязы жүнді қойына жасаған тәжірибесі көктемде туған төлдердің тоқты қошқарларынан 4,7 килограмға, ал ұрғашы тоқтылардан 3,68 килограмға дейін жүн қырқылатыны, ал қыста туған төлдердің ұрғашы қозыларынан 1,84 килограмм немесе 44,1 процент жүн артық қырқылатындығын анықтады. Қыста туған ұрғашы қозылар

тұмса саулық болғанда көктемде туған ұрғашы қозыға қарағанда жүнді 15—25 процент артық береді.

Саулықтардың қыс кезінде қоздауы қырқылатын жүнді ғана көбейтіп қоймай, сонымен бірге шаруашылықта анағұрлым бағалы асыл тұқымды мал өсіруді қамтамасыз етеді.

Қазақстанның табиғи жайылымы шағын солтүстік аймақтарында жаз кезінде көпжылдық және біржылдық шөптер егілген жайылымдарды қолдан жасап, пішендік және егіні орылған жердің көрпе көгін пайдалану керек. Ерте көктемде және күзде қойларға қосымша азық ретінде жүгері сүрлемі беріледі.

ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы Мал шаруашылық институтының ғылыми қызметкерлері, ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты М. А. Кормановская мен аспирант А. Я. Банковтың Солтүстік Қазақстан облысы Қонюхов ауданында, «30 лет Казахстана» колхозында жүргізген тәжірибелері жаз кезінде қолдан жайылым жасап, оны табиғи жайылым мен пішеннің көрпе көгін пайдаланумен ұштастырудың ерекше тиімді екенін көрсетті. Саулықтардың тірілей салмағы май айындағы 49,3 килограмнан октябрь айында 62,3 килограмға жетті, ал қырқылған жүн мөлшері 14 процент артты.

Совет өкіметі жылдары Қазақстанның жеке аймақтары мен аудандары бойынша биязы жүнді қой шаруашылығының дамуы жөніндегі келтірілген мәліметтер мал шаруашылығының бұл саласының республиканың ауыл шаруашылығы системасында жетекші салаға айналып, оның дамуына қажетті барлық жағдайлардың жасалғанын көрсетеді.

Биязы жүнді қой шаруашылығы мал шаруашылығының мол табысты саласы, ол ауыл шаруашылығы өндірісінің жоғары рентабельділігін және колхозшылар мен совхоз қызметкерлерінің тұрмыс жағдайын жақсартады.

Жамбыл облысы Мерке ауданының Сталин атындағы колхоздың (председателі Социалистік Еңбек Ері зоотехник Е. Д. Даунов) 47 000 қойы бар, оның 32 мыңы биязы жүнді қой. Бұл колхозда 1948 жылы биязы жүнді қой 2 250 бас қана еді. 1956 жылы колхоз мемлекетке 1366,4 центнер жүн, оның ішінде биязы жүннен — 1127 центнер (81,3 процент), биязылау жүннен 241,3 центнер (17,4 процент) және ұяң жүннен 18,1 центнер (1,3 процент) тапсырды. Әрбір қойдан орта есеппен 3,5, ал асыл тұқымды қой отарынан 4,6 килограмнан 5,7 килограмға дейін жүн қырқылды. Қолхоздың тандаулы шопаны Ыбырайым Жүнісбеков жүнді көп қырқып алумен қатар, әрбір 100 саулықтан 133 қозы алды. Көптеген жылдардан бері колхоздың асыл тұқымды мал жөніндегі жұмысын ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы Мал шаруашылық институтының аға ғылыми қызметкері ауылшаруашылық ғылымының кандидаты А. И. Петров басқарады.

Бұл колхозда жүнді-етті бағыттағы буданды қазақтың биязы жүнді қошқарларымен және грознен тұқымының қошқарымен

сіңіре шағылыстыру қолданылды. Мұның өзі будан малдың тіршілік қабілетін және өнімділігін арттырды.

1956 жылы колхоздың табысы 10 миллион сом болды, оның ішінде қой шаруашылығынан 7 миллион сом, оның 5,3 миллион сомы жүн сатудан алынды.

Қазақстанда биязылау жүнді қой шаруашылығының тұқымдық базасы құрастырылуда. Қазақстанның зор көлемді шөлді және шөлейт жайылым жағдайында қой шаруашылығының бұл бағытының болашағы зор.

ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалының Мал шаруашылық институты академик В. А. Бальмонттың басқаруымен Қ. Мыңбаев атындағы тәжірибе жасайтын шаруашылықта биязылау жүнді қойдың жаңа тұқымды тобын шығарды. Бұл қойлар ірі, мықты, етті және жүні біркелкі биязылау және ұзын (10—12 см) болып келеді. Отар бойынша әрбір қойдан орта есеппен 3,7—4,7 немесе 2,2—2,56 килограмнан таза талшық алынды. Саулықтарының тірілей салмағы 61—70, тұқымдық қошқарларының салмағы 110—115 килограмм болады. 1957 жылы ең жақсы қошқарлардан жалпы алғанда 12 килограмға дейін жүн қырқылды.

Бұл жаңадан шығарылған қойлардың тағыда бір ерекшелігі олар алыс жерге айдауға төзімді, бұл ерекшелігі шөбі сирек болып келетін далалық жайылымдарды пайдалануға өте қолайлы. Бұл қойлар биязы жүнді қой тұқымына қарағанда ауа райының ыстық, суығында төзімді келеді. Өте сүтті келеді.

Мыңбаев атындағы тәжірибе жүргізетін шаруашылықта бұл тұқымның 1 500 қойы бар. Бірнеше жылдардан бері бұл тұқымның қошқарлары шөл және шөлейт аймақтардың аудандарында тұқымдық мақсатқа пайдаланылып жүр.

Жамбыл облысы Шу ауданының колхоздарында малдың тұқымын жақсарту жөнінде жұмыс істейтін бұрынғы Шу құйрықты қойларының мемлекеттік асыл тұқымды шаруашылығы республика үкіметінің шешуі бойынша 1952 жылдан бастап қой шаруашылығының осы бағытына көшірілді.

Осы мемлекеттік асыл тұқымды мал шаруашылығы қамтуына кіретін Сталин атындағы, Молотов атындағы, «Ақтөбе» т. б. колхоздарда қазірдің өзінде жоғары өнімді биязы жүнді қой тұқымының отары бар. 1956 жылы бұл топтан Сталин атындағы колхозда орта есеппен әрбір қойдан 2,75 килограмм жүн қырқылды. Алдымыздағы жылдардың ішінде орталық Қазақстанда осы типтес биязы жүнді қой көп өсірілмек.

Академик В. А. Бальмонт пен ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты Т. Б. Бөкенбаевтың құйрықты (дегерес) биязылау жүнді қойының жаңа тұқымын шығарулары үлкен ғылыми және практикалық жетістік болып табылады. Бұл тұқымның қойлары құйрықты қойларға тән құйрықты және салмақты болумен қатар өнеркәсіп жоғары бағалайтын біркелкі ұзын биязылау жүні бар. Қазіргі кезде жаңа тұқымды қой тобы ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы Мал шаруашылық институтының

тәжірибе шаруашылығында және Талдықорған облысы Сарыбұлақ қой совхозында көбейтілуде. Қазақстанда шұға тоқуға қажетті биязылау жүн өндіруді арттыруда жүндес ешкі шаруашылығын дамытудың маңызы зор. Ғылыми қызметкерлер коллективі биология ғылымының кандидаты А. И. Жандеркиннің басқаруымен көпжылдық творчестволық еңбектің нәтижесінде қазақ және жергілікті ангор ешкілерін таза ангор ешкісімен будандастыру арқылы ешкінің жаңа тұқымын шығарды.

Семей облысы Көкпекті ауданының колхоздарында шығарылған жүндес ешкінің жаңа тұқымының жүні ұзын, биязылау жібектей жұмсақ жылтыр болады. Ешкінің жаңа тұқымдас тобы таза тұқымды ангор ешкісінен айырмашылығы сол, бұл тұқымның сүйек қаңқасы мықты, тірілей салмағы артық, өсімтал және сүтті болады; республиканың қуаң далалы аймақтарының қатал ауа райы жағдайына жақсы икемделген шыдамды келеді. Теке-лерінен орта есеппен 3,3 кг жүн қырқылады, ал ешкілерінен — 1,8—2 кг, кейбір ешкілерден қырқылған жүн 7—8 килограмға жетеді.

Қазақстанның оңтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс, оңтүстік аудандарында жүндес ешкілерді өсіру жеңіл өнеркәсіпке шикізат өндірудің қосымша көзі болып табылады.

Совет үкіметі жылдарында Қазақстанда, мал шаруашылығының республика халық шаруашылығында маңызы үлкен жаңа саласы — қаракөл шаруашылығы құрылды.

1936—1937 жылдарға дейін республикада таза қаракөл қойы Оңтүстік Қазақстанның 3—4 аудан көлемінде, тек бірнеше шаруашылықтарда ғана өсірілді. Қаракөл қойының дені Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданында болды; онда жалпы алғанда қаракөл қойы мен құйрықты қойдың арасынан шыққан 28 мың будан қойы бар республикадағы бірден-бір «Шымқорған» совхозы ұйымдасқан болатын. Кәзіргі кезде Қазақстанның 11 облысының колхоздары мен совхоздары қаракөл қойын өсіреді, мұнда қаракөл қойының анағұрлым көпшілігі климаттық-жаратылыс жағдайлары жоғары сапалы қаракөл қой шаруашылығын өркендетуге қолайлы келетін Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының колхоздары мен совхоздарында.

Қойдың жалпы санының ішінде қаракөл қойының ара салмағы — Қызылорда облысының колхоздарында 95%, Оңтүстік Қазақстан колхоздарында 41,8%. Қаракөл қой шаруашылығын өркендетуде Гурьев пен Жамбыл облыстарының едәуір болашағы бар.

Республика колхоздарындағы қаракөл қойы мен олардың будандарының саны 1949 жылғы 1143,5 мың бастан 1955 жылы 1529,6 мың басқа дейін өсті.

Қазақстан совхоздарында жыл сайын қаракөл қойының саны өсуде. Егер 1937 жылға дейін Қазақстанда тек бір ғана қаракөл қой шаруашылығы совхозы болған болса, кәзір қаракөл қойы 35 совхозда өсіріледі. Республикамыздың совхоздарында

қаракөл қой шаруашылығы әсіресе соғыстан кейінгі жылдардың ішінде күшті өркендетіліп отыр.

1950 жылғы 711,3 мың бас және 1940 жылғы 273,5 мың бас қаракөл қойы мен олардың будандарының орнына 1956 жылдың бірінші январында Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің совхоздарында 1104,1 мың бас қаракөл қойы мен будан қой болып отыр.

Қазақстан совхоздары қой шаруашылығының 35 проценттен артығырағы қаракөл қой шаруашылығы. Қаракөл қойының саны мен мемлекетке елтірі тапсыру жөнінде республикамыздың совхоздары СССР-дің бұрынғы Совхоздар министрлігі системасында бірінші орын алып келді.

Қаракөл қойы санының өсуімен қатар совхоздарда қойлардың тұқымы жақсарып сапасы артып келеді. Бұл жағдай республика совхоздарына 1956 жылы мемлекетке елтірілердің 80 проценттен артығырағын бірінші сортпен өткізуге мүмкіндік берді.

Жамбыл облысындағы Тоғысқан қаракөл қой совхозының озық табыстарының айрықша мәні бар; бұл совхоздың коллективі қаракөл қой шаруашылығының Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлерімен бірлесе отырып, 92% ке дейін бірінші сортты қара қаракөл алды.

Колхоздарда қойларының елтірілік өнімін жақсарту үшін Оңтүсік Қазақстан облысында Сырдария мемлекеттік асыл тұқымды қой өсіретін орын құрылды.

Қазақстанда қаракөл қой шаруашылығын өркендету таза тұқымды қой өсіру және құйрықты қойларды қаракөл қошқарларымен сіңіре будандастыру әдісімен жүргізілуде.

Қаракөл қой шаруашылығының тәжірибелі шеберлері өнімді жақсарту жөнінде өте жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Жамбыл облысы, Көктерек ауданындағы «Кеңес» колхозында Жазылбек Қуанышбаев қаракөл қой отарының шопаны болып 20 жыл істейді. Ол өз отарындағы әрбір жүз саулықтан жыл сайын 130—137 козыдан өсіріп шығарады, 85—86% бірінші сортты елтірі тапсырады және әрбір саулықтан 3 килограмнан жүн қырқады. Қаракөл қой шаруашылығындағы өте жақсы жұмыстары үшін Ж. Қуанышбаевке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.

Алтыншы бесжылдықта Қазақстан елімізде өндірілетін қаракөл терілерінің жартысынан артығырағын береді. Таяудағы он жыл ішінде қаракөл қой басының саны Қазақстанда — совхоздар бойынша 7—8 миллион басқа дейін, ал колхоздар бойынша 2,5 миллион басқа дейін жеткізіледі.

Құйрықты қой шаруашылығы — көп мөлшерде жоғары сапалы ет пен тоң май өндірудің қайнар көзі Қазақстанның мақтаншы болып табылады. Қазақтың құйрықты қойларының жиырмадан аса түрлерінің арасында еділбай тұқымдас қойы ерекше орын алады; бұл қойдың өзгешелігі сол — ол ет пен тоң майды көп береді және жүнінің сапасы жақсы. Саулықтардың салмағы 70—75 кг, еркек қойлардың салмағы 100—120 кг келеді, ал жақсы

саулықтардың салмағы 125—130 кг, жақсы қошқарлардың салмағы 160 кг және онан да артық келеді. Еділбай қойы тез жетіледі, бір жарым жастағы төлдердің, яғни ісек-тұсақтардың салмағы ересек қойлардың тірілей салмағының 85—90% дейін жетеді. Бұл қой тебіндік жайылымда тез семіреді. Жақсы бағып семірітілген бойдақ қойлардан 45 килограмға дейін ет және пұттан артық құйрық май алуға болады.

Жақсы еділбай қойының көп жинақталған жері — Батыс Қазақстан облысының оңтүстік аудандары. Бұл жерде Фурманов мемлекеттік асыл тұқымды қой өсіретін орын осы тұқымдас қойлардың тұқымдық және өнімділік сапасын арттыру жөнінде жұмыс жүргізуде.

Республикамыздың басқа облыстарында еділбай тұқымдас қойларды өсірудің нәтижесі шөлейт және шөл далалар аймақтарында олардың тез жерсінгіштік қасиетін көрсетті.

Құйрықты қылшық жүнді қой шаруашылығы еділбай тұқымдас қошқарлармен жақсартылып отырған Орталық Қазақстанның шөлейт және шөл жерлеріне орналасқан колхоздар жақсы табыстарға жетіп отыр.

Қарағанды облысы, Шет ауданындағы Абай атындағы колхоздың қой фермасында 1956 жылы әрбір жүз саулықтан 112,5 қозыдан алынып, орташа есеппен бір қойдан қырқылған жүннің салмағы 2,95 кг болды. Колхоздың таңдаулы шопаны Социалистік Еңбек Ері Имаш Қуанышбаев әрбір жүз саулықтан 128 қозыдан өсіріп шығарып, бір қойдан, 3,2 килограмнан қылшық жүн қырқып алды.

Осы облыстың Қоңырат ауданының Сталин атындағы колхозы еділбай тұқымымен жақсартылған 19 029 қойдан 1956 жылы 1 740 мың сом табыс тапты, мұның өзі колхоздың жалпы табысының 79% еді.

ВАСХНИЛ Қазақ филиалының Мал шаруашылық институты академик В. А. Бальмонттың басшылығымен құйрықты қойдың жүні жақсартылған жаңа тұқымын шығарды. Қарғалы құйрықты қойы деп аталған осы тұқым жақсы айқындалған ет-май өнімділігімен көзге түседі, жайылымда бағылатын жағдайларға бейімділігі жөнінен таза тұқымды құйрықты қойлардан ешқандай өзгешелігі жоқ. Осындай артықшылығы бар Қарғалы құйрықты қойының жүні өзінің сапасы жағынан ұяң жүнге жақын келетін жақсартылған жүн.

Қарғалы тұқымды қойдың жүні қазақтың құйрықты қойын биязы жүндес және ұяң жүндес дегерес және сараджин тұқымдас қошқарлармен будандастыру есебінен жақсартылды. Екі рет қырқылған кезде Қарғалы қойынан орташа есеппен 3—3,2 кг жүн түседі. Қарғалы тұқымдас қой тобы еділбай құйрықты қойымен қатар Қазақстанның етті-майлы ұяң жүнді қой шаруашылығын жақсартушы болуға тиісті.

ВАСХНИЛ Қазақ филиалы Мал шаруашылығы институтының жұмыс тәжірибесі Қарғалы қошқарларымен будандастыру

арқылы еділбай құйрықты қойларының жоғары дәрежелі ет-май өнімділігін кемітпей, олардың жүн өнімділігін едәуір арттыруға болатындығын көрсетті. Республикамыздың шөл және шөлейт аудандарындағы өнімділігі аз құйрықты қойларды жақсарту үшін еділбай мен қарғалы тұқымдас, сондай-ақ сараджин тұқымдас қойларды кеңінен пайдалану Қазақстанда арзан қой етін, жоғары бағалы құйрық майын, жақсартылған қылшық жүн мен тондық қой терісін өндіру ісін недәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Қазақстан ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына қой басын көбейту және оның өнімділігін арттыру жөнінде үлкен, сонымен қатар жауапты міндеттер қойылып отыр.

Туысқан Коммунистік партия мен Совет үкіметінің шақыруына жауап ретінде республика ауыл шаруашылығы еңбекшілері мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жөнінде бүкілхалықтық социалистік жарысқа түсті және мынадай міндеттемелер алды: республика бойынша 1960 жылы 1652 мың тонна, немесе 1956 жылға салыстырғанда 2,5 есе артық ет өндіру (тірілей салмақ бойынша), 103 мың тонна, немесе 1956 жылға салыстырғанда 2,7 есе артық жүн қырку; 1960 жылдың аяғына қарсы қой басы 40 миллионға жетеді. Ал, алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың тәжірибесі бұл маңызды міндет артығымен орындалуы мүмкін екендігін көрсетеді. Оның үшін республика колхоздары мен совхоздарының барлық мүмкіншіліктері бар. Республикамыздың тек шөлейт және шөл аймақтарының өзінде ғана 130 миллионнан артығырақ гектар жер бар; кәзіргі кезде жайлым мен шабындық жер үшін оның тек 25—30% пайдаланылады.

Осы жердегі пайдалануға болатын мал азығының қоры 20 млн тоннадай жемшөп өлшемі болады және онда 2. млн тонна белок бар; мұның өзі бұл жерде бір ғана қойдың өзінен кем дегенде 50. млн бас бағуға мүмкіндік береді.

Табиғи жайылымдағы өте мол осы орасан байтақ жерді меңгеріп алу жөніндегі аса маңызды шаралар — ол жерлерді суландыру, жемшөп дақылдарын егіп өсіруді ұлғайту, үй-жайлар салу. Бұл шаралардың барлығы бүгін таңда жаңа совхоздар ұйымдастыру, колхоздар мен кәзіргі бар совхоздардың мал басын көбейте түсу негізінде жүзеге асырылып отыр.

Кәзіргі кезде Партия мен Үкімет еліміздің ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына маңызды міндет — қой шаруашылығын өркендетуде күрт өзгеріс жасау, мал шаруашылығы өнімдерін арттыра өндіру міндетін қойып отыр.

Қазақстан колхозшылары, МТС пен совхоз қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары бұл міндетті үлкен өрлеу үстінде қабыл алды. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінде АҚШ-ты қуып жету керек деген партияның үндеуіне жауап ретінде колхоздар мен совхоздар, тұтас аудандар мен облыстар мал шаруашылығын өркендету және ауыл шаруашылық өнімде-

дерінің барлық түрлерін кенет арттыра өндіру жөнінде жоғары міндеттемелер алды.

Республика еңбекшілері біздің еліміздің коммунистік партиясы алға қойып отырған жан басына шаққанда ет, сүт және май өндіру жөнінде таяу жылдардың ішінде Америка Құрама Штаттарын қуып жетудегі капитализммен бейбіт экономикалық жарыстағы тарихи міндетті орындауға толық бел байлауда.

Таяу уақыт ішінде Қазақстан қой шаруашылығын өркендету, жүн, ет, май, қаракөл, тері-терсек шикі затын өндіру жөнінде еліміздегі алдыңғы қатарлы республика болады.



СҮТТІ ЖӘНЕ ЕТТІ СЫР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын Қазақстанда шаруашылықтың басты саласы мал шаруашылығы еді. Ол табиғи жайылымдар мен шабындықтардың шөбін пайдалануға негізделген болатын. Кейбір отырықшы шаруашылықтар жемшөп дақылдарын, көбінесе беде еккенімен, аз мөлшерде екті. Мысалы, Қазақстанда 1913 жылы жемшөп дақылдарының көлемі небәрі 93,9 мың гектар еді. Пішен қыста кей жерлерде және белгілі уақытта салт мінетін аттар мен сиырға ғана берілетін. Көшпелі малшылардың немесе отырықшы шаруалардың кейде тіпті пішен шабуға орағы болмайтын. Кулак шаруашылықтары мен бай-феодалдардың ғана атқа жегілетін шөп машиналары мен тырмалары болатын.

Табиғи жайылымдар мен шабындықтарда шөптің шығымдылығы әрбір жылға қарай, жылдың маусымына қарай өзгеріп отырды; бұл жағдай ауа-райы өте-мөте құбылмалы болып, жауын-шашыны аз болатын, сонымен қатар жыл бойына жауын-шашыны біркелкі жаумайтын аудандарда жиі кездесіп отырды.

Малды жайып бағу жүйесі қолданылып отырғанында, оның үстіне әлгіндей табиғат-климат жағдайларында мал шаруашылығы тұрақты және мол өнімді болуы мүмкін емес еді. Малдың саны және оның өнімділігінің дәрежесі жайылымдардағы шөптің шығымдылығына тікелей байланысты болды.

Сондықтан Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын Қазақстанның мал шаруашылығы практикасында жемшөп жетіспеуінен мал жұтқа ұшырап қырылып қалып отыратын. Шамамен алғанда әрбір 3—5 жылдан кейін жұт болып және әрбір жолы бұл жұттан қысапсыз көп мал қырылатын. Мысалы, 1879—1880 жылдың қысында Орталық Қазақстанда 12 710 мың бас төрт түлік малдан 6 106 мың бас мал, яғни малдың 48 проценті жұтқа ұшырап қырылды. Дүркін-дүркін болып отыратын жұттан ең алдымен көшпелі қазақтардың, әсіресе кедейлердің малы қырылды, біткені олардың жақсы мал жайылымдары болмады. Кедейлер жұтқа ұшырап, бай-феодалдардың шенгеліне ілкіті.

Малдың көбі байлардың қолында болды. Мысалы, бұрынғы Павлодар, Петропавл, Ілбішін, Қызылорда уездерінде барлық шаруашылықтардың 4 процентінен 15 процентіне дейіні ғана бай шаруашылықтары еді, бірақ барлық малдың 55 проценттен артығы солардың қолында болды. Бұрынғы Көкшетау уезінде барлық халықтың 50 проценті болған кедейлердің қолында қойдың 11 проценті, түйенің 0,7 проценті болды, ал халықтың 2,9 проценті болған байлар қойдың 22 процентін, түйенің 62 процентін, жылқының 35 процентін иемденді.

Мал шаруашылығында малды жайып бағу жүйесі жағдайында сиыр өсіруге мүмкіндік өте аз болды, сондықтан ол кезде сиыр шаруашылығы негізінен алғанда мал шаруашылығының етті қарамал өсіру бағытына бағынған саласы болды.

Арнаулы сүт шаруашылықтары болған жоқ. Шаруалардың көпшілігі сиырды өз үй ішін сүтпен және сүт өнімдерімен қанағаттандыру үшін ұстады. Әулиеата уезінің (кәзіргі Жамбыл облысы және Оңтүстік Қазақстан облысының бір бөлігі) жеке аудандарында, республиканың солтүстік аудандарында товарлы сүт өндіріліп, сарымай шығарылды. Бұл аудандарда да сиыр азығының дені жайылымның шөбі мен табиғи шабындықтардың пішені болды. Сиырларға берілетін азықта жемшөп пен егіншілік қалдықтары үлес салмағы өте аз еді. Осындай жағдайларда өсірілген ірі қарамалдың өнімділігі кем болды. Аудандар бойынша алғанда сиырлардың орташа тірілей салмағы 260 килограмнан 290 килограмға дейін болып отырды. Сиырдан бір жылда сауып алынған сүттің мөлшері отырықшы аудандардың көпшілігінде 600 килограмнан 700 килограмға дейін, ал көшпелі шаруашылықтарда одан да кем еді. Сиыр бұзаулауы малды көктемде өріске шығару мерзіміне дәл келетін, сондықтан сиырдан сүттің ең көп сауылатын мерзімі — май, июнь, июль айлары еді. Жайылымдарда шөп құрағаннан кейін сауылатын сүттің мөлшері кенет кемитін, ал сентябрь мен октябрьде суалып кететін. Мұндай жағдайларда қазақтың сиырларының сүттілігі арта алмады. Қазақ сиырының жақсы қасиеттері — жайылымда семіргіштігі, сойғанда ет пен майдың біршама көп шығатыны және сүтінің өте майлылығы.

Үстіміздегі ғасырдың бас кезінде етті ірі қарамал қажет болуына байланысты, Астрахань тұқымы бұқаларының рассаднигі құрылып, ол бұқалармен жергілікті тұқымның сиырлары шағылыстырылды. Бірақ жергілікті халықтың бұл бастамасын патша үкіметінің ресми мекемелері қолдамады.

1911 жылы Семей қаласының қасында қырғыз сиырын өсіретін шаруашылық ұйымдастырылды, бірақ ол мал тұқымын жақсартуға мардымды ықпал жасай қойған жоқ, ал 1912 жылы Қостанай қаласының жанында Астрахань сиырын өсіретін шаруашылық құрылып, ол тек 25 бұқашық өсірді де, содан кейін жабылды.



Ақмола облысының Балкашин тұқыммал совхозындағы қазақтың ақбас сиырының тұмсасы.

Май шайқайтын кейбір аудандарда жергілікті қазақы сиырлар сүтті және етті-сүтті тұқымның бұқаларымен шағылыстырылды.

Мысалы, бұрынғы Әулиеата уезіне 1882 жылдан 1912 жылға дейін голландиялық тұқымның 13 бұқашығы мен 3 қашары, симментал тұқымының бірнеше бұқашығы және швиц тұқымының 1 бұқашығы әкелінді. Жетісуда Қапалдағы, Жаркенттегі ауыл шаруашылық мектептерінің фермаларына және Верный қаласына 1916 жылға дейін швиц тұқымының 7 бұқашығы, 17 құнажыны мен қашары, симментал тұқымының және голландиялық тұқымның 3 бұқашығы әкелінді. Солтүстік-батыс облыстарының кейбір аудандарына біраз қырдың қызыл сиырлары әкелінді.

Сөйтіп, ұлан байтақ табиғи мал жайылымдары мен шабындықтары, жыртуға жарайтын жері болған революциядан бұрынғы Қазақстанның азда болса өркендеген сиыр мал шаруашылығы болмады. Қарамал шаруашылығы Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана мықтап өркендей бастады. Революциядан кейінгі бастапқы жылдардың өзінде-ақ шаруалар шаруашылығының экономикасын нығайту жөнінде жүргізілген мемлекеттік шаралар қарамал шаруашылығын дамыту жағдайларын едәуір жақсартты.

Осының арқасында шаруалар шаруашылықтарында ірі қарамал саны 1928 жылдың қарсаңында 29 процент көбейді. Шаруалар жергілікті сиырларды заводтық тұқымның бұқаларымен және олардың будандарымен будандастыруды бұрынғыдан гөрі көбірек қолдана бастады. Жақсы азықтандыру, күту және будандастыру ірі қарамалдың тұқымдық қасиеттері жақсарып, өнімділігі артуына себеп болды.

1934 жылы ірі қарамалдың 67 проценті колхоздарда, әртүрлі формалардағы кооперативтік шаруашылықтарда және совхоздарда, 30 проценті колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің, 3 проценті жеке шаруалардың жеке пайдалануында болды.

Ауыл шаруашылығының социалистік жолмен қайта құрылуы сүтті және етті сиыр шаруашылығын өркендетуге жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар тудырды. 1934 жылы июньде ВКП(б) Орталық Комитетінің Пленумы асыл тұқымды мал шаруашылығын өркендету мәселелері жөнінде қарар қабылдады. Осы қарарға сәйкес Қазақстанда, сол сияқты Совет Одағының басқа республикаларында асыл тұқымды мал совхоздары, колхоздардың асыл тұқымды мал фермалары және мемлекеттік асыл тұқымды мал шаруашылықтары ұйымдастырылды. Қазақстанда қысқа мерзім ішінде 8 асыл тұқымды сиыр совхозы, 4 мемлекеттік асыл тұқымды сиыр шаруашылығы ұйымдастырылды; ол шаруашылықтар колхоздардың ондаған асыл тұқымды сиыр фермаларын біріктірді; фермалардың әрқайсысында 100 ден астам сиыр болды. 1934 жылы ірі қарамалды тұқымына қарай аудандастыру белгіленді. Қазақстанда жоспарлы тұқым болып далалық қызыл сиыр, әулиеаталық, швиц, симментал, астраханьдық және герефорд сиырлары белгіленді.

Ауыл шаруашылығының социалистік жолмен қайта құрылуы, асыл тұқымды мал совхоздарының, колхоз фермаларының, мемлекеттік асыл тұқымды сиыр шаруашылықтарының құрылуы ірі қарамалдың тұқымын асылдандыру жөніндегі жоспарлы жұмысты кең көлемде ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Осының нәтижесінде республиканың колхоздары мен совхоздарында жергілікті сиырларды белгіленген тұқымның бұқаларымен будандастырудан алынған таза тұқымды сиырлардың және будандардың саны жыл сайын көбейіп отырды. Мысалы, колхоздарда таза тұқымды малдың және жоспарлы тұқымның будан малдарының саны 1935 жылғы 14,9 мыңнан 1939 жылы 100,3 мыңға дейін көбейді, ал совхоздарда тиісінше 66 мыңнан 111,1 мыңға жетті.

Сол жылдардың ішінде колхоздардың, жұмысшылар мен қызметшілердің меншігіндегі сиырлардың тұқымы едәуір жақсартылды.

Дәнді дақылдардың егіс көлемі жылдан жылға ұлғайтылды. Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында 1935 жылы жемшөп дақылдарының егіс көлемі, арпа мен сұлыны қоспағанда,

1913 жылғымен салыстырғанда 67 процент артты, ал 1940 жылы 3,6 есе ұлғайды.

Жергілікті ірі қара малды жақсылап азықтандыру, күту, бағудың нәтижесінде оның өнімділігі едәуір артты. Мысалы, қазақтың 108 875 сақа сиырының тірілей орташа салмағы Қазақ ССР совхоздарында 352 килограмм, колхоздарында — 320—340 килограмм болды.

Жергілікті сиырдың сүттілігі мықтап өзгерді. Орталық, оңтүстік-шығыс және батыс аймақтардың совхоздарында үш және одан көп бұзаулаған 38 074 жергілікті қазақ сиырынан сауып алынған сүттің орта мөлшері 1 139 килограмм болды. Совхоз және колхоз сиырларының кейбір отарларында жергілікті тұқым сиырынан сауып алынған сүттің орта мөлшері 1 099 килограммнан 1 325 килограммға дейін жетті.

Будан тұқымдардың өнімділігі бұдан артық болып отырды. Жергілікті қазақ сиырымен салыстырғанда будан едәуір өскелеңдігімен көзге түседі. Бұл қасиеті жағынан ең жақсылары — герефорд будандары болып шықты. Жергілікті сиырды швиц симментал, герефорд тұқымдарымен шағылыстырудан алынған будандардың 18—20 айлығындағы салмағы сол кездегі қазақ тұқымды сақа сиырлардың тірілей салмағымен бірдей шығып отырды. Қырдың қызыл сиыры будандарының бұл жастағы тірілей салмағы біраз кем болды. Қырдың қызыл сиырының әртүрлі ұрпағының сіңіре будандастырылған будан қашарларының 18 айлық жасындағы орта салмағы 294 килограммнан 308 килограммға дейін жетіп отырды.

Тұқымы жақсартылып жатқан жергілікті сиырдың тірілей салмағымен салыстырғанда будандардың есейгендегі және өсу кезіндегі тірілей салмағы едәуір артық болды. Сіңіре будандастырылған далалық қызыл сиырдың бірінші және екінші ұрпағының үш рет және одан артық бұзаулаған будан сиырларының тірілей орта салмағы 430 килограммнан 468 килограммға дейін, симментал тұқымы будандарының тірілей салмағы — 435 килограммнан 475 килограммға дейін, герефорд тұқымы будандарының тірілей салмағы — 411 килограммнан 470 килограммға дейін жетті; швиц тұқымымен сіңіре будандастырылған сиырлардың бастапқы үш ұрпағының үш рет және одан артық бұзаулаған будан сиырларының тірілей орта салмағы 446 килограммнан 477 килограммға дейін жетті.

Будан кейінгі жылдары жақсы азықтандырылып өсірілген барлық тұқымдағы будан сиырлардың тірілей салмағы 500 килограмм және одан да артық болды.

Сүтті және етті-сүтті тұқымдармен (қырдың қызыл сиыры, швиц, симментал) будандастырудан туған будан сиырлардың тірілей салмағы жағынан гөрі сүттілігі жағынан жергілікті сиырлардан айырмашылығы көп. Сонымен қатар азықтандыру, күту және бағу жағдайларының жақсаруына байланысты будан сиырдан сүт көп сауылды. Мысалы, 1939—1940 жылдары жергілікті

сиырды далалық қызыл сиырмен, швиц және симментал тұқымдарымен будандастырудан туған үш және одан артық бұзаулаған будан сиырлардан сауып алынған сүттің орта мөлшері көп отарларда 1 500 килограмнан 2000 килограмға дейін жетті. Алматы мемлекеттік асыл тұқымды сиыр шаруашылығы қамтуындағы колхоздарының барлық асыл тұқымды сиыр фермалары бойынша будандардың әртүрлі ұрпағының үш және одан көп бұзаулаған сиырларынан сауып алынған сүттің орта мөлшері 2 500 килограмнан 2 995 килограмға дейін жетіп отырды. Кейінгі жылдарда, жақсылап азықтандыру жағдайларында сол будан сиырлардан сауып алынған сүт мөлшері едәуір артып отырды. Мысалы, 1940 жылы Алматы облысының Алматы ауданындағы «Вторая пятилетка» колхозында бірінші ұрпақтың будан сиырларынан сауып алынған сүттің орта мөлшері 3 232 килограмм, екінші ұрпактікі — 3 596 килограмм болды, сол ауданның «Луч Востока» колхозында тиісінше — 2 507 килограмм және 3 285 килограмм болды. Алматы облысының Алматы совхозында үш және одан артық бұзаулаған будан сиырлардан сауып алынған сүттің орта мөлшері 4 139 килограмм болды.

Көп колхоздар мен совхоздар сүтті мал шаруашылығын жанаша жүргізе бастады: табиғи жайылымдарда шөп қураған уақыттан бастап сиырларға көк жем беріп отыру үшін малазықтық дақылдар егеді, малазық қызылшасын егеді, жабайы өсетін және екпе шөптерді сүрлейді. Осының бәрі, әсіресе қыстыгүні сиырларды азықтандырудың жалпы дәрежесін және түрін жақсартуға және олардың сүттілігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. 1940 жылы колхоздар мен совхоздардың жеке отарларында әрбір сауын сиырдан бір жылда сауып алынған сүт 3 000 килограмнан 3 880 килограмға жетті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда, әсіресе асыл тұқымды сиыр совхоздарында, мемлекеттік асыл тұқымды мал шаруашылығы аймағына кіретін колхоздардың асыл тұқымды сиыр фермаларында ірі қара малдың сапасын жақсарту жөніндегі жұмыс тоқтаусыз жүргізілді. Етті қара мал шаруашылығы бағытын ұстаған барлық асыл тұқымды мал совхоздарында казак сиыры мен астраханьдық тұқымның буданын герефорд бұқаларымен будандастыру негізінде жаңа тұқым жасау жөніндегі жұмыс жүргізіле берді. Бұл жұмыс ойдағыдай аяқталып, 1950 жылы етті қарамал шаруашылығындағы бұл жаңа тұқым тобы «Қазақтың ақбас сиыры» аталып, жаңа тұқым ретінде бекітілді. Бұл жаңа тұқым ғылым мен өндіріс қызметкерлерінің творчестволық достығы арқылы шығарылды. Ғылми қызметкерлердің, зоотехниктердің және озат малшылардың үлкен бір тобы бұл жаңа тұқымды өсіріп шығарушылар болып танылды және бекітілді.

Қазақстан мен Қырғызстанда ғылым, өндіріс қызметкерлерінің творчестволық ынтымағы арқасында ірі қарамалдың ала-тау тұқымы өсіріліп шығарылды.

Қазақтың ақбас сиырында әуелде будандастырған тұқым-

дардың шаруашылық жағынан пайдалы көп қасиеттері бар; ол өте-мөте өскелең, етті келеді және жергілікті табиғат жағдайлары мен әуе райына көнбісті. Толық емізіп асырау және құнарлы азықпен азықтандыру әдісімен өсірілген төлдің 8 айлығында тірілей салмағы 230—240 килограмға, ал 18 айда 400 килограмға жетеді және одан да асады.

Мандай алды шаруашылықтарда сақа сиырлардың тірілей орта салмағы 500 килограмнан 550 килограмға дейін жетеді. Қазақтың ақбас сиыры қуаң даланың және шөлейттің жайылымдарында жақсы қоңалады. Етті сиыр шаруашылығының мол практикасы және ғылыми зерттеулер мынаны көрсетті: ұсақ төбелі-қуаң далалы және шөлейтті аймақтардың байтақ табиғи мал жайылымдарын ірі қарамалдың ішінде қазақтың ақбас сиырын өсіру арқылы өте тиімді пайдалануға болады.

Етті қарамал шаруашылығының практикасы мынаны көрсетті: мал шаруашылығының бұл саласын ойдағыдай дамытудағы маңызды шаралардың бірі — қазақтың ақбас сиырын мейлінше көбейтіп өсіру болып табылады. Республикада сиырдың осы тұқымын өсіретін жаңадан асыл тұқымды сиыр совхоздары құрылды. Жаңа тұқымды апробациялағаннан бергі уақытта ірі қарамалдың ішінде қазақтың ақбас сиыры тұқымының таза тұқымды сиырлардың саны Қазақстанның совхоздары мен колхоздарында 73,8 мыңға дейін көбейді, ал жергілікті сиырларды жоғарыда айтылған тұқыммен будандастырудан туған будандармен қоса есептегенде 752 мыңға дейін көбейді.

Республиканың совхоздары мен колхоздарында жергілікті етті ірі қарамалды сүтті және сүтті-етті типтерге айналдыру жөнінде үлкен жұмыс жүргізілді. Колхоздар мен совхоздардың ұйымдастыру және шаруашылық жағынан нығайтылуы сүтті сиыр шаруашылығын өркендетуге қолайлы жағдайлар тудырды. Колхоздар мен совхоздар жылдан жылға жемшөп базасын жақсартта бастады, мал қораларын сала бастады, фермада еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыра бастады және ең маңыздысы — кадрларды — бұзаушыларды, сауыншыларды, малшыларды даярлау жұмысын ұйымдастырды.

Осының бәрі Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының тұқымы нашар әулиеаталық ірі қарамалын соңғы он жылдың ішінде «Әулиеаталық» деген атпен бекітілген сүтті-етті бағыттағы заводтық тұқымға айналдыруға мүмкіндік берді.

Жергілікті сиырды далалық қызыл сиыр тұқымымен және симменталмен будандастыру негізінде сүтті және сүтті-етті өнімділік бағытындағы будан көп өсірілді.

Әулиеата сиырының жақсартылып, заводтық тұқымға айналдырылуы оңтүстік аудандарда өзіне тән климаттық және биологиялық жағдайларға бейімделген сүтті сиыр шаруашылығын өркендетуге мүмкіндік берді.

Әулиеаталық тұқымның малдары шілденің аптап ыстығына

шыдамды келеді, гемоспоридиозбен ауырса басқа аудандарда өсірілетін басқа тұқымның малдарынан гөрі жеңіл ауырады.

Әулиеаталық тұқымның өсіруші көп колхоздар мен совхоздар сүт сауу жөнінде жақсы нәтижелерге жетті. Жамбыл облысының Жамбыл қызылша совхозы әрбір сиырдан 3 880 килограмм сүт алды, Оңтүстік Қазақстан облысының «Мақтаарал» совхозы — 3 328 килограмм, Оңтүстік Қазақстан облысының Георгиев ауданының «Победа» колхозы — 2 565 килограмм, Жамбыл облысының Жуалы ауданының Киров атындағы колхозы — 2 525 килограмм сүт алды. Осы колхоздың сауыншысы Е. А. Дитрих өзіне қарасты топтағы әрбір сиырдан 3 727 килограмнан сүт сауып алды. Әулиеаталық тұқымның сиырларын өсіретін басқа колхоздардың көп сауыншылары да әрбір сиырдан 3 мың килограмнан сүт алды.

1956 жылы сиырларды азықтандыруды онан сайын жақсарту жағдайында әрбір сауын сиырдан бір жылда сауып алынған сүт Оңтүстік Қазақстан облысының барлық колхоздарында 1955 жылғымен салыстырғанда 16,8 процент, Жамбыл облысының колхоздарында — 19,8 процент артты.

Республикамыздың ірі қарамалдың алатаулық тұқымның өсіретін оңтүстік-шығыс аудандарының колхоздары мен совхоздарында сүтті сиыр шаруашылығы жедел өркендеуде. Бұл тұқым жергілікті сиырды швиц тұқыммен будандастыру негізінде шығарылды. Мұндай будандастырушылық будандардың негізгі шаруашылық-пайдалы белгілерін және кейбір биологиялық ерекшеліктерін өзгертуде белгілі дәрежеде заңдылық бар екенін көрсетті.

Сіңіре будандастырылған будандардың әрбір келесі ұрпағының сүттегі май кемуі жағдайында сүт өнімділігі артып отырды, тірілей салмағы артты және дене құрылысының кейпі өзгеріп, швиц тұқымна көбірек ұқсас бола бастады. Сіңіре будандастырылған әрбір келесі ұрпақтың будандары осы белгілерінің барлығы жағынан бір-біріне көбірек ұқсас бола бастады, неғұрлым үлкен айырмашылық бірінші және екінші ұрпақтың будандарында байқалады. Сіңіре будандастырылған әртүрлі ұрпақтардың будандарына жағдайдың өзгеруі түрліше әсер етіп отырды. Олардың өмірге бейімділігі, өсімталдығы, сұрыптауға жататын негізгі белгілерінің өзгеруі түрліше болды.

Будандарды осылай зерттеу үстінде мынадай жағдай анықталды: будандардың шаруашылық-пайдалы қасиеттерінің күшеюіне, дене құрылысының қалыптасуына және кейбір биологиялық ерекшеліктерінің дамуына сіңіре будандастырудың қай ұрпаққа жататындығы әсер етпейді, қайта өсіру жағдайларының үдеп отыратын ықпалы, бір бағытқа белгіленген сұрыптау және іріктеп алу үлкен әсер етеді.

Бұл жана тұқым қажетті типке сай келген будандарды шағылыстыру арқылы, малды өсіру және пайдалану жөніндегі жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру, бір мақсатқа бағытталған, ұзақ сұрыптау және іріктеп алу негізінде шығарылды. Төл от жағыл-

майтын қорада өсірілді, төлді қыдыртып бой жаздыру дұрыс ұйымдастырылды. Байланбай, тобымен бағылды. Сондықтан алатаулық тұқым жергілікті климатқа жақсы бейімделген және оның өнімділігі мол.

Сиырдың Алатау тұқымын өсіруші көп колхоздар мен совхоздар әрбір сауын сиырдан 3000 килограмнан 5000 килограмға дейін сүт сауады, сүттің майлылығы 3,8 проценттен 4,0 процентке дейін жетеді. Бұл шаруашылықтарда 103-тен 525-ке дейін сиыр бар. Алматы облысының Алматы совхозы әрбір сиырдан 5 006 килограмнан сүт сауып алды. Осы облыстың Мичурин атындағы колхозында бір сиырдан бір жылда сауып алынған сүт 3 786 килограмм болды. Алматы облысының Алматы ауданының «Луч Востока» колхозында сауыншы М. Е. Қаргаполова өз тобындағы әрбір сиырдан 4 330 килограмнан, сол ауданның Мичурин атындағы колхозында сауыншы М. А. Шумских — 4 378 килограмнан сүт сауып алды. Алматы облысының Ақсай совхозында сауыншы Э. Вицкая әрбір сиырдан 5 182 килограмм, К. Романова — 5000 килограмм сүт сауды. Алматы совхозында сауыншы Е. Т. Ольховик әрбір сиырдан 5 360 килограмм, М. Папсуева — 5 254 килограмм сүт сауды. Сүттілігі 6 мың килограмнан 7,6 мың килограмға дейін жететін сиырлар аз емес.

1956 жылы Алматы, Талдықорған және Шығыс Қазақстан (екі ауданын қоспағанда) облыстарында алатау тұқымының сиырын өсіретін колхоздарында бір сиырдан бір жылда сауып алынған сүт орта есеппен 17,5 проценттен 28 процентке дейін артты.

Алатау тұқымының сиырлары суалғаннан кейін жайылымда жақсы ет алып, семіріп қонданады. Кейбір сиырлардың сойғандағы таза еті мен майы 60 процентке дейін жетті, сүйегінің үлес салмағы 16 проценттен 19 процентке дейін болды. Бұл тұқымның сиырлары өсімтал келеді және көп жасайды. Алматы және Ақсай совхоздарында бірнеше жыл бойы әрбір 100 сақа сиыр мен құнажыннан өсірілген төлдің саны 92 ден 101 ге дейін жетіп отыр.

Республиканың солтүстік және орталық облыстарында жергілікті ірі қарамалды далалық қызыл сиыр тұқымымен будандастыру негізінде сүтті сиыр шаруашылығының мол өнімді отарлары құрылды.

Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют асыл тұқымды сиыр совхозында үш және одан артық бұзаулаған сиырдың орта сүттілігі 4 201 килограмм, тірілей салмағы 526 килограмм, Қарағанды облысының Қарағанды совхозында тиісінше — 3 046 килограмм және 490 килограмм. Бұл совхозда үш және одан артық бұзаулаған 2 003 сиырдың ішінде 395 сиырдың сүттілігі 3000 килограмнан асады; осы сиырлардың біреуінен 300 күн лактациясы кезінде 13 мың килограмнан астам сүт сауылды.

Қырдың қызыл сиыры тұқымын және оның будандарын өсіретін көп совхоздар мен колхоздар малдың сүт өнімділігін арт-

тыру жөнінде жақсы нәтижелерге ие болып отыр. Мысалы, Ақтөбе облысының Новороссийск ауданының «Искра» колхозы әрбір сиырдан 3 133 килограмм сүт алды, Солтүстік Қазақстан облысының Чистов совхозы 3 170 килограмм, сол облыстың Мамлют асыл тұқымды сиыр совхозы 3 823 килограмм сүт алды. Мамлют асыл тұқымды сиыр совхозындағы сауыншы М. Дик өзіне бекітіліп берілген топтағы әрбір сиырдан 4 907 килограмм, «Искра» колхозындағы сауыншы Т. Гирина 4 272 килограмм сүт алды. 1956 жылы бес облыстың далалық қызыл сиыр тұқымын өсіретін колхоздарында бір жылда сауып алынған сүттің артуы сиыр басына орта есеппен 8 проценттен 23,8 процентке дейін болды.

Симментал тұқымының сиырлары мен олардың будандарын өсіруші көп колхоздар мен совхоздар сиырлардың сүттілігін арттыру жөнінде жақсы нәтижелерге жетті. Симментал сиыры мен оның будандарын неғұрлым көп өсірген Павлодар облысының колхоздарында 1956 жылы 1955 жылғымен салыстырғанда әрбір сиырдан сауып алынған сүт мөлшері 14,7 процент артты. Песчаный совхозында әрбір сауын сиырдан 2 847 килограмм сүт сауылды. Көп колхоздар әрбір сиырға шаққанда мол сүт алып келеді.

Қазақстанда мал шаруашылығының жаңа саласы болып табылатын сүтті сиыр шаруашылығы қысқа мерзім ішінде күшті өркендеді. Бұл істе будандардың және малдың жаңа тұқымдарының — алатаулық және әулиеаталық тұқымдардың маңызы зор болды. Мысалы, 1940 жылдан 1956 жылға дейін республиканың совхоздары мен колхоздарында далалық қызыл сиыр тұқымы мен оның будандарының саны 8,1 есе, симментал сиыры мен оның будандары 13,1 есе көбейді. Алатаулық тұқымды өсірудің кәзіргі шегінде (бұрын швиц сиыры өсірілген аймақ) таза тұқымды сиырдың және оның будандарының саны 14 есе көбейді.

Кәзіргі уақытта Қазақ ССР совхоздарында ірі қарамалдың жоспарлы тұқымдары мен олардың будандарының таза тұқымды сиырлары совхоздарда барлық малдың 96,4 проценті, колхоздарда 49,1 проценті болды.

Сүтті және етті сиыр шаруашылығын өркендету жөнінде жүргізілген шаралар Қазақстанда мал шаруашылығының бұл саласын мықтап өркендетуге жаңа мүмкіндіктер туғызды.

Республиканың колхоздары мен совхоздарында, әсіресе бесінші бесжылдықта, жемшөп базасы мықтап өзгерді. Көп шаруашылықтар жемшөп өндірудің жаңа формаларын қолданды — қысқы мезгілге арнап қосымша жемшөп дайындауға ғана емес, малдың өнімділігін мықтап арттыру үшін жазғы уақытта малды азықтандыруға да жемшөп дақылдарын екті. Республиканың аймақтары бойынша сүтті қарамал шаруашылығына арналған жасыл конвейер схемалары белгіленді. Колхоздар мен совхоздар астыққа, сүрлемге, көк азыққа арнап жүгеріні көп еге бастады. Ең алдымен суармалы егіншілік аудандарында жемшөп ауыспалы егістері мен жасыл конвейер схемаларында жүгері мен көп

жылдық шөптер негізгі жемшөп дақылдарына айналды. 1956 жылы Қазақстанның колхоздары 1178,4 мың гектар жерге жүгері екті.

Өткен жылдардың көпжылдық шөптерінің көлемін қоса есептегенде 1940 жылдан бастап жемшөп дақылдарының егіс көлемі (арпа мен сұлыны қоспағанда) қандай ұлғайғанын мына таблицадан көреміз (мың гектар есебімен):

1-таблица

Шаруашылықтар	1940 ж.	1956 ж.	Егіс көлемі мынадай есе артты
Совхоздар	190,9	534,7	2,8 есе
Колхоздар	134,0	2205,0	16,4 есе

Жемшөп дақылдарының егіс көлемінің ұлғаюы және ол дақылдардың шығымдылығының артуы нәтижесінде жемшөп әлдеқайда көп дайындала бастады. 1956 жылы республиканың колхоздарында сүрлем 1940 жылдағыдан 30,7 есе көп салынды, ал сол мезгілдің ішінде ірі қарамал саны 1,4 есе, соның ішінде сиыр саны 1,6 есе көбейді. 1956 жылы Қазақстанның совхоздарында сүрлем 1940 жылдағыдан 37,5 есе артық салынды. Ал сол мезгілдің ішінде совхоздарда ірі қарамалдың саны, 1,4 есе, соның ішінде сиыр 1,3 есе, шошқа 3,1 есе көбейді.

Сүт шаруашылығының практикасына жасыл конвейердің кеңінен енгізілуі көп совхоздар мен колхоздардың сиырларды және бұзаудың бір бөлегін қорада бағуына, бүкіл жазғы маусымда бұларды жақсы азықтандыруына мүмкіндік берді, ал сүрлемнің көп дайындалуы малды азықтандырудың қысқы мерзімін арттырып, оны жазғы мезгілге жақындатуларына мүмкіндік берді. Сиырларды қорада бағуға көшіру олардың сүт өнімділігін мықтап арттырады. Кейбір колхоздар мен совхоздарда осы жана жүйені қолдану нәтижесінде сауын сиырдың сүттілігі бір жылда 800—1000 литр артты. Сиырлардың сүттілігі біршама жоғары дәрежеде болған отарларда да сиырлардың сүттілігі едәуір артқандығы байқалды. Алматы совхозында сиырларды екі жыл бойы қорада-жайылымда бағу уақытында бір жылда бір сиырдан сауып алынған сүт 3 695 килограмнан 4 532 килограмға дейін артты, Алматы облысының Ақсай совхозында 3 570 килограмнан 4 719 килограмға дейін молайды. Бұл шаруашылықтарда сиырлардың сүттілігі артуымен қатар, сауып алынған сүттің ай сайынғы мөлшері бір қалыпқа келіп қыс және жаз айларында сауылатын сүт мөлшері арасындағы айырмашылық азайды. Осының нәтижесінде көп шаруашылықтарда 6 ай қыста сауылған сүттің мөлшері жылдық сүт мөлшерінің 40 процентінен 50 процентіне дейін жетеді. Жылдың әрбір айында сүттің неғұрлым біркелкі сауылып отырылуының халық үшін де, сүт өндіруші шаруашы-

лықтардың өздері үшін де зор мыңызы бар. Мұның өзі ай сайын ақшалай кіріс түсуін қамтамасыз етеді, ал бұл жағдай дұрыс өндірістік қызмет атқару үшін өте маңызды.

Сүтті сиыр шаруашылығын тиімді жүргізу барлық жер көлемінің өлшеміне өнімнің мол шығарылуын қамтамасыз етеді. Егістік, жайылымдық жерінің 100 гектарына Алматы совхозында 345 центнерден, Ақсай совхозында — 862 центнерден сүт келеді.

Сүтті және етті сиыр шаруашылығын ойдағыдай өркендету сүт пен сиыр еті өндірілуін арттыруды, товарлы өнім шығымын молайтуды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның барлық совхоздарында 1956 жылы сүт 1940 жылдағыдан 731,9 мың центнер артық сауылды. Колхоздарда сауып алынған сүт 2 087 мың центнер артты және тапсырылған сүт мөлшері 3 316 мың центнер көбейді. Колхоздар мен совхоздарда товарлы сүт мөлшері жалпы сауып алынған сүт мөлшерінің өсуінен едәуір тез өсіп отырды.

Қазақстанның колхоздары мен совхоздары сүтті және етті сиыр шаруашылығын өркендетуде едәуір табыстарға жетті.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі еліміздің ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына үлкен мемлекеттік маңызы бар міндет — халықтың жан басына ет, сүт және май өндіру жөнінде ең таяу жылдарда, Америка Құрама Штаттарын қуып жету міндетін қойды.

Қазақстанның мал өсірушілері осы өте маңызды тарихи міндетті орындауға бар күшін салады.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕМШӨП ҚОРЫ



Қазақстан орасан зор табиғи жемшөптік жерлерге бай. Мұнда 170 миллион гектардан аса жайылымдар мен шабындықтар бар.

Өсімдік құрамы, оның шығымдылығы мен жемшөптік сапасы жағынан республиканың жайылымдық-шабындық жерлерінің шөбі саналуан түрлі болып келеді.

Қазақстанның далалық аймағында боз аралас әртүрлі шөп және кілең боз өсетін жазық далалар көп. Негізінен жусан мен сораң өсетін сортаң топырақты жерлерді қоспағанда, бұл даланың едәуір бөлегі екпе дақылдар егу үшін игеріліп жатыр.

Мұнан әрі оңтүстікке қарай жатқан шөлейт және шөл далалы аймақта әртүрлі дәрежеде сортаң тартқан бозқызылқоңыр топыраққа жусан мен жусанды-астық тұқымдас шөптер өскен жерлер басым. Құмдақ жерлерде волоснец пен айрауық аралас еркек шөп-жусанды өсімдіктер шығатын ірі-ірі алқаптар кездеседі, ал қиыршық тасты жерлерге бетегелі, жусанды өсімдіктер сирек шығады. Бұл аймақ негізінен мал жайылымына қолайлы келеді, мұнда шабындықтардың көлемі жалпы жердің 1—1,5 процентінен аспайды.

Шөл аймақта негізінен қара күз бен қыста қой мен түйе жейтін селдір жусанды-сораң өсімдіктер көп өседі.

Бұл аймақта құмды, ұсақ тасты жерлер көп көлемді алып жатыр. Мұның өзінде, солтүстік типтес құмды шөлдерде (Мойынқұмда, Балқаш құмдарында, Тауқұмда және басқаларында) волоснец, еркек шөп, жусан, ерте қурайтын шөптер, сораң аралас шөптердің еркек-шөпті жусанды, жусанды-соранды, құмдақ жерде селдір өсетін бұталар-шөптер топтары кең тараған. Ал, оңтүстік типтес құмды шөлде ерте қурайтын жусанды, ерте қурайтын шөптер және бұталы шөпті жерлер басым болады. Бұған аса ірі Мойынқұм алқабы жатады. Ұсақ тасты шөл жерлерде селдір шығатын өсімдіктердің баялышты-жусанды, астық тұқымдас бұйырғынды-жусанды топтары өседі.

Бұл аймақтағы жайылымдар көбінесе көктем-күз маусымда-

рында пайдалануға қолайлы келеді. Оның жалпы көлемінің 0,5—0,7 проценті ғана шабындыққа жарайды.

Тау аймақтары өсімдіктері алуан түрлі болады. Тау етегіндегі өңірдің далалы және шалғынды-далалы аймағындағы жерлер гектарына 4—6 центнерден 10—12 центнерге дейін пішен өнім береді, ал шөп құрамы бай таулы-алдырдағы және биік таудағы шалғын далалар мен далалы жерлерде бұл өнім гектарына 8—10 центнерден 15—20 центнерге дейін арта түседі. Жемшөп беретін таулы жерлердің оннан тоғыз бөлегі жайылым да, тек оннан бір бөлегі ғана шабындық болып саналады. Таудағы жайылымдардың тек маусымдық қана сипаты бар және олар көбінесе жазғы маусымда пайдаланылады.

Табиғи жайылымдардағы шөптің қоры, зор көлемде тын және тыңайған жерлер жыртылғанын еске алғанда, жайылым маусымында қойға шаққанда, шамамен, 90 миллион бас малды азықпен қамтамасыз ете алады, ал малға қолдан берілетін табиғи жай жемшөптің қоры қысқы маусымда небәрі 30 миллион бас малға ғана жетеді.

Жайылымдар мен шабындықтардың табиғи жемшөп қоры мейлінше зор, саналуан түрлі және аса бағалы болумен бірге, оларды игеру республика мал шаруашылығы үшін жемшөп қорын нығайту, тиімді пайдалану және онан әрі кенейте беру жөніндегі шараларды кең көлемде, комплексті түрде жүзеге асыруға тығыз байланысты.

Совет өкіметінің 40 жылы ішінде Қазақстан тұрақсыз, көшпелі мал шаруашылығы өлкесінен қуатты астық шаруашылығы, тұрақты жемшөп қоры бар, аса үлкен және алуан салалы мал шаруашылығы бар индустриялы-аграрлы елге айналды.

Азамат соғысы мен бүліншіліктің зардаптарын жою дәуірінде Қазақстанда 1924—1928 жылдары мал шаруашылығы ерекше тез өсті, сөйтіп ол 1927 жылдың өзінде соғыстан бұрынғы дәрежесінен асып түсті. Әсіресе республиканың оңтүстік-шығыс бөлегінде мал саны (көбінесе ұсақ малдың саны) революциядан бұрынғы дәуірмен салыстырғанда анағұрлым тез өсті, ал осы кезде солтүстік батыс аудандарда мал санының өсу қарқыны сәл баяулау болды. Қой мен ешкінің тең жартысынан артығы республиканың оңтүстік бөлегінде болса, ірі қара малдың басым көпшілігі солтүстік және солтүстік-шығыс аудандарда болды.

1927 жылы болған Советтердің VI съезі жыртылатын және шөп шабылатын жерлерді қайта бөлуді бекітті, оның 90 проценттен артығын орта шаруалар мен кедейлер алды. 1926 жылдан 1930 жылға дейін 4 жылдың ішінде 100 миллион гектардай жерде жерге орналастыру жұмыстары жүргізілді, ал ирригациялық және мелиорациялық жұмыстардың нәтижесінде кәдімгі әдіспен және жайып суарылатын жерлердің көлемі 1926—1927 жылдардағы 682 мың гектардан 1928—1929 жылдары 893,6 мың гектарға дейін көбейді, 2 123 жана құдық қазылды.

Бірақ ол кезде Қазақстан аудандарының көшілігінде мал

шаруашылығы көшпелі болып, өнімді аз берді, оның қажетті жем-шөп қоры болмады, барлық мал жыл бойы жайылымда бағылды.

Жұт — ескі, көшпелі шаруашылықтың нағыз соры болды. Жұтта мындаған, ал кейде тіпті жүз мындаған мал қырылып қалды. Әсіресе 1891, 1911 және 1913 жылдардағы жұттар Қазақстан тарихындағы ерекше күйзеліс кезеңі болды, бұл жылдары көшпелі аудандарда барлық малдың 40 проценттейі қырылды.

Шу, Ілі өзендерінің саға жағындағы, Каспий мен Балқаш жағалауларындағы және басқа участоктардағы қысқы жайылымдарға жақын орналасқан кең көлемді шабындықтардың шөбі мүлде шабылмай қалып отырды. Сондықтан малдың қысқы бағым-күтімі ауа райына толық тәуелді болды. Көшпелі шаруашылықтың қолданатын бар «шарасы» — осы жерде жұт бола қоймайды-ау деген сақтық жайылым участоктарын іздестіріп табу немесе барлық малды айдап, мал бағуға жарайтын басқа жайылымдарға тез көшіп кету болды.

Жабайы техникамен қаруланған көшпелі шаруашылық маусымдық жайылымдардың шөбі курап, өнімділігі кемуіне байланысты туатын қиыншылықтарды жеңе алмады, малды сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу де оның қолынан келмеді. Көшпелі халық белгілі бір жайылымның суы азайып, шөбі таусылған кезде малды басқа бір маусымдық жайылымға айдайды. «Көктемде біз қарды қуаладық, ал күзде қар бізді қуалады» — дейтін көшпелі малшылар.

Байлардың шаруашылықтары мен жеке ұру топтарының жайылымдарды алдымен басып алу правосы дәнді дақылдар егуге және шабындыққа жарайтын жерлерді монополиялы түрде пайдалануға әкеліп соқты. Алайда, өзінің тиімсіз жақтарымен бірге, көшпелі шаруашылық соншама көп малды жайылымда бағып, өсіру үшін жайылымдарды пайдалана білу жөнінде бағалы тәжірибеге ие болды. Көшпелі шаруашылық малды маусымдық жайылымдардың бір түрінен екінші бір түріне айдау жолымен жері шалғай жатқан жайылымдардың әралуан түрлерін бірыңғай шаруашылық комплексі етіп біріктірді.

Бұрынғы көшпелі шаруашылықтың практикасында маусымдық жайылымдардың әртүрінің өзіне тән маңызы болды. Көшетін жердің алыс-жақындығы маусымдық жайылымдардың шөбі мен суына, қыстаулардың географиялық орнына қарай белгіленетін.

Солтүстік аудандарда белгілі бір дәрежеде дамыған тәлімі егін шаруашылығы мен шабындығы бар боз аралас әртүрлі шөп өсетін және бозды далаға орналасқан мал өсіретін шаруашылықтар жайлауға шыққанда 30—50 километрден әрі ұзап кетпейтін. Бұл аудандарда кейіннен тын және тынайған жерлерді кең көлемде игеру ісі өрістеді. Бұдан оңтүстікке қарай, Орталық Қазақстан аудандарының жазғы жайылымдары өте аз жусанды шөл далаларына орналасқан шаруашылықтар өздерінің қыстауларынан 100—120 километр жерге және одан да алысқа көшіп отыр-

ды. Ақырында, оңтүстік аймақтағы шөлейт және шөл даланың, әсіресе, жазда шөбі мен суының тапшы болуы көшпелі малшыларды өздерінің қыстауларынан 400—600 километр жердегі, ал кейбір жағдайларда тіпті 1.000 километр және одан да алыс жерлердегі жазғы жайылымдарға көшуге мәжбүр етті. Әдетте, Гурьев, Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл облыстарының малшылары қысқы жайылымнан жазғы жайылымға дейін осыншама алыс жол көшетін еді. Шөп жақсы шыққан қолайлы жылдары жайлауға көшу жолы онша ұзап кетпейтін және, бұған керісінше, қуаңшылық жылдары, әдетте пайдаланылып жүрген жайылымдардың шөбі малды қондандыруға жетпеген кезде, көшу жолы ұзаратын.

Малдың өте көп болғанына қарамастан 1926—1927 жылдары жеке шаруашылықтарда мал шөп қоры тапшы жайылымдарда бағылды.

1926 жылы екпе шөптердің, көбінесе беденің егіс көлемі суармалы жерлерде 43 мың гектардай, ал тәлімі жерлерде ең көп дегенде 5 мың гектар болатын. Мұның өзінде, бұл егістердің тең жартысы орыс халқы мекендеген шаруашылықтарда болды. Барлық орталық, солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс аудандарда небәрі 600 гектар екпе шөп болатын. Ол кезде небәрі 15 мың гектар жерге дән үшін жүгері егілді. Оның өзі түгелдей дерлік оңтүстік аудандардың суармалы жерлерінде болды. Ол кезде республикада атқа жегілетін небәрі 61 мың шөп машинасы мен 52,5 мың ат тырнаушы бар еді. Мұның 75 проценті көшіп келген орыстардың шаруашылықтарында болды. 17 миллиондай малы бар оңтүстік облыстардағы қазақтардың барлық шаруашылықтарында атқа жегілетін небәрі 100 шөп машинасы мен сондай мөлшерде атқа жегілетін тырнаушы болды. Қазақстанның солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс аудандарындағы жағдай бұдан сәл ғана артық еді.

Қазақстан ауыл шаруашылығын онан әрі нығайтудың мүдделері, товарлы астық шаруашылығы мен тұрақты жемшөп базасы бар мал шаруашылығын жасау қажеттігі ең алдымен көшпелі және жартылай көшпелі халықты коллективтендіру негізінде тұрмыстың отырықшылық салтына түсіруді талап етті.

Қазақстанда бірінші бесжылдықта колхоздар, совхоздар ұйымдастырылды, МТС-тер құрылды, машина-техникалық ірі база жасалды. Совхоздарды көптеп ұйымдастыру мал шаруашылығын мәдениетті жүргізу әдісін енгізудің, аса бағалы жемшөптік жаңа дақылдарды игерудің, жемшөп өндіруді мейлінше механикаландыру әдістерін меңгерудің негізі болды. Мал совхоздары игерілмеген далада ұйымдастырылып, олар бұрынғы көшпелі аудандарға жаңа техниканы және жемшөп өндіруді ұйымдастырудың жаңа әдістерін әкелді. Екінші бесжылдық кезінде партия мен Совет үкіметі Қазақстанды социалистік мал шаруашылығының еліміздің шығысындағы аса ірі базасына айналдыру міндетін алға қойды.

Бекітіліп берілген жердің көлеміне сәйкес колхоздарда малдың белгілі бір минимум мөлшерін және мал шаруашылығы өнімдерін тапсырудың гектарлық 1939 жылы белгіленген принципі колхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын өркендету үшін шалғындар мен жайылымдарды неғұрлым толық пайдалануға жәрдемдесті. Товарлы фермалардың саны қысқа мерзімнің ішінде (1939—1941 жылдары) бірнеше есе өсті, екпе шөптер мен дәнді-дақылдардың егіс көлемі ұлғайды. Ұлы Отан соғысының қарсаңында-ақ республиканың әрбір 100 колхозында әртүрлі бағыттағы 200-ден аса мал фермалары болды. Осы дәуірдің ішінде мал совхоздарының саны едәуір артты. Әрбір совхозда малазықтық дақылдар, екпе шөптер мен нәрлі жемшөп өсіріле бастады.

Қазақстан ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру — жаңадан игерілген жерлерде көптеген совхоздар мен колхоздар құру, көшпелі халықтың отырықшылануы, егіншілік пен шөп шабудың дамуы малдың мол өнімді жаңа тұқымдарын енгізу және бұрынғы көшпелі шаруашылықтың маусымдық жайылымдарын мал шаруашылығы үшін игеру негізінде биязы жүнді қой шаруашылығын, етті және етті-сүтті сиыр шаруашылығын өркендетудің жағдайларын жақсартуды қамтамасыз етті. Малды жайып-бағудың барлық тиімді жақтарын сақтай отырып, колхоздар мен совхоздардың мал шаруашылығы шөп пен жемнің қысқы маусымға керекті қорымен барған сайын көбірек қамтамасыз етіле бастады, ал неғұрлым алдыңғы қатарлы колхоздарда — құнарлы жемшөппен және тамыржемістермен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілді.

Республика колхоздары мен совхоздары 1940 жылға дейін-ақ көп жерді шабындыққа арнап бөлді. Егер 1928—1929 жылдары шабындықтардың бүкіл көлемі 7 миллион гектардай болса, 1940 жылдың өзінде республика колхоздары мен совхоздары 13 миллион гектар жердің шөбін шапты. Дәнді дақылдардың егіс көлемінің ұлғаюы, егін шығымдылығының артуы, екпе шөптердің егіс көлемі 90 мың гектардан 344 мың гектарға дейін кеңейіп, малазығындық тамыр жемістердің егіс көлемінің 1928 жылғы 400 гектардан 1940 жылы 32 мың гектарға дейін ұлғаюы нәтижесінде малдың жеммен және көлемді жемшөппен қамтамасыз етілуі бірнеше есе артты.

Шөп дайындаудың едәуір артуы бұрын мал тек тебінде ғана бағылып келген негізгі мал шаруашылығы аудандарда қоғамдық мал шаруашылығын көлемді жемшөппен қамтамасыз еткенін атап айту керек. Дегенмен, Қазақстанда малға қолдан беретін азық ретінде көбіне шөп қана берілді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында 20 миллион гектардан аса жаңа жайылымдарды игеруге, көптеген жаңа каракөл совхоздарын құруға және жау уақытша басып алған аудандардан айдалған мол өнімді қыруар малды орналастыруға мүмкіндік берген отарлы мал шаруашылығын ұйымдастыру жөнінде көп жұмыстар

жүргізілді. Мал санын көбейтіп, мал шаруашылығынан арзан өнім алу үшін Қазақстанның көптеген аудандарында бар табиғи жемшөптік едәуір жерлерді пайдалануға зор маңыз бере отырып, колхоздар мен совхоздар отарлы мал шаруашылығын ұйымдастыру жөнінде бірқатар нақтылы шаралар белгіледі.

Бұл шешімге сәйкес республикада малды жайылымда отарлап бағу мен шөп шабуға жарайтын жерлер бөлінді, мал айдайтын жолдар тағайындалды, отарлы мал шаруашылығы участоктарында зор көлемде өндірістік құрылыстар салу белгіленді.

Қазақстан колхоздары мен совхоздарының малды жайылымда отарлап бағу жөніндегі 15 жылдық тәжірибесі мынаны көрсетті: жемшөп дайындауға жақсы әзірленіп, оны ойдағыдай ұйымдастырған жағдайда отарлы мал шаруашылығы едәуір экономикалық пайда береді: мал шаруашылығын онан әрі өркендету үшін жемшөп қоры ұлғаяды, малға қолдан берілетін жемшөп үнемделеді, малды қолда баққандағымен салыстырғанда еңбек шығындары азаяды, мал шаруашылығының өнімдері арзандайды.

Соғыстан кейінгі дәуірде 1949—1951 жылдары колхоздар мен совхоздардың қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспарында республиканың алдына зор міндеттер қойылды. Мұның өзі 1951 жылға дейін даладан шөп шабуды 19,5 миллион гектарға дейін ұлғайту, бірқатар мал шаруашылығы аудандарында машина-трактор мелиорация станцияларын құру, жаңа жайылымдарды игеріп, негізгі жайылымдарды жақсы пайдалану, жерді жайып суару үшін су қорларын шебер пайдалану жолымен жемшөп қорын едәуір молайтуды талап етті. Республикада көптеген жаңа МТС-тер, МЖС-тер қысқа мерзімде салынып, жайып суарылатын жердің көлемі бірнеше есе артты.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының (1953 жыл) шешімдерін жүзеге асыру жолындағы күресте жемшөптік дақылдардың егіс көлемін арттыру, жерді көлтабандап суару мен арық арқылы суаруды онан әрі өрістету, шөп шабу да болсын, сондай-ақ жер суару және суландыру құрылыстарын салу да болсын машина-техникалық базаны кеңейту шаралары жүргізілді.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1953 жыл), февраль-март (1954 жыл), июнь (1954 жыл), январь (1955 жыл) Пленумдарында ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өрге бастырудың және осының негізінде таяудағы жылдарда елімізде ауыл шаруашылық өнімдерінің молшылығын жасаудың программасы белгіленген болатын.

1954 — 1956 жылдары Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру ісінің кеңінен өрістеуі елімізде астық пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру ісіне қосылған ірі үлес болды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру нәтижесінде Қазақстан-

да астық шаруашылығын өрге бастыру, жемшөп қорын молайту үшін жаңа негіз жасады.

Тың және тыңайған жерлерді көп игерген колхоздар мен совхоздар, сонымен бірге, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөнінде де неғұрлым жоғары көрсеткіштерге жетті. Мықтап өркендеген астық шаруашылығы колхоздар мен совхоздарда мал санын үздіксіз өсіріп, оның өнімділігін арттыруды қамтамасыз етуде. Бұл шаруашылықтарда түрлі бағытта дамыған өсімдік шаруашылығы мал шаруашылығын астықтың қалдықтарымен және дәнді жеммен қамтамасыз ету үшін зор мүмкіндіктер жасауда. Бұл шаруашылықтарда шалғындандыру және көкшөп конвейерін жасау үшін жаңа жерлерді игеруге, кірме участоктерде жемшөп дайындауды ұйымдастыруға мүмкіндік бар.

Солтүстік Қазақстан облысының Калинин атындағы совхозы мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда және жемшөп қорын кеңейтуде жоғары көрсеткіштерге жетті. Мұнда барлық жердің 85 проценті жыртылған, табиғи жайылымдар жоқтың қасы. Ірі қара мал мен қой-ешкіні көктемде және күзде жаю үшін көпжылдық екпе шөптер, ал жаз ортасында — біржылдық дақылдар пайдаланылады. Көктемнің алғашқы жартысында мал қылтықсыз арпабас, омскілік регнерия, еркекшөп егілген жерлерге, ал майдың орта шенінен бастап қара бидай егілген жерлерге бағылады. Жаздың алғашқы кезінде қылтықсыз арпабастың, көгентамырсыз бидайықтың, еркекшөптің, эспарцет пен беденің 2 және 3-жылғы егістері жайылымға пайдаланылады. Солтүстік Қазақстанның жағдайында жаздың екінші жартысында судан шөбі, жүгері, көпжылдық шөп қоспалары мен бұршақты-астық тұқымдас өсімдіктердің алшынкөк шөбі мал жаюға пайдаланылады. Күздігүні мал көпжылдық және біржылдық екпе шөптердің орнына шыққан алшынға, сол сияқты дәнді дақылдар жиналғаннан кейін аңызға шыққан алшынға жайылады. Еркекшөп аралас беде сияқты бұршақты-астық тұқымдас шөптердің қоспалары, сондай-ақ шөптердің неғұрлым күрделі қоспалары өнімді мол береді, ұзақ сақталады және көпжылдық екпе жайылымдарға ұқсайды. Сондықтан малды загондар бойынша жая отырып, мұндай жерлерді, әсіресе ылғал аз түсетін аймақта мал жаю маусымының бүкіл өн бойында пайдалана беруге болады.

Екінші бір табиғи-шаруашылық аймақтарда мал шаруашылығының өнімділігін еселеп арттыруды қамтамасыз ететін жемшөп қорының өзіне тән құрылымы қалыптасқан.

«Мақтаарал» совхозында алуан түрлі көк шөп пен балғын азық көк шөп конвейерін жасау арқылы сиырдан сүтті мейлінше көп саууға қол жетті.

Мұнда мақта шаруашылығы жетекші сала бола тұрса да, әрбір сауын сиырдан 3.500 килограмға дейін сүт алынады. Ыстық шөл жағдайында сиырлардың сүтті мұншама көп беруі жаздың



Алматы облысы, Алматы ауданының Сталин атындағы колхозда жүгеріні бөлектеп жинау.

аяқ шені мен күзгі маусымында астық тұқымдас шөптердің қоспаларын (жима тарғақ пен беде және рейграс бен беде) және жонышқаны, судан шөбі мен оның алшынкөгін, көк жапырағы аралас қызылша мен жасыл жемшөп ретінде жұмсалатын жүгеріні пайдалану және астық тұқымдас-бұршақты шөп өсетін жерлерге күздігүні мал жаю есебінен қамтамасыз етіледі.

Қазақстанның оңтүстік-шығысының суармалы аймағы жағдайында, мәселен, Алматы облысының «Луч Востока» колхозында жазғы айларда жүгері жасыл конвейердің негізі болып табылады. Ол апрельдің аяқ кезінен бастап, жер участоктарының бір бөлегі ерте пісетін картоп пен овоштан босағанға дейін, яғни июль айына дейін 5 мерзімде егіледі. Бір гектар жүгері мұнда 6.000 азық өлшемін береді және 5 гектар сұлының немесе 3 гектар мал-азықтық қызылшаның орнына жүреді. Сұлы, беде, сиыр жонышқа мен сұлының қоспасы және тау етегіндегі жайылымдар жүгерімен қоса жасыл жемшөп ретінде пайдаланылады.

Алматы ауданының Мичурин атындағы колхозында жаздың бас кезінде бедені және сиыржонышқа мен сұлының қоспасын, жаздың екінші жартысында жүгеріні, судан шөбін, екінші рет шабылған бедені, кәдіні, күздігүні асқабақты, овош қалдықтарын, үшінші рет шабылған бедені, жемшөптік қызылшаны пайдалану есебінен әрбір сауын сиырдан 3 000 литр және одан да көп сүт алады.

Батыс Қазақстанның қуан далаларына орналасқан көп колхоздар мен совхоздар сиырдан сүтті көп алады. Мәселен, Зеленов

ауданының Сталин атындағы колхозда табиғи жайылымдарға қоса судан шөбін, жемшөптік қарбыз, кәді мен еркекшөп егу үшін ойпаң жерлер пайдаланылады.

Семей облысындағы Жарма ауданының далалы жерлерге орналасқан «Расцвет» колхозында жерді көлтабандап суарудан түсетін шөп мал шаруашылығын азықпен камтамасыз етеді. Егер колхоз далалы жердегі сай-саланың әрбір гектарынан 2—4 центнерден нашар шөп жинайтын болса, көлтабандап суарылған жерлердің гектарынан 10—30 центнерге дейін сапалы шөп шауып алады.

Мұнда көлтабандап суарылатын жерлерге жүгері, күнбағыс, тамыржемістер егілетін шалғындық-жайылымдық ауыспалы егістер енгізілген.

Жерді көлтабандап суарудың жемшөп қорын нығайтуда зор маңызы бар. Табиғи бөгеттердің жеткілікті болуы, әсіресе өзендердің суы мол болған жылдары тасқын судың кеңжайылуы арқасында Қазақстан аудандарының көпшілігінде үлкенді-кішілі өзендердің көктемгі тасқыны есебінен жерді көлтабандап суару жұмыстарын өрістетуге үшін қолайлы жағдайлар бар.

1925 жылдан бастап Батыс Қазақстанның қуаң далалары мен шөлейт жерлерінде көлтабандап суаруға арналған бірсыпыра жүйелер салынды. Олардың бірқатары — Ақтөбе облысындағы Доңызтау, Құмсай, Батыс Қазақстан облысындағы Өзен жүйелері кәзіргі күнде де пайдаланылып келеді.

1923 жылы қолдан көлтабандап суарылатын жерлердің көлемі небәрі 30 мың гектар болса, 1936 жылы 105,4 мың гектар, 1939 жылы 149,3 мың гектарға жетті. Соғыстан кейін жерді көлтабандап суару жүйелерін салу ісі неғұрлым тез қарқынмен өрістей бастады. 1951 жылы қолдан көлтабандап суарылатын жерлердің көлемі 351 мың гектар, 1952 жылы 1 312 мың гектар, 1953 жылы 1 438 мың гектар, 1954 жылы — 1 600 мың гектар болды. Жерді көлтабандап суару жүйелері шалғайдағы мал шаруашылығы аудандарында салына бастады. Көптеген колхоздар мен совхоздар жерді көлтабандап суару жүйелерін салу есебінен шабындықтардың гектарынан 20 центнер және одан да көп шөп алады, ал суарылмайтын шабындықтар гектарынан 3—3,5 центнерден ғана өнім береді. Мәселен, Ақмола облысының Новочеркасс ауданындағы «Қызыл жұлдыз» колхозы жерді көлтабандап суаратын құрылыстар салу үшін 387 мың сом қаржы жұмсады. Оның есебіне колхоз жерді көлтабандап суару есебінен шөп өнімін 81 мың центнер арттырды.

Көлтабандап суарылатын және өзен алқабындағы өнімі аз учасоктарды жақсарту ондағы бұталарды аршып, жырту және бұл учасоктарға бір жылдан үш жылға дейін біржылдық жемшөптік дақылдар (жүгері, могоар, судан шөбін, күнбағыс, асқабақ және басқаларын) егу, кейіннен қылтықсыз арпабаспен, бедемен, басқа да шалғындық-жайылымдық шөптермен шалғындандыру арқылы жүргізіледі.

Қарағанды облысындағы Қарағанды совхозында соңғы 3 жылдың ішінде көлтабандап суарылған жерлердің өнімділігі мынадай болды: сүрлем үшін егілген жүгерінің гектарынан 400 центнер, күнбағыстың гектарынан 200—300 центнер, могоар мен конақтарының (чумиза) гектарынан 150—200 центнер, соргоның гектарынан 300 центнер көк шөп, беделі еркекшөпті қосындылардың гектарынан екі рет шапқанда 40 центнер өнім алынды.

30-шы жылдарға, демек коллективтендіруге дейін Қазақстан мал шаруашылығының тек табиғи жайылымдарды ғана пайдалануға негізделіп келгені мәлім.

Отырықшы халық та жемшөп қорын жақсартумен шұғылданбады, олар қысқы маусымға керекті шөпті табиғи шабындықтардан шауып алумен ғана тынды. Қазақстанның оңтүстігінде ғана, суармалы егіншілік өңірінде жергілікті халық көбінесе үй іргесіндегі участоктарына беде егетін еді. Пішен дайындаумен қатар, отырықшы егінші халық шамалап сұлы мен арпа екті. Жемшөп қорын ұйымдастыру жөніндегі бүкіл жұмыс осымен тынатын.

Кейбір жеке шаруашылықтарда ғана басқа жемшөптік дақылдар өсірілетін еді. Шөл және шөлейт аудандарда мал шаруашылығын тез өркендету жемшөптің берік қорын жасауды талап етеді. Шөл даладағы қысқы жайылымдарда шабындықтардың жеткіліксіз болуы салдарынан жемшөп дайындау мүмкіндігі кемиді де, жерді көлтабандап суарудың өзі де бұл міндетті толық шеше алмайды.

Осы кезде мұнда екпе дақылдар өсірудің жемшөп қорын толықтыруда үлкен маңызы бар.

Көптеген күздік дақылдар — қара бидай мен арпа өздерінің биологиялық ерекшеліктеріне қарай күзгі-қысқы, ерте көктемдегі жауын-шашынның есебінен едәуір мөлшерде жемшөп бере алады. Алайда, шөлейт аймақтар жағдайында бұл дақылдар да көктемнің ылғалды кезінде өсіп-жетілу дәуірін толық өте алмайды, сөйтіп июньнің орта шенінде қатты аңызак соғып, температура жоғарыласымен-ақ олар өсуін тоқтатады. Гурьев, Талдықорған, Алматы облыстарының бірқатар колхоздары мен совхоздарының өндірістік тәжірибесі және ғылыми-зерттеу мекемелерінің деректері мынаны көрсетеді: шөлейт аймақтарда жемшөп қорын арттыру үшін шөп және көк шөп алу мақсатымен шөл далаға «лайықты» ерекше бір агротехниканы қолдана отырып, бірқатар дәнді дақылдар мен екпе шөптер өсіруге болады.

Гурьев облысындағы Приморье МТС-і мен басқа да бірқатар МТС-тердің қамтуындағы колхоздар құмдақ жерлерге, сол сияқты шөлейт аймақтардың саздақ жерлеріне қара бидай мен арпа егуде. Агротехниканы дұрыс қолданған жағдайда олар әрбір гектар жерден 8 центнерден 26 центнерге дейін өнім алады, мұның өзі жердің әрбір гектарынан 350—1000 жемшөп өлшемі алынады деген сөз, ал табиғи шабындықтардың әрбір гектарынан ауа райы орташа және қолайлы болған жылдардың өзі 2 центнерден 4 центнерге дейін шөп шабылады. Кәзіргі күнде шөлейт аудандар-

да күздік қара бидайдың егіс көлемі 200 мың гектардан артады. Бұл аймақтың бірсыпыра колхоздары мен совхоздарында жайылым участоктарында шөп жинау үшін күздік қарабидайдың зор маңызы бар. Қуаңшылығы басым жерлерде пішен мен көк шөп алу үшін күздік қара бидаймен бірге судан шөбін, ақжүгері мен судан шөбінің буданын, ал көп жылдық шөптердің ішінен — еркек-шөп, бұршақты тұқымдастардан — эспарцет, түйежоңышқа, беде өсіруге мүмкіндік бар. Бұл жөнінде Ленин атындағы қой совхозының тәжірибесінен көп үлгі алуға болады. Ол Жамбыл облысының Мойынқұм шөліндегі құмды аймаққа 1956 жылы 3000 гектар судан шөбін егіп, оның гектарынан 18 центнерден пішен жинады. Мұның өзі совхозға тек осы дақыл мен беденің есебінен ғана жемшөптің бір жарым жылдық қорын жасауға мүмкіндік берді.

Көптеген шаруашылықтарда қуаңшылық жерлерге ақ жүгері өсімдіктерін егуді жемшөп өндіруге жаратудың экономикалық зор пайдасы бар. Шөл даланың жағдайында бұл өсімдіктерден тұрақты көк шөп алумен қатар, дән алуға болады. Бұл дақылдардың қатар аралығын баптаудың қажеті жоқ. Мұның өзі оларды өсіруге жұмсалатын жалпы шығынды азайтады.

Өте қуаңшылық жерлердің жағдайында еркекшөп, эспарцет, түйежоңышқа, изен егудің тиімділігі анықталды. Павлодар облысының «Зангар» совхозында, Қарағанды облысының бірқатар колхоздарында еркекшөпті, еркекшөпті-эспарцетті шабындықтар мен жайылымдар 10—12 жыл бойы пайдаланылады. Сол сияқты түйежоңышқа егесінен де көп жылдық жайылымдар мен шабындықтар жасауға болады, өйткені екі жылдық түйежоңышқа өзбетімен ұрықтанады. Мұның өзі құрғақ дала мен суарылмайтын мейлінше қуаңшылық шөлейт жерлерде көп жылдық шабындықтар мен жайылымдар жасауға мүмкіндік береді.

Орталық Қазақстанның қуаңшылық тәлімі жерлеріне бұршақты өсімдік — эспарцет егу жемшөп қорын белокпен толықтыру ісінде үлкен орын алады. Мұның өзі Қазақстанда жемшөп өндіруде қолжеткен елеулі табыс болып саналады. Қарағанды облысының көптеген колхоздары еркекшөп пен эспарцетті колхоз орталығына жақын жерде ғана емес, сондай-ақ көп мал қыс бойы бағылатын оңтүстікке таяу аудандардың отарлы мал шаруашылығы участоктарында да егеді.

Шөп мол шыққан жылдары жемшөпті көп дайындау, әсіресе, отар участоктарда мал азығы қорын жасаудың елеулі көздерінің бірі болып табылады. Мұндай жылдардың әрбір 2—4 жылда бір келетіні мәлім. Бұл кезде тіпті жайылымдардың өзінде шөп өнімі гектарына 10 центнерге дейін жетеді.

Мәселен, Жамбыл облысында 1953—1955 жылдары тек колхоздар ғана жауын-шашын мөлшері әртүрлі болған жылдарда 700 мың гектардан 850 мың гектарға дейін шөп шапты. Бұл жердің едәуір бөлегі жайылымдар еді. Республиканы тұтас алғанда, 11,2 миллион гектар шабындық болса, соңғы үш жылдың ішінде

тек колхоздар ғана жыл сайын 17 миллион гектардан 19 миллион гектарға дейін жердің шөбін шауып отырды.

Әзірге бос жатқан жайылымдық-шабындық қорлардың етті мал шаруашылығы, биязы жүнді, қаракөл қой шаруашылығы және малдардың басқа түліктері үшін қанша шөп бере алатынын анықтау жөнінде республикада зор жұмыстар жүргізілді. Алайда жайылымдық тыңның анықталған қорлары әлі жеткіліксіз пайдаланылып келеді, ал бұл қорлар қосымша ондаған миллион пұт арзан ет пен сүт бере алар еді. Республиканың 10 облысының көлемі 117,6 миллион гектар жайылымдық-шабындық жерлерінде қойға шаққанда небәрі 17 миллион бас мал бағылады, ал бұл жерге 32,4 миллион мал өсіруге болар еді. Бос жайылымдардың әзірге жеткілікті мөлшерде суландырылмай жатқандығы оларды игеру ісін бөгеп отыр.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру үшін Қазақстан шөлдерін игеру мемлекеттік аса маңызды міндет болды және болып отыр, өйткені бізде бүкіл жеріміздің үштен екі бөлегіне дейін шөл мен шөлейт жерлер алып жатыр.

Жамбыл облысындағы Луговой ауданының колхоздары бос жерлерді шебер пайдаланудың үлгісін көрсетуде. Олар Мойынқұм шөлінің орта шеніндегі Үмбет деген жерді игеруде. Күзгі-қысқы маусымда және ерте көктемде мал жайылатын көптеген жайылымдары бар кең байтақ бұл жер кәзіргі күнде мәдени көгалді нуға айналып келеді, онда жақсы колхозаралық орталық салынған, жемшөп көп дайындалады, түліктің барлық түрі үшін стандартты қоралар бар. Бұталарды аршып, қамысты құрту арқылы мұнда шабындық жерлер 6 500 гектарға дейін кеңейтіліп, мал азығын дайындау кәзірдің өзінде 1000 тоннаға дейін жеткізілді. Қанықтырыла суарылған жерлерге беде егіледі де, құмның шет-шетінде судан шөбі, могоар, еркекшөп жемдік дәнді дақылдар өсіріледі. Колхоздар мұнда басқа да көптеген шараларды жүзеге асырды, мұның өзі қыста бағылатын мал санын едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Үмбет пен колхоз поселкелерінің және жазғы жайылымдардың аралығындағы жолдың өн бойында мал қамайтын 11 қора жабдықталған, жемшөп қоры жасалып, қой қоздайтын жылы орындар салынған. Жемшөп қорын игеру нәтижесінде Луговой ауданының бұл колхоздары қой шаруашылығының өнімділігін мейлінше арттыруға жетті, сөйтіп малды қолда баққандағымен салыстырғанда көптеген шөп және 160 мыңнан аса еңбеккүн үнемдеді.

Біздің мемлекетіміздің негізін қалаушы ұлы Ленин былай деген болатын: «Біздің заманымызда техника көз көріп, құлақ естімеген қарқынмен дамуда, сондықтан кәзіргі күнде жарамсыз жерлер, егер техникалық жаңа әдістер табылатын болса, ертең-ақ жарамды болуы мүмкін». Совхоздар, колхоздар мен ғылыми мекемелер мал шаруашылығы үшін жайылымдық тыңды игерудің бұл техникалық әдістерін кәзірдің өзінде қолдануда. Олар Қазақстан шөлдері мен шөлейттерінің жемшөп қорларын ет, сүт, жүн

және мал шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіру үшін пайдалана бастады.

Бірқатар шаруашылықтарда бір ауыспалы егістің өзінде кәдімгі егістік және малазығы дақылдарын сыйыстырып егу туралы теріс ұғымдар болып келді.

Кәдімгі егістік ауыспалы егістер жемшөп өндірудің тек қосымша қоры ғана бола алады, ал арнаулы ауыспалы егістер жемшөп өндірудің негізгі қайнар көзі болуға тиіс, мұнда сүрлем алатын жемшөптік өсімдіктер, жай шөп пен көк шөп алатын көп жылдық және бір жылдық екпе шөптер, малазығындық бақша дақылдары, тамыр жемістер, жемдік дәндер мен дәнді-бұршақты дақылдар жетекші орын алады. Мұның өзінде жемшөптік ауыспалы егістердің екі түрі — ферма маңындағы және шалғында немесе шалғынды-жайылымды түрлері қолданылады.

Ферма маңындағы ауыспалы егістерге негізінен еңбекті көп керек ететін және тасуға ыңғайсыз жемшөптік дақылдар — сүрлем жасайтын дақылдар, тамыртүйнек жемістер, бақша дақылдары, тамыр жемістер, жемдік дәндер мен дәнді-бұршақты дақылдары мен көк шөп алатын өсімдіктер, шалғындық ауыспалы егістерге шөп шабу және мал жаю үшін егілетін көп жылдық және бір жылдық екпе шөптер, жемдік дәнді дақылдар егіледі. Шалғындық ауыспалы егістерге сүрлем мен бақша дақылдары сирек егіледі. Егер бұл дақылдардың егісі мал фермасына жақын болса ғана оларды шалғындық-жайылымдық ауыспалы егістерге орналастыруға болады.

Бұл ауыспалы егістерді енгізу мал шаруашылығы басым өркендеген шаруашылықтарда, негізінен сүт өндіретін және жоңышқа өсіретін шаруашылықтарда ғана тиімді болады.

Қойды жайылымда отарлап бағатын қой шаруашылықтарында жемшөптік ауыспалы егістердің болмауы да мүмкін, бірақ мұның орнына, табиғи жайылымдар мен шабындықтардың тиімді пайдаланылуын ұйымдастыру қажет. Жайылымдардың шөбі азайған жағдайда шалғынды-жайылымды ауыспалы егістерді енгізу, сөйтіп шөп алу үшін егілетін көп жылдық екпе шөптерге зор көлемде жер бөлу, көп жылдық екпе шөптерден босаған жерді 2—3 жыл бойына жемдік дәнді дақылдар егуге пайдалану керек.

Малды азықтандыру туралы ғылымның деректеріне қарағанда, түліктің барлық түрі жазғы маусымда жайылым шөбінің үстіне жеммен, ал сауын сиырлар мен шошқа көк шөппен қосымша азықтандырылуға тиіс. Қыстыгүні мал қолға қараған кезде жемшөптің түр-түрінің бұдан да көп болуы талап етіледі.

Алайда қой мен ешкі сияқты жайылымға үйренген малдар да, әсіресе қысқы маусымда жем мен сүрлем керек етеді. Қойға тәулігіне 3 килограмнан сүрлем беру олардың жүнінің едәуір артатындығын колхоздар практикасы дәлелдеді. Сондықтан мол өнімді мал шаруашылығы тек табиғи жемшөп қорына ғана емес, сондай-ақ екпе жемшөп қорына да сүйенуге тиіс.

тек колхоздар ғана жыл сайын 17 миллион гектардан 19 миллион гектарға дейін жердің шөбін шауып отырды.

Әзірге бос жатқан жайылымдық-шабындық қорлардың етті мал шаруашылығы, биязы жүнді, қаракөл қой шаруашылығы және малдардың басқа түліктері үшін қанша шөп бере алатынын анықтау жөнінде республикада зор жұмыстар жүргізілді. Алайда жайылымдық тыңның анықталған қорлары әлі жеткіліксіз пайдаланылып келеді, ал бұл қорлар қосымша ондаған миллион пұт арзан ет пен сүт бере алар еді. Республиканың 10 облысының көлемі 117,6 миллион гектар жайылымдық-шабындық жерлерінде қойға шаққанда небәрі 17 миллион бас мал бағылады, ал бұл жерге 32,4 миллион мал өсіруге болар еді. Бос жайылымдардың әзірге жеткілікті мөлшерде суландырылмай жатқандығы оларды игеру ісін бөгеп отыр.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру үшін Қазақстан шөлдерін игеру мемлекеттік аса маңызды міндет болды және болып отыр, өйткені бізде бүкіл жеріміздің үштен екі бөлегіне дейін шөл мен шөлейт жерлер алып жатыр.

Жамбыл облысындағы Луговой ауданының колхоздары бос жерлерді шебер пайдаланудың үлгісін көрсетуде. Олар Мойынқұм шөлінің орта шеніндегі Үмбет деген жерді игеруде. Күзгі-қысқы маусымда және ерте көктемде мал жайылатын көптеген жайылымдары бар кең байтақ бұл жер кәзіргі күнде мәдени көгалді нуға айналып келеді, онда жақсы колхозаралық орталық салынған, жемшөп көп дайындалады, түліктің барлық түрі үшін стандартты қоралар бар. Бұталарды аршып, қамысты құрту арқылы мұнда шабындық жерлер 6 500 гектарға дейін кеңейтіліп, мал азығын дайындау кәзірдің өзінде 1000 тоннаға дейін жеткізілді. Қанықтырыла суарылған жерлерге беде егіледі де, құмның шет-шетінде судан шөбі, могоар, еркекшөп жемдік дәнді дақылдар өсіріледі. Колхоздар мұнда басқа да көптеген шараларды жүзеге асырды, мұның өзі қыста бағылатын мал санын едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Үмбет пен колхоз поселкелерінің және жазғы жайылымдардың аралығындағы жолдың өн бойында мал қамайтын 11 қора жабдықталған, жемшөп қоры жасалып, қой қоздайтын жылы орындар салынған. Жемшөп қорын игеру нәтижесінде Луговой ауданының бұл колхоздары қой шаруашылығының өнімділігін мейлінше арттыруға жетті, сөйтіп малды колда баққандағымен салыстырғанда көптеген шөп және 160 мыңнан аса еңбеккүн үнемдеді.

Біздің мемлекетіміздің негізін қалаушы ұлы Ленин былай деген болатын: «Біздің заманымызда техника көз көріп, құлақ естімеген қарқынмен дамуда, сондықтан кәзіргі күнде жарамсыз жерлер, егер техникалық жаңа әдістер табылатын болса, ертең-ақ жарамды болуы мүмкін». Совхоздар, колхоздар мен ғылыми мекемелер мал шаруашылығы үшін жайылымдық тыңды игерудің бұл техникалық әдістерін кәзірдің өзінде қолдануда. Олар Қазақстан шөлдері мен шөлейттерінің жемшөп қорларын ет, сүт, жүн

және мал шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіру үшін пайдалана бастады.

Бірқатар шаруашылықтарда бір ауыспалы егістің өзінде кәдімгі егістік және малазығы дақылдарын сыйыстырып егу туралы теріс ұғымдар болып келді.

Кәдімгі егістік ауыспалы егістер жемшөп өндірудің тек қосымша қоры ғана бола алады, ал арнаулы ауыспалы егістер жемшөп өндірудің негізгі қайнар көзі болуға тиіс, мұнда сүрлем алатын жемшөптік өсімдіктер, жай шөп пен көк шөп алатын көп жылдық және бір жылдық екпе шөптер, малазығындық бақша дақылдары, тамыр жемістер, жемдік дәндер мен дәнді-бұршақты дақылдар жетекші орын алады. Мұның өзінде жемшөптік ауыспалы егістердің екі түрі — ферма маңындағы және шалғында немесе шалғынды-жайылымды түрлері қолданылады.

Ферма маңындағы ауыспалы егістерге негізінен еңбекті көп керек ететін және тасуға ыңғайсыз жемшөптік дақылдар — сүрлем жасайтын дақылдар, тамыртүйнек жемістер, бақша дақылдары, тамыр жемістер, жемдік дәндер мен дәнді-бұршақты дақылдары мен көк шөп алатын өсімдіктер, шалғындық ауыспалы егістерге шөп шабу және мал жаю үшін егілетін көп жылдық және бір жылдық екпе шөптер, жемдік дәнді дақылдар егіледі. Шалғындық ауыспалы егістерге сүрлем мен бақша дақылдары сирек егіледі. Егер бұл дақылдардың егісі мал фермасына жақын болса ғана оларды шалғындық-жайылымдық ауыспалы егістерге орналастыруға болады.

Бұл ауыспалы егістерді енгізу мал шаруашылығы басым өркендеген шаруашылықтарда, негізінен сүт өндіретін және жоңышқа өсіретін шаруашылықтарда ғана тиімді болады.

Қойды жайылымда отарлап бағатын қой шаруашылықтарында жемшөптік ауыспалы егістердің болмауы да мүмкін, бірақ мұның орнына, табиғи жайылымдар мен шабындықтардың тиімді пайдаланылуын ұйымдастыру қажет. Жайылымдардың шөбі азайған жағдайда шалғынды-жайылымды ауыспалы егістерді енгізу, сөйтіп шөп алу үшін егілетін көп жылдық екпе шөптерге зор көлемде жер бөлу, көп жылдық екпе шөптерден босаған жерді 2—3 жыл бойына жемдік дәнді дақылдар егуге пайдалану керек.

Малды азықтандыру туралы ғылымның деректеріне қарағанда, түліктің барлық түрі жазғы маусымда жайылым шөбінің үстіне жеммен, ал сауын сиырлар мен шошқа көк шөппен қосымша азықтандырылуға тиіс. Қыстыгүні мал қолға қараған кезде жемшөптің түр-түрінің бұдан да көп болуы талап етіледі.

Алайда қой мен ешкі сияқты жайылымға үйренген малдар да, әсіресе қысқы маусымда жем мен сүрлем керек етеді. Қойға тәулігіне 3 килограмнан сүрлем беру олардың жүнінің едәуір артаындығын колхоздар практикасы дәлелдеді. Сондықтан мол өнімді мал шаруашылығы тек табиғи жемшөп қорына ғана емес, сондай-ақ екпе жемшөп қорына да сүйенуге тиіс.

Қазақстан жағдайында жемшөптің түр-түрі табиғи аймақтардың жайына қарай дайындалуы керек.

Әртүрлі астық тұқымдас шөп шығатын орманды-далалы және кара топырақты өлкеде көп жылдық екпе шөптердің ішінен бұдан беде, құмдық немесе кәдімгі эспарцет, көгентамырлы бидайық, еркекшөп, қылтықсыз арпабас егу ұсынылады.

Аталған шөптердің қоспалары 1945 жылдан 1955 жылға дейінгі мерзімнің ішінде 15,8 центнерден 36,6 центнерге дейін әр жылы әртүрлі өнім беріп келді, ал 12 жылдың ішінде орта есеппен гектарынан 24,2 центнерден өнім берді.

Сибирьдің ауылшаруашылық ғылыми-зерттеу институты (Омск) мен Солтүстік Қазақстан облысының Сталин атындағы колхозында осындай нәтижеге қол жетті.

Бұл аймақта көп жылдық екпе шөптердің егіс көлемі бүкіл егіс көлемінің 3,5 процентін алады, бұл жергілікті мал шаруашылығының шөп жөніндегі қажетін мүлде қамтамасыз ете алмайды, өйткені мұнда табиғи шабындықтардың үлес салмағы 2 проценттен аспайды.

Табиғи жайылымдар тапшы болып отырған жағдайда шалғынды жайылымды ауыспалы егіске және ішінара астық танапты ауыспалы егістерге көп жылдық өсімдіктерді егу керек.

Бір жылдық өсімдіктерден шөп пен көк азық үшін жаздық сиыр жоңырышқаны (орманды дала), чинаны, судан шөбін, могогар және күздік қарабидайды пайдалану керек.

Күнбағыс, көбінесе майлы күнбағыс (Саратовтық 169), кей жерлерде күнбағыстың Гигант сорты бұл аймақта негізгі сүрлемдік дақыл болды. 1950 жылдан 1954 жылға дейін совхоздар мен колхоздарда сүрлемдік шөптің орташа өнімі гектарына 98,5 центнерден келді. Соңғы үш жылдың ішінде жүгері кең тарады. Сорттарды тиісінше іріктеп алған жағдайда ол гектарынан 250 центнерге дейін көк шөп береді. Мұның өзінде жүгерінің оңтүстік сорттарынан — Краснодарлық 1/49, Алматылық 236, стерлинг және басқа да сорттарынан жақсы өнім алынды.

Қазақстанның солтүстік, солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс, орталық облыстарында және тіпті оңтүстік облыстарының суармалы жерлерінде жемшөптік тамыр-жемістер мүлде егілмейді деуге болады. Дегенмен Солтүстік Қазақстан облысының жеке совхоздары мен колхоздары (Чапаев атындағы колхоз, Мамлют совхозы) көп жылдан бері жемшөптік қызылша өсірумен ойдағыдай шұғылдана отырып, гектарынан 200—300 центнерден тамыр алуда. Сонымен, республиканың солтүстігінде жемшөптік қызылша өсіруге әбден болады.

Жемдік дәнді дақылдардың ішінен сұлы мен арпа өте кең тараған. Бұл дақылдар гектарына орта есеппен 7,5 — 8 центнерден өнім береді. Сұлының аудандастырылған сорттары оларды өсіру агротехникасын дұрыс қолданған күнде гектарынан 15 центнерден өнім береді.

Сұлы мен арпа егісінің үлес салмағы 15,5 — 16 процент болып келеді.

Нут, чина, егістік бұршақ сияқты жемшөптік дәнді-бұршақты дақылдар бұл аймақта егілмейді. Бұлар мол және тұрақты өнім береді.

Қызылқоңыр топырақты қуаңшылық дала аймағында тың жер жыртылғаннан кейін сақталып қалған зор көлемді табиғи жемшөптік жерлер малды жайып семірту, биязы жүнді және ұяң жүнді қой шаруашылығын өркендету жұмыстарын кең көлемде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Дәнді дақылдар егу үшін мейлінше көп жер жыртылған өңірде етті-сүтті мал шаруашылығы, мал семірту және өндірістік мақсат үшін құс өсіру ісі кеңінен өркендеп, мұның өзі биязы жүнді қой шаруашылығын өрге бастырумен ұштасады. Мал шаруашылығы бұл бағытта болған жағдайда қысқы маусымға арнап құнарлы, дәнді жемшөп пен пішеннің мол қорын жасау, ал кейбір реттерде жасыл конвейерді қолдан жасау да талап етіледі. Мұның үстіне, мұнда сабанның, топан мен астық қалдықтарының мол қоры жыл сайын жасалатын болады.

Табиғи малазықтық жерлерді тиімді пайдаланумен бірге, малазықтық дақылдар өсіру үшін зор көлемді жерлерге әртүрлі жемшөптік егістік дақылдарын егу керек. Атап айтқанда, көп жылдық екпе шөптерден — еркекшөп, құмға өсетін эспарцет, біржылдық екпе шөптерден — егістік чина, судан шөбі, могоар, сүрлемдік дақылдардан — жүгері (су жеткілікті участоктарда), ақ жүгері, күнбағыс пен топинамбур, малға жастай берілетін құнарлы жемшөптік дақылдардан — жемшөптік қарбыз, жемшөптік асқабақ, кәді, жемдік дәнді дақылдардан — арпа, сұлы, нут, чина мен егістік бұршақ кең көлемде өсіріледі. Ақырында малға жастай беруге жарайтын жасыл жемшөптік дақылдардан — жүгері, ақжүгері, судан шөбі, тары, күздік қара бидай, егістік чина мен егістік бұршақ егіледі.

Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс Қазақстанның шөлейт, шөл далалар аймағының ауа райы жағдайларының қиындығы соншама, тіпті мұнда тәлімі егіншіліктің өзін тек ішінара, негізінен, шығыс және оңтүстік облыстардың тау етегіндегі аудандарында ғана жүргізуге болады. Бұл аймақтың жері тек қолдан суарғанда ғана егіншілікке әбден жарайды және егілетін барлық дақылдардан, оның ішінде жемшөптік дақылдардан мол өнім алынуын қамтамасыз етеді. Мұнда республикада бар қой мен ешкінің, жылқы мен түйенің негізгі бөлегі орналасқан.

Көбінесе маусымдық сипаты бар шөп шығатын табиғи жайылымдардың зор көлемі, малды жайылымда отарлап бағып, құдықтар қазған, мал суару үшін керекті басқа да суландыру құрылыстарын салған жағдайда, қыруар малды азықпен қамтамасыз ете алады. Бірақ бұл жағдайда шөп пен дәнді жемнің сақтық қоры сияқты қосымша жемшөп керек. Мұнсыз қыстыгүні мал ұстау көп реттерде боран ұзаққа созылғанда, көктайғақ болғанда, ауа райының басқа да қолайсыз жағдайларында малдың жаппай

шығынға ұшырауына әкеліп соғады. Сондықтан қысқы жемшөпке арналып жемдік дәнді дақылдар мен екпе шөптер егіледі, ал топырақтың жағдайына қарай мүмкіндік туған жерлерде жемшөптің неғұрлым толық қорын жасау, сөйтіп оны сақтық қор ретінде ғана емес, сондай-ақ малды күн сайын үстеп азықтандыруға пайдалану керек.

Республиканың ғылыми және тәжірибе мекемелері көп жылдық және бір жылдық екпе шөптер мен жемдік дәнді дақылдарды өсірудің жағдайлары мен ерекшеліктерін кәзірдің өзінде зерттеді. Қазақстанның жемшөп пен жайылым ғылыми-зерттеу институтының Приаральскідегі, Ақтөбе мен Семейдегі тәжірибе станциялары Қазақ ССР Ғылым академиясының ботаника институтының еккен тәжірибелік егістердің нәтижелері мынаны анықтады: жер бетіндегі ағын сулардың есебінен немесе ыза сулардың жердің үстіңгі қабатына жақын жатуынан (кұмдақ жерлерде) қосымша ылғалмен қамтамасыз етілген учаскторды тиісінше тандап алған жағдайда, бұл жерлерге егілген көп жылдық және бір жылдық екпе шөптермен олардың шөп қоспаларынан тұрақты өнім алуға болады. Бұл жағдайда табиғи шабындықтардың гектарынан жиналатын 2—2,5 центнер жай шөптің орнына, шөптің шығымдылығы 5—6, 15—16 центнерге жетіп, орта есеппен әр гектардан 10—11 центнерден келеді. Мұнымен қатар, ауа райы қолайлы жылдары бір жылдық екпе шөптердің көп жылдық шөптерге қарағанда анағұрлым мол өнім беретіні және бұған керісінше, қалыпты жылдары көпжылдық екпе шөптердің және олардың шөп қоспаларының, әсіресе беде, еркекшөп, изен, қылтықсыз арпабас қоспаларының артықшылығы басым болатыны байқалды.

Өндірістік егістер бұл жерлерде шөп егуге және астық алу үшін арпа, тары, күздік қара бидай өсіруге толық мүмкіндік бар екенін көрсетті. Мал қыстайтын жерлерде шөп дайындау оны басқа жақтан тасығаннан едәуір арзанға түседі. Ғылыми мекемелер, колхоздар мен совхоздар тұқым шаруашылығын ұйымдастыруға, екпе шөптер өсірудің агротехникасын терең зерттеуге, бұл аймақтағы шөл даланың жағдайына сәйкес, олардың түр-түрін дұрыс іріктеп алуға тиіс.

Жергілікті жердің жағдайында сүрлемдік дақылдардың түр-түрін тандап алудың да практикалық маңызы үлкен, өйткені қойды сүрлеммен қосымша азықтандыру қойдың жүнінің жақсы өсуіне, саулықтардың көп төлдеуіне әсер етеді.

Сүрлем алу үшін құрақпен бірге, ақжүгеріні, судан шөбі мен ақ жүгерінің буданын, шөлдің жағдайына неғұрлым бейімделген дақыл ретінде мақсарыны, өз бетімен өскен қалың шиді өсіруге болады. Ши Балқаштың оңтүстік алқабындағы Мойынқұмда, Қазақстанның оңтүстік облыстарының басқа да аудандары мен Гурьев облысындағы құмда өте көп кездеседі.

Шөл аймақтың суармалы егіншілік жағдайында жалпы егіншілік үшін, оның ішінде екпе жемшөп өндіру үшін керек жағдайлардың бәрі бар.

Суармалы топырақта жылы ауа, жарық, жердің ылғалы мол, корек заттардың қоры әбден жеткілікті, мұның өзі алуан түрлі дақылдардан тұрақты және мол өнім алуға қолайлы жағдайлар жасайды.

Суармалы жерге қаржы мен еңбек көп жұмсалатыны және оның көлемінің кіші болып келуі бұл жерлерге ең бағалы техникалық және дәнді дақылдар (күріш, мақта, қант қызылшасын, сары темекі және т. б.) егуді талап етеді. Сондықтан суармалы жерлерді жемшөптік дақылдар егуге аз мөлшерде пайдалану керек, бірақ одан міндетті түрде мол өнім алу керек. Кей реттерде суармалы жерлерге беде егіледі, өйткені ол жемшөптік аса бағалы дақыл бола отырып, ауыспалы егіс танаптарындағы негізгі дақылдардан — мақтадан, күріштен және басқаларынан мол өнім алуға жәрдемдеседі.

Алайда суармалы жерлердің кейбір бөлегін екпе жемшөпке, негізінен ферма маңындағы ауыспалы егістермен жасыл конвейерге бөлуге болады.

Бұл үшін өте көлемді жер бөлудің қажеті жоқ, өйткені суармалы жерлерде жемшөптік дақылдар орта есеппен алған күннің өзінде мейлінше мол өнім береді (1-таблица).

1-таблица

Дақылдар	Гектарынан алынатын центнер есебімен егін шығымдылығы
Сүрлеуге арналған, сүттеніп, қамырланған жүгерінің жақсы сорттары мынадай өнім береді	575 центнер көк шөп
Оның ішінде	85 центнер собық
Көк шөп алу үшін аңызға егілген жүгері	300 центнер
Көктемде егілген жүгері	275 центнер
Жемшөптік қызылша	600 центнер
Көк шөп алу үшін егілген, 4 рет шабылатын беде	350 центнер
Көк шөп алу үшін егілген, 3 рет шабылатын судан шөбі	450 центнер
Көк шөп алу үшін егілген, 3 рет шабылатын ақ жүгері	500 центнер
Жемшөптік аскабак	350 центнер
Кәді	400 центнер
Көк шөп алу үшін егілген сұлы аралас сиыр жоңышқа	220 центнер
Көк шөп алу үшін егілген сұлы аралас чина	240 центнер
Көк шөп алу үшін егілген соя аралас жүгері	300 центнер
Сүрлем алу үшін егілген соя аралас жүгері	600 центнер
Көк шөп алу үшін егілген могоар	240 центнер
Көк шөп алу үшін егілген сиыржоңышқа аралас күздік қара бидай	250 центнер

Сиыржоңышқа, сұлы аралас чина, сондай-ақ сиыржоңышқа аралас күздік қара бидай сияқты дақылдардың егісін тығыз орналастыру есебінен суармалы жерлердің көлемін едәуір азайту-

ға болады, өйткені бұл дақылдарға мал жайғаннан кейін оның орнына сол дақылдардың өзін қайта егуге немесе аңызға салынатын дақылдар ретінде жүгері, судан шөбін, ақ жүгері, могар егуге, сөйтіп көк шөп өнімін екінші рет мол жинауға болады.

«Луч Востока», Мичурин атындағы колхоздарда, зоотехникалық және мал дәрігерлік институттың Ақсайдағы оқу-үйрену шаруашылығында және қала маңындағы ауданның басқа да шаруашылықтарында соңғы бірқатар жылдардың ішінде кеңінен жүргізілген өндірістік тәжірибе июльдің аяқ шеніне дейін аңызға салынатын егістердің мейлінше тиімді екенін көрсетті.

Оңтүстік Қазақстанның суармалы аймағы үшін соя дақылының ерекше мәні бар, соя дән мен көк шөптің шығымдылығы жағынан ең перспективалы дақыл болып саналады. Мұның үстіне ол көптеген техникалық дақылдар мен күріш үшін ең жақсы алғы егістердің бірі. Жүгерімен қоса өсіргенде екеуінің де белоктық қасиеттері едәуір жақсарайды.

Қазақ ССР-інде тың және ғыңайған жерлерді игеру, астық шаруашылығын шұғыл өрге бастыру республика мал шаруашылығын онан әрі өркендетуге және оның жалпы экономикасына елеулі әсерін тигізді. Өндірістің әдеттегі экстенсивті түрінен ол жоғары дәрежелі интенсификация жолымен алға басуда, ал мұнымен бірге жемшөп қорының экономикасы мен құрылымы өзгеруде. Жайылымдарды ғана пайдалануға негізделген бұрынғы бір жақты жемшөп өндірісінің орнына табиғи жемшөп қоры мен екпе жемшөп өсіру дұрыс ұштастырылған жемшөп өндірісі қолданылып келеді. Мұның өзі мал шаруашылығының өнімділігін мейлінше арттырып, ауылшаруашылық жерінің 100 гектарына мал шаруашылығының товарлы өнімін көп шығаруды қамтамасыз етуде.



ҚАЗАҚ ССР-НІҢ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Қазақстанда жерді қолдан суару жүйесі ерте заманнан бастап қолданылып келген. Республикамыздың оңтүстік облыстарында, бір кезде кең алқапты суландырған көптеген каналдардың арналары осы уақытқа дейін сақталған. Мысалға Сайрам, Түркстан аудандарында, Алматы, Талдықорған облыстарында, Шелек, Шарын, Қаратал, Көксу, Өсек, Хоргос өзендері бойында болған каналдарды атап өтуге болады.

Ол кездегі суару жүйелері техникалық жағынан өте қарапайым болған. Каналдар ақсақалдардың тәжірибесі бойынша анайы әдіспен жер бетінің болмашы кедір-бұдыр белестерін айналып өтіп отыратындай етіп салынған. Сондықтан да каналдар ирек-ирек болып, ені жағынан бірдей болып келмеген.

Орта Азияның басқа аудандарындағыдай Қазақстанда да арық-атыздар бытыранқы жеке шаруашылық жағдайларына бейімделіп жасалған. Осының салдарынан каналдар өте ұзын және көлемді жерді суару үшін тиімсіз болды. Су байлардың, феодалдардың қолында болған, судың өзі былай тұрсын, тіпті су алу үшін кезектің өзі әсіресе суға тапшы жерлерде, саудасаттыққа айналған. Су үшін пара алумен сатып алу кең етек жайған. Кім бай болса суға сол қожалық етті, демек Түркстан халықтарының дағдыры байлардың қолында болған. Өзендер бойында саға жасау үшін топырақ, тас, құрай ғана пайдаланылды. Каналдар мен су құрылыстарын жөндеу, аршу, суды реттеп отыру, су тасқыны мен су тапшылығына қарсы күресу жөніндегі жұмыстар халықты еріксіз, ақы төлемей міндетті түрде қатыстыру арқылы жүргізіліп отырылған.

Патша өкіметінің егістік жерлерді суландыру жөніндегі әрекетінен еш нәтиже шықпады. Мырзашөлде 12 мың гектар жерді суландыру жұмысы тек 1912—1914 жылдары аяқталды. Мырзашөл мен Қараспан суландыру жүйесінен басқа бірде-бір техникамен жабдықталған суландыру жүйесі болған жоқ. 1915 жылға қарсы суарылмалы жер көлемі 696 мың гектарға жетті; бұл жерлерде негізінде дәнді дақылдар егілді. Ол кезде мақта 31,4

мың гектар жерге ғана, күріш 9,2 мың гектар жерге егілген еді.

Патша өкіметі Орта Азия су шаруашылығына болғаны 10 млн. сом жұмсады.

Бірінші империалистік және азамат соғысы жылдары Қазақстанның суару жүйесі бұзылып, іске жарамай қалды. Жыл сайын жөндеп отырмағандықтан каналдарды ылай басып кетті. Суару жүйесіне келетін судың 50% кеміді, сондықтан суармалы жер көлемі 696 мың гектардан 350 мың гектарға дейін қысқарды.

Азамат соғысынан кейін арық-атыз жүйесін қалпына келтіру өте қажет болды. В. И. Ленин 1924 жылы егіншілік пен мал шаруашылығын дамыту ісінде қолдан суарудың үлкен маңызы бар екенін көрсетті. Азербайжан, Грузия, Армения, Дағыстан және Горск республикасы коммунистеріне жазған хатында В. И. Ленин былай деп жазды: «Егіншілік пен мал шаруашылығын қалай да арттыру жолында қолдан суарудың маңызы өте ерекше». Совет үкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ суару жұмыстарына жұмсалған қаржы мөлшері патша өкіметі кезінде жұмсалған қаржыдан бірнеше есе асып түсті. 1923—1927 жылдардың ішінде Қазақ ССР-і бойынша суарылатын жер көлемі 190 мың гектарға өсіп, 1927 жылы қолдан суарылатын жердің жалпы көлемі 628 мың гектарға жетті.

1923—1924 жылдары Қазақстанда көп шаруалар мелиорация серіктіктеріне бірікті, олардың мақсаты — сол кездегі арық-атыз жүйесін жақсарту және жаңа жерлерді суландыру болды. Бұл серіктіктер төрт жыл ішінде 86 мың гектар жердегі арық-атыздарды жақсартты және 20 мың гектар жерде суландыру жүйесін салды. Республика бойынша 118 мелиорация серіктігі ұйымдас-тырылды.

Суландыру жұмыстары бірінші бесжылдықта құлаштап өрлеп, халық шаруашылығына зор пайдасын тигізді. Қазақстанда қолдан суарылатын жер көлемі 1927 жылғы 628 мың гектардан 1932 жылы 903 мың гектарға жетті. Бұл соғысқа дейінгі дәрежесінен 43 процент артық. Бірінші бесжылдықта суару жұмыстарына 63,1 млн. сом қаржы жұмсалды. Бұл кезде Чардар, Досанқарабас, Шәуілдір, Шу сияқты жаңа гидротехникалық құрылыстар салынды. Бұл кездегі жұмыстар бұрын қолдан суарылған жерлерді қалпына келтіру және оларды пайдалануға бағытталған.

Екінші бесжылдықта ірі суландыру құрылыстарын Оңтүстік Қазақстан облысында: Аксу, Сайрам, Ошақты, Кескен, Оймат, Жамбыл облысында — Жиёмбет, Алматы облысында — Түрген плотиналары салынды, ал солтүстік-батыс облыстарда машина арқылы суару учас-токтері салынды.

Үшінші бесжылдықта су шаруашылығы құрылыстары бұрынғыдан да күшті өріс алды. Өте қысқа мерзім ішінде Ляган және Үлкен Ферғана каналдарын салған Өзбекстан колхозшыларының бастамасын Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және республикамыздың басқа облыстарының еңбекшілері де

костады. Бұл су үшін бүкіл халықтық қозғалыс болды. Колхозшылар бірлесіп, жедел әдіспен көптеген каналдар, бөгеттер, су қоймаларын салды.

1940 жылы Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстарында 116 мың колхозшылар 11 ірі және 62 ұсақ су шаруашылығы құрылыстарында жұмыс істеді. Құрылыстар 30—40 күн ішінде тез қарқынмен салынып бітіріліп отырылды. Колхозшылар 30 млн. текше метр жер қазу жұмыстарын орындады және 334 гидротехникалық құрылыстар салды. Осы кезде ең ірі суландыру жүйелері салынды; олар: Жамбыл облысында Талас—Асса, Тасөткел плотиналары; Қызылорда облысында Жаңашиелі, Шіркейлі, Оңжағалық, Қазалы, Жаңа Сұлутөбе плотиналары; Мырзашөл, бірінші және екінші Торғай тармақтары салынды, Киров атындағы канал кеңейтілді; Оңтүстік Қазақстанда Күркелес, Бүгіншаян жүйесі салынды; Талдықорған облысында Жаңа-Антонова каналы қазылды.

Қолдан суарылатын жер көлемі республика бойынша 80,5 мың гектарға өсті. Суландыру жұмысы көлемінің артуының үлкен халық шаруашылық маңызы болды. Мырзашөлде бірінші және екінші Торғай тармақтарында жаңа әкімшілік аудан — Киров ауданы құрылды. Осы мезгілде Қызылорда облысының Шиелі ауданында суару жүйесі қайтадан қалпына келтірілді. Бұл күріш өсіруге алты мың гектар жаңа жерді пайдалануға мүмкіншілік туғызды.

Егер Ұлы Отан соғысына дейін негізінде ірі суландыру құрылыстар салынса, 1941 жылдың екінші жартысынан бастап қант қызылшасын егу үшін қарапайым қолдан суару әдісін қолданып, егіс көлемін арттыру жөніндегі міндеттерді шешуге тура келді; республика колхоздары бұл міндеттерді көңілдегідей шешті. 1940—1941 жылдары соғыс кезінде басталған суландыру құрылыстары аяқталды. Бірақ соғысқа байланысты ауыл шаруашылығында жұмысшылардың жетіспеуі, қолдан суарылатын жер аймағының кемуіне әкеп соқты және 1945 жылы қолдан суарылатын жер көлемі 1 млн. гектар ғана болды.

Соғыс жылдары, құрылыстан басқа, суару жүйелерін дұрыс пайдалануды жолға қою, қолдан суарылатын жерлерде суды пайдалану жұмысын ұйымдастыру, суару техникасына, каналдар мен гидротехникалық құрылыстарды күту жұмыстарына жаңа адамдарды, әсіресе әйелдерді үйрету қажет болды. Қалалар мен өндіріс орталықтары төңірегінде овощ-картоп базасын кеңейтуге байланысты бірқатар ирригациялық жұмыстар істелді. Ұзындығы 20 километр Қызылорда каналы, Шымкентте қалаға су жеткізетін канал қазылды, Қарағанды қаласының жанынан Самарқанд су қоймасы жасалды. Бұл құрылыстардың бәрі қала халықтарының күшімен салынып, халықтық құрылыс деп аталды.

Совет өкіметі жылдары ішінде Қазақстанда суландыру жөнінде орасан үлкен жұмыстар жүргізілді. Осы кезде қолдан суарылатын жер көлемінің 14 проценті арық-атыздар арқылы,

38 проценті жартылай инженерлік құрылыстар, арық-атыздар арқылы, және 48 проценті қарапайым арық-атыздар арқылы суарылды. 1915 жылы қолдан суарылатын барлық жер көлемінің 3 проценті ғана инженерлік құрылыстар салынған арық-атыздар арқылы суарылған еді; қалған 97 проценті жәй арыз-арықтар арқылы суарылатын.

Қазақстанда суарылмалы егіншілік күшті дамыды, арық-атыздар жүйесі салынған жер көлемі үш есе артты және осы кезде екі миллион гектардан артық. Техникалық және басқа бағалы дақылдар егістері көлемі әлдеқайда өсті. Мақта егісі 1956 жылы 1915 жылмен салыстырғанда төрт есе, күріш үш есе өсті. 1915 жылы Қазақстанда қант қызылшасы тіпті егілмейтін, ал 1956 жылы 27,7 мың гектар суармалы жерге қант қызылшасы егілді.

Бесжылдықтар ішінде Қазақстанда ирригациямен суландыруға 739 миллион сом, яки патша өкіметінің революция алдындағы 20 жыл ішінде жұмсалғанынан 74 есе артық қаржы жұмсалды.


Суарылмалы егіншіліктің, әсіресе республиканың оңтүстік облыстарында, ауыл шаруашылығы экономикасында орасан үлкен маңызы бар. Қазақстанның 1 900 колхоздар және 180 аудандары егістіктерін қолдан суарады. Суарылмалы егіншіліктің негізгі аудандары: Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Қызылорда, Талдықорған облыстары және Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының оңтүстік аудандары. Республиканың оңтүстігінде суарылмалы жерлерге негізінде техникалық дақылдар егіледі.

Осы кезде суарылмалы жерлер алқаптары ондаған мың гектар алып жатыр. Ірі суландыру жүйелеріне — Киров, Келес, Георгиев, Талас, Зақ, Сайрам, Қаратал, Шиелі және басқа каналдар жатады.

Сырдария өзенінен су алатын Мырзашөлдегі Киров атындағы суландыру жүйесі — суының молдығы мен суаратын жер көлемі жөнінен Совет Одағындағы ең үлкен каналдардың бірі болып саналады. Бұл каналдың бас құрылысы арқылы секундтіне 380 текше метр су өтеді. Бас каналдың ұзындығы 130 километр. Киров жүйесінде 1 280 ірі және майда гидротехникалық құрылыстар бар. Мырзашөлде каналдар салынғаннан кейін төртінші бесжылдықтың ішінде қолдан суарылатын екі аудан — Ильич және Киров аудандары құрылды. Сөйтіп, Мырзашөлдің бір бөлігі мақта егісі бар гүлденген жерге айналды.

Ұзындығы 40,5 км келетін Келес суландыру жүйесінен үш бас канал тарайды; мұның реттеуші — шлюздары бар. 23,6 мың гектар жерді суаратын Зах-ханым суландыру жүйесі Шыршық өзенінен басталады. Өзбек және Қазақ республикаларының жерлерін суарады. Бұл суландыру жүйесінің плотина арқылы су алатын жалпы ұзындығы 129,0 километр және секундтіне 58 текше метр су өткізетін екі бас каналы бар. Бұл каналдар Қазақстанның 12,8 мың гектар құнарлы жерін суландырады.

Сайрам суландыру жүйесі 25,8 мың гектар жерді суарады. Суды егістікке плотина арқылы су алатын ұзындығы 8,5 кило-



Шөміш плотинасының су бөлетін канаттары.

метр және бас жағында секундiне 22 текше метр су өткізетін бас каналдар жеткізеді.

Жаңа Шиелі жүйесі 16,8 мың гектар жерді суарады, бұл жүйенің бас каналының ұзындығы 20,4 километр және секундiне 49 текше метр су өткізеді.

19,2 мың гектар жерді суаратын Шіркейлі жүйесінің бас каналының ұзындығы 139 километр.

Жамбыл облысындағы Георгиевка бас каналы Шу өзеніндегі Шөміш плотинасынан басталады. Ол 14 мың гектар жерді суарады.

Шу өзенінен басталатын Оңжағалық және Солжағалық Тасөткел бас каналдары Жамбыл облысы, Шу ауданының 12 мың гектар құнарлы жерін суландырады.

Талас суландыру жүйесін пайдалануды жақсарту үшін қосымша екі плотина және бірнеше бас реттеуші — шлюз салынған. Бұл суландыру жүйесі Жамбыл, Свердлов, Талас аудандарының 93,5 мың гектар жерін суарады. Бұл жүйе каналдарының жалпы ұзындығы 470 километр.

Қаратал инженерлік ирригация жүйесі Талдықорған облысы Қаратал ауданының 13,4 мың гектар жеріне су береді. Сайрам, Зак, Келес және басқа да суландыру жүйелері қайтадан салынып жақсартылған.

Республикамыздағы ірі шаруашылықаралық каналдардың жалпы ұзындығы 12 100 километр, ал шаруашылықтардың өз ішіндегі, өз қарамағындағы каналдардың жалпы ұзындығы 39 856 километр. Қазақстан өзендерінен 685 суландыру жүйелері-

нен жыл сайын 8—10 миллиард текше метр су алынып 1 400 мың гектар егістік жер суарылады және 5—6 миллиард текше метр су алынып, 1 500 мың гектар шабындық пен жайылымдар көлтабандатылып суарылады. Суландыру жүйелері бойына 3 256 гидротрикалық құрылыстар салынған. Бас каналдар алатын және колхоздарға бөлінетін су мөлшерін біліп отыру үшін 8 467 гидротехникалық өлшеуіш аспаптары қойылған. Жыл сайын арық-атыздарды және коллектор-дренаж жүйесін тұнба-лайлардан тазарту жөнінде көп жұмыстар істеледі. Орта есеппен алғанда, жыл сайын каналдардың 11—12 миллион текше метр топырақ алынып отырады. Бұл жұмыстарды механикаландыру дәрежесі жылдан-жылға артуда. Егер 1940 жылы бұл жұмыстардың 6,8 проценті-ақ механикаландырылса, 1956 жылы 67,5 проценті механикаландырылды.

Суды барлық жүйелерге және әрбір колхоздар мен совхоздарға дұрыс бөлу үшін суды пайдаланудың жоспары жасалады. Ауыл шаруашылық және суландыру жұмыстардың жоғары дәрежелі механикаландырылуы суару техникасы мен суару тәсілдерін жақсартуға мүмкіншілік туғызады. Мысалы бұрын дәнді, отамалы және техникалық дақылдарды суды қаптатып жіберіп суарса, кәзіргі кезде көп колхоздар қарықтап және жолақтап суарады. Басты суару каналдарының жиегіне ағаштар отырғызылған.

Бұрынғы кезде қолдан суару қолданылмаған солтүстік және орталық Қазақстан облыстарында машина арқылы егістік суаратын 1 000-нан артық насос станциялары бар. Бұлар 30—35 мың гектар жерді суарады. Республика бойынша 609 мың гектар жер жаңадан суару жүйесі іске қосылды және қолдан суарылатын егіс көлемі 16,9 мың гектарға өсті. Арық-атыз жүйелерін қайта құру жөніндегі жер қазу жұмыстарын жүргізу үшін МТС-тер жанынан 98 машина-мелиорация отрядтары ұйымдастырылды; бұл отрядтар қарамағында 176 бульдозерлер, 154 доңғалақты скреперлер, 121 грейдерлер және көптеген арық қазғыш машиналар бар.

Суландырудың жаңа жүйесіне көшуге байланысты республика колхоздарында шаруашылық ішіндегі арық-атыз жүйелерінің ұзындығы бірқатар қысқартылды және жыл сайын каналдарды ылай мен өсімдіктерден тазарту жұмыстарының көлемі азайды. Суландыру жүйесі қайта өңделген 207 мың гектар жерде суарылатын участок саны үш есе, ал тұрақты каналдардың ұзындығы 2 823 километрге қысқартылды. Қолдан суарылатын жерлерден 1956 жылы гектарынан 18—44 центнер мақта, 280—550 центнер қант қызылшасы, 15—25 центнер дәнді дақылдар, 20—46 центнер жүгері алынды.

Қазақстанға совет үкіметі орасан үлкен көмек көрсетіп отыр. Республика қуатты жер қазатын машиналарды көп алды. Осының нәтижесінде су шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру дәрежесі бірқатар өсті. Егер 1953

жылы Қазақстанның су шаруашылығы ұйымдарында 75 экскаватор және 35 грейдер болса, 1955 жылы машина-экскаватор және машина-мелиорация станцияларында 161 экскаватор, 196 бульдозер, 66 грейдер, 238 скрепер, 46 арық қазушы, 34 топырақ сорғыш машина, 4 грейдер-элеватор болды ал 1957 жылы жер қазатын 1281 техника оның ішінде 251 экскаватор бар.

Су шаруашылығы ұйымдары 1940 жылы 2 938 мың текше метр жер қазған болса, 1956 жылы механизмдерді қолдану тәсілімен 44900 мың текше метр жер қазды.

Республикада су шаруашылығының тәжірибелі кадрлері өсіп жетілді. Қазіргі кезде барлық суландыру жүйесінде 595 инженер гидротехниктер, 713 гидротехниктер, 370 гидромерлер, 672 машинист-экскаваторщиктер, 577 тракторист-бульдозеристер мен скреперистер және көптеген басқа мамандар мен механизаторлар жұмыс істейді.

Соңғы жылдары республиканың оңтүстік облыстарында топырақта ылғал жинау үшін егістікті күзде және ерте көктемде қанықтыра суару қолданылып келеді. Жыл сайын Қазақстанда 150 мыңнан астам гектар жер осы әдіспен суарылады.

Алтыншы бесжылдық жоспар бойынша Қазақстанда 214 мың гектар жерді суаратын арық-атыздар салу, 43 миллион гектар жайылымды суландыру, Бүгін су қоймасымен Арыс-Түркстан каналын және Қызылорда плотинасын салу белгіленген.

202,1 гектар жерді, соның ішінде 40 мың гектар күріш егісін, сумен толық қамтамасыз ете алатын Қызылорда плотинасының құрылысы аяқталып келеді. Оның суландыру жүйесі негізгі үш бөлімнен құралған, олар: Солжағалық және Оңжағалық каналдар, Жаңадария мен Қуандарияның ескі арналарын басып өтетін суландыру каналы.

Алтыншы бесжылдықта Киров атындағы канал 244,2 мың гектар жерге су бере алатындай етіліп қайта құрылады. Бүгін су қоймасы мен Арыс-Түркстан каналын салу Арыс пен Бүгін өзендерінің пайдаланусыз бос ағып жатқан 850 миллион текше метр суын Оңтүстік Қазақстан облысының Түркстан, Арыс, Шаян аудандарының және Шәуілдір ауданының біраз жерін суару үшін пайдалануға мүмкіншілік береді. Каналдың ұзындығы 194,5 километр, секундiне ең көп дегенде 45 текше метр су шығарады. Бүгін су қоймасына 370 миллион текше метр су сияды, бет айдынының көлемі 63,5 шаршы километр. Көлемі 70,5 мың гектар жерді суара алады, осының арқасында бұрынғыға қарағанда суарылатын жер көлемі 63,3 мың гектарға артады; мақта ауыспалы егісінің көлемі 45,3 мың гектар және көлтабандатып суарылатын жер көлемі 54 мың гектар өседі.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі «Мақта өнімін арттыру үшін Өзбек және Қазақ ССР-індегі Мырзашөлді суландыру және тың жерлерді игеру туралы» қаулы алды. Орталық Мырзашөл каналының оң тармағын салу және

Киров атындағы каналды қайта құру арқылы Мырзашөлде 100 мың гектар тың жерді қолдан суару міндеті қойылып отыр.

Орал-Көшім каналы — суландыру жүйесі құрылыстарында көп жұмыс орындау керек. Орал-Көшім каналына су Орал өзенінен секундiне 125 текше метр мөлшерінде өтіп отырады. Орал-Көшім каналы аймағындағы жерлерде 5 суару-суландыру жүйесін салу жоспарланып отыр. Бұл канал аймағын Батыс Қазақстан облысының 17 колхозының және Зеленск, Чапаев, Фурманов, Тайпак, Жаңақала аудандарының 6 совхозының жерлері алып жатыр.

Орал-Көшім каналын салу 1,3 миллион гектар жайылымды суландыруға, 63,8 мың гектар шабындықты көлтабандап суаруға және 25,8 мың гектар жемшөптік дақылдар мен азық-түліктік дақылдар егісін дұрыс суаруға мүмкіншілік туғызады.

Гурьев облысындағы Нарын суару-суландыру жүйесі арқылы 2,1 мың гектар егістік қолдан суарылады, 7,1 мың гектар жер көлтабандатып суарылатын және 200 мың гектар жайылым суландырылатын болады. Бас каналдың жалпы ұзындығы 152 километрге жетеді. Бұл жүйе суды Орал өзенінен алады.

Суармалы егіншілікпен жайылымдарды суландыруды бұдан әрі кеңейте түсу үшін таяу жылдардың ішінде Қазақстанның бірқатар облыстарында ірі ирригация және суландыру жұмыстары жүргізілмекші.

Үлкен Шу каналын ұзартып қазу Жамбыл облысы екі ауданының 7,5 мың гектар колхоз егістігін суаруға мүмкіншілік туғызады. Шу өзенінің төменгі жақ сағасын суару және суландыру Мойынқұм, Бетпақдала, Сарыарқа жайылымдарын қой өсіру үшін пайдалануға болады.

Талдықорған облысында Көксу суландыру каналын салу 18 мың гектар қант қызылшасы ауысапалы егісін суаруға мүмкіншілік туғызады.

Іле, Ертіс, Орал өзендерінің бассейндерінде суландыру жөнінде көп жұмыстар орындау алдағы міндет болып отыр. Мысалы, Іле өзенінің бассейні қант қызылшасы, күріш, торқалы дақылдар егуге болатын көп жерді сумен қамтамасыз ете алады.

Орал өзенінің су байлығын пайдалану Гурьев және Батыс Қазақстан облыстарының кең көлемді жаңа жерлерін суландыруға мүмкіншілік береді.

Республикада жайылымдарды суландыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Соңғы алты жылдың ішінде Қазақстанда сумен қамтамасыз ету жөнінде бірқатар күрделі шаралар қолданылды. 11 875 шахта және түтікті құдықтар қазылды, 1 621 бөгеттер салынды. Суландыру құрылыстарының сапасы жақсартылды, құдықтарды темір-бетонмен шегендеу кең қолданылып келеді.

Осы кезде Қазақстанда көпшілік пайдаланатын 81 916 құдық оның 31 115 шахта құдығы, 476 түтікті құдықтар және 2 507 бөгеттер мен қарасулар бар.

Алтыншы бесжылдықта 43 мың гектар жайылымды суару

үшін тағы да 14 340 шақты құдық, 1 315 түтікті құдық, 1 080 бөгет және қарасулар, 875 километр суландыру каналдары салынады.


Қазақстанның жайылымдары мен шабындықтарындағы шөптердің шығымдылығын арттырудың басты шарты — қар суы мен тасқын суларды пайдаланып көлтабандап суару. Егер табиғи шабындықтардың гектарынан 3 центнерден 5 центнерге дейін таза пішен шабылатын болса, көлтабандап суарғанда әр гектардан 15—40 центнер таза пішен алынады. 1956 жылы Ақмола, Қостанай және Қарағанды облыстарының кейбір көлтабандап суарылған шабындықтарында шөптің шығымдылығы гектарынан 25—30 центнерге дейін жетті.

Осы кезде Қазақстанда көлтабандап суарылған жер көлемі кенет өсті. Егер 1951 жылы 131 мың гектар жер көлтабандап суарылған болса, 1956 жылы 1 600 мың гектарға дейін өсті.

Көлтабандап суару үшін өзендердің, колаттардың, жыралардың, сайлардың аңғарлары плотиналармен, бөгеулермен, байламалармен бөгеледі. Өзендерден каналдар тартылады; осы каналдар арқылы көктемдегі су шабындық пен ауыл шаруашылық егістіктері егілетін жерлерге жайылады. Республика бойынша көлтабандап суарылатын жер көлемін 1960 жылға қарсы 2 млн. гектарға жеткізу белгіленіп отыр. Көлтабандатып суаруға қажетті инженерлік құрылыстар салынауда. Инженерлік құрылыстар жүйесі Ақмола облысында «Алва» және «Александровка» алқабында, Батыс Қазақстан облысында Өлеңті және Қалдығайты өзендерінде, Ақтөбе облысында Ойыл және Ырғыз өзендерінде салынады. Алдынала жасалған есептерге қарағанда Қазақстанда жақын жылдардың ішінде көлтабандатып суарылатын жер көлемін 3 млн. гектарға жеткізуге болады.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРМАН БАЙЛЫҒЫ



Қазақ республикасының мемлекеттік орман аумағы 25 миллион гектардан асады.

Қазақстандағы орманды жер аумағы Англия, Италия, Норвегия, Франция сияқты капиталистік елдердің барлығының алып жатқан орман аумағына тең.

Бірақ Қазақстанның орманды жері республикамыздың жалпы жер көлемінің 4,1 проценті ғана, ал жан басына шаққанда Совет Одағы бойынша бір адамға 4 гектардан келетін болса, бізде 1,9 гектар ғана келеді.

Қазақстан ормандары республика территориясында біркелкі орналаспаған. Мемлекеттік орман қорының тек қана 5 проценттейі бар республиканың батыс және орталық аймақтарын ормансыз өлке деп есептеуге болады. Қазақстанның шығыс және оңтүстік бөлімі орманды болып келеді; мұнда Қазақстанның барлық ормандарының 80 проценті бар. Республиканың солтүстігіндегі орман 8,6 процент мөлшеріндей болады.

Қазақстан ормандары әртүрлі топырақ-климат аймақтарында өседі және саналуан түрлі ағаштар мен бұталардан құралған. Біздің ормандарымызда қарағай, балқарағай, шырша, қара самырсын, самырсын өседі. Бұлар мемлекеттік орман қорының барлық көлемінің 15 процентін алып жатады. Орманның қалған көлемін жапырақты ағаштар, бұталар, сексеуіл тоғайлары (85 процент) алып жатыр.

Республиканың солтүстік, орманды-далалы бөлімінде — Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қөкшетау, Павлодар облыстарының жерінде табиғатына тән қайыңды ормандар шоқтанып өседі. Қайыңдар далалық аймақтың ойпаң жерлерінде шоқтанып өседі. Ормансыз дала жағдайында өсетін қайың ормандары батыс-сибирьдің қайыңды-орманды даласына ұқсас болады. Шоқтанған қайың ормандары 700 гектарға жуық жерді алып жатыр.

Қайыңды-орманды даланың оңтүстігіне таман, республиканың далалық бөлігінде гранитке, аллювиалдық құмға, аллювиалдық



Солтүстік Қазақстанның шоқтанып өсетін қайың орманының бір көрінісі.

сазды жерге өскен шоқ-шоқ болып ұзыннан созылған қарағайлы ормандар басталады.

Қазақстанның далалық қарағайлы ормандары бір кезде Урал мен Алтайдың ормандарымен тұтасып жатқан. Қазіргі ормандар сол бұрынғы кезде тұтасып жатқан ормандардың бөлініп қалған үзбесі.

Қазақстанның далалық қарағайлы ормандарының көлемінің кеміп кетуіне ағаштарды орынсыз кесу, мал жаю және өрттің шығуы үлкен себебін тигізді.

Күнгірт қылқан жапырақты тайга Қазақстан территориясында бірқатар жерді алып жатыр және сибирь шыршасы мен самырсын араласқан сибирь самырсыны басым өсетін, сибирьдің таулық тайгалық ормандары түріне жатады. Бұлар кенді Алтайда кең тараған; онда Бұқтарма, Оба және Ульба өзендері алқабында 375,2 мың гектар жер алып жатыр.

Сонымен қатар, Қазақстанда күнгірт қылқан жапырақты Тянь-Шань шыршасы типтес орман өседі. Бұлар Жоңғар Алатауында, Теріскей және Күңгей Алатаудың терістік бөктерінде, Қетмен жотасында өседі. Шыршалы орман алқабынан төмен Теріскей және Күңгей Алатауда, Жоңғар Алатауында, теңіз деңгейінен шамалап алғанда 1600—1800 метр және одан төмен 600—800 метрлік биіктікке дейін аралас жапырақты орман алқабы жатады. Бұлардың ішінде шаруашылық жөнінде маңыздысы жабайы алма мен өрік ағаштары.

Бұл жеміс ағаштары өз алдына жеке өспей шетен, мойыл,

қайың, көктерек, үйеңкі, долана және басқа көптеген жапырақты бұталармен аралас өседі.

Алма ағаштары Қаратауда Семенов үйеңкісі, алмұрт, таудаған, долана және майда бұталармен аралас өседі. Осы ағаштар өсетін жерде пісте, жабайы жүзім және шаған ормандары кездеседі. Ол Алматы облысындағы Шарын өзені бойында, ал жабайы алма Талас Алатауында өседі.

Алматы және Талдықорған облыстарындағы жабайы алма ағаштарының жалпы көлемі 30 мың гектарға жуық. Бұл алма ағаштарынан жыл сайын үш мың тоннадай жеміс жиналады.

Мәңгі жасыл қылқан жапырақты орман — Қазақстанда Сибирь балқарағайынан құралған. Бұлар Қара Ертіс аңғарында, Марқакөл төңірегінде, Бұқтарма өзенінің бас сағасында және Тарбағатай тауларының сілемі — Сауыр жотасында өседі. Балқарағай 300 мың гектар жерді алып жатыр.

Республиканың оңтүстігінде құм және саздақ топырақты шөлді жерде ақ және қара сексеуіл өседі.

Қара сексеуіл тоғайларының шаруашылық үшін маңызы зор. Гектар басына 5 тоннадан 12 тоннаға дейін отын алынады, ал қызулығы жағынан қоңыр көмірдің қызулығына жақын. Қара сексеуіл тоғайлары Бетпақ даланың батыс бөлігінде, Сарысу өзенінің орта шенінде, Іле өзенінің оңжағасында, Шу өзенінің сол жақ жағасында және Шу өзені мен Мойынқұм арасында көп өседі.

Қазақстан территориясында ақ сексеуіл Қарақұмда, Қызылқұмда, Мойынқұмда және Сарыесік-атырау құмдарында (Балқаш төңірегі) көп жерді алып жатыр.

Ақ сексеуілдің халық шаруашылық маңызы өте үлкен. Бұл қаракөл қойлары үшін шұрайлы жайылым. Барлық жерлерде ақ сексеуілді жыл бойы жайылым үшін пайдалануға болады. Ақ сексеуіл отындық маңызы жөнінен қара сексеуілге қарғанда төмен бағаланады; мұның әрбір гектарынан 1,5 тоннадан 2 тоннаға дейін отын алынады.

Қазақстанның далалық және шөл аймақтарын басып өтетін өзен аңғарларындағы өсетін ағаш-бұта өсімдіктері өте ерекше болып келеді.

Далалық аймақтағы өзендер бойында өсетін ағаштар қаратерек пен ақтерек. Бұлардан басқа Орал алқабында емен, шегірін, талдың бірнеше түрі және көптеген бұталар өседі.

Шөл аймақтарда өзендер бойында ағаш-бұта қалың өскен жерлерді тоғай деп атайды. Тоғайларда ағаштардың ішінен теректің айрықша түрі — тораңғылардың маңызы үлкен. Сирек келетін тораңғылар шөлдердегі суы тұщы өзендердің соранды тік жиектерінде өседі. Тоғайларда әрдайым жиде өседі.

Шөл дала аймақтарындағы өзендердің алқабында бұталардан көбіне жыңғылдың (жыңғылбас, қаражыңғыл) және тікенді бұршақ тәрізді бұта-шеңгелдің бірнеше түрлері өседі.

Ертіс төңірегіндегі қарағайлы ормандардың біразы Октябрь революциясына дейін орыс патшалары иелігіндегі мекемелер бас-



Құмды топырақты жерде өсірілген қарағайлы тоғай.

қаратын Алтай тау округінің жеріне жататын. Бұл ормандар, негізінде, тау-кен өнеркәсібіне отын ретінде қолданылатын. Бір-неше ондаған жылдар ішінде қорыту заводтарына 68 мың десятин қарағай орманы отын есебінде пайдаланылды және одан тек бірен-саран ғана қарағайлар қалды.

Қазақстанда орман шаруашылығын ұйымдастыру жөніндегі жоспарлы жұмыс өткен ғасырдың аяқ кезінде басталды. 1917 жылға қарсы көптеген орман бақтарына жаңа ағаштар егілді. Бірақ Ақмола мен Семей облыстарында 150 мың десятинадай орман өртке ұшырады. Қостанай облысында 15 мың гектар жердегі балалап өсіп келе жатқан жас қарағайлар, бір кездегі тамаша қарағайлы орманының осындай апатқа ұшырағандығының куәсі болып табылады.

Бұрын Қазақстанда ағаш-орман отырғызу орман өсіруші-әуестенушілердің ғана жеке ісі еді. Солтүстік Қазақстанның барлық ормандарында 1911 жылы 50 гектар жерге ағаш отырғызылды, ал осы жылы 100 гектар жерге орман отырғызу және орман ағаштары тұқымын себу жоспарланған болатын.

Октябрь революциясынан кейін орман бүкіл халық игілігіне айналды және оларды қорғауға Совет үкіметі үлкен көңіл бөлді. 1918 жылы 5 апрельде-ақ, В. И. Ленин қол қойған Халық Комиссарлар Советінің үндеуінде былай делінген: «барлық ормандар селоның да, уездің де, облыстың да меншігі емес, бүкіл халықтық қор және бұл қор еш уақытта азаматтар арасында болсын, шаруашылықтар арасында болсын бөліске түспейді».

1943 жылы апрельде СССР Халық Комиссарлар Советі ормандарды пайдалануды реттеу және орманы аз аудандарда ағаш

қорынығ азайып кетуін болдырмауды көздеп барлық мемлекеттік ормандарды үш топқа бөлуді ұсынды.

Бұл қаулыға сәйкес бірінші топқа мемлекеттік қорықтар, құмның суларын тоқтататын және егін қорғайтын орман алқаптары, курорт, қалалар мен өнеркәсіп орталықтары төңірегіндегі егілген ағаштар, сол сияқты Обь-Ертіс арасындағы шөк қарағайлы ормандар және Алтай өлкесі мен Солтүстік Қазақстан далаларындағы қайың тоғайлары жатады. Екінші топқа ағаш қоры 25 проценттен аспайтын жыл сайын кесілетін ағаш мөлшері жылдық өсуіне тең болатын, немесе есепсіз кесу ағаш қорын азайтуға және ормансыз жер көлемін арттыруға әкеп соғатын ормандар кіреді. Үшінші топқа қалған ормандардың бәрі жатады.

Орманды осылай бөлуге сәйкес халық шаруашылығына ең тиімді келетін шаруашылық түрлері белгіленді.

Қазақстан ормандарының алып жатқан көлемі жағынан, ағаш тұқымдарының бағалылығы және географиялық жағдайларына қарай әртүрлі маңызы бар. Республиканың барлық байлығының 10 проценті I топқа, 61 проценті II топқа, 29 проценті III топқа жатқызылды.

1946 жылы Қазақ ССР-інде Орман шаруашылығы министрлігі құрылды, ал 1953 жылдан бастап Қазақстанның мемлекеттік ормандарын Ауылшаруашылық министрлігі жанындағы орман шаруашылығының Бас басқармасы басқарады.

Осы кезде Қазақстанның барлық ормандары 267 орман шаруашылық мекемелеріне бөлініп, олар 131 орман шаруашылығына біріккен. Егер 1917 жылға дейін Солтүстік Қазақстанда орта есеппен алғанда 10,7 мың гектар орманды бір орманшы қарайтын болса, осы кезде бұл көлем екі есе дерлік қысқартылды, ал Ертіс бойындағы өте бағалы қарағай ормандарында бір орманшыға келетін орман көлемі 1 000 гектардан аспайды.

Күзетшілер қойылған ормандар саны 1917 жылға дейінгі күзетшілер қойылған ормандар санынан төрт еседен артық. Бағалы орман алқаптарын өрттен қорғау үшін 95 өрт-химия станциясы және 172 жерден өрт сөндіру пункті ұйымдастырылды.

Қазақстан орман шаруашылықтарында 500 жүк автомашиналар, 15 аттың күшіне шағып есептегенде 600 трактор бар. 1957 жылға дейін республиканың мемлекеттік орман қорында 125 мың гектар жердегі орман қалпына келтірілді.

Республиканың барлық ормандарынан қажетті мақсаттар үшін (есеп бойынша) 6,5 млн. текше метр ағаш дінін кесуге болады. Сонымен қатар I топқа жататын ормандардан ағаштарды қалпына келтіру мақсатымен 400 мың текше метр және егілген ағаштарды күту ретінде 262 мың текше метр ағаш кесіледі десек, Қазақстан ормандары жыл сайын 7 млн. текше метр ағаш дінін береді.

Қазақстанда бұрынғы кезде орман шаруашылығы кадрларын Бурабай мен Верный орман мектептері дайындайтын; бұл мектептер орта дәрежелі мамандар шығаратын. Осы кезде республи-

када екі орман техникумы (Бурабай және Лениногор орман шаруашылықтарында) бар, ал жоғары дәрежелі мамандарды Қазақ ауыл шаруашылық институтының орман шаруашылығы факультеті дайындайды.

Республикамызда орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты құрылған. Ол ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалының системасына кіреді, бұдан басқа Қазақ ССР-і Ауылшаруашылық министрлігі жанындағы орман шаруашылығы Бас басқармасы системасында 12 тәжірибе-өндірістік орман шаруашылығы ұйымдас-тырылған.



қорының азайып кетуін болдырмауды көздеп барлық мемлекеттік ормандарды үш топқа бөлуді ұсынды.

Бұл қаулыға сәйкес бірінші топқа мемлекеттік қорықтар, құмның суларын тоқтататын және егін қорғайтын орман алқаптары, курорт, қалалар мен өнеркәсіп орталықтары төңірегіндегі егілген ағаштар, сол сияқты Обь-Ертіс арасындағы шоқ қарағайлы ормандар және Алтай өлкесі мен Солтүстік Қазақстан далаларындағы қайың тоғайлары жатады. Екінші топқа ағаш қоры 25 проценттен аспайтын жыл сайын кесілетін ағаш мөлшері жылдық өсуіне тең болатын, немесе есепсіз кесу ағаш қорын азайтуға және ормансыз жер көлемін арттыруға әкеп соғатын ормандар кіреді. Үшінші топқа қалған ормандардың бәрі жатады.

Орманды осылай бөлуге сәйкес халық шаруашылығына ең тиімді келетін шаруашылық түрлері белгіленді.

Қазақстан ормандарының алып жатқан көлемі жағынан, ағаш тұқымдарының бағалылығы және географиялық жағдайларына қарай әртүрлі маңызы бар. Республиканың барлық байлығының 10 проценті I топқа, 61 проценті II топқа, 29 проценті III топқа жатқызылды.

1946 жылы Қазақ ССР-інде Орман шаруашылығы министрлігі құрылды, ал 1953 жылдан бастап Қазақстанның мемлекеттік ормандарын Ауылшаруашылық министрлігі жанындағы орман шаруашылығының Бас басқармасы басқарады.

Осы кезде Қазақстанның барлық ормандары 267 орман шаруашылық мекемелеріне бөлініп, олар 131 орман шаруашылығына біріккен. Егер 1917 жылға дейін Солтүстік Қазақстанда орта есеппен алғанда 10,7 мың гектар орманды бір орманшы қарайтын болса, осы кезде бұл көлем екі есе дерлік қысқартылды, ал Ертіс бойындағы өте бағалы қарағай ормандарында бір орманшыға келетін орман көлемі 1 000 гектардан аспайды.

Күзетшілер қойылған ормандар саны 1917 жылға дейінгі күзетшілер қойылған ормандар санынан төрт еседен артық. Бағалы орман алқаптарын өрттен қорғау үшін 95 өрт-химия станциясы және 172 жерден өрт сөндіру пункті ұйымдастырылды.

Қазақстан орман шаруашылықтарында 500 жүк автомашиналар, 15 аттық күшіне шағып есептегенде 600 трактор бар. 1957 жылға дейін республиканың мемлекеттік орман қорында 125 мың гектар жердегі орман қалпына келтірілді.

Республиканың барлық ормандарынан қажетті мақсаттар үшін (есеп бойынша) 6,5 млн. текше метр ағаш діңін кесуге болады. Сонымен қатар I топқа жататын ормандардан ағаштарды қалпына келтіру мақсатымен 400 мың текше метр және егілген ағаштарды күту ретінде 262 мың текше метр ағаш кесіледі десек, Қазақстан ормандары жыл сайын 7 млн. текше метр ағаш діңін береді.

Қазақстанда бұрынғы кезде орман шаруашылығы кадрларын Бурабай мен Верный орман мектептері дайындайтын; бұл мектептер орта дәрежелі мамандар шығаратын. Осы кезде республи-

када екі орман техникумы (Бурабай және Лениногор орман шаруашылықтарында) бар, ал жоғары дәрежелі мамандарды Қазақ ауыл шаруашылық институтының орман шаруашылығы факультеті дайындайды.

Республикамызда орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты құрылған. Ол ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалының системасына кіреді, бұдан басқа Қазақ ССР-і Ауылшаруашылық министрлігі жанындағы орман шаруашылығы Бас басқармасы системасында 12 тәжірибе-өндірістік орман шаруашылығы ұйымдас-тырылған.



қайың, көктерек, үйеңкі, долана және басқа көптеген жапырақты бұталармен аралас өседі.

Алма ағаштары Қаратауда Семенов үйеңкісі, алмұрт, таудан, долана және майда бұталармен аралас өседі. Осы ағаштар өсетін жерде пісте, жабайы жүзім және шаған ормандары кездеседі. Ол Алматы облысындағы Шарын өзені бойында, ал жабайы алма Талас Алатауында өседі.

Алматы және Талдықорған облыстарындағы жабайы алма ағаштарының жалпы көлемі 30 мың гектарға жуық. Бұл алма ағаштарынан жыл сайын үш мың тоннадай жеміс жиналады.

Мәңгі жасыл қылқан жапырақты орман — Қазақстанда Сибирь балқарағайынан құралған. Бұлар Қара Ертіс аңғарында, Марқакөл төңірегінде, Бұқтарма өзенінің бас сағасында және Тарбағатай тауларының сілемі — Сауыр жотасында өседі. Балқарағай 300 мың гектар жерді алып жатыр.

Республиканың оңтүстігінде құм және саздақ топырақты шөлді жерде ақ және қара сексеуіл өседі.

Қара сексеуіл тоғайларының шаруашылық үшін маңызы зор. Гектар басына 5 тоннадан 12 тоннаға дейін отын алынады, ал қызулығы жағынан қоңыр көмірдің қызулығына жақын. Қара сексеуіл тоғайлары Бетпақ даланың батыс бөлігінде, Сарысу өзенінің орта шенінде, Іле өзенінің оңжағасында, Шу өзенінің сол жақ жағасында және Шу өзені мен Мойынқұм арасында көп өседі.

Қазақстан территориясында ақ сексеуіл Қаракұмда, Қызылқұмда, Мойынқұмда және Сарыесік-атырау құмдарында (Балқаш төңірегі) көп жерді алып жатыр.

Ақ сексеуілдің халық шаруашылық маңызы өте үлкен. Бұл қаракөл қойлары үшін шұрайлы жайылым. Барлық жерлерде ақ сексеуілді жыл бойы жайылым үшін пайдалануға болады. Ақ сексеуіл отындық маңызы жөнінен қара сексеуілге қарғанда төмен бағаланады; мұның әрбір гектарынан 1,5 тоннадан 2 тоннаға дейін отын алынады.

Қазақстанның далалық және шөл аймақтарын басып өтетін өзен аңғарларындағы өсетін ағаш-бұта өсімдіктері өте ерекше болып келеді.

Далалық аймақтағы өзендер бойында өсетін ағаштар қаратерек пен ақтерек. Бұлардан басқа Орал алқабында емен, шегіршін, талдың бірнеше түрі және көптеген бұталар өседі.

Шөл аймақтарда өзендер бойында ағаш-бұта қалың өскен жерлерді тоғай деп атайды. Тоғайларда ағаштардың ішінен теректің айрықша түрі — тораңғылардың маңызы үлкен. Сирек келетін тораңғылар шөлдердегі суы тұщы өзендердің соранды тік жиектерінде өседі. Тоғайларда әрдайым жиде өседі.

Шөл дала аймақтарындағы өзендердің алқабында бұталардан көбіне жыңғылдың (жыңғылбас, қаражыңғыл) және тікенді бұршақ тәрізді бұта-шеңгелдің бірнеше түрлері өседі.

Ертіс төңірегіндегі қарағайлы ормандардың біразы Октябрь революциясына дейін орыс патшалары иелігіндегі мекемелер бас-



Құмды топырақты жерде өсірілген қарағайлы тоғай.

қаратын Алтай тау округінің жеріне жататын. Бұл ормандар, негізінде, тау-кен өнеркәсібіне отын ретінде қолданылатын. Бірнеше ондаған жылдар ішінде қорыту заводтарына 68 мың десятин қарағай орманы отын есебінде пайдаланылды және одан тек бір-сараң ғана қарағайлар қалды.

Қазақстанда орман шаруашылығын ұйымдастыру жөніндегі жоспарлы жұмыс өткен ғасырдың аяқ кезінде басталды. 1917 жылға қарсы көптеген орман бақтарына жаңа ағаштар егілді. Бірақ Ақмола мен Семей облыстарында 150 мың десятинадай орман өртке ұшырады. Қостанай облысында 15 мың гектар жердегі балалап өсіп келе жатқан жас қарағайлар, бір кездегі тамаша қарағайлы орманының осындай апатқа ұшырағандығының куәсі болып табылады.

Бұрын Қазақстанда ағаш-орман отырғызу орман өсіруші-әуестенушілердің ғана жеке ісі еді. Солтүстік Қазақстанның барлық ормандарында 1911 жылы 50 гектар жерге ағаш отырғызылды, ал осы жылы 100 гектар жерге орман отырғызу және орман ағаштары тұқымын себу жоспарланған болатын.

Октябрь революциясынан кейін орман бүкіл халық игілігіне айналды және оларды қорғауға Совет үкіметі үлкен көңіл бөлді. 1918 жылы 5 апрельде-ақ, В. И. Ленин қол қойған Халық Комиссарлар Советінің үндеуінде былай делінген: «барлық ормандар селоның да, уездің де, облыстың да меншігі емес, бүкіл халықтық қор және бұл қор еш уақытта азаматтар арасында болсын, шаруашылықтар арасында болсын бөліске түспейді».

1943 жылы апрельде СССР Халық Комиссарлар Советі ормандарды пайдалануды реттеу және орманы аз аудандарда ағаш

қайың, көктерек, үйенкі, долана және басқа көптеген жапырақты бұталармен аралас өседі.

Алма ағаштары Қаратауда Семенов үйеңкісі, алмұрт, таудаған, долана және майда бұталармен аралас өседі. Осы ағаштар өсетін жерде пісте, жабайы жүзім және шаған ормандары кездеседі. Ол Алматы облысындағы Шарын өзені бойында, ал жабайы алма Талас Алатауында өседі.

Алматы және Талдықорған облыстарындағы жабайы алма ағаштарының жалпы көлемі 30 мың гектарға жуық. Бұл алма ағаштарынан жыл сайын үш мың тоннадай жеміс жиналады.

Мәңгі жасыл қылқан жапырақты орман — Қазақстанда Сибирь балқарағайынан құралған. Бұлар Қара Ертіс аңғарында, Марқакөл төңірегінде, Бұқтарма өзенінің бас сағасында және Тарбағатай тауларының сілемі — Сауыр жотасында өседі. Балқарағай 300 мың гектар жерді алып жатыр.

Республиканың оңтүстігінде құм және саздақ топырақты шөлді жерде ақ және қара сексеуіл өседі.

Қара сексеуіл тоғайларының шаруашылық үшін маңызы зор. Гектар басына 5 тоннадан 12 тоннаға дейін отын алынады, ал қызулығы жағынан қоңыр көмірдің қызулығына жақын. Қара сексеуіл тоғайлары Бетпақ даланың батыс бөлігінде, Сарысу өзенінің орта шенінде, Іле өзенінің оңжағасында, Шу өзенінің сол жақ жағасында және Шу өзені мен Мойынқұм арасында көп өседі.

Қазақстан территориясында ақ сексеуіл Қарақұмда, Қызылқұмда, Мойынқұмда және Сарыесік-атырау құмдарында (Балқаш төңірегі) көп жерді алып жатыр.

Ақ сексеуілдің халық шаруашылық маңызы өте үлкен. Бұл қаракөл қойлары үшін шұрайлы жайылым. Барлық жерлерде ақ сексеуілді жыл бойы жайылым үшін пайдалануға болады. Ақ сексеуіл отындық маңызы жөнінен қара сексеуілге қарғанда төмен бағаланады; мұның әрбір гектарынан 1,5 тоннадан 2 тоннаға дейін отын алынады.

Қазақстанның далалық және шөл аймақтарын басып өтетін өзен аңғарларындағы өсетін ағаш-бұта өсімдіктері өте ерекше болып келеді.

Далалық аймақтағы өзендер бойында өсетін ағаштар қаратерек пен ақтерек. Бұлардан басқа Орал алқабында емен, шегірін, талдың бірнеше түрі және көптеген бұталар өседі.

Шөл аймақтарда өзендер бойында ағаш-бұта қалың өскен жерлерді тоғай деп атайды. Тоғайларда ағаштардың ішінен теректің айрықша түрі — тораңғылардың маңызы үлкен. Сирек келетін тораңғылар шөлдердегі суы тұщы өзендердің соранды тік жиектерінде өседі. Тоғайларда әрдайым жиде өседі.

Шөл дала аймақтарындағы өзендердің алқабында бұталардан көбіне жыңғылдың (жыңғылбас, қаражыңғыл) және тікенді бұршақ тәрізді бұта-шеңгелдің бірнеше түрлері өседі.

Ертіс төңірегіндегі қарағайлы ормандардың біразы Октябрь революциясына дейін орыс патшалары иелігіндегі мекемелер бас-



Құмды топырақты жерде өсірілген қарағайлы тоғай.

қаратын Алтай тау округінің жеріне жататын. Бұл ормандар, негізінде, тау-кен өнеркәсібіне отын ретінде қолданылатын. Бірнеше ондаған жылдар ішінде қорыту заводтарына 68 мың десятин қарағай орманы отын есебінде пайдаланылды және одан тек бір-сараң ғана қарағайлар қалды.

Қазақстанда орман шаруашылығын ұйымдастыру жөніндегі жоспарлы жұмыс өткен ғасырдың аяқ кезінде басталды. 1917 жылға қарсы көптеген орман бақтарына жаңа ағаштар егілді. Бірақ Ақмола мен Семей облыстарында 150 мың десятинадй орман өртке ұшырады. Қостанай облысында 15 мың гектар жердегі балалап өсіп келе жатқан жас қарағайлар, бір кездегі тамаша қарағайлы орманының осындай апатқа ұшырағандығының куәсі болып табылады.

Бұрын Қазақстанда ағаш-орман отырғызу орман өсіруші-әуестенушілердің ғана жеке ісі еді. Солтүстік Қазақстанның барлық ормандарында 1911 жылы 50 гектар жерге ағаш отырғызылды, ал осы жылы 100 гектар жерге орман отырғызу және орман ағаштары тұқымын себу жоспарланған болатын.

Октябрь революциясынан кейін орман бүкіл халық игілігіне айналды және оларды қорғауға Совет үкіметі үлкен көңіл бөлді. 1918 жылы 5 апрельде-ақ, В. И. Ленин қол қойған Халық Комиссарлар Советінің үндеуінде былай делінген: «барлық ормандар селоның да, уездің де, облыстың да меншігі емес, бүкіл халықтық қор және бұл қор еш уақытта азаматтар арасында болсын, шаруашылықтар арасында болсын бөліске түспейді».

1943 жылы апрельде СССР Халық Комиссарлар Советі ормандарды пайдалануды реттеу және орманы аз аудандарда ағаш

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМЫ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕ



Еліміздің ауыл шаруашылығының дамуы озат советтік ғылымның жетістіктерімен тығыз байланысты. Бұл ғылым халық шаруашылығына қызмет етеді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі ғылымды дамытуға үнемі қамқорлық жасап, оның ойдағыдай алға басуына барлық жағдайды туғызып келеді.

Совет өкіметі тұсында Қазақстанның ғалымдары творчестволық еңбек етіп, өздерінің білімдері мен ғылымды дамытуда қолжеткен табыстарын кеңінен қолдануға шексіз мүмкіндік алды. Ауыл шаруашылығы ғылымының да алға дамуы үшін қолайлы мүмкіншіліктері бар. Ғылым қызметкерлері ауыл шаруашылығы еңбекшілерімен бірлесе отырып, өздерінің білімі мен күшін социалистік Отанымызды нығайтуға және еңбекшілердің әл-ауқатын көтеруге жұмсап келеді.

Бұрынғы патшалық Россияның үкіметі ауылшаруашылық ғылымын дамытуға қамқорлық жасамады. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін Қазақстанда тәжірибе мекемелері санаулы ғана болды, атап айтқанда: Красноводопад тәжірибе станциясы (Оңтүстік Қазақстан облысы), 1907 жылы ұйымдастырылған Темір тәжірибе егіс танабы (Ақтөбе облысы), 1909 жылдан бері жұмыс істейтін Львов тәжірибе егіс танабы, Орал және Семей тәжірибе станциялары ғана болды. Тәжірибе станциялары мен егіс танаптарында ғылыми қызметкерлер санының аздығынан және тиісті материалдық-техникалық базаның болмауынан бұл тәжірибе мекемелері жемісті жұмыс істей алмады, олардың ауыл шаруашылығына тигізген әсері өте мардымсыз болды.

Республикада ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелерінің жүйесі Октябрь революциясынан кейін ғана дами бастады. 1919 жылы Алматы түбінде Жетісу тәжірибе станциясы ұйымдастырылды, осы станцияның негізінде 1933 жылы Алматы жеміс-жидек тәжірибе станциясы құрылды.

1924 жылдан бастап өсімдіктерді қорғау жөніндегі Өлкелік станция жұмыс істей бастады, ол алғашқы жылдары ауыл ша-

руашылығының зиянды жәндіктерімен күресу жөнінде тек өндірістік тапсырмалар ғана орындады.

1925 жылы Қазақ малдәрігерлік ғылыми-зерттеу институты өз қызметін өрістете бастады.

Қазақ Жер халық комиссариаты жанында 1926 жылы топырақ-ботаника бюросы ұйымдастырылды, ол кейіннен топырақ зерттеу институты, одан соң Қазақтың тыңайтқыштар мен агро-топырақтану ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылды.

1932 жылы республикада қызылша егу қолға алынған кезде Главсахардың жүйесінде Қызылша тәжірибе егіс танабы құрылды, осының негізінде 1938 жылы Алматы мемлекеттік селекция станциясы ұйымдастырылды.

1932 жылы Қызылорда тәжірибе егіс танабы мен Қапланбек қой шаруашылығы тәжірибе станциясы (Оңтүстік Қазақстан) жұмыс істей бастады.

Алайда ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелерінің жүйесі бірінші бесжылдық жылдарында көбірек кеңейтіліп, нығайтылды. 1933 жылы Етті мал шаруашылығы институты мен Қастек аймақтық қой шаруашылығы тәжірибе станциясының негізінде Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылды, ол алғашқы жылдары-ақ малдың жергілікті тұқымдарын жақсарту және өнімділігі жоғары, жергілікті жағдайларға бейім жана тұқымдар өсіріп шығару жолында көп жұмыстар жүргізді.

1935 жылы Қазақтың егіншілік ғылыми-зерттеу институты құрылды, ол ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің тәсілдерін табуға, жана сорттар өсіріп шығарып, егіншілік жөніндегі тәжірибе мекемелеріне ғылыми методикалық басшылық етуге тиіс болды.

Осы жылдары республиканың әртүрлі облыстарында бірнеше тәжірибе станциялары мен тәжірибе егістіктері ұйымдастырылды, мұның ішінде Ақмола облысындағы, кейініректе ауылшаруашылық дақылдарының жана сорттарын шығарып, өндіріске енгізуде зор роль атқарған, Шортанды тәжірибе станциясы да бар.

Республикада сортты-тұқым шаруашылығын жақсарту және дәнді дақылдар мен шөптердің жергілікті жағдайға бейімделген, өте төзімді сорттарын өсіріп шығару жөніндегі селекциялық жұмыстарды кеңейту үшін 1938 жылы тікелей СССР Жер Халық Комиссариатына бағынатын мемлекеттік алты селекциялық станция ұйымдастырылды.

Ауылшаруашылық өндірісінің өсуі және нығаюы ғылыми зерттеу жұмыстарын күшейтуді, ғылыми мекемелердің колхоздармен, совхоздармен байланысын нығайтуды талап етті. Осы мақсатпен 1940 жылы Алматыда В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) Қазақ филиалы ұйымдастырылды, ол мемлекеттік селекциялық станциялардан басқа, ауыл шаруашылығы жөніндегі барлық ғылыми мекемелерді біріктіріп, республикадағы ғылыми-методикалық орталық болды.

ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы жүйесіне Егіншілік институты, Мал шаруашылығы институты, Малдәрігерлік институт және республиканың түрлі аймақтарындағы бірнеше тәжірибе мекемелері енгізілді.

ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалының алдына егіншілік, селекция, ауылшаруашылық дақылдарының агротехникасы мен тұқым шаруашылығы, жаңа жерлер игеру, дұрыс ауыспалы егіс таптарын енгізу мәселелерін ғылыми жолмен талдап шешу, малдың сапасын жақсартып, санын көбейту, малдың жаңа тұқымдарын өсіріп шығару, азықтандыру әдістері және басқа мәселелерді шешу міндеті қойылды.

Жаңа ұйымның алдына республиканың табиғи жемшөп ресурстарын зерттеу, жайылымдарды дұрыс пайдалану, табиғи малазығындық жерлерде шөп шығымын арттыру, әсіресе, қысқа жайылымдарда жемшөп қорын ұлғайту тәсілдерін табу міндеттері қойылды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларын механикаландыру, су ресурстарын зерттеу және су шаруашылығы мәселелері жөнінде ұсыныстар жасау талап етілді.

ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы ғылыми мекемелерінің жұмысында озат тәжірибені жинақтап тарату, өндіріске көмек көрсету мәселелері және ауыл шаруашылығының экономикасы мен ұйымдастыру мәселелерін ғылыми тұрғыда талдау мәселелері едәуір орын алуға тиіс болды.

Бұл міндеттерді орындауға республикалық көлемдегі институттар мен тәжірибе мекемелері ғылыми қызметкерлерінің күші жұмылдырылды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ауылшаруашылық ғылымы қызметкерлерінің басты назары колхоздар мен совхоздардың астық, қант қызылшасын, ет, сүт, жүн және басқа өнімдер өндіруді едәуір арттыруына көмектесуге бағытталды.

Соғыстан кейінгі бірінші бесжылдықта ғылыми мекемелердің жүйесі анағұрлым кеңейтілді.

1945—1946 жылдары өсімдіктер қорғау, омарта шаруашылығы, овощ пен картоп жөнінде республикалық тәжірибе станциялары ұйымдастырылды.

1948 жылы Жамбыл облысындағы Бетбақдала шөлінде Бетбақдала комплексті тәжірибе станциясы құрылды, ол қоғамдық мал шаруашылығын өркендету үшін шөлдегі жайылымдарды пайдалану шараларын белгілеуге тиіс болды; Қарағанды облысында овощ өсіру бағытында Қарағанды тәжірибе егістігі, Шығыс Қазақстан облысында — Өскемен тәжірибе егістігі құрылды.

Сол жылы ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру жөнінде Қазақ ғылыми-зерттеу институты ұйымдасты. 1949 жылы Қазақтың жемшөп және жайылым ғылыми-зерттеу институты, ал 1951 жылы — Қазақтың су мен орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты пайда болды.

Өркендеп келе жатқан мақта шаруашылығын қамту үшін 1928 жылдың өзінде-ақ «Мақтаарал» совхозының жанынан тәжі-

рибе мелиорация егістігі құрылған еді, ол 1931 жылы мақта шаруашылығы жөніндегі тәжірибе станциясы болып қайта ұйымдастырылды. 1937 жылы Шымкент маңында Оңтүстік Қазақстанның солтүстік бөлегінде мақта өсіру мәселелерін талдап шешу үшін Қазақ аймақтық комплексті мақта тәжірибе станциясы ұйымдастырылды.

Республиканың ғылыми мекемелері өздері құрылған алғашқы күндерден бастап-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттен көп қаржы алып келді және кәзір де алуда.

1946 жылы Қазақ ССР-інің ауыл шаруашылығы жөніндегі ғылыми мекемелері Одақтық маңызы бар ғылыми мекемелер тобына теңестірілді. Кең түрде творчестволық жұмыс жүргізуде қолайлы жағдайлар жасалды. Тек ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы жүйесінде ғана ғылымға жұмсалған қаржы жыл сайын 20 миллион сомнан артық болды.

ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы жүйесіне 1956 жылға қарай жалпы штатында 1079 адам, оның ішінде 369 ғылыми қызметкер бар 6 ғылыми-зерттеу институты, 14 тәжірибе станциясы, 12 тәжірибе егістігі, 5 эксперименттік база және 11 тіректі пункттер кірді. Соңғы жылдары ғылыми қызметкерлер құрамы ұлттық кадрлар есебінен толықтырыла түсті. Филиал жүйесінде 50-ге тарта қазақ ғалымдары жұмыс істейді. Алдағы уақытта ұлттық кадрларды даярлау және оларды ғылыми мекемелерге жұмысқа тарту ісі едәуір ұлғайтылуға тиіс. Ғылыми қызметкерлердің барлық құрамының ішінде 120-дан аса адамның ғылыми дәрежесі бар.

Ауыл шаруашылығы ғылымы саласындағы маман қызметкерлер республиканың басқа мекемелерінде де — Қазақ ССР Ғылым академиясында, университетте, ауылшаруашылық жоғары оқу орындарында жұмыс істейді. Кәзіргі уақытта республиканың ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарында ауыл шаруашылық, биология және малдәрігерлік ғылымының 32 докторы мен 255 ғылым кандидаты бар.

Ауылшаруашылық ғылымы қызметкерлерінің өмірі мен қызметінде КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1956 жылғы 14 февральдағы «Ауыл шаруашылығы жөніндегі ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысын жақсарту шаралары туралы» қаулысы аса маңызды оқиға болды. Бұл қаулыда ауыл шаруашылығының барлық салалары бойынша зерттеу жұмыстарын одан әрі жүргізу жөніндегі міндеттер айқындалып, сондай-ақ ғылыми мекемелердің жаңа жүйелері белгіленді.

Республикадағы ғылыми-методикалық орталық ВАСХНИЛ Қазақ филиалы болып табылады, оның жүйесіне мынадай ғылыми-зерттеу институттары: Егіншілік институты, Ақмола облысында Шортанды тәжірибе станциясының базасында ұйымдастырылатын Астық шаруашылығы институты, Мал шаруашылығы институты (жемшөп және жайылым, малдәрігерлік, ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру, су шаруашылығы институттары біріктіріледі); республикалық орман шаруашы-

лығы өсімдіктер қорғау, омарта шаруашылығы тәжірибе станциялары кірді.

Республиканың әрбір облысында мемлекеттік ауылшаруашылық тәжірибе станциялары ұйымдастырылды. Екі облыста — Ақмола және Алматы облыстарында облыстық тәжірибе станцияларының міндетін атқару астық шаруашылығы мен егіншілік ғылыми-зерттеу институттарына жүктелген. Қарағанды облысында облыстық станцияның міндетін Қарағанды тәжірибе станциясы атқаратын болады.

Кәзіргі кезде облыстық тәжірибе станцияларының ірі шаруашылықтары бар, мұның өзі ғылымның жетістіктерін өндірістік тәжірибеде тексеруді ең алдымен өз шаруашылығында ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

1957 жылы Қазақстанда Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы экономикасының институты Қазақ филиалының базасында республикалық Ауыл шаруашылығы экономикасының ғылыми-зерттеу институты, орман шаруашылығы тәжірибе станциясының базасында Қазақ орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылды, оған Қазақ ССР Ғылым академиясы Ботаника институтының орман секциясы енгізілді.

1957 жылдың аяғында қазақтың Ауылшаруашылық ғылым академиясы ашылмақшы, бұл академияның құрамына ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалына жататын ғылыми-зерттеу мекемелері кіреді.

Партия мен үкіметтің алға қойған міндеттерін орындай отырып, егіншілікпен шұғылданатын ғылыми мекемелер өз ісін Қазақстанның аймақтық ерекшеліктеріне лайықтап, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруға қолайлы әсер ететін агротехникалық шаралар жүйесін жасауға бағыттады, жана мол өнімді сорттар, дәнді, майлы, жемшөп, овощ және жеміс-жидек дақылдарының жергілікті жағдайларға өсуге бейімделген сорттарын шығарды.

Ғылыми зерттеулер, ұсынылып отырған шараларды өндіріске енгізумен сәйкестендіріле жүргізілді, бұл егіншілік мәдениетін көтеруге және астық, овощ, жеміс, сол сияқты мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруға қолайлы жағдай туғызды.

Негізгі дәнді дақылдардан — солтүстік аудандар үшін жаздық бидайдан, оңтүстік облыстар үшін күздік бидайдан, астық және сүрлем үшін егілген жүгеріден, техникалық дақылдар-мақтадан, қант қызылшасы мен темекіден, күріштен, тарыдан кейбір дәнді-бұршақты және басқа дақылдардан мол өнім өсірудің агротехникасы жасалды. Ғылым ұсынған ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің агротехникалық тәсілдері колхоздар мен совхоздарда кеңінен қолданылуда.

Партия мен үкіметтің тың және тыңайған жерлер игеру жөніндегі шараларын жүзеге асырудың бастапқы кезінде ауылшаруашылық ғылымының алдында жауапты міндеттер тұрды, игерілуге жататын жаңа жерлерді іріктеп алуға байыпты көмек көр-

сетіп, бұл іске тікелей қатысу, ол жерлерді өңдеудің тек алғашқы жылы ғана емес, сондай-ақ кейінгі жылдарда да мол өнім алу-ды қамтамасыз ететін тәсілдер жүйесін жасау қажет болды.

Ғасырлар бойы қол тимей жатқан зор көлемді шұрайлы жерді пайдаға асыру жөніндегі міндеттердің зор екенін түсініп, жігерленген Қазақстан ауыл шаруашылығының қызметкерлері 1954—1956 жылдары өздерінің негізгі күші мен қаржысын жаңа жерлер игерілетін аудандарға жұмсады. Тың және тыңайған жерлерге жыл сайын комплексті 7—8 ғылыми экспедициялар шығып, оларға ондаған ғылыми қызметкерлер қатысты. Бұл экспедициялар жерді іріктеп алуда және тыңды дұрыс игеру ісінде колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға практикалық көмек көрсетуде көп жұмыс атқарды.

Жер органдарының мамандарымен бірлесе отырып, олар Қостанай, Ақмола, Көкшетау, Павлодар және Ақтөбе облыстарында игеруге жататын жер қорлары бар екенін анықтады. Екіншілік институтының материалдары бойынша мәліметтер жинақталып, республиканың барлық жер қоры топ-топқа (классификация) бөлінді.

Экспедиция тікелей колхоздар мен совхоздардың егіс даласында зор көлемді тәжірибе жұмысын жүргізіп, топырақты (жердің беткі қыртысын) өңдеу, тың және тыңайған жерді жырту тәсілдері мен мерзімдерін, тың игерілгеннен кейінгі үшінші және одан кейінгі жылдары топырақты өңдеу әдістерін, жаңа жерлерде жаздық бидай өсіру әдістерін белгіледі.

Ғылыми мекемелердің тың жерлердегі екіншілік жүйесі жөнінде тәжірибеде дәлелденген ұсыныстары жаңа жерлер игерілген аудандарда кең түрде қолданылды, мұның өзі топырақты дер кезінде және сапалы өңдеуді қамтамасыз етті.

Тың жерлерді дұрыс пайдалану мәселелерін зерттеумен және жолға қоюмен қатар, ғылыми қызметкерлер агротехникалық шаралардың барлық комплексін өндіріске енгізуге көптеген колхоздар мен совхоздарға тікелей көмек көрсетті. ВАСХНИЛ Қазақ филиалының экспедициялары ірі аудандардың, ең алдымен астық өндіруде басты роль атқаратын аудандардың колхоздары мен совхоздарына айтарлықтай көмектесті. Мысалы, мұндай көмек Ақмола облысында — Есіл ауданына, Қостанай облысында — Таран ауданына, Көкшетау облысында — Рузаев ауданына көрсетілді.

Топырақта ылғал жинау, оны сақтау тәсілдерін табуға ерекше назар аударылды, өйткені бұл жері жазық қырат аудандарда ауыл шаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың шешуші шарты болып табылады. Екіншілік институтының ұсынысы бойынша республикада 11 000 трактор қаржыртқышы дайындалды, олардың көмегімен миллиондаған гектар егістікке қар тоқтатылады. Институттың ұсынысы бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі ықтырма дақылдар егуді өндіріске кеңінен енгізу туралы шешім қабылдады.

Топырақ өңдеуде Т. С. Мальцевтің жаңа системасын зерттеу және оны жергілікті жағдайларға сәйкес өндіріске енгізу ісі де кең түрде жолға қойылды. Бұл система жүздеген мың гектар жерде қолданылды.

Кәзір топырақты тың көтерілгеннен соңғы екінші дақылдың орнына немесе шөп егілген жерге, ал арамшөп баспаған кейбір егістіктерде үшінші дақылдың орнына үстей өңдеу арқылы егудің, парды қайырмасыз плугпен терең жырту және үстей өңдеу әдістерін қолданудың тиімділігі ешбір күман туғызбайды.

Топырағы үрме жел эрозиясына (топырақтың беткі қабатын желдің ұшырып кетуі) ұшыраған аудандар үшін (мұндай жерлер Қазақстанда бірнеше миллион гектар болады) ғылыми мекемелер егістіктің топырағын желдің үріп әкетуінен аман сақтау үшін аңызды қысқа қалдыру, жай плугпен зябьке жырту орнына қайырмасыз плугпен күзде терең жырту, алқап-алқапқа бөліп егу әдісін қолдану және басқа арнаулы әдістер ұсынды. Бұл ұсыныс облыстарда жасалған егіншілікті жүргізу жөніндегі шаралардың құрамды бөлігіне жатқызылды.

Соңғы үш жыл ішінде ғылыми-зерттеу мекемелері жүгеріні астық және сүрлем үшін өсіру әдістерін жасады, жүгерінің таңдаулы будандары іріктеліп алынды, өздігінен тозаңданатын жаңа линиялар мен будандар өсіріліп шығарылды, буданды жүгерінің тұқым шаруашылығы ұлғайтылды, бұл дақылды баптау жұмыстарын механикаландыру әдістері табылды. Әртүрлі аймақтардағы зерттеулер, сондай-ақ колхоздар мен совхоздардың тәжірибесі жүгері республиканың барлық аймақтарында жемшөп ресурстары мен мал шаруашылығының өнімділігін едәуір арттыруды қамтамасыз ететін ең бағалы дақыл болып табылатынын көрсетті. Бұл дақыл солтүстік аудандардың жағдайында әр гектардан 200—300 центнерден, тіпті, одан да артық сүттеніп-қамырланған собығы бар көк шөп өнімін, ал оңтүстік аудандардың суармалы жерлерінде — 40—50 және 100 центнерге дейін дән бере алады. Әртүрлі тәжірибе мекемелері мен мемлекеттік сорт участоктерінде жергілікті жағдайға бейімірек таңдаулы сорттар мен будандарды зерттеу жөнінде зор көлемді жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстанның оңтүстік облыстарының колхоздары мен совхоздарының экономикасында мақта мен қант қызылшасын өндірудің үлес салмағы едәуір. Мақта Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. 1957 жылы оның егіс көлемі 106 мың гектар болды.

Қант қызылшасы, Талдықорған, Алматы және Жамбыл облыстарында егіледі, оның егіс көлемі 27 мың гектар. Қызылша егу Қазақстанда тек отызыншы жылдарда ғана дами бастады. 1942 жылы бұл дақыл шығыс облыстарда да егіліп, егіс көлемі 40 мың гектарға дейін жетті.

Оңтүстік Қазақстанда мақта өсіру тәсілдерін жасаумен екі тәжірибе станциясы — Шымкент мақта-беде және Мақтаарал мақта тәжірибе станциялары айналысып келді. Мақта шаруа-

шылығын дамыта беру үшін ғылыми мекемелермен мақта егетін Өзбек республикасының деректері пайдаланылды.

Тәжірибе станциялары мақта-беде ауыспалы егістерін, мақта егілген жерді өңдеу әдістерін, егу мерзімін, баптау әдістерін, суландыру жүйелерін зерттеп, осы мәселелер бойынша нақтылы ұсыныстар берді. Соңғы жылдары мақтаны шаршы-ұялап егу әдісінің маңызы зор болып отыр. Бұл әдіс дақылдың шығымдылығын арттырып, қол еңбегін пайдалануды азайтады. Өсімдіктерді шаршы-ұялап орналастыру егістікті екі бағытта өңдеуге мүмкіндік береді.

Өндірістік жағдайда тексерілген зерттеулерге сүйене отырып, мақта егу үшін өсімдіктерді әр ұяда 2—3-тен қалдырып, 60×60, 60×45 және 50×50 сантиметр етіп орналастыру ұсынылды. 1956 және 1957 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысында мақта егісін шаршы-ұялап егу әдісі 50 мың гектардан астам жерде қолданылды.

Қант қызылшасы жөнінде зерттеу жұмыстарымен Алматы тәжірибе егістігі, Жамбыл тәжірибе станциясы және Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институты шұғылданды. Бұл мекемелердің қант қызылшасын өсірудегі жаңа әдістері өндірісте кеңінен таралуда. Қызылша егумен айналысып, бұл дақылдан мол өнім жинап келе жатқан озат колхоздардың тәжірибесі топырақты өңдеу, қант қызылшасын егу, күтіп-баптау, тыңайтқыштар мен қоректендіру системасы және суару тәсілдері жайында ғылымның ұсыныстары тиімді екенін растауда.

Озат агротехниканың барлық комплексін қолдана отырып, қызылша егетін көптеген колхоздар 1956 жылы тамаша табыстарға ие болды. Талдықорған облысының Сталин атындағы колхозы қант қызылшасының әр гектарынан 536 центнерден, Жамбыл облысының Сталин атындағы колхозы — 522 центнерден, осы облыстағы «Красная звезда» колхозы — 510 центнерден өнім жинады т. б.

Соңғы жылдары қызылша өсірудің өсімдіктерді шаршы-ұялап орналастырғанда егістікті тоғыспалы өңдеуге мүмкіндік беретін механикаландырылған жолмен шоқтау, қатараралықтарын өңдеу және бороздалап суару жұмыстарын тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін қатараралықтарының кеңдігін 60 сантиметрге ұлғайту сияқты жаңа тәсілдерін табуға және өндіріске енгізуге үлкен көңіл бөлініп келеді. 1956 жылы республикада қызылшаны шоқтау және тоғыспалы өңдеу 300 гектар жерде жүзеге асырылды. Бұл тәсілдер қызылшаны күтіп-баптауда қол еңбегін 30—40 процент азайтып, егіннің өнімін гектарына 40—50 центнер арттырады. Алматы облысы, Қаскелең ауданының Абай атындағы колхозы 1956 жылы ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы ғылыми қызметкерлерінің көмегімен қант қызылшасын қатараралығы 60 сантиметр етіп екті, егістікті тоғыспалы әдіспен өңдеуді Қолданып, топырақты жеткілікті мөлшерде тыңайтты.

сөйтіп қызылшаның барлық көлемінің әр гектарынан 547 центнерден өнім алды.

Зерттеулерде мыналар дәлелденді: шаршы-ұялап орналастырған кезде әр гектар жердегі өсімдіктердің жиілігін 50—60 мыңға дейін азайтудан өнімнің кемімейтіндігін дәлелдеп, өсімдіктерді сирегірек орналастыру жапырағы мен тамырының тез өсуіне, қызылша салмағының едәуір артуына қолайлы жағдай жасайды. Тамырдың (қызылша түбінің) қанттылығы аздап азаюы тыңайтқыштарды дұрыс қолдану арқылы қалпына келеді, ал өнімнің мол алынуы нәтижесінде әр гектарға шаққанда қанттың шығымы кемімейді, ол әдетте, дақыл қолмен өңделген және аса жиі орналастырылған егістіктердегіден асып түседі.

Әдетте ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруда сортты тұқымдар егуге көшудің зор маңызы бар екені мәлім. Қазақстанның ғылыми мекемелері ауылшаруашылық өсімдіктерінің жаңа сорттарын шығаруда және бұрыннан бар сорттарды жақсартуда едәуір жұмыстар жүргізді. Дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, овощ дақылдары мен шөптердің жүзден аса сорты шығарылды. Олардың көпшілігі мемлекеттік байқаудан өткеннен кейін колхоздар мен совхоздардың егіс даласында ойдағыдай өсірілуде. Қазақстанның тәжірибе мекемелері өсіріп шығарған дәнді, дәнді-бұршақты және майлы дақылдар 1956 жылы республикада 2,2 миллион гектар жерге егілді, оның 92 мың гектары күздік, 1,8 миллион гектары жаздық бидай еді.

Жаздық бидайдың аудандастырылған барлық сортты егістерінің 35 проценттейіне Қазақстанда өсірілген сорттар егіледі.

Селекция жөнінде Шортанды мен Қарағанды тәжірибе станциялары және Красноводопад мемлекеттік селекция станциясы айтарлықтай табыстарға ие болды.

Ақмола облысындағы Шортанды тәжірибе станциясында (кәзір оның базасында Қазақтың астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылды) дәнді, бұршақты және майлы дақылдардың аудандастырылған 13 сорты бар. Олардың егіс көлемі 1 533 мың гектар болады немесе осы дақылдардың қазақстандық сорттары егілген барлық егіс көлемінің 70 проценті. Шортанды тәжірибе станциясының жетістіктеріне осы станцияда көп жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан көрнекті ғалым-селекционер В. П. Кузьмин үлкен үлес қосты.

Бұл станцияның көбірек тараған сорттарының ішінде Акмолинка 1 сортты жаздық бидай (ол 1956 жылы 1 300 мың гектар жерге егілді) мен «Шортандинка» сортты жаздық бидайды (102 мың гектар жерге егілді) атап өтуге болады.

Соңғы жылдары жаздық бидайдың Снегурка деп аталатын жаңа сорты тарала бастады, ол кәзіргі уақытта егіс көлемінің 2 000 гектардайын алып жатады.

Шортанды станциясының сорттары республиканың солтүстік облыстарының ауа райы жағдайларына жақсы бейімделген. Сондай-ақ бұл станция картоптың да бес сортын шығарды.

Селекция ісінде Қарағанды ауылшаруашылық тәжірибе станциясы да елеулі табыстарға жетті. Бұл станция өсірген сорттардың 22-сі аудандастырылған, олардың көлемі 156 мың гектар, мұның ішінде Қарағанды жаздық бидайы 70 мың, Долинское — 12 тарысы — 46 мың және Медикум — 8 955 арпасы 18 мың гектар жерге егіледі.

Оңтүстіктегі станциялардың ішінен дәнді дақылдардың селекциясы жөнінде Красноводопад мемлекеттік селекция станциясы айтарлықтай табыстарға ие болды. Бұл станция өсіріп шығарған күздік пен жазық бидайлар және арпа сорттары 578 мың гектар жерді алып жатады, оның ішінде Псевдотурцикум 2 115 бидайы — 237 мың, Прекоциус — 143 арпасы 192 мың гектар. Псевдотурцикум 2 115 бидайының өзіне тән ерекшелігі сол, оны оңтүстікте күздік және жаздық бидай ретінде де еуге болады.

Красноводопад мемлекеттік селекция станциясының көрнекті селекционері А. К. Гольбек, жергілікті жағдайларға сәйкес селекция саласында да, сол сияқты дәнді дақылдардың агротехникасын жасау саласында да ойдағыдай еңбек етіп келеді.

Қазақстанның халық шаруашылығын дамыту жөніндегі жоспарда алтыншы бесжылдықта жеміс, жидек, овощ пен картоп өндіруді едәуір арттыру көзделіп отыр. Республикада, әсіресе оның оңтүстігінде жеміс шаруашылығын, жүзім шаруашылығы мен овощ шаруашылығын өркендету үшін табиғи жағдайлар аса қолайлы. Қазақстанның ғылыми мекемелері жеміс-жидек дақылдарын өсіру және шығымдылығын арттыру тәсілдерін табуда, таулы жерлерде өсетін жабайы жемістерді зерттеп, игеру, таулы аймақты жеміс шаруашылығын өсіру үшін пайдалану жөнінде көптеген зерттеулер жүргізді, сондай-ақ тың және тынайған жерлер игерілген аудандарда жеміс-жидек дақылдарын өсірудің, олардың көлемін ұлғайтудың агротехникалық шаралары белгіленді. Жаңадан ұйымдастырылған совхоздар үшін 25—30 гектарлық баудың үлгі жобасы әзірленді.

Егіншілік институты мен оның тәжірибе мекемелері жеміс-жидек дақылдарының бірқатар жаңа сорттарын шығарды. Алманың 19 жаңа сортын, алмұрттың 4 сортын, қара өріктің 8



Қазақтың астық шаруашылығы институтының селекционері В. П. Кузьмин.

сортын, өріктің (абрикос) 2 сортын, бүлдіргеннің 5 сортын, түйе жаңғақтың 9 сортын, миндальдің 5 сортын қабылдап, көбейту үшін өндіріске ұсынды.

Егіншілік институты жеміс бөлімінің орман-баулар жасау және жабайы өскен жеміс ағаштарын мәдени өсімдікке айналдыру үшін Іле мен Жоңғар Алатауының таулы алқаптарын игеру, сондай-ақ таулы жерлерде қолдан суармай жеміс және жидек дақылдарын өсіру үшін ондаған гектар аса құнарлы тың жерлерді пайдалану жөніндегі ұсыныстарының зор маңызы бар. Таулы жердегі жеміс шаруашылығының агротехникалық шаралар комплексі жасалды.

Соңғы жылдары тәжірибе мекемелерінің овощ шаруашылығы жөніндегі ісі біраз жандана түсті. Овощ дақылдары агротехникасының мәселелері зерттелуде, селекция мен тұқым шаруашылығы жөнінде жұмыстар жүргізілуде, овощ дақылдары мен картопты өсірудің озат тәсілдерін енгізуде өндіріске көмек көрсетілуде. Республиканың оңтүстігі жағдайында сапалы және азғындамайтын тұқымдық картоп алу үшін Алматы овощ картоп тәжірибе станциясы картопты таулы жерлерде өсіру жөнінде нұсқау берді.

Шортанды тәжірибе станциясы картоптың Богарный, Борьба, Степняк, Южный, Қарағанды тәжірибе станциясы — Долинский 1 211, Қарағанды 958 деп аталатын жаңа сорттарын шығарды т. б.

Алматы овощ-картоп тәжірибе станциясы түрлі овощ дақылдарының бірнеше сортын шығарған.

Картоп пен овощтың жаңа сорттары өндіріске ойдағыдай енгізілуде.

Қазақстанның мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуде берік жемшөп базасын жасаудың маңызы зор. Республиканың табиғи шалғындардың болуы және ауа райы жағдайларының түрліше болып келуі әр аймақта малды жемшөптің барлық түрімен толық қамтамасыз ететін ғылымға негізделген шаралар белгілеп, жүзеге асыруды талап етеді.

1949 жылға дейін жемшөп дайындау саласындағы зерттеу жұмыстарымен Мал шаруашылығы институты шұғылданды, оның құрамында жайылым мал шаруашылығы бөлімі мен жемшөп дайындау бөлімі болды. Өркендеп келе жатқан мал шаруашылығын жемшөппен қамтамасыз ету жөніндегі өскелең талапқа және берік жемшөп базасын жасауда зерттеу жұмыстарын одан әрі ұлғайта берудің қажеттігіне байланысты 1949 жылы ВАСХНИЛ Қазақ филиалының жүйесінде Жемшөп пен жайылым ғылыми зерттеу институты ұйымдастырылды. Өзі өмір сүрген 8 жыл ішінде институт ғылыми қызметкерлер коллективінің барлық күш-жігерін республиканың әртүрлі аймақтарында табиғи шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту, мал шаруашылығы үшін жайылымдық жаңа жерлер игеру әдістерін қолданып, шабындықтар мен жайылымдықтар жасау жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тиісті шаралар белгілеуге бағыттады.

Институт Қазақстанның оңтүстік-шығыс аудандарының колхоздары мен совхоздары үшін жайылым-шабындық айналымының схемасын жасап, өндіріске енгізуді ұсынды. Жайылым мал шаруашылығы орындарында табиғи жайылымдар мен шабындықтардың шығымдылығын арттыруда мұның зор маңызы бар. Бұл ұсыныстар Жамбыл облысындағы Луговой ауданының колхоздарында және басқа жерлерде іс жүзінде қолданылды. Оңтүстік-шығыс облыстардың аудандарында 13 миллион гектардай шөл және шөлейт далалық жайылымдар бар, бұл жайылымдарда бірнеше миллион мал бағылады. Бұл жайылымдардың шөп шығымы өте аз болады, жауын шашын көп болған қолайлы жылдары әр гектардан 1,5—6 центнерден құрғақ пішен береді, ал құрғақшылық жылдары мұндай жайылымдарды мал бағу үшін пайдалану өте қиын. Сондықтан мұндай жайылымдарда мал азығының сақтық қорын жасау қажет. Жемшөп институты екпе шабындықтар жасау тәсілдерін тауып оны колхоздардың іс жүзіне асыруына көмектесті. Алматы, Талдықорған және Жамбыл облыстары колхоздары мен совхоздарының тәжірибе екпе шабындықтарда әр гектарынан 6 центнерден 20 центнерге дейін нәрлі пішен жинауға болатынын көрсетті. Шөл дала жағдайындағы мұндай шабындықтар үшін ең жақсы шөптер жергілікті көкгүлді беде, сибирьлік бидайық және олардың қоспасы және күздік қарабидай екені байқалды. Бұлармен қатар шөлейт жер жағдайында дәнді-жемдік дақылдар арпа, сұлы өсірудің агротехникасы да жасалды, бұл дақылдар гектарынан 5 центнерден 10 центнерге дейін астық бере алады. Жамбыл облысы Луговой ауданының Калинин атындағы колхозы беденің гектарынан 12 центнерден, қонақтың гектарынан 12 центнерден аса өнім алды. Алматы облысының мал жайылым участоктарында беденің гектарынан түскен өнім 10-нан 17 центнерге дейін болды, ал Хрущев атындағы колхозда еркек шөптің түсімі гектарына 21 центнерден айналды.

Алматы облысының Мичурин атындағы колхозында күздік қара бидайдың өнімі әр гектарға шаққанда 25 центнерден, Калинин атындағы колхозда — 17 центнерден келді. Алматы облысының Жамбыл атындағы колхозында әр гектардан могоар 12—35 центнерден, суданка 13-тен 23 центнерге дейін шөп өнімін берді. Осы облыстағы «Қызылту» колхозында қонақтың гектарынан 14 центнерден пішен жиналды.

Талдықорған облысындағы 28 гвардияшылдар атындағы ауданның колхоздарында мал жайылымы участоктарында суданканың әр гектарынан 70—150 центнерден көк шөп, могоардың гектарынан — 180 центнерден, беденің гектарынан — 80—100 центнерден өнім жинау қамтамасыз етілді, осы ауданның Сталин атындағы колхозында арпаның гектарынан 10 центнерден өнім алынды. Оңтүстік 3 облыста Алматы, Талдықорған және Жамбыл облыстарының шөл және шөлейт аймақтағы екпе шабындықтардың көлемі кәзірдің өзінде 40 мың гектарға жетеді.

сортын, өріктін (абрикос) 2 сортын, бүлдіргеннің 5 сортын, түйе жанғақтың 9 сортын, миндальдің 5 сортын қабылдап, көбейту үшін өндіріске ұсынды.

Екіншілік институты жеміс бөлімінің орман-баулар жасау және жабайы өскен жеміс ағаштарын мәдени өсімдікке айналдыру үшін Іле мен Жоңғар Алатауының таулы алқаптарын игеру, сондай-ақ таулы жерлерде қолдан суармай жеміс және жидек дақылдарын өсіру үшін ондаған гектар аса құнарлы тың жерлерді пайдалану жөніндегі ұсыныстарының зор маңызы бар. Таулы жердегі жеміс шаруашылығының агротехникалық шаралар комплексі жасалды.

Соңғы жылдары тәжірибе мекемелерінің овощ шаруашылығы жөніндегі ісі біраз жандана түсті. Овощ дақылдары агротехникасының мәселелері зерттелуде, селекция мен тұқым шаруашылығы жөнінде жұмыстар жүргізілуде, овощ дақылдары мен картопты өсірудің озат тәсілдерін енгізуде өндіріске көмек көрсетілуде. Республиканың оңтүстігі жағдайында сапалы және азғындамайтын тұқымдық картоп алу үшін Алматы овощ картоп тәжірибе станциясы картопты таулы жерлерде өсіру жөнінде нұсқау берді.

Шортанды тәжірибе станциясы картоптың Богарный, Борьба, Степняк, Южный, Қарағанды тәжірибе станциясы — Долинский 1 211, Қарағанды 958 деп аталатын жаңа сорттарын шығарды т. б.

Алматы овощ-картоп тәжірибе станциясы түрлі овощ дақылдарының бірнеше сортын шығарған.

Картоп пен овощтың жаңа сорттары өндіріске ойдағыдай енгізілуде.

Қазақстанның мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуде берік жемшөп базасын жасаудың маңызы зор. Республиканың табиғи шалғындардың болуы және ауа райы жағдайларының түрліше болып келуі әр аймақта малды жемшөптің барлық түрімен толық қамтамасыз ететін ғылымға негізделген шаралар белгілеп, жүзеге асыруды талап етеді.

1949 жылға дейін жемшөп дайындау саласындағы зерттеу жұмыстарымен Мал шаруашылығы институты шұғылданды, оның құрамында жайылым мал шаруашылығы бөлімі мен жемшөп дайындау бөлімі болды. Өркендеп келе жатқан мал шаруашылығын жемшөппен қамтамасыз ету жөніндегі өскелең талапқа және берік жемшөп базасын жасауда зерттеу жұмыстарын одан әрі ұлғайта берудің қажеттігіне байланысты 1949 жылы ВАСХНИЛ Қазақ филиалының жүйесінде Жемшөп пен жайылым ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылды. Өзі өмір сүрген 8 жыл ішінде институт ғылыми қызметкерлер коллективінің барлық күш-жігерін республиканың әртүрлі аймақтарында табиғи шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту, мал шаруашылығы үшін жайылымдық жаңа жерлер игеру әдістерін қолданып, шабындықтар мен жайылымдықтар жасау жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тиісті шаралар белгілеуге бағыттады.

Институт Қазақстанның оңтүстік-шығыс аудандарының колхоздары мен совхоздары үшін жайылым-шабындық айналымының схемасын жасап, өндіріске енгізуді ұсынды. Жайылым мал шаруашылығы орындарында табиғи жайылымдар мен шабындықтардың шығымдылығын арттыруда мұның зор маңызы бар. Бұл ұсыныстар Жамбыл облысындағы Луговой ауданының колхоздарында және басқа жерлерде іс жүзінде қолданылды. Оңтүстік-шығыс облыстардың аудандарында 13 миллион гектардай шөл және шөлейт далалық жайылымдар бар, бұл жайылымдарда бірнеше миллион мал бағылады. Бұл жайылымдардың шөп шығымы өте аз болады, жауын шашын көп болған қолайлы жылдары әр гектардан 1,5—6 центнерден құрғақ пішен береді, ал құрғақшылық жылдары мұндай жайылымдарды мал бағу үшін пайдалану өте қиын. Сондықтан мұндай жайылымдарда мал азығының сақтық қорын жасау қажет. Жемшөп институты екпе шабындықтар жасау тәсілдерін тауып оны колхоздардың іс жүзіне асыруына көмектесті. Алматы, Талдықорған және Жамбыл облыстары колхоздары мен совхоздарының тәжірибе екпе шабындықтарда әр гектарынан 6 центнерден 20 центнерге дейін нәрлі пішен жинауға болатынын көрсетті. Шөл дала жағдайындағы мұндай шабындықтар үшін ең жақсы шөптер жергілікті көкгүлді беде, сибирьлік бидайық және олардың қоспасы және күздік қарабидай екені байқалды. Бұлармен қатар шөлейт жер жағдайында дәнді-жемдік дақылдар арпа, сұлы өсірудің агротехникасы да жасалды, бұл дақылдар гектарынан 5 центнерден 10 центнерге дейін астық бере алады. Жамбыл облысы Луговой ауданының Калинин атындағы колхозы беденің гектарынан 12 центнерден, қонақтың гектарынан 12 центнерден аса өнім алды. Алматы облысының мал жайылым учасоктарында беденің гектарынан түскен өнім 10-нан 17 центнерге дейін болды, ал Хрущев атындағы колхозда еркек шөптің түсімі гектарына 21 центнерден айналды.

Алматы облысының Мичурин атындағы колхозында күздік қара бидайдың өнімі әр гектарға шаққанда 25 центнерден, Калинин атындағы колхозда — 17 центнерден келді. Алматы облысының Жамбыл атындағы колхозында әр гектардан могоар 12—35 центнерден, суданка 13-тен 23 центнерге дейін шөп өнімін берді. Осы облыстағы «Қызылту» колхозында қонақтың гектарынан 14 центнерден пішен жиналды.

Талдықорған облысындағы 28 гвардияшылдар атындағы ауданның колхоздарында мал жайылымы учасоктарында суданканың әр гектарынан 70—150 центнерден көк шөп, могоардың гектарынан — 180 центнерден, беденің гектарынан — 80—100 центнерден өнім жинау қамтамасыз етілді, осы ауданның Сталин атындағы колхозында арпаның гектарынан 10 центнерден өнім алынды. Оңтүстік 3 облыста Алматы, Талдықорған және Жамбыл облыстарының шөл және шөлейт аймақтағы екпе шабындықтардың көлемі кәзірдің өзінде 40 мың гектарға жетеді.

Қазақстанда 10 миллион гектардан аса суалма және көлта-бандатып суарылатын шалғындықтар бар, олар едәуір жақсартуды талап етеді. Жемшөп институты мұндай шалғындық жерлерді жақсарту тәсілдерін белгіледі. Шалғындарды негізінен өзгерту үшін топырақтың қыртысын (шымын) аударып, мол өнім беретін біржылдық жемшөп дақылдарын алдын ала егіп тастау керек. Мұндай дақылдарға жататындар: жүгері, күнбағыс, судан шөбі, могоар және басқалары. Жүгері гектарынан 200—400 астам центнер көк шөп береді.

Сол сияқты өзен алқаптарындағы өнімі аз шалғындық жерлерді, шымы алдын ала дискіленген участоктарға көпжылдық шөптерді қосымша егу жолымен тез арада шалғынға айналдыру әдістері де табылады. Мұның өзі шөптердің шығымын бір жарым, екі есе арттырады. Шабындықтарды жақсартуда Семей облысындағы «Расцвет», Батыс Қазақстан облысындағы «Путь к коммунизму» колхоздарының және басқа да кейбір шаруашылықтардың нәтижелері айтарлықтай.

Республиканың әртүрлі аймақтары үшін көк шөп конвейерінің схемаларын жасау, суармалы жерлерде аңыздық және үстеп егілетін жемшөптік дақылдарды іріктеп алу жөнінде (осылардың негізінде өндіріске тиісті ұсыныс нұсқаулар берілді) едәуір жұмыстар жүргізілгенін атап кету жөн. Бұл оңтүстік-шығыс аудандарда көк шөптен қосымша өнім алуға, осы мақсат үшін негізгі жемшөптік дақыл ретінде жүгеріні кең түрде қолдануға мүмкіндік береді.

Жемшөп дайындау проблемасын шешуге Жемшөп институтымен қатар, Қазақстанның түрлі облыстарындағы тіректі пункттер тәжірибе егістерінің қызметкерлері, Қазақ ССР Ғылым академиясы мен республика Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылыми мекемелері де қатысты.

Қазақстанда мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының аса маңызды салаларының бірі болып табылады. Табиғи жемшөпке бай кең көлемді жерлер, егіншілігі дамыған аудандарда екпе жемшөп өндіруді арттыру мал шаруашылығының барлық түліктерін жан-жақты өркендетуге аса қолайлы мүмкіндіктер туғызады. Табиғи жайылымдықтардың көп болуына сәйкес республиканың орталық және оңтүстік аудандарында қой шаруашылығы ойдағыдай өркендеп келеді. Бұл сала солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс аудандарда да жақсы өркендей алады.

Негізгі астықты аудандарда, сондай-ақ қалалар мен өнер кәсіп орталықтарына жақын жатқан аудандарда, сүтті мал, мал шаруашылығының үлес салмағы басым.

Малды жайып семіртуге және бордақылауға қолайлы жерлерде етті мал шаруашылығын дамыту үшін зор перспективалар ашылып отыр.

Таяудағы жылдары шошқа шаруашылығы мен құс шаруашылығы да едәуір өркендетілуге тиіс.

КПСС XX съезінің мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді

арттыру жөніндегі Директиваларын орындау үшін күресе отырып, республика малшылары 1957 жылы қойдың санын 22,5 миллионға, сиыр малының санын 3 миллионға жеткізуді ұйғарды.

Мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруда ауылшаруашылық ғылымының жетістіктері мен ұсыныстары және озат шаруашылықтардың жинақталған бай тәжірибесі зор роль атқаруға тиіс.

Революцияға дейінгі уақытта және Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда мал шаруашылығының өнімі төмен болды. Кейінгі жылдары ауыл шаруашылығын қайта құру мал шаруашылығын сапалық жағынан жақсартуды талап етті. Мал шаруашылығы жөніндегі ғылыми-зерттеу мекемелері, атап айтқанда Мал шаруашылығы институты ұйымдасқан жылдарының алғашқы айларынан бастап-ақ малдың тұқымдық құрамын жақсарту, ауылшаруашылық малдарының өнімділігін арттыру жөнінде зор көлемді жұмыстар жүргізіп, едәуір жетістіктерге ие болды. Соңғы 10 жыл ішінде Қазақстанда төрт жаңа тұқым шығарылды: қазақтың ақбас және Алатау тұқымды сиырлары, қазақтың биязы жүнді және қазақтың архар-меринос тұқымды қойлары.

Сиыр малының жаңа тұқымдарын — қазақтың ақ бас және Алатау тұқымды сиырларын — Мал шаруашылығы институтының ғылыми қызметкерлері колхоз, совхоз қызметкерлерімен және туысқан республикалардың ғалымдарымен тығыз байланыс жасай отырып шығарды. Бұл тұқымдарды СССР Үкіметі 1950 жылы өз алдына дербес тұқым ретінде бекіткен.

Қазақтың етті бағыттағы ақ бас тұқымды сиырлары жергілікті малды герфорд (сиыр малының ірі тұқымдарының бірі) тұқымды сиырмен өндіре шағылыстыру негізінде өсіріліп шығарылды.

Кейбір жетекші шаруашылықтарда ірі сиырлардың орташа тірілей салмағы 500—550 килограмм болады, бұл қазақтың жергілікті сиырларының орташа салмағынан 50—55 процент артық, әрбір сауын сиырдың сүті 1 500 килограмнан асады, сегіз айлық бұзаудың тірілей салмағы 200—225 килограмға жетеді, сойған кезде ірі малдан 58—62 процент ет алынады. Бұл тұқым өндіріске кеңінен енгізілуде.

Тұқымдық сапасы жағынан алынған ең соңғы есеп бойынша республиканың колхоздары мен совхоздарында қазақтың ақ бас тұқымды сиырларының (таза тұқымды және будан түрінде) саны 500 мыңдай болды.

Сиыр малының етті-сүтті бағыттағы Алатау тұқымы жергілікті сиырды швиц (сиырдың сүтті-етті тұқымдарының бірі) тұқымды сиырмен шағылыстыру негізінде өсіріліп шығарылды. Ол Қазақстанның оңтүстік-шығыс аудандары мен Қырғыз республикасына тараған. Тұқым 1951 жылы бекітілді. Бұл тұқымдас сиырлар мол өнімді болып табылады, жекелеген шаруашылықтарда оның сүті 4 000 килограмға жетіп, одан да асады, сүтінің



Қазақ ССР-і ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, академик В. А. Бальмонт.

майлылығы 3,95 процент болады. Жаңа тұқымды бұл сиырлардың еттік сапасы да жақсы. Сиырдың тірілей орташа салмағы 500—560 килограмға, бұқаларының тірілей орташа салмағы 800—1 000 килограмға тең.

Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында Алатау тұқымды малдың (таза тұқымды және будан түрінде) саны 250 мыңдай.

Бірнеше жылдан бері Мал шаруашылығы институты мен оның Оңтүстік Қазақстандағы тәжірибе станциясы әулиеата тұқымдас малды жетілдіру жөнінде үлкен жұмыс жүргізіп келді. Бағыттай сұрыптау және азықтандыру мен бағып-күту жағдайларын жақсарту нәтижесінде малдың жаңа тобы алынды, 1950 жылы СССР Ауыл шаруашылығы министр-

лігінің комиссиясы оның тұқымдық қасиетін анықтап, етті-сүтті бағыттағы жетілдірілген отандық тұқым деп тапты.

Бұл тұқымдас малдар Қазақстанның оңтүстігіне оңай бейімделіп, табиғи жайылымдарды жақсы пайдаланды, сондай-ақ, түрлі жұқпалы індеттерге төзімді келеді. Бұл тұқым Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына тараған.

Сол сияқты жергілікті малды симменталь (сиырдың сүтті, етті көп беретін тұқымдарының бірі) тұқымды сиырлармен шағылыстырып жетілдіруде Павлодар, Семей және Батыс Қазақстан облыстарындағы тәжірибе станцияларының жүргізген жұмысын да атап өту керек.

1949 жылы Солтүстік Қазақстанда қырдың қызыл сиырының буданын жетілдіру жөніндегі ғылыми жұмыстар қолға алынды. Бұл істе ғылыми қызметкерлер Мамлют совхозында елеулі табысқа жетті. Мұнда алғашқы төрт жылда әр сиырдан жылына сауылған сүт 1 572 литрден 3 804 литрге дейін өсті.

Қазақстан ғалымдарының қой шаруашылығындағы жетістіктері де айтарлықтай.

Мал шаруашылығы институтының ғылыми қызметкерлері, академик В. А. Бальмонттың басшылығымен қойдың жаңа тұқымы — қазақтың биязы жүнді қойын өсіріп шығарды, оның сапасы 1946 жылы тексерілген. Бұл тұқым қазақтың құйрықты қойларын прекос (биязы жүнді қойлардың етті, жүнді түрі) тұқымды

қойлармен шағылыстыру, одан кейін олардың будандарының қалаған түрлерін өсіру негізінде шығарылған. Мұндай тұқымды мал өнімді көп береді. Қошқарлардың тірілей салмағы 105—120 килограмға жетіп, орта есеппен 10—11 килограмға дейін жүн береді. Тұсақтарының әрқайсысы 5 килограмға дейін жүн береді. Үлкен отарларда әрбір қойдан қырқылған жүн орта есеппен 4,5—5 килограмға жетеді. Алынатын таза талшықтың мөлшері жағынан қазақтың биязы жүнді қойлары СССР-де өсірілетін биязы жүнді қойлардың таңдаулы тұқымдарынан қалыспайды. Осы тұқымдас қойлар өсімтал келеді, төлдейтін әрбір 100 саулықтан 140-қа дейін қозы алынады, төлі ширақ және тез пісіп шөлейт аймақтың маусымдық жайылымдарын жақсы пайдаланады. Қазақстанда биязы жүнді қой саны 1,5 миллионға жетеді, кәзір олар тез қарқынмен көбеюде.

Түр аралық будандастыру жолымен ғылыми қызметкерлердің бір тобы меринос қойларын жабайы қойдың қошқары арқармен шағылыстырып, қойдың жаңа тұқымын — қазақтың архармеринос қойын өсіріп шығарды. Бұл жұмыс биік таулы Алматы аймағында жүргізілді. Ең таңдаулы қойлардың тірілей салмағы 120—150 килограмға дейін болады, 10 килограмға дейін жүн қырқылады. Тұқым 1951 жылы бекітілген. Осы тұқымдас қойлардың саны 200 мың.

Ғылыми қызметкерлер-зоотехниктер әртүрлі жердің жағдайында қойдың жаңа асыл тұқымды топтарын шығару үшін зор жұмыстар істеп жатыр. Шөл және шөлейт далалы аудандар үшін қойдың биязы және биязылау жүнді топтары, жүні жетілдірілген, еділбай, қарғалы және дегерес күйректі қойлары, сүлукөлдін жүнді-етті қойлары және басқа түрлері шығарылуда.

Қой шаруашылығы жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқан Қазақстанның әртүрлі облыстарының колхоздары мен совхоздарында биязы және биязылау жүнді қойлардың өнімді көп беретін асыл тұқымды және түрлі қажеттерге пайдаланылатын отарлары құрылған.

Мысалы, Павлодар облысындағы «Бесқарағай» мен 499, Қостанай облысындағы — «Сүлукөл», Алматы облысындағы — «Қастек» және Оңтүстік Қазақстан облысындағы — «Күйік» совхоздарының, Жамбыл облысының Сталин атындағы, Талдықорған облысының Сталин атындағы, Семей облысының «Красные горные орлы» колхоздарының қойлары республикадағы ең таңдаулы қойлар болып табылады, мол өнімді қой шаруашылығын өркендету ісінде бұлардың зор маңызы бар.

Ғылыми қызметкерлер мал шаруашылығындағы практикалық қызметкерлермен ынтымақтаса отырып, қазақтың мініс-жегіс аттарының жаңа асыл тұқымды түрін шығару үшін еңбек етуде. Сонымен қатар ет ресурстарын көбейту мақсатымен жылқының тұқымдық құрамын жаңарту және жақсарту жұмыстары да қолға алынды.

Ғылыми қызметкерлердің бір тобы Қазақстанда жүндес ешкі-



Қазақ ССР-і ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, академик В. А. Бальмонт.

майлылығы 3,95 процент болады. Жаңа тұқымды бұл сиырлардың еттік сапасы да жақсы. Сиырдың тірілей орташа салмағы 500—560 килограмға, бұқаларының тірілей орташа салмағы 800—1 000 килограмға тең.

Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында Алатау тұқымды малдың (таза тұқымды және будан түрінде) саны 250 мыңдай.

Бірнеше жылдан бері Мал шаруашылығы институты мен оның Оңтүстік Қазақстандағы тәжірибе станциясы әулиеата тұқымдас малды жетілдіру жөнінде үлкен жұмыс жүргізіп келді. Бағыттай сұрыптау және азықтандыру мен бағып-күту жағдайларын жақсарту нәтижесінде малдың жаңа тобы алынды, 1950 жылы СССР Ауыл шаруашылығы министр-

лігінің комиссиясы оның тұқымдық қасиетін анықтап, етті-сүтті бағыттағы жетілдірілген отандық тұқым деп тапты.

Бұл тұқымдас малдар Қазақстанның оңтүстігіне оңай бейімделіп, табиғи жайылымдарды жақсы пайдаланды, сондай-ақ, түрлі жұкпалы індеттерге төзімді келеді. Бұл тұқым Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына тараған.

Сол сияқты жергілікті малды симменталь (сиырдың сүтті, етті көп беретін тұқымдарының бірі) тұқымды сиырлармен шағылыстырып жетілдіруде Павлодар, Семей және Батыс Қазақстан облыстарындағы тәжірибе станцияларының жүргізген жұмысын да атап өту керек.

1949 жылы Солтүстік Қазақстанда қырдың қызыл сиырының буданын жетілдіру жөніндегі ғылыми жұмыстар қолға алынды. Бұл істе ғылыми қызметкерлер Мамлют совхозында елеулі табысқа жетті. Мұнда алғашқы төрт жылда әр сиырдан жылына сауылған сүт 1 572 литрден 3 804 литрге дейін өсті.

Қазақстан ғалымдарының қой шаруашылығындағы жетістіктері де айтарлықтай.

Мал шаруашылығы институтының ғылыми қызметкерлері, академик В. А. Бальмонттың басшылығымен қойдың жаңа тұқымы — казактың биязы жүнді қойын өсіріп шығарды, оның сапасы 1946 жылы тексерілген. Бұл тұқым казактың құйрықты қойларын прекос (биязы жүнді қойлардың етті, жүнді түрі) тұқымды

қойлармен шағылыстыру, одан кейін олардың будандарының қалаған түрлерін өсіру негізінде шығарылған. Мұндай тұқымда мал өнімді көп береді. Қошқарлардың тірілей салмағы 105—120 килограмға жетіп, орта есеппен 10—11 килограмға дейін жүн береді. Тұсақтарының әрқайсысы 5 килограмға дейін жүн береді. Үлкен отарларда әрбір қойдағ кыркылған жүн орта есеппен 4,5—5 килограмға жетеді. Алынатын таза талшықтық мәтнері жағынағ казактың биязы жүнді қойлары СССР-де өсірілетін биязы жүнді қойлардың таңдаулы тұқымдарынан қалыспайды. Осы тұқымдас қойлар өсімтал келеді, төлдейтін әрбір 100 саулықтан 140-қа дейін козы алынады, төлі ширақ және тез пісіп шөлейт аймақтың маусымдық жайылымдарын жақсы пайдаланады. Қазақстанда биязы жүнді қой саны 1,5 миллионға жетеді, кәзір олар тез қарқынмен көбеюде.

Түр аралық будандастыру жолымен ғылыми қызметкерлердің бір тобы меринос қойларын жабайы қойдың қошқары арқармен шағылыстырып, қойдың жаңа тұқымын — казактың арқар-меринос қойын өсіріп шығарды. Бұл жұмыс биік таулы Алматы аймағында жүргізілді. Ең таңдаулы қойлардың тірілей салмағы 120—150 килограмға дейін болады, 10 килограмға дейін жүн кыркылады. Тұқым 1951 жылы бекітілген. Осы тұқымдас қойлардың саны 200 мың.

Ғылыми қызметкерлер-зоотехниктер әртүрлі жердің жағдайында қойдың жаңа асыл тұқымды топтарын шығару үшін зор жұмыстар істеп жатыр. Шөл және шөлейт далалы аудандар үшін қойдың биязы және биязылау жүнді топтары, жүні жетілдірілген, еділбай, қарғалы және дегерес күйрықты қойлары, сұлукөлдің жүнді-етті қойлары және басқа түрлері шығарылуда.

Қой шаруашылығы жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқан Қазақстанның әртүрлі облыстарының колхоздары мен совхоздарында биязы және биязылау жүнді қойлардың өнімді көп беретін асыл тұқымды және түрлі қажеттерге пайдаланылатын отарлары құрылған.

Мысалы, Павлодар облысындағы «Бесқарағай» мен 499, Қостанай облысындағы — «Сұлукөл», Алматы облысындағы — «Қастек» және Оңтүстік Қазақстан облысындағы — «Күйік» совхоздарының, Жамбыл облысының Сталин атындағы, Талдықорған облысының Сталин атындағы, Семей облысының «Қрасные горные орлы» колхоздарының қойлары республикадағы ең таңдаулы қойлар болып табылады, мол өнімді қой шаруашылығын өркендету ісінде бұлардың зор маңызы бар.

Ғылыми қызметкерлер мал шаруашылығындағы практикалық қызметкерлермен ынтымақтаса отырып, қазақтың мініс-жегіс аттарының жаңа асыл тұқымды түрін шығару үшін еңбек етуде. Сонымен қатар ет ресурстарын көбейту мақсатымен жылқының тұқымдық құрамын жаңарту және жақсарту жұмыстары да қолға алынды.

Ғылыми қызметкерлердің бір тобы Қазақстанда жүндес ешкі-



Қазақ ССР-нің ғылымына еңбегі сінген қайраткер М. Ермеков.

лердің асыл тұқымды жаңа тобын өсіріп шығару жөніндегі жұмыстарын аяқтап келеді.

Мал шаруашылығы институты малдың өнімділігін арттыруды көздеп, Қазақстанның әртүрлі аймақтарында қолдану үшін ауылшаруашылық малдарын қолдан ұрықтандыратын колхозаралық және мемлекеттік тұқыммал станцияларының жұмысын ұйымдастыру әдістерін белгілеп, өндіріске ұсынды, сөйтіп ұрықты алыс жерлерге жеткізу тәсілін қолдана отырып, қолдан ұрықтандыру шараларын жүзеге асыруда колхоздар мен совхоздарға ғылыми-ұйымдастырушылық көмек көрсетті. Соңғы бес жыл ішінде мол өнімді қошқарлардың тұқымымен 500 мыңнан аса саулық ұрықтандырылды.

Мал шаруашылығы институты Қазақстанның әртүрлі аймақтарының колхоздары мен совхоздарында етті мал шаруашылығын жүргізу системасын жасады. Бір сиырға екі бұзау теліп өсірудің тиімділігі дәлелденді, малды үстеп қоректендіру тәсілін қолданып, жайып семірту жолдары туралы нұсқау-ұсыныстар берілді. Екіншілігі суармалы оңтүстік-шығыс Қазақстан үшін институт көк шөп конвейерін енгізіп, сауын малын жазда қолда-лагерлеп бағу шараларын белгіледі.

Ғылыми қызметкерлердің тікелей қатысуымен Алматы МТС-і қамтитын колхоздарда малды қолда-лагерлеп бағуды қолдану сиырлардың сүт өнімділігін едәуір арттырды (1-таблица).

Тың және тыңайған жерлер игерілген аудандарда сиыр малы мен қойдың өнімділігін арттыру үшін мал шаруашылығы институты малды азықтандыру және бағу әдістерін ұсынды.

1-таблица

	Әрбір сауын сиырдан алынған сүт, кг есебімен	
	көк шөп конвейері енгізілгенге дейін	көк шөп конвейері енгізілгеннен кейін
Алматы МТС-інің қамтуындағы колхоздар бойынша	1751	2665
Бір колхозда тәжірибе ретінде қойылған сиырлар бойынша	2371	4060

Республикада мал шаруашылығының аса маңызды басқа мәселелері бойынша да ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Генетика, азықтандыру т. б. мәселелер жөнінде теориялық зерттеулер ұлғайтылуда. Малдың денсаулығын сақтау, өнімін арттыру (зоогигиена) мәселелері зерттелуде.

Қазақстан жағдайында ауылшаруашылық малдарының індеттеріне қарсы күресу шараларының дұрыс, ғылыми-негізделген системасын жасаудың бірінші дәрежелі маңызы бар, бұл іспен Қазақтың малдәрігерлік ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлері шұғылдануда. Бұл жүйеге екі станция — Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан малдәрігерлік тәжірибе станциялары кіреді.

Институт зерттеп, өндіріске енгізілген немесе енгізіліп жатқан малдәрігерлік шаралардың ішінде мыналар назар аударарлықтай: тиімді антгельминтик (ішкі құрт түскенге қарсы қолданылатын дәрі) ретінде фенотиазинді қолдану; бұзаулардың қылау (паратиф) болуына қарсы ашутасты дәріні (вакцинаны) қолдану; жылқылардың гастрофилезді стоматитіне (бөгелек құрттарынан болатын ауыз уылу ауруы) қарсы күресу шаралары; қойлардың экстрозымен күресу шаралары; аусыл болған малдан алынған жарамсыз шикі теріні дезинфекциялаудың жаңа әдісі; аусылға қарсы қолданылатын вакцинаны және торайлардың жұқпалы ауруларына қарсы қолданылатын вакцинаны әзірлеу методикасы; бұзаулардың бронхопневмониясы (өкпе ауруы) кездесетін шаруашылықтарда осы індеттен айықтыру және басқа мәселелер.

Аусыл вирустары (микроптары) типтерінің өзгергіштігі жөнінде теориялық және практикалық үлкен маңызы бар көп жұмыстар жүргізілді.

Малдәрігерлік ғылыми қызметкерлер өздерінің зерттеу жұмысын өз ұсыныстарын іс жүзіне асырумен және малды жұқпалы және жұқпайтын аурулардан айықтыру, алдын ала сақтандыру ісінде шаруашылықтарға көмек көрсетумен ұштастырып отырады. Мұндай көмек Киров, Октябрь атындағы совхоздарға, «Горный гигант» колхозына және республика облыстарының басқа қырыққа жуық шаруашылығына көрсетілді.

Ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру ауыл шаруашылығының барлық саласына механизацияны кеңінен енгізумен тығыз байланысты. Республиканың топырақ-климат жағдайларының әралуан болуы, түрлі аймақтарда өсірілетін ауыл шаруашылық дақылдарының көптігі, мал шаруашылығының өсуі және жемшөп дайындаудың едәуір ұлғайтылуы ауылшаруашылық өндірісінің процестерін комплексті механикаландырудың түбірлі мәселелерін кідіртпей шешуді талап етеді. Ғылым бұл мәселелерді шешудің дұрыс жолдарын көрсетуге, еңбек өнімділігін едәуір арттыруды қамтамасыз ететін механикаландыру тәсілдерін тауып өндіріске ұсынуға тиіс. Сондай-ақ Қазақстанның өзіне тән ерекше жағдайлары агротехникалық, зоотехникалық та-

лаптарға жауап беретін және қол еңбегімен күш-көлікті мейлінше аз жұмсай отырып, өнім өндіруді арттыратын үнемді машиналар жасап шығаруды талап етеді. Бұл сияқты маңызды міндеттерді орындау үшін республикамызда 1948 жылы Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылды.

Қуаңшылық аймақтағы егіншілік, оталмалы дақылдарды өңдеу, жемшөп дайындау және мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру үшін машиналардың түрлерін шығару жөнінде институт зерттеу жұмыстарын өрістетті.

Егіс алқаптарына ылғал жинау үшін институт қардың қалыңдығы қандай болса да бірқалыпта жұмыс істейтін қаржыртқыш, Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша топырақты терен жыртуға арналған жұмсартқыш плуг және топырақтың қыртысын аудармай үстеп өңдейтін, аңыздағы паяларды жоятын машина тетіктерін жасап шығарды.

Жемшөп дайындауды механикаландыру мақсатымен институт шабылып, дестеде жатқан шөптерді жинауға арналған және арнаулы жинағыш-шөмелелегішпен пішенді дестеге салу, одан соң шөмелелерді шөпті өзі түсіретін арнаулы арбалармен тиісті орынға тасып жеткізу жұмыстарының технологиясын ойластыруда. Бұл шөпті жинау мерзімін қысқартуға пішеннің сапасын бойында сақтауға және еңбеккүн шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Сол сияқты ысыражинағыш-шөмелелегіштің де конструкциясы жасалып, жайылым мал шаруашылығында жұмыстарды механикаландырудың жаңа системасы ұсынылды.

Жайылым участоктарында сумен жабдықтауға арналып ДДК-4 және КИМЭСХ-3 маркалы желтартқыш қондырғылар, малды және мал қораларын санитарлық өңдеуден өткізу үшін бүріккіш-тозаңдатқыш ОЖУ-5 агрегаты жасалып шықты. Бұл қондырғылар мен агрегаттарды өнеркәсіп дайындайды.

Институт қызметкерлері колхоздарда механикаландырылған мал фермаларын құруға тікелей қатысып отырады. Атап айтқанда Алматы облысының «Горный гигант» және Хрущев атындағы колхоздарында үлкен жұмыс жүргізіліп жатыр.

Жүгері мен қант қызылшасын өсіруде кейбір жұмыс түрлерін механикаландыру шаралары қарастырылуда.

Қазақстан ауыл шаруашылығының тез өсуі ауылшаруашылық дақылдарын өсіру мен мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін процестерді одан әрі комплексті механикаландыра беруді талап етеді, бұл өнімнің шығымын арттыруды және өнім өлшеміне жұмсалатын еңбек шығынын едәуір азайтуды қамтамасыз етеді.

Өндіріс үшін маңызды бірқатар мәселелерді Қазақтың су мен орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты шешті. Бұдан бірнеше жыл бұрын институт «Сам» мекеніндегі мал жайылымын суландырудың және ішінара суарудың Ақтөбе мен Гурьев

облыстары аудандарының мал айдайтын жолдарының жұмыс схемасын жасаған болатын. Кәзір бұл материалдар шөлейт аймақта суландыру шараларын жоспарлауға пайдаланылуда.

Орталық Қазақстан аудандарында институт жайып суару үшін техникалық мүмкіндіктер мен ондай жерлердің көлемін белгіледі. Сарысу өзенінің гидрологиялық системасы мен суының сапасы анықталды.

Соңғы жылдардың ішінде институт Ақтөбе, Ақмола облыстарының тың және тыңайған жерлер игерілген аудандарында бірсыпыра маңызды жұмыстар атқарды.

Осындай жұмыстардың нәтижелері бойынша далалық аудандардағы суы тартылып қалатын тұщы көлдердің жағаларында су қоймаларын жасау жөнінде ұсыныс енгізілді. Мұндай су қоймалар жоба бойынша және институт ғылыми қызметкерлерінің басшылығымен 1955 жылы Ақмола облысы, Атбасар ауданының Сталин атындағы колхозында салынды.

Институттың материалдары негізінде «Қазақ ССР-інің тың және тыңайған жерлердегі шаруашылықтарын сумен жабдықтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқау» жасалып, ол өндіріске енгізу үшін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілді.

Орман шаруашылығы, өсімдіктерді зиянды жәндіктер мен індеттерден қорғау, омарта шаруашылығы, ғылымның басқа тараулары бойынша да көптеген бағалы зерттеу жұмыстары жүргізілді.

1956—1957 жылдары ғылыми мекемелері республиканың облыстары мен аймақтарында ауыл шаруашылығын жүргізу системасын жасауда көп жұмыстар атқарды. Қазақстан ауылшаруашылық ғылымының қызметкерлері зерттеу жұмыстарын өндіріске ғылыми-ұйымдастырушылық көмек көрсетумен шебер ұштастырып ғылымның практикамен байланысты нығайтуда.

Ғылым жетістіктерін көпшіліктің игілігіне айналдыруда (таратуда) кең түрде жолға қойылған баспасөз насихаты үлкен роль атқарды. ВАСХНИЛ Қазақ филиалының ғылыми мекемелері көлемі 600 баспатабақ 30 томдық ғылыми еңбек, 600 әртүрлі ғылыми және ғылыми-көпшілік кітаптары мен кітапшаларын басып шығарды.

Өзінің көлемі жағынан бұрын болып көрмеген Қазақстанда ауыл шаруашылығын өркендетудің перспективасы ғылымының алдына ауыл шаруашылығы салаларын ойдағыдай және жан-жақты дамытуды қамтамасыз ететін ғылыми-негізделген шараларды тезінен белгілеу жөнінде зор міндеттер қойып отыр. Ғылыми-зерттеулер республиканың әртүрлі аймақтарының табиғи-экономикалық жағдайларын тиімді пайдалануға бағытталуға тиіс.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қой шаруашылығын өркендету жөніндегі хатында алға қойған және таяудағы жылдарда халықтың жан басына ет, сүт және май өндіруде Америка Құрама Штаттарын қуып жету жөніндегі тарихи міндеттерге сәйкес егіншілік саласында Қазақстан ғалым-

дарының негізгі күш-жігері ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын едәуір арттыруға, жаңа мол өнімді сорттар шығаруға, өнім өлшеміне жұмсалатын еңбек шығындарын қысқарта отырып, дақылдарды өсіруді комплексті механикаландыру әдісін кеңінен енгізуге бағытталған.

Ғалымдар малдың санын көбейтіп, малшаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі жұмыстарды анағұрлым ұлғайтуда. Республиканың жеке аудандарының жағдайларына лайықталып әрбір 100 гектар ауылшаруашылық жерінен малшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыруда ғылыми-негізделген шаралар белгіленетін болады.

Ғылыми мекемелердің жұмысында теориялық мәселелерге, зерттеулерді осы заманғы озат әдістерді қолдана отырып, тереңдете жүргізуге үлкен көңіл бөлінеді. Бұл ауыл шаруашылығын одан әрі өркендетуде өндіріске ұсынылатын шаралардың тәсілдері мен комплексін жан-жақты, әрі терең талдауға мүмкіндік береді.

Ауылшаруашылық өндірісінің экономикасы мен оның ұйымдастырылуы жөніндегі ғылыми жұмыстар едәуір кеңейтіледі.

Ауылшаруашылық ғылымы, егер ғалымдар өндіріс озаттарымен үнемі байланыс жасап, өмірге терең араласса және талаптілектерге құлақ асып, өздерінің жетістіктерін тәжірибе жүзінде тексеріп өндіріске енгізіп отырса ғана ойдағыдай дами алады. Халық мүдделеріне шын берілгендікпен қызмет ету, халықпен бірге жаңа өмір орнатып, сәулетті болашаққа қарай сеніммен алға басу әрбір ғылыми қызметкердің борышы.



ОНАН ӘРІ КӨРКЕЮ ЖОЛЫНДА



Қазақстанда ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру өндірістік қатынастарда және ауыл шаруашылығының бүкіл экономикасында болған түбірлі өзгерістермен сипатталды.

Жеке шаруалар шаруашылығын коллективтендіру, біріншіден, коллективтендіру басталғанға дейін қазақ ауылында болып келген феодалдық-патриархалдық қарым-қатынастарды жоюмен және бұл қарым-қатынастардан социалистік қарым-қатынастарға тікелей көшумен; екіншіден, көшпелі және жартылай көшпелі халықты отырықшыландырумен (басқадай жағдайда бұл үшін бірнеше ондаған жылдар керек болған болар еді); үшіншіден, ауыл шаруашылығының техникалық базасында нағыз революция жасаумен, тіпті патшалық Россияның жағдайында да мейлінше артта қалған, жай техникадан МТС-тер мен совхоздардың алдыңғы қатарлы, осы заманғы техникасына шұғыл көшумен қатар жүргізілді.

Ауыл шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық және техникалық базасындағы бұл түбірлі өзгерістердің бәрі оның бағытын, құрылымын жеке салаларының ұштасуын, шаруашылықты жүргізудің бүкіл жүйесін негізінен өзгертті.

Қолхоздарды, МТС-тер мен совхоздарды ұйымдастыру, алдыңғы қатарлы техниканы кеңінен пайдалану және көшпелі қазақ халқының отырықшылануы егіншілік кәсібін тез дамыту үшін, оны негізгі егіншілік аудандарында ғана емес, сондай-ақ бұрынғы көшпелі мал шаруашылығы аудандарында да өркендету үшін қуатты қозғаушы күш болды.

Егіншілік ең алдымен бұрын жайылым ретінде пайдаланылып келген жаңа, тың жерлерді игеру есебінен өсті. 1954 жылдан бастап, КПСС Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының тарихи шешімдерінен кейін, тың жерлерді игеру мейлінше кеңінен құлаш жайып, бүкілхалықтық іске айналды. (1-таблица).

1-таблица

Жылдар	Мың гектар есебімен бүкіл егіс көлемі	Онын ішінде	
		дәнді дақылдар	техникалық және майлы дақылдар
1913	4194	3913	112
1928	4246	3826	169
1940	6831	5817	341
1953	9727	7033	428
1956	27856	23458	593

Тың және тыңайған жерлерді игеру республика колхоздары мен совхоздарының тек соңғы үш жылдың ішінде ғана егіс көлемін 2,8 есе, оның ішінде дәнді дақылдардың көлемін 3,3 есе ұлғайтуына мүмкіндік берді.

Қазақстанда егіс көлемі революциядан бұрынғы дәрежемен салыстырғанда 6,5 есе ұлғайды.

Революциядан кейінгі дәуірде Қазақстанда егін шаруашылығының өркендеуі, іс жүзінде, егіншіліктен алынатын өнімдерді арттыру үшін тың жерлерді бірте-бірте игерудің үздіксіз процесі болып табылады. 1956 жылы бұл процесс партия мен үкіметтің орасан зор көмегі арқасында біздің даңқты жеңісімізбен ойдағыдай ұласты — республиканың колхоздары мен совхоздары мол егін өсіріп, мемлекетке бір миллиард пұттан аса астық тапсырды.

Жаңа жерлерді игеру жылдар бойынша мынадай цифрлармен сипатталады (2-таблица).

2-таблица

Жылдар	Егіншілік үшін жыртуға жарайтын жерлерді игеру	
	егіс пен парға пайдаланылған, жыртуға жарайтын жерлердің проценті	егіс пен парға пайдаланылмай келген, жыртуға жарайтын жерлердің /тың жерлердің/ проценті
1913	14	86
1928	14	86
1953	33	67
1956	85	15

Егіс көлемінің ұлғаюымен қатар, барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы баяу қарқынмен болса да артып отырды. Егістіктің әр гектарынан шитті мақта жинау 1913 жылы 7,3 центнерден 1956 жылы 18 центнерге дейін артты.

Егіс көлемінің ұлғайып, оның шығымдылығының артуы нәтижесінде егіншіліктің барлық өнімдерін өндіру әлденеше есе мо-

лайды. Атап айтқанда, астық өндіру 1913 жылғы 135 миллион пұттан, 1956 жылы, шамамен алғанда, 1 400 миллион пұтқа дейін, немесе он есе, шитті мақта өндіру — 13 есе артты. Әсіресе, егін шаруашылығының товарлы өнімі шұғыл молайды. 1956 жылы астық дайындау егін бітік шыққан 1928 жылмен салыстырғанда 33 есе артқанын айтудың өзі-ақ жеткілікті. Егіншіліктің орасан зор көлемде өсуі нәтижесінде республиканың Совет Одағында алатын үлес салмағы егіс көлемі жөнінде 1928 жылғы 3,7 проценттен 1956 жылы 14 процентке дейін, ал елімізде астық дайындау жөнінде — 2,3 проценттен, шамамен, 30 процентке дейін өсті.

Республиканың өз ішінде егіншіліктің ауыл шаруашылығындағы үлес салмағы да зор көлемде артты. Егер 1928 жылы Қазақстан ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің, шамамен, 62,1 проценті мал шаруашылығының және 37,9 проценті ғана егіншіліктің үлесіне тиген болса, 1956 жылы колхоздарда өнімнің 62 проценті егіншіліктің үлесіне тиді. Совхоздарда егіншілік өнімдерінің салмағы бұдан да көбірек болды.

Революциядан кейін Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркендетудің бірінші ерекшелігі осындай.

Мал шаруашылығын дамытудың бүкіл жүйесін, оның бағыты мен құрылымын түбірінен өзгерту ауыл шаруашылығын өркендетудің екінші бір маңызды ерекшелігі болды.

Ауыл шаруашылығының бұл саласын социалистік жолмен қайта құру және Қазақстанда аса ірі, мол өнімді колхоз және совхоз мал шаруашылығын ұйымдастыру ісі өте қиын жағдайда ұйымдастырылды.

Коллективтендіру кезіндегі кескілескен таптық күрестің және колхоздарды ұйымдастыру, көшпелі халықты отырықшыландыру кезінде болған елеулі кемшіліктердің салдарынан 1930—32 жылдары республикада мал саны мейлінше кеміп кетті және оны қалпына келтіруге ондаған жылдар керек болды.

Мұнымен бірге, негізінен көшпелі және жартылай көшпелі бұрынғы мал шаруашылығы мейлінше тұрақсыз, және қажетті жемшөп қоры болмады, сөйтіп көбінесе маусымдық жайылымдарды мардымсыз пайдалануға негізделді.

Осы жағдайлармен байланысты колхоздар мен совхоздардың басты міндеті — мал шаруашылығын неғұрлым тез қарқынмен қалпына келтіру және оны өндірістің социалистік тәсіліне сай келетін жаңа негізде онан әрі өркендету болды.

Бұл міндет, біріншіден, жемшөп қорын жан-жақты кеңейтіп, нығайту жолымен; екіншіден, мал қораларын салуды кең көлемде жүргізу жолымен, үшіншіден, мал шаруашылығын тұқымдық жағынан жақсарту жолымен яғни ауыл шаруашылығының бұл аса маңызды саласын күшейту есебінен шешілді.

1928 жылдан 1956 жылға дейін шөбі шабылатын жерлердің көлемі, шамамен, жеті есе, жемшөптік дақылдардың — екпе шөптердің, тамырлы жемістердің, сүрлемдік және басқа да дақылдардың егіс көлемі 91 мың гектардан 2,1 миллион гектарға дейін

немесе 22 есе ұлғайды, мал азығын сүрлеу кеңінен қолданылуда, революциядан бұрынғы мал шаруашылығында мұндай жай болмаған еді.

Соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі жылдарда колхоздар, ең алдымен, өркендеп келе жатқан қой шаруашылығының қажеттері үшін мемлекеттік қордың жерлерінен 23 миллион гектардан астам орасан зор маусымдық жайылымдарды игерді.

Кәзіргі күнде колхоз бен совхоз малының басым көпшілігі қорамен қамтамасыз етіліп отыр.

Мал тұқымын жақсарту жөніндегі ұзақ жұмыстың нәтижесінде 1956 жылы колхоздарда ірі қара малдың 67 проценттен артығы және қойдың 55 проценті тұқымдық малға айналды.

Мал шаруашылығының құрылымы елеулі түрде өзгерді: сиыр малының, қой мен шошқаның үлес салмағы едәуір артты, ал, әсіресе екпе жемшөп жинау есебінен малазығы қорын нығайту, егін шаруашылығы өркендеген барлық аудандарда аса ірі етті және сүтті мал шаруашылығын жасауға мүмкіндік берді. Бұл жылдардың ішінде әрбір сиырдан сүт сауу орта есеппен алғанда, шамамен, екі есе, ал мемлекетке сүт пен май дайындау 3,5 есе артты.

Мал шаруашылығы аудандарында, әсіресе ет совхоздарында етті мал шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға қол жетті.

Облыстар мен аудандардың басым көпшілігінде қылшық жүнді құйрықты қойдың орнына сапалы жүнді көп өндіруді қамтамасыз ететін биязы жүнді қой өсіріледі. Республиканың оңтүстік аудандарының бір бөлегінде қаракөл өсіру кеңінен өркендеп отыр.

Бірақ Қазақстан колхоздары мен совхоздары аса ірі, мол өнімді социалистік мал шаруашылығын жасау үшін Қазақстанда бар зор резервтерді толық пайдалана алмай келді.

Кәзіргі күнде республикада қой саны 1916 жылғы дәрежеден шамалы ғана артық, сиыр малының саны бұл дәрежеге әлі жеткен жоқ, ал шошқа саны, революциядан бұрынғы дәрежемен салыстырғанда үш есе артқанымен, қолда бар мүмкіншіліктерге тіпті де сай емес. Мал шаруашылығының өнімділігі, әсіресе, жүн қырку мен малдың тірілей салмағы әлі де төмен.

Республика колхоздары мен совхоздары ауылшаруашылық жерінің 100 гектарына шаққанда мал шаруашылығы өнімдерін әлі де аз беріп келеді.

Мал шаруашылығы өзінің өркендеуінде қолда бар мүмкіншіліктерден және егіншілік кәсібінің дамуынан болсын, сондай-ақ бұл салада партияның XX съезі алға қойған аса зор міндеттерден болсын елеулі түрде артта қалып келеді.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумында (1953 жыл) атап көрсетілгеніндей, ауыл шаруашылығының бұл саласында ұзақ уақыт бойы колхоздар мен колхозшылардың материалдық жағынан ынталылығы жеткіліксіз болды, еңбекті көп

керек ететін жұмыстарды механикаландыру нашар енгізілді, мұның өзі Қазақстанда жұмысшы күші жөніндегі жағдайды қиындатып жұмысқа ерекше нашар әсерін тигізуде және жемшөп қорын нығайту мәселесі де осы уақытқа дейін толық шешілмеген. Мол өнімді ірі мал шаруашылығын ұйымдастыру үшін зор мүмкіндіктері бар астық совхоздары мал шаруашылығын баяу өркендетуде.

Сондықтан мал шаруашылығын онан әрі өркендету және оның өнімділігін шұғыл арттыру республика колхоздары мен совхоздарының таяу жылдардағы аса маңызды, бірінші кезектегі міндеті болып саналады.

Халық санының салыстырмалы тығыздығы шамалы болып жыртуға жарамды жерлердің, жайылымдар мен басқа да ауылшаруашылық жерлерінің аса кең көлемде болуы республика ауыл шаруашылығын өркендетудегі басқа да бірқатар ерекшеліктерге себепші болды. Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету перспективаларын қараған кезде бұларды естен шығаруға болмайды.

Біріншіден, Қазақстанның совхоздары болсын, сондай-ақ колхоздары болсын, әсіресе, 1950—51 жылдары ауыл шаруашылығы артельдерін ірілендіргеннен кейін, аса зор ауылшаруашылық кәсіпорындарына айналды.

Орта есеппен алғанда, республиканың әрбір колхозының өзіне біржолата пайдалануға бекітіліп берілген 32 мың гектардан аса жері, 6 мың гектардай егістік, 1 070 бас сиыр малы, 150 шошқасы және 5 600 қойы бар.

Қазақстанда егіс көлемінің әрбір колхозға келетін орташа мөлшері Совет Одағы бойынша әрбір колхозға келетін орташа мөлшерден шамамен 2,6 есе, сиыр малының әрбір колхозға келетін саны — 3 есе, қой саны — 6 есе көп; тек қана еңбекке жарайтын адамдардың әрбір колхозға келетін орташа саны СССР бойынша әрбір колхозға келетін санынан біраз кемдеу.

Екіншіден, бос жатқан жерлердің өте көп болуы әртүрлі бағыттағы ірі совхоздар ұйымдастыру үшін зор мүмкіндіктер ашып берді. Қазақстан ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың алғашқы кезінен бастап-ақ совхоздар барлық ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде маңызды орын алып келді. Соңғы жылдары көптеген астық және мал шаруашылығы совхоздарын ұйымдастыруға байланысты олардың ролі ерекше арта түсті. 1956 жылдың өзінде бүкіл егіс көлемінің 41 проценті, оның ішінде дәнді дақылдардың 45 проценті, сиыр малының 15 проценті және қойдың 17 проценті республиканың 632 совхозының қарамағында болды.

1957 жылы совхоздардың, әсіресе, мал шаруашылығындағы үлес салмағы онан сайын арта түсті.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімін, әсіресе, товарлы өнімін шығаруда совхоздардың алатын үлес салмағы бұдан анағұр-

лым жоғары. 1956 жылдың өзінде совхоздардың мемлекетке 520 миллион пұт астық немесе республикада дайындалған барлық астықтың 50 проценттен артығын тапсырғанын айтудың өзі-ақ жеткілікті.

Бұдан былайғы жылдарда республика ауыл шаруашылығын өркендету совхоздардың үлес салмағын онан әрі арттыруға тығыз байланысты болады. Олардың Қазақстан ауыл шаруашылығының алдына қойылып отырған барлық негізгі міндеттерді шешудегі маңызы барған сайын арта түсуде.

Үшіншіден, республиканың социалистік ауыл шаруашылығын өркендету ауылшаруашылық еңбегінің өнімділігін шұғыл арттырумен қатар жүргізілді.

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын, әсіресе, егіншілікті мықтап өркендету ауыл шаруашылығындағы халық санының ішінара азаюы жағдайында жүргізілді.

Еңбекке жарайтын әрбір адамға өнімнің барлық түрлерін шығару бұдан да зор көлемде өсті.

Еңбекке жарайтын әрбір адамға жүн өндіру, тиісінше, шамамен, 2,5 есе, сүт 2,5 еседен астам артты. Еңбекке жарайтын бір адамға шаққанда техникалық дақылдар — мақта, темекі, сол сияқты картоп пен овощ өндіру әлде неше есе артты.

Колхоздардың жеке шаруашылықтарында өндірілетін өнім бұл есепке енгізілмеген.

Жалпылама есептер мынаны көрсетеді: ауыл шаруашылығымен шұғылданатын еңбекке жарамды әрбір адам республика бойынша орта есеппен 1956 жылы әртүрлі өнімдерді 1928 жылғыдан, шамамен, 4 есе артық өндірілді.

Оңтүстік пен Солтүстік Кавказдың ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас еліміздің алдыңғы қатарлы шаруашылықтарының бірі болып табылатын Калиновка селосындағы колхозды мысалға келтірді. Бұл колхозда 1956 жылы еңбекке жарайтын әрбір колхозшыға 53 центнер астық, 205 килограмм ет, 690 килограмм сүт өндірілді. 1956 жылы Қазақстанда еңбекке жарайтын әрбір колхозшыға орта есеппен 138 центнер астық, 381 килограмм ет, 720 кг сүт, 27 кг жүн өндірілді.

Сонымен, Қазақстанның колхоздарындағы еңбек өнімділігі еліміздің алдыңғы қатарлы колхоздарының дәрежесінен және СССР бойынша тұтас алған орташа көрсеткіштерден едәуір жоғары болды.

Еңбек өнімділігінің мұндай жоғары болуына коллективтік еңбекті қолдану, егіншілік пен жемшөп дайындауды мықтап механикаландыру нәтижесінде, жердің кең байтақ болуы арқасында қол жетті, мұның өзі колхозшылармен совхоз жұмысшыларының еңбегін неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік берді.

Революциядан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркенде-

іп, оның экономикасын өрге бастырудың негізгі көрсеткіштері осындай.

КПСС XX съезі СССР Халық шаруашылығын өркендетудің 1956—1960 жылдарға арналған алтыншы бесжылдық жоспары көніндегі Директиваларында ауыл шаруашылығын онан әрі шұғыл өрге бастырудың орасан зор программасын бекітті.

1960 жылға дейін астықтың жалпы түсімі 11 миллиард пұтқа жеткізілуге, 5 жылдың ішінде шитті мақта өндіру 56 процент, ығыр талшығы — 35 процент, қант қызылшасы — 54 процент, картоп — 85 процент, овощ — 108 процент артуға тиіс.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді артыру жөнінде колхоздар мен совхоздардың аса зор міндеттерді орындауына тура келеді.

Мәселен, алтыншы бесжылдықтың ішінде ет өндіру екі есе, сүт — 95 процент, жұмыртқа — 154 процент, жүн — 82 процент артуға тиіс.

Ауыл шаруашылығының барлық өнімдерін өндіруді мұндай зор көлемде ұлғайту халықтың материалдық әл-ауқатын едәуір арттыру, жақсарту жөніндегі партия алға қойған міндетті орындауда аса ірі роль атқарады.

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын дамыту, әсіресе, астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінде Қазақстанда әлі де болса көптеген пайдаланылмай жатқан зор мүмкіндіктердің болуына байланысты, алтыншы бесжылдық жоспар бойынша Қазақ ССР-інде ауыл шаруашылығын неғұрлым күшті қарқынмен өркендету белгіленген.

Тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру, дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру негізінде Қазақстан колхоздары мен совхоздары 1960 жылы астық өндіруді 1955 жылғымен салыстырғанда, шамамен, 5 есе арттыруға тиіс.

Бесжылдық ішінде республикада қант қызылшасының жалпы түсімін 2,2 есе, шитті мақтаның түсімін 2,3 есе молайту қажет, сол сияқты картоп пен овощ өндіру едәуір артуға тиіс.

Өсімдік шаруашылығының өнімдерін және, ең алдымен, бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі — астық өндіруді зор көлемде ұлғайту, мал шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өрге бастыру үшін жоғары сапалы жемшөптің берік қорын жасауға мүмкіндік береді.

Осының негізінде республикада ет өндіруді, шамамен, 50 процент, сүт өндіруді 2,2 есе, жүн өндіруді 2,6 есе арттыру қамтамасыз етілуге тиіс.

XX съездің Директивалары бойынша ауыл шаруашылығын онан әрі шұғыл өрге бастыру саласында Қазақ ССР-інің алдына таяудағы жылдарға арналып қойылған міндеттер осындай.

Алайда алтыншы бесжылдықтың алғашқы жылдарының өзінде-ақ ауылшаруашылық өнімдерін, ең алдымен, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде КПСС XX съезі белгі-

лым жоғары. 1956 жылдың өзінде совхоздардың мемлекетке 520 миллион пұт астық немесе республикада дайындалған барлық астықтың 50 проценттен артығын тапсырғанын айтудың өзі-ақ жеткілікті.

Бұдан былайғы жылдарда республика ауыл шаруашылығын өркендету совхоздардың үлес салмағын онан әрі арттыруға тығыз байланысты болады. Олардың Қазақстан ауыл шаруашылығының алдына қойылып отырған барлық негізгі міндеттерді шешудегі маңызы барған сайын арта түсуде.

Үшіншіден, республиканың социалистік ауыл шаруашылығын өркендету ауылшаруашылық еңбегінің өнімділігін шұғыл арттырумен қатар жүргізілді.

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын, әсіресе, егіншілікті мықтап өркендету ауыл шаруашылығындағы халық санының ішінара азаюы жағдайында жүргізілді.

Еңбекке жарайтын әрбір адамға өнімнің барлық түрлерін шығару бұдан да зор көлемде өсті.

Еңбекке жарайтын әрбір адамға жүн өндіру, тиісінше, шамамен, 2,5 есе, сүт 2,5 еседен астам артты. Еңбекке жарайтын бір адамға шаққанда техникалық дақылдар — мақта, темекі, сол сияқты картоп пен овощ өндіру әлде неше есе артты.

Колхоздардың жеке шаруашылықтарында өндірілетін өнім бұл есепке енгізілмеген.

Жалпылама есептер мынаны көрсетеді: ауыл шаруашылығымен шұғылданатын еңбекке жарамды әрбір адам республика бойынша орта есеппен 1956 жылы әртүрлі өнімдерді 1928 жылғыдан, шамамен, 4 есе артық өндірілді.

Оңтүстік пен Солтүстік Кавказдың ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас еліміздің алдыңғы қатарлы шаруашылықтарының бірі болып табылатын Калиновка селосындағы колхозды мысалға келтірді. Бұл колхозда 1956 жылы еңбекке жарайтын әрбір колхозшыға 53 центнер астық, 205 килограмм ет, 690 килограмм сүт өндірілді. 1956 жылы Қазақстанда еңбекке жарайтын әрбір колхозшыға орта есеппен 138 центнер астық, 381 килограмм ет, 720 кг сүт, 27 кг жүн өндірілді.

Сонымен, Қазақстанның колхоздарындағы еңбек өнімділігі еліміздің алдыңғы қатарлы колхоздарының дәрежесінен және СССР бойынша тұтас алған орташа көрсеткіштерден едәуір жоғары болды.

Еңбек өнімділігінің мұндай жоғары болуына коллективтік еңбекті қолдану, егіншілік пен жемшөп дайындауды мықтап механикаландыру нәтижесінде, жердің кең байтақ болуы арқасында қол жетті, мұның өзі колхозшылармен совхоз жұмысшыларының еңбегін неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік берді.

Революциядан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркенде-

тіп, оның экономикасын өрге бастырудың негізгі көрсеткіштері осындай.

КПСС XX съезі СССР Халық шаруашылығын өркендетудің 1956—1960 жылдарға арналған алтыншы бесжылдық жоспары жөніндегі Директиваларында ауыл шаруашылығын онан әрі шұғыл өрге бастырудың орасан зор программасын бекітті.

1960 жылға дейін астықтың жалпы түсімі 11 миллиард пұтқа жеткізілуге, 5 жылдың ішінде шитті мақта өндіру 56 процент, зығыр талшығы — 35 процент, қант қызылшасы — 54 процент, картоп — 85 процент, овощ — 108 процент артуға тиіс.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді артыру жөнінде колхоздар мен совхоздардың аса зор міндеттерді орындауына тура келеді.

Мәселен, алтыншы бесжылдықтың ішінде ет өндіру екі есе, сүт — 95 процент, жұмыртқа — 154 процент, жүн — 82 процент артуға тиіс.

Ауыл шаруашылығының барлық өнімдерін өндіруді мұндай зор көлемде ұлғайту халықтың материалдық әл-ауқатын едәуір арттыру, жақсарту жөніндегі партия алға қойған міндетті орындауда аса ірі роль атқарады.

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын дамыту, әсіресе, астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінде Қазақстанда әлі де болса көптеген пайдаланылмай жатқан зор мүмкіндіктердің болуына байланысты, алтыншы бесжылдық жоспар бойынша Қазақ ССР-інде ауыл шаруашылығын неғұрлым күшті қарқынмен өркендету белгіленген.

Тың және тынайған жерлерді онан әрі игеру, дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру негізінде Қазақстан колхоздары мен совхоздары 1960 жылы астық өндіруді 1955 жылғымен салыстырғанда, шамамен, 5 есе арттыруға тиіс.

Бесжылдық ішінде республикада қант қызылшасының жалпы түсімін 2,2 есе, шитті мақтаның түсімін 2,3 есе молайту кажет, сол сияқты картоп пен овощ өндіру едәуір артуға тиіс.

Өсімдік шаруашылығының өнімдерін және, ең алдымен, бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі — астық өндіруді зор көлемде ұлғайту, мал шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өрге бастыру үшін жоғары сапалы жемшөптің берік қорын жасауға мүмкіндік береді.

Осының негізінде республикада ет өндіруді, шамамен, 50 процент, сүт өндіруді 2,2 есе, жүн өндіруді 2,6 есе арттыру камтамасыз етілуге тиіс.

XX съездің Директивалары бойынша ауыл шаруашылығын онан әрі шұғыл өрге бастыру саласында Қазақ ССР-інің алдына таяудағы жылдарға арналып қойылған міндеттер осындай.

Алайда алтыншы бесжылдықтың алғашқы жылдарының өзінде-ақ ауылшаруашылық өнімдерін, ең алдымен, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде КПСС XX съезі белгі-

леп берген тапсырмаларды едәуір артық орындауға болатынын көрсетті.

Еліміздің алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздарының 1955—57 жылдардағы тәжірибесі ет, сүт және басқа да өнімдер өндіруді шұғыл арттыру үшін социалистік шаруашылықтың өз бойында шын мәнісінде орасан зор резервтер бар екенін, мұның өзі өнім өндіруді партияның XX съезінің Директиваларында белгіленген мөлшерден едәуір күшті қарқынмен өндіруді қамтамасыз ете алатынын дәлелдеп берді.

Бұл тәжірибені еске ала отырып, партия еліміздің колхоздары мен совхоздарының алдына, ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілерінің алдына бұрынғыдан да зор міндет — халықтың жан басына ет, сүт және май өндіру жөнінде Америка Құрама Штаттарын таяудағы жылдарда қуып жетіп, басып озу міндетін қойды.

РСФСР-дің солтүстік-батыс аудандарының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас былай деп атап көрсетті: «Ауыл шаруашылығында қол жеткен табыстар және оны дамытудың жақсы перспективалары мемлекеттік зор маңызы бар міндет — халықтың жан басына ет, сүт және май өндіру жөнінде Америка Құрама Штаттарын таяудағы жылдарда қуып жету міндетін алға қойып, шешуге мүмкіндік береді».

Бұл міндетті орындау үшін елімізде сүт пен май өндіруді 1956 жылғымен салыстырғанда, шамамен, 40 процент, ет өндіруді — 3,5 есе арттыру қажет. Сүт пен май өндіруді мұндай көлемде арттыруға 1958 жылдың өзінде-ақ жетуге болады, ал ет өндіруді мұндай көлемде арттыру 1960—1961 жылдарда қамтамасыз етілуге тиіс және қамтамасыз етіледі де.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді мұндай дәрежеде шұғыл арттыруда Қазақстан зор роль атқарады.

Бұл аса зор міндеттерді орындау ауыл шаруашылығын жүргізудің бүкіл системасын түбірінен жақсартуды, алдыңғы қатарлы агротехниканы өндіріске кеңінен енгізуді, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігін шұғыл арттыруды талап етеді.

Мұнымен қатар, өндірістің зор көлемде өсуі әсіресе, мал шаруашылығы мен техникалық дақылдар өсіруде еңбекті көп керек ететін процестерді механикаландыру дәрежесін арттыру есебінен болсын, сондай-ақ ғылымның жетістіктерін өндіріске кеңінен қолдану, ауыл шаруашылығының салаларын неғұрлым дұрыс орналастыру, сол сияқты ауылшаруашылық кадрларының мамандығын арттыру, еңбек ұйымдастыруды және еңбек тәртібін жақсарту есебінен болсын, ауылшаруашылық еңбегінің өнімділігін онан әрі шұғыл арттыруды талап етеді.

КПСС XX съезінің Директиваларында совхоздар мен мемлекеттік көмекші шаруашылықтарда еңбек өнімділігін, шамамен,

70 процент, колхоздарда екі есе арттыру белгіленген. Қазақстанда еңбек өнімділігінің артуы бұдан да жоғары болуға тиіс, өйткені мұнда ауыл шаруашылығының негізгі салаларын, әсіресе, астық өндіруді өсіру қарқыны Совет Одағы бойынша белгіленген орта мөлшерден едәуір жоғары болып отыр.

Қазақстанда ауылшаруашылық өндірісінің бұдан бұрынғы даму дәуірінен өзгеше, онан әрі өркендету негізінен, ауыл шаруашылығын жан-жақты күшейту есебінен жүргізілмейді. Жоғарыда көрсетілгеніндей, күшейтудің үздіксіз процесі бұдан бұрынғы бесжылдықтар кезінде де болды. Шаруашылықтың машиналармен жабдықталуы жылма-жыл артып отырды, агротехника шаралары жақсарды, тыңайтқыштар кеңінен қолданылды, мал қораларын және басқа да өндірістік үйлерді салу және жайылымдарды суландыру кең көлемде жүргізілді, малдың мол өнім беретін тұқымдары енгізілді. Мұның бәрі ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын, мал шаруашылығының өнімділігін едәуір арттырды, ал, сайып келгенде, игерілген жердің әр гектарынан өнім өндірілуін ұлғайтуды қамтамасыз етті.

Бірақ, мұнымен бірге, өндірісті өркендету, көбінесе, экстенсивті түрде де — егіншіліктің қажеттері үшін орасан зор көлемде тың және тыңайған жерлерді, шарықтап өсіп келе жатқан мал шаруашылығы үшін ондаған миллион гектар маусымдық жайылымдарды игеру есебінен де жүргізілді.

Бұрынғы бесжылдықтарда Қазақстанда еңбек және өндіріс құрал-жабдықтарының шығындары жанадан игерілетін жерлердің үздіксіз өсіп келген орасан зор көлеміне жұмсалды. Сол жердің өзінің өнімділігі төмен болуымен қатар, мұның өзі ауылшаруашылық жерінің әрбір жүз гектарына өнім шығару дәрежесінің төмен болуына негізгі себеп болды.

Бұдан былай қарай бұл жағдай негізінен өзгеруге тиіс. Жаңа жерлерді игеру 1956—1957 жылдары негізінен аяқталды. Облыстар мен аудандардың басым көпшілігінде маусымдық жайылымдарды игеру ісі аяқталды. Сонымен, бұдан былайғы жылдарда өндірісті өсіру негізінен игеріліп болған жерлердің есебінен, әрбір гектар жерге еңбек пен өндіріс құрал-жабдықтарын дұрыстап жұмсау, агротехниканы елеулі түрде жақсарту, жер қыртысының шұрайлылығын арттыру жолымен, яғни өндірісті күшейту, бұрын игерілген жерлерден өнім шығаруды шұғыл арттыру жолымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Алтыншы бесжылдықта Қазақстанның алдында тұрған зор міндеттер және оларды шешудің негізгі экономикалық алғышарттары осындай.

Республика ауыл шаруашылығының жеке салаларының өзіне тән ерекшеліктері және оларды дамытудың әртүрлі дәрежесі КПСС XX съезі алға қойған міндеттердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету үшін әрбір салада жүзеге асырылуға тиіс болып отырған нақтылы шаралардың негізгі арқауы болып табылады.

ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Егіншілікті, ең алдымен, астық шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде КПСС Орталық Комитетінің тарихи пленумдары мен партияның XX съезі қойған зор міндеттер алтыншы бесжылдықтың алғашқы жылдарынан бастап-ақ ойдағыдай жүзеге асырыла бастады.

Тың игеруші басқа да облыстар мен аудандар сияқты, Қазақстанда партия мен үкіметтің орасан зор көмегі арқасында 1955—1956 жылдары тың және тыңайған жаңа жерлерді игеру жоспарын ойдағыдай және едәуір артық орындады.

337 жаңа астық совхозын ұйымдастыру, МТС-тер мен бұрынғы совхоздарға техника мен кадрлар жөнінде көрсетілген зор көмек 1956 жылдың өзінде егіс көлемін 27,9 миллион гектарға, оның ішінде дәнді дақылдардың көлемін 23,5 миллион гектарға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Республика колхоздары мен совхоздарында егістің жалпы көлемі 1953 жылмен салыстырғанда 2,8 есе, ал дәнді дақылдардың көлемі 3,3 есе артты.

Тың және тыңайған жаңа жерлердің құнарлылығы жоғары болып, негізгі ауыл шаруашылығы жұмыстарын тұжырымды мерзімдерде өткізу 1956 жылы дәнді дақылдардан мол өнім алынуын және 1,4 миллиард пұт астық жиналуын қамтамасыз етті; мұның өзі соңғы он жылдың ішінде республика колхоздары мен совхоздары жинаған астықтың қайсысынан болса да әлденеше есе артық.

1955 жылы тапсырылған 104 миллион пұттың орнына мемлекетке бір миллиард пұт астық, немесе сол жылғыдан 10 есе көп тапсырылды.

Сонымен, астық өндіру мөлшерін арттыру жөнінде КПСС XX съезінің Директиваларында Қазақстан үшін алтыншы бесжылдыққа арналып белгіленген тапсырма осы бесжылдықтың алғашқы жылының өзінде-ақ артығымен орындалды.

Алайда бұл нәтижелерді баянды етіп, кеңейту, дәнді дақылдардан тұрақты өнім алынуын қамтамасыз ету, жаңадан игерілген тың және тыңайған жерлердің шұрайлылығын сақтау жөнінде алдымызда әлі де ерекше зор және елеулі жұмыстар істеу керек болады.

Істің мәні мынада: КПСС XX съезінде Н. С. Хрущев жолдас атап көрсеткеніндей, Қазақстан оқтын-оқтын қуаңшылық болып тұратын аудандарға жатады және 1956 жыл сияқты егіннен мол өнім алынған жылдардан кейін қуаңшылық, егін аз шығатын құрғақшылық жылдары болуы мүмкін.

Сондықтан кәзіргі күнде астық шаруашылығындағы басты міндет қолайсыз жылдардың өзінде де егіннен тұрақты өнім алуды қамтамасыз ететін күрделі шараларды жүзеге асыруда болып табылады.

Ең алдымен дұрыс ауыспалы егістерді тезірек енгізу әрбір аймақ пен әрбір ауданның нақтылы жағдайларына неғұрлым сай келетін, атап айтқанда, топырақ өңдеудің және ауыспалы егістердің Т. С. Мальцев ұсынған жүйесін кеңінен қолдану, тұрақты және мол өнім беретін дақылдар мен сорттардың неғұрлым қолайлыларын іріктеп алу, бұл жұмыстардың бәрін агротехниканың барлық талаптарын сақтай отырып, неғұрлым қолайлы және қысқа мерзімдерде өткізу, сайып келгенде, топырақтың ылғал қорын молайтып, сақтауды қамтамасыз ететін шараларды барлық жерлерде қолдану жоғарыда атап көрсетілгендей аса маңызды шаралардың қатарына қосылады.

1956 жылы республиканың барлық облыстарында колхозшыларды, колхоздар мен МТС-тердің, совхоздардың мамандарын, ғылыми қызметкерлерді кеңінен қатыстыра отырып, жеке облыстар мен аудандардың жағдайларына сәйкес, егіншілік системасы жасалған болатын.

Атап айтқанда, егіншіліктің бұл системасы топырақтың құнарлылығын сақтап, арттыру тұрақты астық шаруашылығын жасау шараларын комплексті түрде жүзеге асыруды көздейді. Егіншіліктің мәдениетін арттыру жөнінде қажымай-талмай табанды жұмыс жүргізу дәнді дақылдардың шығымдылығын 1956 жылғы жоғары дәрежесінде сақтап қалуды ғана емес, оны тұрақтандырып, онан әрі арттыра беруді қамтамасыз етуге тиіс.

Бұл бағытта агротехниканың дәрежесін арттырумен қоса неғұрлым мол өнімді дәнді дақылдарды тиімділігіне қарай іріктеп алудың маңызы зор. Жоспарлаудың жаңа тәртібі колхоздар мен совхоздардың мейлінше кең инициатива көрсетуіне зор мүмкіндіктер ашып берді, бұл 1955—1956 жылдардың өзінде-ақ тиісті нәтижелерін берді. Мәселен, Алматы облысының Рославль совхозы 1956 жылы тек жаздық дәнді дақылдардың бір бөлегінің орнына күздік бидай мен жүгері егу есебінен ғана 30 мың центнер қосымша астық алды. Осы облыстың Алматы ауданындағы «Луч Востока» колхозы 1955—1956 жылдары күздік бидайдың, әсіресе, дән үшін егілген жүгерінің егіс көлемін ұлғайтып, 1956 жылы егіннің әрбір гектарынан 31,4 центнерден жүгері, 17,8 центнерден жаздық бидай жинады және өнімді аз беретін дәнді дақылдардың орнына күздік бидай мен жүгері егу есебінен ғана астықтың түсімін 14 мың центнер немесе 32,4 процент арттырды. Дәнді дақылдардың неғұрлым перспективті сорттарын дұрыс іріктеп алудың маңызы да бұдан кем емес.

Сонымен, бұдан былай қарай дәнді дақылдар өндіруді өсіру ісі егін шаруашылығын арттыру, егіс көлемінің құрылымын тиімді жағына қарай өзгерту және егін жинау кезінде астық ысырабын жою есебінен жүргізілуге тиіс.

1957 жылы және одан кейін де Қазақстанның бірқатар аудандарында тың және тыңайған жерлерді қосымша игеру, сол сияқты шөбі аз, бірақ егіншілікке жарамды жайылымдарды жырту жұмыстары онан әрі жүргізіледі. Алайда, кәзіргі күнде дәнді дақыл-

ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Егіншілікті, ең алдымен, астық шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде КПСС Орталық Комитетінің тарихи пленумдары мен партияның XX съезі қойған зор міндеттер алтыншы бесжылдықтың алғашқы жылдарынан бастап-ақ ойдағыдай жүзеге асырыла бастады.

Тың игеруші басқа да облыстар мен аудандар сияқты, Қазақстанда партия мен үкіметтің орасан зор көмегі арқасында 1955—1956 жылдары тың және тыңайған жаңа жерлерді игеру жоспарын ойдағыдай және едәуір артық орындады.

337 жаңа астық совхозын ұйымдастыру, МТС-тер мен бұрынғы совхоздарға техника мен кадрлар жөнінде көрсетілген зор көмек 1956 жылдың өзінде егіс көлемін 27,9 миллион гектарға, оның ішінде дәнді дақылдардың көлемін 23,5 миллион гектарға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Республика колхоздары мен совхоздарында егістің жалпы көлемі 1953 жылмен салыстырғанда 2,8 есе, ал дәнді дақылдардың көлемі 3,3 есе артты.

Тың және тыңайған жаңа жерлердің құнарлылығы жоғары болып, негізгі ауыл шаруашылығы жұмыстарын тұжырымды мерзімдерде өткізу 1956 жылы дәнді дақылдардан мол өнім алынуын және 1,4 миллиард пұт астық жиналуын қамтамасыз етті; мұның өзі соңғы он жылдың ішінде республика колхоздары мен совхоздары жинаған астықтың қайсысынан болса да әлденеше есе артық.

1955 жылы тапсырылған 104 миллион пұттың орнына мемлекетке бір миллиард пұт астық, немесе сол жылғыдан 10 есе көп тапсырылды.

Сонымен, астық өндіру мөлшерін арттыру жөнінде КПСС XX съезінің Директиваларында Қазақстан үшін алтыншы бесжылдыққа арналып белгіленген тапсырма осы бесжылдықтың алғашқы жылының өзінде-ақ артығымен орындалды.

Алайда бұл нәтижелерді баянды етіп, кеңейту, дәнді дақылдардан тұрақты өнім алынуын қамтамасыз ету, жаңадан игерілген тың және тыңайған жерлердің шұрайлылығын сақтау жөнінде алдымызда әлі де ерекше зор және елеулі жұмыстар істеу керек болады.

Істің мәні мынада: КПСС XX съезінде Н. С. Хрущев жолдас атап көрсеткеніндей, Қазақстан оқтын-оқтын қуаңшылық болып тұратын аудандарға жатады және 1956 жыл сияқты егіннен мол өнім алынған жылдардан кейін қуаңшылық, егін аз шығатын құрғақшылық жылдары болуы мүмкін.

Сондықтан кәзіргі күнде астық шаруашылығындағы басты міндет қолайсыз жылдардың өзінде де егіннен тұрақты өнім алуды қамтамасыз ететін күрделі шараларды жүзеге асыруда болып табылады.

Ең алдымен дұрыс ауыспалы егістерді тезірек енгізу әрбір аймақ пен әрбір ауданның нақтылы жағдайларына неғұрлым сай келетін, атап айтқанда, топырақ өңдеудің және ауыспалы егістердің Т. С. Мальцев ұсынған жүйесін кеңінен қолдану, тұрақты және мол өнім беретін дақылдар мен сорттардың неғұрлым қолайлыларын іріктеп алу, бұл жұмыстардың бәрін агротехниканың барлық талаптарын сақтай отырып, неғұрлым қолайлы және қысқа мерзімдерде өткізу, сайып келгенде, топырақтың ылғал қорын молайтып, сақтауды қамтамасыз ететін шараларды барлық жерлерде қолдану жоғарыда атап көрсетілгендей аса маңызды шаралардың қатарына қосылады.

1956 жылы республиканың барлық облыстарында колхозшыларды, колхоздар мен МТС-тердің, совхоздардың мамандарын, ғылыми қызметкерлерді кеңінен қатыстыра отырып, жеке облыстар мен аудандардың жағдайларына сәйкес, егіншілік системасы жасалған болатын.

Атап айтқанда, егіншіліктің бұл системасы топырақтың құнарлылығын сақтап, арттыру тұрақты астық шаруашылығын жасау шараларын комплексті түрде жүзеге асыруды көздейді. Егіншіліктің мәдениетін арттыру жөнінде қажымай-талмай табанды жұмыс жүргізу дәнді дақылдардың шығымдылығын 1956 жылғы жоғары дәрежесінде сақтап қалуды ғана емес, оны тұрақтандырып, онан әрі арттыра беруді қамтамасыз етуге тиіс.

Бұл бағытта агротехниканың дәрежесін арттырумен қоса неғұрлым мол өнімді дәнді дақылдарды тиімділігіне қарай іріктеп алудың маңызы зор. Жоспарлаудың жаңа тәртібі колхоздар мен совхоздардың мейлінше кең инициатива көрсетуіне зор мүмкіндіктер ашып берді, бұл 1955—1956 жылдардың өзінде-ақ тиісті нәтижелерін берді. Мәселен, Алматы облысының Рославль совхозы 1956 жылы тек жаздық дәнді дақылдардың бір бөлегінің орнына күздік бидай мен жүгері егу есебінен ғана 30 мың центнер қосымша астық алды. Осы облыстың Алматы ауданындағы «Луч Востока» колхозы 1955—1956 жылдары күздік бидайдың, әсіресе, дән үшін егілген жүгерінің егіс көлемін ұлғайтып, 1956 жылы егіннің әрбір гектарынан 31,4 центнерден жүгері, 17,8 центнерден жаздық бидай жинады және өнімді аз беретін дәнді дақылдардың орнына күздік бидай мен жүгері егу есебінен ғана астықтың түсімін 14 мың центнер немесе 32,4 процент арттырды. Дәнді дақылдардың неғұрлым перспективті сорттарын дұрыс іріктеп алудың маңызы да бұдан кем емес.

Сонымен, бұдан былай қарай дәнді дақылдар өндіруді өсіру ісі егін шаруашылығын арттыру, егіс көлемінің құрылымын тиімді жағына қарай өзгерту және егін жинау кезінде астық ысырабын жою есебінен жүргізілуіне тиіс.

1957 жылы және одан кейін де Қазақстанның бірқатар аудандарында тың және тыңайған жерлерді қосымша игеру, сол сияқты шөбі аз, бірақ егіншілікке жарамды жайылымдарды жырту жұмыстары онан әрі жүргізіледі. Алайда, кәзіргі күнде дәнді дақыл-

дар егіліп жүрген едәуір жер, ауыспалы егістердің және агротехниканың талаптарына сәйкес, пар жыртуға, оталмалы және жемшөптік дақылдар, атап айтқанда, біржылдық және көпжылдық шөптер егуге бөлініп отырылуы тиіс.

Дәнді егістердің өз құрылымында жүгері мен жемдік дақылдардың үлес салмағы артуы керек, мұның өзі ауспалы егістердің талаптарына ғана емес, сондай-ақ өсіп келе жатқан мал шаруашылығының қажеттеріне де сай келеді.

Астық өндіруді дамыту совхоздардың ролін үздіксіз арттырумен қатар жүргізіледі.

Егер 1956 жылы дәнді дақылдардың егіс көлемінің 49,2 проценті және мемлекетке астық тапсыру мен сатудың 50 проценттен артығы совхоздардың үлесіне тиген болса, 1957 жылы көптеген жаңа астық және мал совхоздарын ұйымдастыруға байланысты, олардың егіс көлемінде алатын үлес салмағы 55,4 процентке дейін өсті.

Совхоздардың астық өндірудегі ролін арттыру егін шығымдылығын неғұрлым тез қарқынмен ұлғайтуды ғана емес, сондай-ақ товарлы астықтың түсімін онан әрі көбейтуді қамтамасыз етеді, мұның социалистік қоғам үшін зор маңызы бар.

Алтыншы бесжылдық кезінде астық шаруашылығын онан әрі жетілдіріп, өсіре берумен қатар, техникалық дақылдарды — мақта, қант қызылшасын, темекі, майлы және басқа да дақылдарды өндіру де шұғыл артуға тиіс.

Мақта шаруашылығын онан әрі өркендету үшін ерекше зор мүмкіндіктер бар.

КПСС Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советінің «Мақта өндіруді арттыру үшін Өзбек және Қазақ ССР-лерінде Мырзашөлдің тың жерлерін қолдан суару және игеру туралы» 1956 жылғы 6 августтағы қаулысы Өзбек және Қазақ ССР-лерінің алдына мемлекеттік зор маңызы бар міндет — тың жерлерді игеру есебінен Мырзашөлде аса ірі мақта шаруашылығы ауданын жасау міндетін қойды.

Осыған сәйкес, 1956—1962 жылдары 157,8 мың гектар жерді, оның ішінде Қазақ ССР-інде 72,8 мың гектар жерді суару үшін Орталық Мырзашөл каналын салу, Қазақстан жерінде жанадан 27,2 мың гектар жерді суаратындай етіп, Киров атындағы каналды қайта құру көзделіп отыр.

Мұнымен бірге, Арыс-Түркстан каналын салу нәтижесінде алтыншы бесжылдықтың өзінде 45 мың гектар жаңа жер суарылатын болады.

Осының бәрі мақтаның егіс көлемін ұлғайтып, шығымдылығын арттыру үшін зор мүмкіндіктер ашады.

1960 жылға дейін мақтаның егіс көлемі, шамамен, 105 мың гектарға дейін, ал оның шығымдылығы гектарына 21—22 центнерге дейін өседі. Осының нәтижесінде 1960 жылға дейін шитті мақта өндіру 1955 жылғымен салыстырғанда екі еседен аса артады.

Қазақстанда қант қызылшасын өндіру 1955 жылғымен салыстырғанда 2,2 есе, ал темекі өндіру, шамамен, екі есе артуға тиіс.

Бұл дақылдарды өндіру егіс көлемін ұлғайту есебінен ғана шамалы арттырылмақшы. Өйткені мұнда да егін шығымдылығын шұғыл арттыру өндірісті ұлғайтудың басты факторы болады. 1956 жылдан бастап, қант қызылшасы мен темекінің контракциялық бағаларын (шартты бағасы. Ред.) жоғарылатудың бұл жөнінде зор маңызы бар. Мұның өзі колхозшылардың бұл дақылдарды өндіруге деген материалдық ынтасын бірден-ақ көтеріп, 1956 жылдың өзінде қызылшаның шығымдылығын 1955 жылғымен салыстырғанда республика бойынша, орта есеппен, 50 проценттей, ал темекінің шығымдылығын 70 процент арттыруға мүмкіндік берді.

1957 жылдың өзінде алдыңғы қатарлы колхоздар егіннің әрбір гектарынан кемінде 600—700 центнер қызылша, 10—12 центнерге дейін темекі жинауға міндеттеме алып отыр. Алтыншы бесжылдықтың бұл дақылдарды өндіру жөніндегі тапсырмаларын едәуір артық орындау үшін колхоздар мен совхоздардың нақтылы мүмкіндіктері бар.

Егіс көлемінің мейлінше ұлғаюы агротехниканың және егіншілікті механикаландырудың артуы солтүстік облыстарда майлы дақылдар, әсіресе, күнбағыс өндіруді молайту үшін едәуір мүмкіндіктер ашады.

Алтыншы бесжылдықта картоп пен овощ өндіруді арттыруға зор көңіл бөлінуге тиіс.

КПСС XX съезінің Директиваларында картоп өндіруді 1955 жылғымен салыстырғанда 85 процент, овощ өндіруді 118 процент арттыру, ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының төңірегінде жаңадан сүт-овощ аймақтарын ұйымдастыру, ескілерін кеңейту, осыған арнап бейімделген жаңа совхоздар құру, парник шаруашылығын кеңейту көзделген.

Қазақстанда картоп және овощпен әлі де нашар қамтамасыз етілген, тез өсіп келе жатқан өнеркәсіп орталықтары бар жерлерде бұл шараларды жүзеге асырудың маңызы ерекше зор. Сондықтан алтыншы бесжылдықта, негізінен, егін шығымдылығын арттыру есебінен бұл дақылдарды өндіру 2—2,5 есе артуға тиіс. Республиканың аса ірі өнеркәсіп орталықтарының — Қарағандының, Павлодардың, Алматының, Гурьевтің және басқа қалалардың төңірегіндегі картоп овощ егілетін аймақтар кеңейтілуі керек, атап айтқанда, мұны жаңа совхоздар ұйымдастыру жолымен жүзеге асыру қажет. Сол сияқты жергілікті халықтың қажеттерін қанағаттандыру үшін мал шаруашылығы аудандарында картоп пен овощ өндірісін кеңейтуді қамтамасыз етудің маңызы зор.

Оңтүстік аудандарда бау және жүзім шаруашылығы мейлінше өркендетілуге тиіс. Бұл салаларды өнеркәсіптік мақсатымен дамытудың орасан зор мүмкіншіліктері күні бүгінге дейін мүлде нашар пайдаланылып келді. 1960 жылға дейін республикада же-

міс, жидек және жүзім жинауды да кем дегенде 2,5—3 есе арттыру үшін алтыншы бесжылдық кезінде баулар мен жүзімдіктердің көлемін кемінде екі есе кеңейту және мұнымен бірге олардың шығымдылығын шұғыл арттыруды қамтамасыз ету қажет. Бұл үшін, әсіресе, Алматы облысында зор мүмкіндіктер бар.

Бұрыннан бар және жаңадан ұйымдастырылған бау мен жүзім өсіруге бейімделген совхоздар бау және жүзім шаруашылығын онан әрі өркендетуде маңызды роль атқаруға міндетті. Олар бұл дақылдарды өз жерлерінде өндіруді ұлғайтып қана қоймай, сондай-ақ неғұрлым перспективалы жаңа дақылдар мен сорттарды өсіріп, өндіріске енгізуде, шаруашылықтарды көшет материалдармен жабдықтауда колхоздарға зор көмек көрсетуге тиіс.

Мал шаруашылығын мол және тұрақты жемшөп қорымен қамтамасыз ету алтыншы бесжылдықта республика егін шаруашылығының алдына қойылып отырған аса маңызды міндеттердің бірі болып саналады.

Колхоз және совхоз мал шаруашылығының қажеттері үшін табиғи жемшөп қорын экстенсивті түрде игеру кәзірдің өзінде негізінен аяқталғандықтан, мал шаруашылығын онан әрі өркендету ең алдымен және негізінен екпе жемшөп жинауды зор көлемде ұлғайтуға сүйенетін болады.

Егін шаруашылығы, біріншіден, жүгерінің, жемдік дәнді дақылдардың егіс көлемін ұлғайту, астық шаруашылығының қалдықтарын тиімді пайдалану есебінен мал шаруашылығының қоспа азықтар жөніндегі қажеттерін, екіншіден, жүгері мен басқа да сүрлемдік дақылдар егісін, сол сияқты тамыржемістер, жемшөптік бақша дақылдарын егуді және басқаларды кеңінен енгізу жолымен — құнарлы жемшөп жөніндегі қажеттерін, үшіншіден, біржылдық және көпжылдық шөптер егуді ұлғайту, сабанды көп өндіру есебінен — жай жемшөп жөніндегі қажеттерінің едәуір бөлегін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Мұнымен бірге, көкшөп алу үшін жемшөптік дақылдар егуді ұйымдастыру арқылы, ең алдымен, өскелең сүтті-етті және етті мал шаруашылығы үшін қажетті жасыл конвейердің жасалуы қамтамасыз етілетін болсын.

Сол сияқты отарлы мал шаруашылығының қажеттерін қанағаттандыру үшін құмды және құмайт аймақтардағы қысқы жайылымдардың алыстағы учасоктерінде арнаулы түрде жемшөптік дақылдар егу ісі маңызды роль атқаруға тиіс.

Осыған байланысты алтыншы бесжылдықта жемшөптік дақылдардың, әсіресе, жүгерінің егіс көлемі шұғыл ұлғайтылып, бұл дақылдарды өсірудің агротехникасын жақсарту есебінен олардың шығымдылығы едәуір арттырылатын болады. Алдын ала есептерге қарағанда, Қазақстанда қоспа және құнарлы жемшөп өндіру кемінде 5—6 есе өсуге тиіс.

Республика егін шаруашылығының алдында тұрған аса маңызды міндеттер осылар.

Қазақстанға партия мен үкімет көрсетіп отырған зор көмек

республика ауыл шаруашылығының еңбекшілері алдында тұрған міндеттердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етеді. Алтыншы бесжылдық кезінде республика МТС-тері мен совхоздары тағы да көптеген тракторлар, комбайндар мен басқа да жетілдірілген ауылшаруашылық машиналарын алады. Минералды тыңайтқыштар тасып жеткізу шұғыл ұлғаяды, МТС-тер мен совхоздардың құрылысына көптеген күрделі қаржы жұмсау белгіленіп отыр.

Осының бәрі өндірісті онан әрі механикаландыра беруді, егіншілік мәдениеті мен ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Соңғы жылдары Қазақстанды Совет Одағының аса маңызды астық базасына айналдыру, егіс көлемі мен астық өндірудің орасан өсуі республиканың бүкіл ауыл шаруашылығының жетекші саласы ретінде мал шаруашылығын өркендетуге қолайлы жағдайлар жасауда. Орталық және Оңтүстік Қазақстанның бірқатар аудандарында ол бұдан былай да колхоздар мен совхоздардың ауылшаруашылық өндірісінің басты саласы бола береді, өйткені мұнда егін шаруашылығы нашар өркендеген. Қалған аудандарда, атап айтқанда, астық шаруашылығы, мақта, қант қызылшасын және басқа да техникалық дақылдар өндіру неғұрлым басым өркендеген Солтүстік және Шығыс Қазақстанда, Оңтүстік Қазақстанның техникалық дақылдар өсіретін аудандарында мал шаруашылығы ауылшаруашылық өндірісінің екінші бір жетекші саласы болып қала береді және оның колхоздар мен совхоздардың экономикасында аса зор маңызы болады.

Егіншілікті жан-жақты дамыту, ең алдымен, соңғы жылдары астық шаруашылығын мықтап өрге бастыру мал шаруашылығын тез және үздіксіз өркендетудің, оны шаруашылықтың мол өнімді саласына айналдырудың маңызды алғышарты болып табылады.

Мұның Қазақстан үшін ерекше зор маңызы бар. Өйткені соңғы уақытқа дейін мұнда жемшөп қорының тұрақсыздығы мен құнарсыздығы мал шаруашылығын өркендетудегі артта қалушылықтың негізгі себебі болып келді.

Егіншіліктен өзгеше, мал шаруашылығын онан әрі шұғыл өрге бастыру тек сапа көрсеткіштерін — малдың өнімділігін арттыру есебінен ғана емес, сондай-ақ, көбінесе, мал санының көбеюі есебінен де жүзеге асырылатын болады.

Горький, Арзамас және басқа облыстардың ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің Горький қаласында болған кенесінде Н. С. Хрущев жолдас атап көрсеткендей, «Колхозда он сиыр ұстап, барлық жемшөпті соларға беруге, сөйтіп әрбір сиырдан 5—6, тіпті 7 мың килограмм сүт алуға болады. Ал 10 сиырдың орнына 100 сиыр ұстап, сүтті кемірек саууға, оның есесіне мемлекетке сүтті әлдеқайда көп беруге болады».

Бұл қағиданың, әсіресе, мал санын мықтап өсірудің мүмкін-

шіліктері әлі толық пайдаланылмай отырған Қазақстан үшін мал шаруашылығының барлық салаларына бірдей қатысы бар.

Халықтың жан басына ет, сүт және май өндіру жағынан таяудағы жылдарда Америка Құрама Штаттарын қуып жету жөніндегі партияның үндеуіне жауап ретінде совхоздар мен МТС жұмысшылары, Қазақстанның ауыл шаруашылығының мамандары мал шаруашылығы өнімдерін кенет өндіруде жоғары міндеттемелер алып бүкіл халықтық социалистік жарысқа түсті.

Республика бойынша ет өнімі 1957—60 жылдары 1956 жылмен салыстырғанда 1 652 мың тоннаға немесе 2,5 есе артуы керек, оның ішінде колхоздармен совхоздарда 2,8 есе артып 1 136 мың тоннаға жетеді.

Сүттің жалпы өнімі 1956 жылмен салыстырғанда 3 885 мың тонна немесе екі есе артады, ал колхоздар мен совхоздарда 2,2 есе артпақшы.

Жүн өндіру жөніндегі Қазақстанның ролін ескере отырып республиканың ауыл шаруашылық еңбекшілері 1956 жылмен салыстырғанда 1960 жылы 103 мың тонна немесе 2,7 есе арттыру міндетін алды.

Ауыл шаруашылығындағы жоспарлаудың жаңа тәртібіне сәйкес тікелей әрбір колхоз бен совхозда мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттырудың перспективалары белгіленіп, қабылданды және олар мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің барлық мүмкіндіктері мен ресурстарын неғұрлым толық бейнелейді.

Қазақстанның әртүрлі облыстары мен аудандарының табиғи және экономикалық жағдайларының әралуан болуы, жемшөп қорының байлығы мен түр-түрінің көптігі республиканы тұтас алғанда мал шаруашылығының барлық салаларын: сүтті-етті және етті мал шаруашылығын, қой шаруашылығын, шошқа шаруашылығын, құс шаруашылығын, ал мал шаруашылығы аудандарында — жылқы шаруашылығын өркендету үшін қолайлы алғышарттар жасайды.

Сондықтан колхоздар мен совхоздардың жасаған жоспарларында түліктің барлық түрінен мал санын күшті қарқынмен көбейту белгіленген. Әрине, бұл республиканың жеке аудандары мен облыстарында мал шаруашылығын өркендетудегі тиімді бейімдеуді, табиғи және экономикалық нақты жағдайларда мал шаруашылығының белгілі бір саласының басым, жетекші маңызы болуын әсте жоққа шығармайды.

КПСС XX съезінің Директиваларында республиканың алдына қойылған міндеттерге және қолда бар ресурстарға сәйкес, Қазақстанның бүкіл мал шаруашылығының жетекші саласы болып табылатын қой шаруашылығы неғұрлым өркендеуге тиіс.

Бұл саланы дамыту жүн өндіруді 2,7 есе арттыруды ғана емес, сондай-ақ елімізге көп ет беруді де қамтамасыз етуі керек.

Осыған сәйкес, 1960 жылға дейін республикада қой санын 1955 жылдың аяқ шеніндегі 20,3 миллионның орнына, кемінде

40 миллионға дейін жеткізу — яғни 2 есе өсіру жөнінде нақтылы міндеттер қойылып отыр.

Егер 1955 жылы еліміздегі бүкіл қойдың 16 проценті Қазақстанда болған болса, 1960 жылға дейін оның Совет Одағының қой шаруашылығынан, демек, жүн өндіруден де алатын үлес салмағы, шамамен, 18—19 процентке дейін артады.

Қазақ ССР-і астық проблемасын шешуде қандай роль атқарған болса, елімізде жүн өндіруді шұғыл арттыру міндетін шешуде де сондай зор роль атқаруға міндетті.

Мал шаруашылығының жетекші саласы ретінде қой шаруашылығы барлық облыстар мен аудандарда күшті өркендейді, алайда Батыс, Орталық, Оңтүстік Қазақстан аудандарында оның шешуші маңызы болады, мұнда қой шаруашылығы бүкіл ауыл шаруашылығының басты саласы немесе басты салаларының бірі болмақ.

Қойдың көбі Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Гурьев, Қарағанды, Семей, Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының аудандарына орналастырылады.

Оңтүстіктің таулы және тау бөктеріндегі алқаптарынан бастап, Орталық және Батыс Қазақстанның кең байтақ құрғақ далаларына дейінгі ондаған миллион гектар маусымдық жайылымдарды тиімді пайдалану негізінде бұл облыстарда қой шаруашылығын өркендету үшін шексіз зор кеңістіктер бар.

Бұл облыстарда жайылымдардың көлемі орасан зор—130 миллион гектардан асады, бұл жайылымның көп бөлегін тек қой шаруашылығын өркендету үшін ғана неғұрлым тиімді пайдалануға болады.

Тіпті солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарда тың және тыңайған жерлердің бәрін егін салуға игергеннен кейінгінің өзінде әлі де 34 миллион гектардан артық кең байтақ жайылым қалып отыр, оның едәуір бөлегін қой шаруашылығын онан әрі өркендету үшін пайдалануға болады.

Солтүстік және солтүстік-шығыс аудандарында мал шаруашылығының бұл саласын дамыту ондағы жайылымдар мен табиғи шабындықтарды игеруге ғана емес, сондай-ақ екпе жемшөп жинаудан, екпе шөптерден, көк шөптен, астық өндірісінің қалдықтарынан қоспа жемшөптен алынатын мал азығының орасан зор қорын кеңінен пайдалануға негізделеді, демек, оңтүстік облыстарға қарағанда неғұрлым интенсивті бағытта болады. Қазақстан қой шаруашылығының алдына қойылған негізгі міндетке сәйкес, бұл сала негізінен жүндес-етті, етті-жүндес бағытта болып, ең алдымен биязы, биязылау және жартылай қылшықты жүн береді.

Биязы жүнді қой шаруашылығы аймағына солтүстік және солтүстік-шығыс облыстардың барлық аудандары ғана емес, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан аудандарының басым көпшілігі, ең алдымен таулы және тау бөктеріндегі аудандар енеді.

Қой шаруашылығының қаракөлдiк бағыты Гурьев, Қызылорда облыстарында, оңтүстік облыстардың солтүстігіндегі бірқатар

шөл және шөлейт аудандарда басым болады. Бұл аймақтағы аудандардың бір бөлегінде құйрықты, етті-майлы қой шаруашылығы да сақталады.

Жүн қырқуды арттырумен қатар, оның сапасын жақсарту қой шаруашылығындағы аса маңызды міндет болып саналады. Мұның өзі қойдың тұқымдық құрамын жақсарту, биязы жүнді және биязылау жүнді қойлардың отандық, оның ішінде, қазақстандық тұқымдарының үлес салмағын арттыру жөнінде бұдан былай да зор жұмыс жүргізуді талап етеді.

Әр қойдан орта есеппен жүн қырқу 1955 жылғы, 1,9 килограмның орнына, 1960 жылы 2,5—2,7 килограмға дейін, совхоздарда 3—3,5 килограмға дейін артуға тиіс. Қой шаруашылығы жүнмен қатар, ет өндірудің еселеп артуын қамтамасыз етеді.

Астық мәселесі қандай әдістермен шешілген болса, қой шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөніндегі зор міндеттер де сыннан өткен сондай әдістермен: біріншіден, колхоздарда қой санын барынша көбейту, екіншіден, кәзіргі совхоздарды осы саламен толықтыру; үшіншіден мемлекеттік қордағы бос жерлерде, сол сияқты әлсіз колхоздардың негізінде жаңадан ірі-ірі қой шаруашылығы совхоздарын ұйымдастыру есебінен шешіледі.

Қой шаруашылығын онан әрі өркендетуде совхоздар зор роль атқаратын болады. 1956 жылы олардың қой санында алатын үлес салмағы 17 процент болған болса, 1957 жылы көптеген жаңа совхоздар ұйымдастыруға және мал санын неғұрлым күшті қарқынмен өсіруге байланысты, бесжылдықтың аяғына дейін совхоздардың қой шаруашылығында алатын үлес салмағы кенет артады. Бұрыннан бар және жаңадан ұйымдастырылған арнаулы қой совхоздарымен бірге, астық совхоздарында да көп қой болады, оларда өздеріне бекітіліп берілген жайылымдар мен егіншіліктің қосымша өнімдерін пайдалану негізінде қой шаруашылығын күшті өркендету үшін аса зор мүмкіндіктер бар.

Қазақстан мал шаруашылығының жетекші саласы ретінде қой шаруашылығын мықтап өрге бастырумен қатар, алтыншы бесжылдық кезінде сиыр малының санын да едәуір өсіру белгіленген. 1960 жылға дейін сиыр малының саны 1956 жылғымен салыстырғанда, шамамен, 1,5 процент артып, 6100 мыңға жетеді. Әсіресе сиыр санын неғұрлым тез көбейтудің зор маңызы болады, оның саны кемінде 2 260 мың басқа артуға тиіс.

Сиыр малының негізгі бөлегі солтүстік, солтүстік-шығыс облыстарда, тың және тыңайған жерлер игерген аудандарда орналасады, 1960 жылға дейін бүкіл сиыр малының шамамен, 65 проценттейі осы аймақта болады.

Бұл аудандарда сүтті-етті және етті мал шаруашылығын өркендету үшін керекті жемшөптің берік қоры кәзірдің өзінде де бар. Сиырлардың негізгі бөлегін жыл бойы қолда бағуға көшумен байланысты, шаруашылықтар әрбір сауын сиырдан жылына кемінде 2—2,5 мың литрден сүт сауатын болады.

Бұл облыстардың оңтүстіктегі аудандарының колхоздарында, әсіресе астық совхоздарында мол өнімді етті мал шаруашылығы кеңінен өркендетіледі, өйткені мұнда етті малды жайып семірту мен бордақылау үшін зор мүмкіншіліктер бар.

Бұдан әрі, оңтүстікке қарай, құрғақ дала мен шөлейт аймақта қой шаруашылығын дамыта отырып, етті мал шаруашылығы неғұрлым экстенсивті бағытта болады, сөйтіп жазғы және көктемгі-күзгі мал жайылымдары кеңінен пайдаланылады.

Оңтүстік Қазақстанның тау бөктеріндегі бірқатар аудандарында әсіресе, Талдықорған және Алматы облыстарында сүтті көп беретін етті-сүтті бағыттағы мал шаруашылығы онан әрі өркендетіледі, тау бөктеріндегі аймақтың суармалы кең жерлерін жемшөп өндіру үшін кеңінен пайдалануға негізделген шаруашылықтың интенсивті түрі басым болады.

Колхоздар мен совхоздарда көп сиырды етті бағытқа көшіруге қарамастан, 1957—60 жыл ішінде сүттің жалпы түсімін 2,0—2,5 есе арттыруды қамтамасыз ету үшін жемшөп қорын нығайтып, кеңейту, малдың тұқымдық құрамын жақсарту таяудағы 3—4 жылдың ішінде сүт саууды шұғыл арттыруға, 1960 жылға дейін оны 1955 жылғымен салыстырғанда, кем дегенде, 2 есе ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Алтыншы бесжылдықтың ішінде Қазақстан ет өндіруді, кемінде, 2,5 есе арттыруға тиіс.

Республикада ет өндіруді ұлғайту бұдан былай да негізінен етті мал шаруашылығы мен қой шаруашылығын өркендету есебінен жүргізіледі. Алайда бұл міндетті шешуде шошқа шаруашылығының маңызы жылма-жыл арта, береді. Кәзір, тын және тынайған жерлерді игеріп, астық өндіруді шұғыл арттырғаннан кейін, солтүстік және солтүстік шығыс облыстарда бұл саланы тез өркендету үшін барлық жағдайлар жасалған. Бесжылдықтың ішінде шошқа санын 1955 жылғыдан — 3 есе, ал шошқа етін өндіруді — 6,5 есе арттыру жөнінде республика колхоздары мен совхоздарында белгіленген шараларды минималды жоспар деп бағалау керек. 1960 жылы шошқа еті республиканың ет балансының 25 процентін алады.

Шошқа шаруашылығымен қатар, астықты аудандарда күс шаруашылығын мейлінше кең өрістетуге керек, ол көп жұмыртқа ғана емес, сондай-ақ едәуір мөлшерде ет береді.

Сол сияқты, Қазақстанның мал шаруашылығы аудандарында жергілікті жерде тұтыну үшін едәуір көп ет бере алатын жылқы шаруашылығы ет қорын кеңейтуде елеулі роль атқаруға тиіс.

Алтыншы бесжылдық жоспарды жүзеге асыру нәтижесінде мал шаруашылығын өркендетудегі елеулі артта қалушылық толық жойылады, барлық түлікте мал саны, әсіресе, қой мен шошқа саны едәуір көбейеді, мал шаруашылығының өнімділігі және ет, сүт пен жүн өндіру шұғыл артады.

Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында мал басы мен

мал шаруашылығы өнімінің артуы, негізінен алғанда екпе шөп егісін кеңейту, шалғындық жердің шөбінің шығымдылығын арттыру, шабындықтар мен жайылымдықтар жасау — тың жерлерді дұрыс пайдалану есебінен жүргізілді.

Осының нәтижесінде 100 гектар ауыл шаруашылық жеріне келетін ет, сүт, жүн өнімдерін 1956 жылғымен салыстырғанда 1960 жылы екі еседен астам көбейеді.

Мұның өзі жерді одан әрі дұрыстап пайдаланудың және ауыл шаруашылығының үздіксіз дамуының айқын көрсеткіші болып табылады.

Республиканың алдыңғы қатарлы колхоздары бұл істе неғұрлым жоғары көрсеткіштерге жетті. Мәселен, Алматы ауданының Мичурин атындағы колхозы 1960 жылы әрбір сауын сиырдан орта есеппен 4 000 килограмнан сүт және әрбір қойдан орта есеппен 3,8 килограмнан жүн алып, ауылшаруашылық жерінің 100 гектарына 439 центнер сүт¹, 1818 килограмм жүн өндіреді. Бұл колхозда жыртылған жердің 100 гектарына шошқа етін өндіру 46,4 центнерге жетеді.

Мал шаруашылығының сан жағынан көп өсіп, сапа жағынан қайта өзгеруі бірқатар ірі-ірі шаралардың жүзеге асырылуын талап етеді. Жемшөп базасын кеңейтіп, дұрыс ұйымдастырудың ерекше маңызы бар. Егін шаруашылығы өркендеген аудандарда, ең алдымен негізгі астықты аудандарда жемшөп қорын кеңейту үшін екпе жемшөп жинаудың шешуші маңызы бар. Мұнда дұрыс ауыспалы егістерді енгізіп, жемшөптік дақылдар өсірудің агротехникасы мен шығымдылығын арттыру түліктің барлық түрін қыс бойы азықтандыруға ғана емес, сондай-ақ малдың бір бөлегін атап айтқанда, шошқа мен сиырды жаздыгүні қолда лагерь-леп бағуды ұйымдастыруға, мал семірту жұмыстарын кеңінен жүргізуге әбден жететін қоспа азықтың құнарлы және жай жемшөптің көп өндірілуін қамтамасыз етуге тиіс.

1955—1956 жылдардың тәжірибесі Қазақстанның егіншілік аудандары үшін жемшөптік жетекші дақыл ретінде жүгерінің ерекше зор маңызы бар екенін айқын көрсетті. Нақ жүгерінің арқасында Қазақстанның алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары сүт саууды арттыруда зор табыстарға жетті.

Солтүстік және солтүстік-шығыс аудандарда жүгері, ең алдымен, малы жаздыгүні қосымша азықтандыру үшін және собығымен де, собықсыз да сүрлеу үшін зор көлемде көкшөп жинауды қамтамасыз етуге тиіс. Жүгеріні күтіп-баптау ісін жақсартып, неғұрлым қолайлы сорттарды іріктеп алған жағдайда, ол бұл аудандарда гектарынан 300—500 центнерден көк шөп және құрғақ дәнге шаққанда 15—20 центнерден собық бере алады. Оңтүстіктің суармалы егіншілік аудандарында жүгерінің шығымдылығы бұдан да жоғары, мұнда кәзіргі күннің өзінде алдыңғы қа-

¹ Сүт, пайдаланылып жүрген негізгі жерге ғана қарап есептеледі.

тарлы шаруашылықтар жүгерінің гектарынан 300—500 центнерден көк шөп, ал оны дән алу үшін еккенде 50—70 центнерге дейін және одан да көп өнім алып жүр.

Сол сияқты ауыспалы егіс танаптарына орналастырылған жемдік дақылдардың: сұлы мен арпаның егіс көлемін онан әрі ұлғайтып, шығымдылығын арттырудың, шөп шауып алу және малды қосымша азықтандыратын көк шөп алу үшін егілетін біржылдық екпе шөптерді, ал суы жеткілікті аудандарда, атап айтқанда, суармалы егіншілік аудандарында көпжылдық екпе шөптер мен тамыржемістерді ауыспалы егістерге кеңінен енгізудің зор маңызы бар.

Осының бәрі және оның үстіне табиғи жемшөптің кәзіргі қорларын жақсарту, сонымен көп сабанды тиімді пайдалану өсіп келе жатқан мал шаруашылығының жемшөп жөніндегі қажетін толық қамтамасыз етеді.

Отарлы мал шаруашылығы аудандарында қой шаруашылығы үшін жемшөптің тұрақты қорын жасауға ерекше назар аударылуы керек. Бесжылдық ішінде 40 миллион гектарға дейінгі зор көлемді жайылымдар суландырылуға тиіс. Қысқы жайылымдарды табиғи шабындықтар жеткіліксіз болғандықтан өзендердің тасқын суын пайдалану және қар суын бөгеу арқылы бұл жерлерді көлтабандатып суару ісі кеңінен өрістетілуі керек. Құмды және құмайт аймақта шөп шабу үшін біржылдық және көпжылдық екпе шөптер, әсіресе күздік бидай, суданка еркек шөп, ал мүмкіндігі бар жерлерде жоңышқа егіледі. Қолда бар шабындықтар үстеп көк шөп егу жолымен жақсартылуға тиіс.

Жерді кәдімгі дұрыс әдіспен және көлтабандатып суару негізінде отарлы мал шаруашылығы үшін жемшөп өндіретін ауданаралық ірі-ірі базалар жасаудың маңызы зор. Мәселен, Алматы облысында Күрті өзенінде, Жамбыл облысында Шу өзенінің төменгі жақ сағасында плотина мен канал салу, Қызылорда облысында Сырдария өзені бойын суару, оның ескі арналарын суландыру есебінен отарда қыстайтын қой үшін дәнді және қоспа жемшөп өндіруді қамтамасыз ететін суармалы жерлердің көлемді алқаптарын жасау керек.

Мал шаруашылығын онан әрі өркендету жақсы жабдықталған көптеген мал қораларын салуды керек етеді, оларды неғұрлым кең көлемде салу үшін жергілікті құрылыс материалдарын пайдалану қажет.

Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін процестерді механикаландырудың ерекше зор маңызы бар. Республиканың көптеген аудандарында жұмысшы күші өте жеткіліксіз болып отырған жағдайда, мал шаруашылығын өркендету жоспарын ойдағыдай орындаудың тағдырын көбінесе осы шаралар шешеді.

Негізінен пайдаланылып жүрген жерлерді, сондай-ақ, әсіресе, отар учасоктерде болсын, фермаларға су беру, қой қырку, сиыр сауу, мал суару, шошқа және товарлы сүт фермаларында жемшөп даярлау жұмыстары мен басқа да еңбекті көп керек ететін

процестер толық механикаландырылуға тиіс. Мұның өзі көп еңбекті үнемдеуге мүмкіндік береді.

Өндірістің зор көлемі және жемшөптің мол болуы, еңбекті көп керек ететін процестерді механикаландыру және еңбек өнімділігін шұғыл арттыру колхоздар мен совхоздарда мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын едәуір кемітуді қамтамасыз етеді. Қазақстанда ең арзан астық, сондай-ақ ең арзан ет, жүн, сүт және мал шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіру үшін мүмкіндіктер толық.

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыру үшін, астық, техникалық дақылдар мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді мықтап арттыру үшін Қазақстанда бар орасан зор және әлі пайдаланылмай жатқан қорлар осылар.

Партия мен үкіметтің Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркендетуге көп көңіл бөлуі, колхозшылардың, совхоз және МТС қызметкерлерінің еңбектегі зор табыстары алтыншы бесжылдық жоспардың Қазақ ССР-інің алдына қойылған ұлы міндеттерді, ең алдымен малшаруашылығы өнімдерін өндіруді кенет көбейтуді орындап шығу үшін қажетті жағдай туғызады.



